	<p>үйрету, қарапайым өзара қарым-қатынас қабілеттілігін қалыптастыру.</p> <p><b>Еңбек:</b> сырғанау жолын әзірлеу. Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Үлкендерге қолжетімді көмек көрсетуге тәрбиелеу</p>	<p>соқтықпай орын ауыстыруға үйрету .</p> <p><b>Еңбек:</b> ағаштардың арасындағы қурап қалған бұтақтарын жинау. Ұжымдық тапсырмаларды орындап, бірлескен тапсырманы дер кезінде аяқтауды үйрету . Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу .</p>	<p>сақтап, орын ауыстыру, бір-бірін итермеу). Ойын ережесін сақтау.</p> <p><b>Еңбек:</b> қурап қалған шөпті тырнауышпен жинау. Тырнауыштармен жұмыс істеуді бекіту, нақтылы орынға шөпті жинау. Еңбексүйгіштікке баулу</p>	<p>жақсы қарым-қатынаста болуға, тәрбиелеу.</p> <p><b>Еңбек:</b> клумбаларды қурап қалған гүлдерден тазалау, өз міндеттерін үлкен жауапкершілікпен атқаруға тәрбиелеу, өсімдіктерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.</p>	<p><b>халқының ұлттық ойыны).</b> Балаларға сөздерін анық айтқызу, ойын ережесін сақтауға үйрету. «Аюды» санамақ арқылы таңдауға үйрету. <b>Еңбек:</b> тотықұсқа тамақ. Ерікті күштерді қоса тіркелетін қызметтің мақсаттылығына тәрбиелеу. Өз еңбегінің маңыздылығын түсіндіру.</p>
Серуеннен оралу	<p><b>Өз бетімен ойындар:</b> ересек балалармен бірлескен ойындар Жүргізуші рөлін өз мойнына ала білуді қалыптастыру; белсенділікті, дербестікті тәрбиелеу. Балалардың бастамашылығын ынталандыру. Ойынға жауапкершілікпен қарауға, тәртібін бұзбай ойнауға тәрбиелеу.</p>	<p><b>Өз бетімен ойындар:</b> әткеншек тебу . Ойын барысында достық қарым - қатынас бірлестігін жетілдіру .</p>	<p><b>Өз бетімен ойындар:</b> «Ертегідегі үйшік» ойыны. Балалардың қалауы бойынша (2-3 адам) үйшік ойнауларын қадағалау. Байсалды, қуанышты жағдай жасауына мүмкіндік туғызу.</p>	<p><b>Өз бетімен ойындар:</b> жақсы көретін ойыншықтармен ойнау, ойынды жолдастарымен бірігіп ойнауға үйрету.</p>	<p><b>Өз бетімен ойындар:</b> «Балық аулау» т.б. ойындар. Ептілікті талап ететін дербес ойындарды мадақтау, жылдамдыққа үйрету</p>
Балалардың дербес іс-әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p><b>«Емхана» сюжетті-рөлдік ойын.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды үлкендердің еңбегімен таныстыру. Балаларды дәрігер, медбике рөлін ойнауды үйрету. <b>(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, қазақ тілі)</b></p>	<p><b>Құрылыс ойындары «Аспалы көпір».</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту. <b>(құрастыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b></p>	<p><b>«Кім зейінді?»</b> Мақсат-міндеттері. Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі заттарды құрастыру. Көрнекілік: сіріңке қорабында геометриялық пішіндер. Барысы: тәрбиеші геометриялық пішіндерден әртүрлі бейнелерді құрайды. Жылдам құрастырған балаға мақтау айтылады. <b>(құрастыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, математика негіздері)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойыны. «Төлдерін тап».</b> Мақсат-міндеттері. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы түсініктерін тиянақтау. Алдарындағы суреттен үй жануарлары мен олардың төлдерін сызық арқылы қосу керектігін түсіндіреді. Қай малдың төлі қалай аталатынын айтқызады. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Жамауын тап".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттің жетпей тұрған бөлігін тауып, үстіне орналастыруды үйрету. Барысы: педагог әр баланың алдына мысықтар бейнеленген суретті таратады және сурет бөліктері бейнеленген домалақтарды таратады. Балалар суретте жоқ домалақтардың үстіне, сурет бөліктері бейнеленген домалақтарды орналастырады. <b>(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b></p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>Моншақтарды түсіне, көлеміне қарай орналастыру. (танымдық-зерттеу бойынша)</p>	<p>Достарының, тәрбиешінің есімдерін есте сақтау мақсатында жұмыстар жүргізу. (білмейтін баламен)</p>	<p>Тілін түзету-дамыту мақсатында баламен жеке сұрақтар арқылы жұмыс жүргізу.</p>	<p>«Біздің балабақшамыз» өлеңіндегі «н» дыбысын дұрыс айта алмайтын баламен жұмыс.</p>	<p>Құрастыруда құралдарын дұрыс сәйкестендіре білуді пысықтау.</p>

	.	.	.-Мектепке кіммен келдің? -Қай мезгіл ұнайды? т.т.		
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Сықырлы қапшық» Мақсат-міндеттері. Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруды, топтастыруды үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әртүрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны. Балалар «Сықырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, оның пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)</b>	<b>Дидактикалық ойын. «Не артық?»</b> Мақсат-міндеттері. Жемістер мен көгөністерді бір-бірінен ажыратуды үйрету. Әр баланың алдына жемістер мен көгөністер араласқан суреттер беріледі. Артығын тауып атауды ұсынады. Жемістер мен көгөністерді ажыратады. Мысалы: алма, анар, лимон, орамжапырақ. Мұнда орамжапырақ артық, өйткені ол көгөніске жатады, қалғаны жемістер. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)</b>	<b>Артикуляциялық жаттығу</b> Аюдың тапсырмасы артикуляциялық жаттығу жасау. 1) Ян - ян - секеңдеген ақ қоян, Ю - ю - ю - қорбандаған аю. Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі, Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр. 2) Ыр-ыр-ыр-ырылдайды қасқыр, Ра-ра-ра- бал жинайды ара, Мір-мір-мір- қап-қара көмір. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)</b>	<b>«Дәл осындай пішінді тап».</b> Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауды, ажыратуды, салыстыруды жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: бала санына қарай бірнеше құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: алдарындағы сықырлы құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сықырлы, геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алады, құлыпты ашады. <b>(сөйлеуді дамыту, математика негіздері, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)</b>	<b>«Кел, жазайық.»</b> Мақсат-міндеттері. Тиянақтылыққа, көркем жазуға, қалам ұстауға үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. <b>(сөйлеуді дамыту)</b> Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі.
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Жылы киіндіруге кеңес.	Күн тәртібін сақтау,кешікпей келуге кеңес беру.	. Оқу құралдарының түгел болуы ескертіледі.	Үй жағдайында телефонды көп ұстатпауға кеңес беру.	Демалыс күндерінде баламен көбірек уақыт өткізуге кеңес беру.



Бекітемін  Г.Ж.Сыдыкова  
М/д оқу жұмысы жөніндегі орынбасары

**ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мектепке дейінгі ұйым (балабақша / мектепке дейінгі шағын орталық)

АККЕМЕР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ

Топ: «БАЛДЫРҒАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

Балалардың жасы: 4 ЖАС

Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 25.09.2023 – 29.09.2023

Тәрбиеші: Тореева Айман Шонтыбаевна

Күн тәртібінің үлгісі	ДҮЙСЕНБІ 25.09.2023	СЕЙСЕНБІ 26.09.2023	СӘРСЕНБІ 27.09.2023	БЕЙСЕНБІ 28.09.2023	ЖҰМА 29.09.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды алаңда қабылдау. Әнұран айту. <b>«Жыл мезгілдері: Жаз, күз белгілері»</b> Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдері жайлы жалпы түсінік беру. Жыл мезгілдерінің құбылыстарына сипаттама беру.	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу Диалог: <b>«Менің үйім»</b> Мақсаты: Балалармен мектеп мен үй арасындағы жолы туралы әңгімелесуге тарту.	<b>«Күз бояуы»</b> Мақсаты: Балаларға күз мезгілі жайлы түсінік беру. Күздің ерекшелігін сурет арқылы баяндауға үйрету. Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру.	Алдағы күнді жоспарлау үшін, бүгінгі баланың көңіл-күйі, оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білу. <b>«Менің ойымша...»</b> Мақсаты: Сөйлемді жалғастыру арқылы баланың ойын ұғу, баланы ойлауға, сөйлеуге тарту.	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. <b>Табиғатпен танысу.</b> Табиғат неткен көрікті, Жапырақтай жайқалып, Гүлдей жайнап өсеміз. Бір отырып, бір тұрып, Билеп-билеп аламыз.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналар мен балалармен сәлемдесіп жылы шырай таныту	<b>Ата –аналармен әңгіме:</b> «Дұрыс тамақтануға баулу», болып жатқан індеттен сақтану туралы сөйлесу.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<b>Құр. ойын</b> «Бұл не? Кімге керек?» <b>Мақсаты:</b> Балабақша қызметкерлері мен қажет құралдарымен таныстыру.	<b>«Мен дәрігер боламын»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалар бір-бірімен ойнау арқылы өздерін дәрігер сезіне алады.	<b>«Әдемі үйшік»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады.	<b>«Сән салоны»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалар ойын арқылы шаш қиюшының еңбегін түсінеді, шашты әрлеу арқылы әдемілікке ұмтылады.	<b>Үстел –үсті ойыны:</b> «Менің шағын орталығым» <b>Мақсаты:</b> Түрлі-түсті ағаштар көмегімен балабақшасын құрастыру.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі – ҮІӘ)	<b>«Қылқалам ханшасы».</b> Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да! Шеңберге жиналып тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.	<b>«Тілек тілеу».</b> Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! (Шеңбер құрып тұрады, тақпақты қайталайды). <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған</b>	Сәлем, саған, ыстық жерім! Сәлем, саған, туыс елім! Ыстық маған ошақ үйім, Домбыраның қоңыр күйі! <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)</b> Бір-біріне жылулық сыйлап, достық, топтың ережесі туралы әңгімелесу.	Қайырлы күн, Алтын күн! Қайырлы күн, Жер-Ана! Аман болсын, достарым, Аман болсын, ата-анам! <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, сурет салу)</b> Алтын күз жайлы әңгімелесу.	Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі, Барлық бала саяласын. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)</b> Жапырақтар туралы әңгімелесу.

	ҚР Президенті, ҚР Рәміздері жайлы әңгімелесу. ҚР Әнұранын шырқау. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, музыка)</b>	<b>ортамен танысу)</b> Күз ерекшеліктері жайлы әңгімелесу.			
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>	<b>Дене шынықтыру</b> "Кедергілерден өту ойындары". Мақсат-міндеттері. Балаларға тізені жоғары көтеріп жүгіруді үйрету. <b>(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b> <b>"Доп кімде?" қимылды ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Допты төменнен жоғары лақтыруды үйрету. <b>(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b>	<b>Қазақ тілі</b> "Қазақстан - менің Отаным. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері". Мақсат-міндеттері. Балалардың Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Отан туралы түсініктерін дамыту; Қазақстан туралы өлеңмен таныстыру; кіші отан туралы түсініктерінің қалыптасуына ықпал ету. Мнемокарточкалар негізінде сөздік жұмыс "Қазақстан жайында...". Мәтінді мәнерлеп оқу. "Көрікті Қазақстан". Есте сақтауға арналған сөздік жаттығу "Есте сақта". "Өз елің - алтын бесігің". <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, құрастыру, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, математика негіздері)</b>  <b>Музыка</b> "Күн дидарлы Қазақстан". Мақсат-міндеттері. Балалардың ән айтуға қызығушылықтарын арттыру; баяу және көңілді әндерді ажырата білуге үйрету. Дидактикалық ойын. "Күннің көзі және бұлт". <b>(музыка, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, құрастыру, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, математика негіздері)</b>	<b>Дене шынықтыру</b> "Саршұнақтай жылдам болайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру. <b>(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b> "Саршұнақ" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Жылдам жүгіру дағдыларын дамыту. <b>(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b>	<b>Музыка</b> "Жапырақтар сарғайды". Мақсат-міндеттері. Балалардың әнді тындай отырып, сыр-сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын билеу білу дағдысын қалыптастыру; дыбысты есту және қабылдау қабілетін дамыту. Балаларды адамгершілік қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын арттыру. <b>(музыка, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b> "Тамшылар мен жауын" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзақ және қысқа дыбыстарды білуге үйрету. Әуеннің ритмін сезінуге баулу. <b>(музыка, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>	<b>Дене шынықтыру</b> "Күздің қызықтары". Мақсат-міндеттері. Балаларға жүруді секірумен кезектестіруді үйрету; басқа қап қойып, заттарды аттап өтуді үйрету. "Басына қап қою" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Денесін тік ұстап жүруді үйрету. <b>(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b>
<b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ</b>	<b>Сюжеттік-рөлді ойын.</b> <b>«Шаштараз».</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды шаштараз ойынымен таныстыру, шаштарын үнемі тарақпен	<b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.</b> "Менің өлкем". Мақсат-міндеттері. Балаларды Қабыдкәрім Ыдырысовтың «Менің өлкем» өлеңнің	<b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> Тақырыбы: Ыдыстар. Мақсат-міндеттері. Балаларды акварель бояуларымен таныстыруды	<b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.</b> "Қыран". Мақсат-міндеттері. Балаларды қыранның сыртқы бейнесімен таныстыру; қыранды тануды,	<b>Математика негіздері</b> "Үш марғау" Мақсат-міндеттер: балаларды 3 санының жасалуымен және 3 цифрымен таныстыру;

	<p>тарап, әдеміленіп жүруді үйрету. Шаш өрудің әртүрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу. <b>(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b></p>	<p>мазмұнымен таныстыру; өлең жолдарындағы көркем сөз атауларын шынайы айтуға жаттықтыру.</p> <p><b>"Жүгіріп қағып ал" қимылды ойыны.</b> Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы жақта тұрады (қашықтығы 1,5-2 м). Тәрбиеші «Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, ең жылдам бала қағып алсын!» - деп допты лақтырады да, өзі қағып алып: «Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер,» - дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасап жүреді. Қалған балалар соңынан еріп жүреді. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>жалғастыру, акварель бояуын суға езу, бояуды қылқаламмен араластырып қоюландыру тәсілін қалыптастыру; қылқаламмен шеңбер және жарты шеңбер пішіндерін бір-бірінің қасына салып, табақша мен шыны-аяқ суреттерін бір сюжетке біріктіруді үйрету. <b>Саусақ жаттығуы.</b> <b>"Ыдысты қалай жуамыз?"</b> Мақсат-міндеттері. Сөйлеуді дамыту, іс-әрекетті сөзбен түсіндіруді үйрету.</p> <p><b>Дидактикалық ойын.</b> <b>"Басқаша айт".</b> Мақсат-міндеттері. Жалпылама ұғымдарды бекіту (педагог балаға допты лақтырып, жалпылауыш сөзді атайды, бала допты кері лақтырады және жалпылама ұғымға жататын сөздің нақты атауын атайды: ойыншық - қуыршақ (аю, доп, қоян, трактор), жиһаз - үстел (орындық, шкаф, сөре), киім - көйлек (жейде, шалбар, күртеше), аспап - домбыра (сырнай, сыбызғы, қобыз). <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)</b></p>	<p>оның тіршілік етуіне қызығушылықты дамыту. <b>Дидактикалық ойын:</b> <b>"Қыранды тап".</b> Мақсат-міндеттері. Құстардың бірнеше бөлікке бөлінген суреттерінен қыранды білдіретін суретті табуды үйрету. Зейін, байқампаздық қабілеттерін дамыту. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b></p> <p><b>Театрды сахналау.</b> "Қызыл телпек" ертегі желісін маскамен сахналау. Мақсат-міндеттері. Сөйлеуді, еске сақтауды, қиялды дамыту. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</b></p>	<p>бірнеше заттар тобын салыстыра білуге, үлкен санды атай алуға жаттықтыру; "Барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету.</p> <p><b>«Балықшы».</b> Мақсат-міндеттері. Білімдерін тиянақтау, ойлау қабілетін дамыту. Көрнекіліктер: аквариум суреті, балықтар. Ойынның барысы: балалар суреттегі аквариумнан балықтарды аулап алады да, балықтың түсін айтады. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b></p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.</p>	<p>Серуенге ойын құралдарын дайындау.</p>	<p>Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.</p>	<p>Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.</p>	<p>Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.</p>
<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>№ 16 Бақшадағы көкөністерді бақылау.</b> <b>Бақылау:</b> көкөністер жөнінде білімдерін кеңейту: аты, түсі, дәмі, тағамға қолданылуы, құрамындағы дәрумені; күзде көкөністерді жинау; көкөністердің пісіпжетілуіне мән беру;</p>	<p><b>№ 17 Гүлдерді бақылау.</b> <b>Бақылау:</b> гүлзардағы гүлдердің 2-3 түрінің айрықша белгілерін анықтауда үйрету; оларды ағаштардан ажырата білу; олар қайда өсетінін білу (орман, бақша т.б.). Күзгі гүлдердің сұлулығына қызығушылықпен, махаббатпен қарауға тәрбиелеу.</p>	<p><b>№ 18 Түскен жапырақты бақылау.</b> <b>Бақылау:</b> ағаштардағы жапырақтардың азайғандығына балалардың назарын аудару: жапырақтар түсіп, айналып, түстерін өзгертуде. Жапырақтардың маусымдық өзгерістеріне,</p>	<p><b>№ 19 Шалшық суды бақылау.</b> <b>Бақылау :</b> балалардың назарын жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға аудару. Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың тез сіңіп, ал күзде, салқын</p>	<p><b>№ 20 Аула сыпырушының жұмысын бақылау.</b> <b>Бақылау:</b> аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау, еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау - бақшаларда түскен</p>

	<p>топырақ салынған жәшіктерді арнайы бөлмелерде сақтау. Өз еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйрету.</p> <p><b>Қимылды ойын: «Бақшашылар».</b> Бақшаны топтасып жинауға балаларды ұйымдастыру. Ойын ережесі: тәрбиешінің белгі беруін күтіп, эстафетаны жалғастыру.</p> <p><b>Еңбек:</b> бақшадағы жұмыс, көкөністерді жинау. Бақшадағы көкөністерді жинап, ересектер мен жолдастарына белсенді түрде көмек көрсеткен балаларды мақтау.</p>	<p><b>Қимылды ойын: «Бақшадағы тауықтар».</b> Ағаштарға өрмелеп, белгілі бір жерге секіріп түсуді үйрету. Ойын барысында достық қарым-қатынасты сақтауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Еңбек:</b> бақшада жұмыс (жер қазу). Ересектерге белсенді көмек көрсеткен балаларды мадақтау, марапаттау. Ұжымдық тапсырманы бірлесіп орындауға тәрбиелеу.</p>	<p>сұлулығына сүйсіне қарауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимылды ойын: «Тыныш жүгіріп өт».</b> Жапырақтардың үстімен белгілі бір уақытта ақырын жүріп өту. Ережені сақтай отырып (мәреге дейін жүгіріп, кері қайту). Ойындарға белсенді қатысуын талап ету.</p> <p><b>Еңбек:</b> түскен жапырақтарды жинау. Белгіленген жерге түскен жапырақтарды тырнауышпен жинап тасуды үйрету. Балалардың бірігіп жұмыс істеуін қадағалау.</p>	<p>түскенде ақырын сіңіп кететініне мән бергізу.</p> <p><b>Қимылды ойын: «Бір аяқпен жолдан секіру».</b> Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету .</p> <p><b>Еңбек:</b> балалармен бірге балабақша алаңын жылы сумен жууды бақылау, еңбектің маңыздылығын сезінуге және үлкендерге көмектесуге үйрету .</p>	<p>жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру ( сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимылды ойын: «Құнан шабысы»</b> (қырғыз халқының ұлттық ойыны). Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, бірін -бірі итермеу) үйрету . Жылдамдықпен күш жігерді дамыту .</p> <p><b>Еңбек :</b> аула сыпырушыға көмектесу . Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету. Еңбектенуге деген құштарлықтарын дамытып, тәрбиелеу.</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	<p><b>Өз бетімен ойындар: «Көкөністер дүкені».</b> Көкөністер мен жеміс-жидектерді құмнан мүсіндеу. Берілген ойын тақырыбында шығармашылық, белсенділік көрсеткендерді мадақтау; ойынға деген қызығушылықтарын қолдау және дамыту. Көкөністер мен жемістер туралы алған білімдерін бекіту.</p>	<p><b>Өз бетімен ойындар. «Геометриялық пішіндерді түскен жапырақтармен әшекейлеу».</b> Әр балаға өз еңбегіне қанағаттанарлық жұмыс жасауына көмектесу. Сөздік қорын дамыту.</p>	<p><b>Өз бетімен ойындар: «Жапырақты кілем».</b> Балалардың бірлескен ойынының келісімді болуын қадағалау, бақылау.</p>	<p><b>Өз бетімен ойындар: Гимнастикалық құралдарға өрмелеу (баспалдақ т.б.).</b> Балалардың қосалқы ойындарға деген қызығушылықтарын дамытып, достық қарым - қатынаста ойнауға қадағалау .</p>	<p><b>Өз бетімен ойындар: Доппен ойын .</b> Әр балаға доппен ойнау мүмкіндігін беру. Олардың ойын барысында еркіндік пен қуаныш сезімін оята білу .</p>
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p><b>Құрылыс ойындары</b> "Жануарларға арналған балабақша", "Қуыршақтарға арналған үй". Мақсат-міндеттері. Ағаштардан үй құрылысын жасауды үйрету. Тиянақтылыққа дағдыландыру. <b>(құрастыру)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын. «Қасқырдан құтқар».</b> Мақсат-міндеттері. Тіл байлықтарын арттыру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Балалардың назарын үстел үстіндегі ойыншықтарға (үй жануарлары мен қасқырдың ойыншығына) аударады. Әр үй жануарын қасқырдан құтқару үшін ол туралы өлең, жұмбақ, жаңылтпаш айту керектігін түсіндіреді. <b>(сөйлеуді дамыту,</b></p>	<p><b>«Ғажайып қоржын» дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Заттардың атауларын жалпылауды, заттарды бір-бірінен ажыратуды үйрету. Ойынның шарты. Ғажайып қоржынның ішінде бірнеше заттар бар: ойыншықтар, оқу құралдары. Сол заттардың ішінен оқу құралдарын бір бөлек, ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Ғажайып нүктелер".</b> «Ғажайып нүктелер» арқылы қарлығаштың суретін салады. Нүктелерді өзара қосып, қарлығаштың суретін шығарады. <b>(сурет салу, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Суреттерді бояу</b> Суреттерді бояу, беттерін де бояу. Мақсат-міндеттері. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. <b>(сурет салу, сөйлеуді дамыту, жапсыру)</b></p>

		<b>қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)</b>	Оқу құралдары мен ойыншықтарды бөлек жинайды. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)</b>		
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> «Қоржынды сәңдейміз» <b>Мақсаты:</b> Қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. <b>(жапсыру іс-әрекетінде дұрыс жұмыс жасай алмайтын баламен жұмыс)</b>	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> «Отбасының күзгі еңбегі» <b>Мақсаты:</b> Отбасымен бірге күзгі еңбекке баулу. Суреттер бойынша әңгімелеу. Сөздік қорларын дамыту. <b>(сөйлеу дағдысы төмен баламен жұмыс жүргізу)</b>	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> Серуен кезіндегі алған әсерлерін сұрау, көп сөйлемейтін баланы диалогқа тарту.	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> Қаламды дұрыс ұстауда қиналатын баланың қолын жазу дағдысына үйрету.	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> «Автобуста» <b>Мақсаты:</b> Автобус туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Адамгершілік тәрбиесіне, әдептілікке баулу, тәрбиелеу. <b>(қоғамдық орындарда өзін қалай ұстауы, үлкен-кішіге деген құрметі жайлы әңгімелесу)</b>
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<b>«Әдемі кілемшелер».</b> Мақсат-міндеттері. Бөліктерден кілемше жасауды үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, әдемі құрақ құрайды. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, жапсыру)</b>	<b>Жаңылтпаш жаттайық.</b> 1) Дөп деп, Дөп теп. 2) Қапыда ит қапты, Қатты қапты, Қапты қатты. 3) Қырқада қырық арқар бар. Қырық арқарда ақ арқар бар. Алты арқарда марқа арқар бар. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</b>	<b>"Жомарт күз"</b> Мақсат-міндеттері. Жомарт күз тақырыбында суретке қарап әңгіме құрастыру. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</b>	<b>Артикуляциялық жаттығу.</b> 1) Ара болсаң, ызында З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж Жұмыс істе, тығылма. - Ара қалай дыбыстайды? (з- з-з) - қатты\жай 2) «Зе-зе-зе, зе-зе-зе – бұл шынылы терезе», «За-за-за, за-за-за – үйдің іші тап-таза», «Зу-зу-зу, зу-зу-зу – күрекпен жерді қазу», «Са-са-са, са-са-са – ызындайды маса. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	<b>Кел, санайық</b> 1-ден 5-ке дейін және кері санауды бекіту. Геометриялық денелерді дұрыс атап, бір-бірінен ажыратуды үйрету. <b>(математика негіздер)</b>  BilimKids мультфильмін көрсетіп пысықтау. <b>Бес балапан</b> <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, математика негіздері)</b>
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата-анаға кеңес: «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз»	Психологтің кеңесі: Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру.	Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Ата-анамен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту.	Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларды қайтару.	Кеңес: «Бала мен қоғам» Ашық сабақтың болу мерзімін айтып, киімдерін дайындап қою туралы айту.

**ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мектепке дейінгі ұйым (балабақша / мектепке дейінгі шағын орталық)

АККЕМЕР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ

Топ: «БАЛДЫРҒАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

Балалардың жасы: 4 ЖАС

Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 02.10.2023 – 06.10.2023

Тәрбиеші: Тореева Айман Шонтыбаевна

Күн тәртібінің үлгісі	ДҮЙСЕНБІ 02.10.2023	СЕЙСЕНБІ 03.10.2023	СӘРСЕНБІ 04.10.2023	БЕЙСЕНБІ 05.10.2023	ЖҰМА 06.10.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау. Денсаулығы, көңіл- күйі туралы білу. Тазалығын тексеру Ойын-тапсырма: : «Басқа әуендердің ішінен әнұранды тап» Түрлі әуендер арасынан әнұранды табу. Әнұран айту.	Шаттық көңіл-күй шеңберін ұйымдастыру. Қане, шеңбер құрайық, Алақанды ұрайық! Уық болып иіліп, Керегеге киіліп, Киіз үйді құрайық!	Ата-анасы туралы жағымды күй сыйлау мақсатында айтылады: Шуағын төгер күн қымбат, Ашық аспан көгім қымбат. Бірге ойнаған дос қымбат, Бұл өмірді сыйлаған, Бәріненде ата-анам қымбат!	Аппақ менің жүрегім, Ылғи күліп жүремін. Бірге ойнап, бір жүрер, Достарым көп, білемін! (Достары туралы әңгімеге тарту) Ойын: « <b>Мейірімділік гүлін</b> » тарату. (Балалар әр түрлі мейірімді сөздер айтып гүл күлтелерін тарағады)	Шеңбер. «Міне біз, міне сен және мен Біз бір отбасымыз». Әңгіме-диалог құру. Жағымды психологиялық жағдай туғызу. <b>« Бізде кім жақсы»</b> ойыны. Шарты: Балалар шеңбер бойымен жүреді, педагог балалардан «Кім жақсы» деп сұрайды. Балалар баланың атын айтып, сипаттайды.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналар мен балалармен сәлемдесіп жылы шырай таныту.	Балалардың көңіл күйлеріне назар аударып , ата-аналармен пікірлесу	Отбасылық өнімді әрекет. Ырым-тыйым сөздер үйрету.	Ата-аналармен «Бала неге мазасыз ?» тақырыбында әңгімелесу. Үйде балаларға ертегі оқып беруге кеңес беру.	Ата-аналармен балалардың күн тәртібі туралы әңгімелесу және мектепке уақытында келуі, кетуі туралы айту.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты жандандыру (Бір-бірін ренжітіп алған жағдайда кешірім сұрап бетінен сүю)	Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау: шаңын сүрту, қопсыту, сүю т.б)	Топта балалармен еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, домино).	Боямақтар бояу Дайын берілген бейнені сыртына шығармай ұқыпты, әдемі етіп бояу	Ертегі кітаптар қарау, әңгімелеу. Д/О «Сен не көрдің» Суреттегі бейнені мұқият қарап алғаннан кейін, қандай сурет жасырылғанын айту
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі – ҮІӘ)	«Қылқалам ханшасы». Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да! Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.	«Тілек тілеу». Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! (Шеңбер құрып, қайталайды).	Сәлем саған, ыстық жерім! Сәлем саған, туыс елім! Ыстық маған ошақ үйім, Домбыраның қоңыр күйі!  Бір-біріне жылулық сыйлап, достық туралы, топтың ережесі туралы әңгімелесу.	Қайырлы таң, Алтын күн! Қайырлы таң, Жер-Ана. Аман болсын, достарым, Аман болсын, ата-анам.  Алтын күз туралы әңгімелесу. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі, Барлық бала саяласын.  Жапырақтар туралы әңгімелесу. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>

	(сөйлеуді дамыту)	Күз ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	(сөйлеуді дамыту)		
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Күзгі жолдар үстіндегі ойындар". Мақсат-міндеттері. Балаларды кішкентай және үлкен қадаммен жүгіру; көлденең тақтайда еңбектеуді үйрету. "Көңілді еңбекте" кимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Тақтайда еңбектеуді үйрету. <b>(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Қазақ тілі</b> Қазақ тілі "Күз мезгілі. Алтын күз". Мақсат-міндеттері. Балалардың "күз" жайлы түсініктерін дамыту; "алтын күз" сөзінің мағынасын түсіндіру; "Кім? Не?" сұрақтарына жауап беретін зат есімдер, "Не істейді?" сұрақтарына жауап беретін етістікті сөздер жайлы негізгі түсініктерін қалыптастыру. Мнемочарточкаларға негізделген сөздік жұмыс. "Күз" тақырыбына мнемочесте бойынша әңгіме құрау. Фонемо-ырғақты жаттығу "Бұлтқа". Өлеңді мәнерлеп оқу "Алтын күз". <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)</b></p> <p><b>Музыка</b> "Күз". Мақсат-міндеттері. Балаларды күз туралы әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін арттыру. Дидактикалық ойын: "Балақан". Мақсат-міндеттері. Музыка ырғағына сай қол соға отырып, әннің әуеніне қосылу. <b>(музыка, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Еңкіс тақтайдың үстімен жүрелеп жүру". Мақсат-міндеттері. Балаларға сапта дене қалпын тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен кимылдарды бұлжытпай орындауды үйрету. <b>"Чемпион" кимылды ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Еңкіс тақтайдың үстімен қатарласып жүруді үйрету. <b>(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Музыка</b> "Күзге ән арнайық". Мақсат-міндеттері: балалардың музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажыратуды үйрету. <b>"Төмен және жоғары дыбыстар" музыкалық-дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Шығарманы тыңдап отырып, оның динамикалық бояуларын, дауыс күштілігін ажыратуды үйрету. <b>(музыка, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Тақтайдың үстімен қалай жүреміз?" Мақсат-міндеттері. Балаларға екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру); оң және сол қолымен көлденең нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан) допты лақтыруды үйрету. <b>"Кім шақырғанын анықта!" ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Досын дауысынан тануды үйрету. Еске сақтауды, есту зейінін дамыту. <b>(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.</b> "Күз туралы тақпақты құрастыру". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымдарында тақпақ пен өлең туралы негізгі түсініктерді</p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Күзгі саябақтағы жапырақтардың түсуі". Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақ пішінін қою бояумен бояу және қағаз бетіне бедерін басу техникасымен таныстыру; жапырақтың бетін күздің ашық</p>	<p><b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу.</b> "Күзгі жапырақтар шоқтары". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында заттардың бірден төртке дейінгі сандарға сәйкес</p>	<p><b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Алтын күз". Мақсат-міндеттері. Балаларды "Алтын күз" өлеңінің мазмұнымен таныстыру, тақпақты мұқият тыңдауды үйрету.</p>	<p><b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b> "Саңырауқұлақтар әлеміне саяхат". Мақсат-міндеттері. Балаларды жасымықтан саңырауқұлақтың қалпақшасын,</p>

	<p>қалыптастыру, көркемсөз үлгісінің қара сөзден айырмашылығын түсіндіру; "күз мезгілі" ұғымына жататын табиғаттағы өзгерістер мен құбылыстарды пысықтау. Жаттамақ жаттығуы. "Күз суық, сары көйлекті".</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. «Шаштараз».</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, өз шаштарын үнемі тарап, әдеміленіп жүруді үйрету. Шаш өрудің әртүрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, қазақ тілі)</b></p>	<p>баяуларына араластырып бояп, қағаз бетіне басып, жапырақтың нақтылы ізін қалдыруға дағдыландыру. <b>Дамытушы жаттығу. "Бұл қандай ағаштың жапырағы?" (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сурет салу)</b> Мақсат-міндеттері. Ағаштардың атауларын жапырақтарына қарап табуды үйрету. Зейін, еске сақтау, сөйлеуді дамыту.</p> <p><b>"Жүгіріп қағып ал" қимылды ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Қимыл жылдамдығын дамыту. Допты екі қолмен қағып алу дағдысын бекіту. Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы тұрады (қашықтығы 1,5-2 м). Тәрбиеші «Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, кім жүйрік қағып алсын!» - деп допты лақтырады да өзі қағып алып: «Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер,» - дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың допты қағып алуына мүмкіндік жасап жүреді. Қалған балалар сонынан еріп жүреді. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>жиындары туралы түсініктерін қалыптастыру. <b>Дамытушы жаттығу. "Күзгі бояу".</b> Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы күзгі түстерді атауды, бір-бірінен ажыратуды үйрету. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</b></p> <p><b>Дидактикалық ойын. "Басқаша айт".</b> Мақсат-міндеттері. Жалпылауыш сөздерді бекіту (педагог балаға допты лақтырып, заттардың жалпы атауын атайды. Бала допты кері лақтырады және түр ұғымын атайды: ойыншық-қуыршақ, жиһаз-үстел).</p> <p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Алтын жапырақ".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды күз маусымының өзгерістерімен таныстыру. Дидактикалық ойын. "Жапырақтарды түсіне қарай топта". Мақсат-міндеттері. Заттарды түстеріне қарай топтастыруды үйрету.</p>	<p><b>Театрды сахналау. "Қызыл телпек"</b> ертегі желісін маскамен сахналау. <b>(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</b></p> <p><b>Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Саңырауқұлақтар".</b> Мақсат-міндеттері. Екі бөлшектен тұратын заттарды, оларға тән пішіндерін бере отырып, сомдау біліктерін нығайту; жұмыс кезінде қырнауышты дұрыс пайдалануды үйрету.</p>	<p>қаракұмықтан саңырауқұлақтың түбірін, құрмадан саңырауқұлақтың сабағын құрастыруды үйрету.</p> <p><b>Құрастыру "Күзгі ағаштар".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды асқабақ тұқымдарын ағаш кимаулігісінің үстіне жапсырып, күзгі ағаштардың суретін құрастыруды үйрету; балалардың құрастыру түрлерімен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру; ағаш трафаретін қағаз бетіне бастырып, қайшымен қиып алу іскерліктерін дамыта отырып, қайшымен жұмыс істегенде қауіпсіздік ережелерін сақтауды үйрету. <b>Дидактикалық ойын. "Қай ағаштың жапырағы?"</b> Мақсат-міндеттері. Таныс ағаштардың жапырақтарын ажырату және атау. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b></p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.</p>	<p>Серуенге ойын құралдарын дайындау.</p>	<p>Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.</p>	<p>Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.</p>	<p>Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.</p>
<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>№ 21 Шағын орталықтың айналасындағы өсімдіктерді бақылау.</b> <b>Бақылау:</b> ағаштар мен гүлдерді ажырату, ағаштарды сындырмауға үйрету. <b>Еңбек тәртібі:</b> гүлзарға гүл суару.</p>	<p><b>№ 22 Жеміс ағаштарын бақылау.</b> <b>Бақылау:</b> ағаштардың түстерінің өзгеруін, өсуін көру, жемісін бақылау (ранетки). Жасыл, піспеген жемісті жеуге болмайды, тек піскен жемісті жеу керек екенін түсіндіру. <b>Қимылды ойындар:</b></p>	<p><b>№ 23 Торғайды бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b> торғайдың пайда болу ерекшеліктері, өмір көріністері туралы білімді тереңдету; балалардың назары мен жадын белсендіру. Бақылау барысы: - Торғай қандай? - Ол немен қоректенеді? - Қалай ән айтады? Торғай - кішкентай</p>	<p><b>№ 24 Жапырақтардың толық түсуін бақылау.</b> <b>Бақылау:</b> өсімдіктер дүниесінің маусымдық өзгерістері туралы түсініктерін жалғастыру: жалаңаш ағаштар. Жапырақтардың қайдан түскенін, қайда түскенін, түсі қандай болғанын естеріне</p>	<p><b>№ 25 Алғашқы түскен қарды бақылау.</b> <b>Бақылау:</b> бақылап қорытынды жасау; күшті аяздардың болмағанынан алғашқы қар ақ болады, тез ериді. Қысқы табиғаттың әдемілігі сүйсінуге тәрбиелеу.</p>



	<p><b>Мақсаты :</b> қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету .</p> <p><b>Қимылды ойын «Көпіршік».</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> шеңберге жиналу қабілетін жаттықтыру .</p>	<p><b>«Қоян мен қасқыр».</b></p> <p>Мәтіннің сөздігімен сәйкесінше әрекетті жасау білімділігін бекіту, ойынды дабылдың қағысымен бастау. Алаңның бойымен қозғалу. <b>Еңбек:</b> «Құм салғыштан шашылған құмды жинастыру» Топ алаңындағы құмды өз ынтасымен жинастыруға үйрету; тазалыққа және ретке келтіру әдетін қалыптастыру.</p>	<p>құс. Торғайдың артқы жағы қоңыр, қара жолақтары бар. Құйрығы мен қанаттары қара қоңыр, иек пен тамағы қара, бірақ басы сұр. Торғай - епті құс, қорықпай секіреді, үгінділер, тұқымдар, дәндер алады. Ол барлық жерде адамның әдеттеріне жақсы бейімделеді. Торғай "шиқ-шиқ" деп ән салады</p> <p><b>Еңбек:</b> балабақша бақшасындағы арамшөптерді жұлуға үйретіп, арамшөптердің түріне қарай ажырата білу қабілетін бекіту.</p>	<p>түсіру. Әдемі жапырақтарға сүйсіне қарап, табиғатты білуді және табиғатпен қарымқатынастан қуаныш алуға тәрбиелеу</p> <p><b>Қимылды ойын: «Соқыр теке» ойыны</b> (орыс халқының ұлттық ойыны). Ойын ережесін сақтай отырып, балалардың ойынға қатысуын қадағалау. <b>Еңбек:</b> ауладағы жұмыс. Жапырақтарды тырнауышпен жинау.</p>	<p><b>Қимылды ойыны: «Сұр қоян жуынды».</b> Мәтінмен сәйкес қозғалысты орындай білуді бекіту. Аланда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыру дағдыларын дамыту <b>Еңбек: «Бөлме өсімдіктерін күту».</b> Тәрбиешінің басқаруымен балалар пайдалы іспен оранжереяларда, қысқы бақтарда айналыса алады. Бөлме өсімдіктерін күтуге тәрбиелеу: өлшемді суару, гүлсауыттағы шартты белгіге қарау, жапырақтарды дұрыс сүрту</p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p><b>Еркін ойын әрекеті:</b> сыртқы материалмен ойындар .</p> <p><b>Мақсаты:</b> қызығушылық ойындарын таңдауды қамтамасыз ету және құрдастарымен қарым - қатынасты қалыптастыру .</p>	<p><b>Өз бетімен ойындар:</b> тақырыпқа берілген ойынды жүргізу. Шығармашылық сезімдерін ояту. Ұстамдылығы мен ойынға деген қызығушылығын дамыту. Жемістер мен көкөністер туралы білімдерін бекіту.</p>	<p><b>Өз бетімен ойындар:</b> ашық ойындары- қозғалыс бағытын өзгерте отырып, сигнал бойынша жылдам қозғалуға үйрету. "Допты ұстаңыз" - допты лақтыру және ұстау дағдыларын екі қолмен бекітуді жалғастырыңыз.</p>	<p><b>Өз бетімен ойындар:</b> түскен жапырақтардан оюлар, заттар құрастыру, шығармашылықтарын, фантазияларын дамыту.</p>	<p><b>Өз бетімен ойындар:</b> шашақтармен ойын Таза ауадағы ойындарды мадақтау. Өзіне қызық ойындарға қатысуға тәрбиелеу</p>
<p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p><b>«Ажырат»</b> Ойынның мақсаты: киімдерді ажырата білуді үйренеді.</p>	<p><b>«Сикырлы суреттер»</b> Мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.</p>	<p><b>«Суреттерді құрастыр»</b> Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік арақатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту</p>	<p><b>«Кім не жейді?»</b> Мақсаты: Логикалық ойлауды, сөйлеуді, талғамды, байланыс құруды және түсіндіре білуді дамыту</p>	<p><b>«Жемістерді жина»</b> Мақсаты: Қалыпты көлемдегі заттарды берілген үлгіге қарай көз мөлшермен анықтауды дамыту</p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Қоржынды сәңдейміз»</b> Мақсаты: Қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту. (жұптық жасату)</p>	<p><b>Еңбек тапсырмасы:</b> Денсаулық бұрышын жинастыру, шаңдарын сүрту. (кезекшілік ұйымдастыру, жұптық жұмыс)</p>	<p><b>Күз мезгіліне байланысты мақал – мәтелдер үйрету және жұмбақ жасыру.</b> (тынымсыз баламен жұмыс, яғни отырып ойлануына мүмкіндік беру)</p>	<p><b>«Саңырауқұлақтар»</b> Мақсаты: Балаларға саңырауқұлақ туралы түсінік беру. Саңырауқұлақты мүсіндеуге үйрету. Саусақ моторикасын дамыту. (шығармашылыққа қызығушылығы аз баламен жұмыс жасау)</p>	<p><b>"Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу.</b> Мақсаты. Балалардың тілдерін дамыту. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық, екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам, Ортаң терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуіміз? Біз үйде - бесеуіміз</p>

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p><b>Қимылды ойын</b> «Ұшты-ұшты» <b>Мақсаты:</b> Балаларға әуеде ұшатын заттарды ажырата алуға үйрету. <b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p><b>Сюжеттік ойын</b> «Мен дәрігер боламын» <b>Мақсаты:</b> Балалар бір-бірімен ойнау арқылы өздерін дәрігер сезіне алады. <b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>Үстел-үсті ойын</b> «Әдемі үйшік» <b>Мақсаты:</b> Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады. <b>Құрастыру</b></p>	<p><b>Сюжеттік ойын</b> «Шаштараз» <b>Мақсаты:</b> Балалар ойын арқылы шаш қиюшының еңбегін түсінеді. <b>Көркем әдебиет</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын</b> «Сандар тізбегі» <b>Мақсаты:</b> Сандарды тура және кері санай білуге үйрету. <b>Математика негіздері</b></p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p>Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».</p>	<p>Психологтің кеңесі: мысалы: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.</p>	<p>Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.</p>	<p>Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».</p>	<p>Көрменің мақсатымен таныстыру. «Шебердің ізі..» тақырыбына көрме ұйымдастыру.</p>

**ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мектепке дейінгі ұйым (балабақша / мектепке дейінгі шағын орталық)

АККЕМЕР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ

Топ: «БАЛДЫРҒАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

Балалардың жасы: 4 ЖАС

Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 09.10.2023 – 13.10.2023

Тәрбиеші: Тореева Айман Шонтыбаевна

Күн тәртібінің үлгісі	ДҮЙСЕНБІ 09.10.2023	СЕЙСЕНБІ 10.10.2023	СӘРСЕНБІ 11.10.2023	БЕЙСЕНБІ 12.10.2023	ЖҰМА 13.10.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. <b>Табиғатпен танысу</b> Табиғат неткен көрікті, Жапырақтай жайқалып, Гүлдей жайнап өсеміз. Бір отырып, бір тұрып,  Билеп-билеп аламыз	<b>Сыйластықты</b> іздеген, Әдеп сақтар ізгі өрен. Сыпайылық белгісі Үлкендерге «Сіз» деген Сыпайы болу үшін қандай бала болу керек? Әңгімелесу, өз ойларымен бөлісу	Таңғы шеңбер. <b>«Міне біз, міне сен және мен Біз бір отбасымыз».</b> Отбасындағы сыйластық" тақырыбында балаларға сұрақтар қою және сұрақтарға толық жауапты талап ету.	Балаларды жақсы көңіл - күймен қарсы алу. Әуенді ойын: <b>«Кел, билейік балақай!»</b>  Міндеті: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау.	<b>Саусақ жаттығуы:</b> Ағайынды аралармыз, Еңбек үшін жаралғанбыз 333 -333- 333  Шыбын іздеп күні бойы Гүл бақшаны аралаймыз 333 — 333 –333 Қалмай ұшып соңынан Ара қуды біздерді 333- 333 – 333.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес, әңгімелесу	<b>Ата-аналармен жұмыс:</b> «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата –аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кенес беру.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Құр\о:« <b>Суретші қай жерде қателесті?</b> » Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.	Қ/о:« <b>Айырмашылығын тап</b> » Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру.	Табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар шешу . Табиғаттың кереметтері туралы әңгімелесу Фотосуреттер қарау	Ойын:" <b>Жақсы -жаман</b> " ойынын ойнайық. Ойын ережесі: "Жақсы жаман қасиеттер бейнеленген суреттерге қарап "Жақсы" қасиет болса қол шапалақтау "Жаман" қасиет болса тып-тыныш отыру.	« <b>Табиғат әлемі</b> » тақырыбына суретті түрлі-түс пен сурет салу. Мақсаты: Балалардың қиялына ерік беру, табиғатты аялауға тәрбиелеу.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі – ҮІӨ)	<b>Көркемсөз. Тұманбай Молдағалиев «Жаңбыр».</b> Жаңбыр кеп жауады, Тамшылар тамады. Тырс-тырс! Шаң-тозаң шайылды, Шатырлар шайынды. Тырс-тырс! Көшелер тазарды, Кір үйлер ағарды.	О, керемет, қандай тамаша! Таң атты ғой бүгін басқаша! Жаңаша көңіл күймен қарайық! Достарымызға жылулық сыйлайық!  Жомарт күз тақырыбында әңгімелесу. <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>	Қайырлы күн, шуақты күн! Қайырлы күн, көк аспан! Қайырлы күн, достарым! Қайырлы күн, балабақшам!  Жемістер туралы әңгімелесу. <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>	«Қайырлы таң!» Қайырлы таң, құсқа да, аңға да, Қайырлы таң, жайдары жанға да. Қайырлы таң алға ассын, Кешке дейін жалғассын!  Көгөністер туралы әңгімелесу. <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>	Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты! Күлімдеп күн шықты , Жадырап нұр төкті. Қайырлы күн, достарым!  Күз сыйы тақырыбында әңгімелесу. <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>

	<p>Тырс-тырс! Қалалар түледі, Балалар күледі. Тырс-тырс! Жаңартып ауаны, Жаңбыр кеп жауады. Тырс-тырс!</p> <p>Жаңбыр туралы әңгімелесу. <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Гимнастикалық қабырғаға өрмелейміз!" Мақсат-міндеттері. Балаларға сапта бір-бірден жүгіруді; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеуді үйрету. "Өрт сөндірушілер" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың гимнастикалық қабырғаға көтерілу және қайтадан төмен түсу дағдыларын жетілдіру. <b>Жапсырудан ойын-жаттығу</b> "Бұтақтағы алмалар". Мақсат-міндеттері. Балаларға алма мен жапырақ дайындамаларын қағаз бетіне жапсыруды үйрету. Дидактикалық ойын: "Жеміс-жидектерді ажырат". Мақсат-міндеттері. Жеміс-жидектер мен көгөністерді бір-бірінен ажыратуды үйрету, ойлау қабілеттерін дамыту. <b>(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, жапсыру)</b></p>	<p><b>Қазақ тілі</b> "Көгөністер мен жемістерді жинаймыз Геометриялық пішіндер". Мақсат-міндеттері. Балалардың "күзгі астық", "қысқы дайындық" туралы түсініктерін қалыптастыру; жемістер мен көгөністерді ерекшеліктері бойынша топтастыру туралы білімдерін пысықтау. Сөздік жұмысқа арналған интеллектуалды карта "Жемістер мен көгөністер". Суретті-карточкалардың қолданылуымен лого ырғақ "Жемістер-көгөністер". <b>Сөздік жаттығу. "Не жасырылған? Бұл не?"</b> Грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлеуге арналған зерттеушілік негіздегі сөздік жаттығу. "Айналамыздағы геометриялық пішіндер".</p> <p><b>Музыка</b> "Жомарт күз". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажыратуды үйрету. <b>Дидактикалық ойын: "Біздің саяхат".</b> Мақсат-міндеттері. Балғаның дыбысы арқылы көңіл күйді білдіртуді үйрету. <b>(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, музыка, қоршаған ортамен танысу)</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Допты қақпаға дәлдеп домалату". Мақсат-міндеттері. Балаларды сапта денесін тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауға жаттықтыру. <b>"Доптан сақтан" қимылды ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Қимыл жылдамдығын, нысананы көзбен көздеуді дамыту. <b>Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу</b> "Жемістер". Мақсат-міндеттері. Балаларды жемістің бірнеше түрімен таныстыра отырып, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту. Дидактикалық ойын. "Ғажайып қап". Мақсат-міндеттері. Қаптан шығарылатын заттардың атауын, түсін, пішінін, көлемін атау; олардың не үшін қажет екенін айту. Сөйлеу тілін, еске сақтау, логикалық ойлауын дамыту. <b>(дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Музыка</b> "Күз жомарт" пысықтау. Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдай білу қабілеттерін арттыру; әнді тыңдау арқылы сыр-сипатын ажыратуды үйрету. Дидактикалық ойын. "Біздің саяхат". Мақсат-міндеттері. Балғаның дыбысы арқылы көңіл күйді білдіртуді үйрету. <b>(музыка, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Епті баламыз". Мақсат-міндеттері. Балаларға табан мен алақанға сүйеніп төрттағандап еңбектеуді үйрету. "Кешігіп қалма" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Еңбектеу, жүгіру дағдыларын бекіту. Қимыл жылдамдығы мен ширақтығын дамыту. <b>(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>

<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.</b> "Көгөністер мен жемістер дауы әңгімесін мәнерлеп оқу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [о], [ө] дыбыстары". Мақсат-міндеттері. Балалардың "күз сыйлары", көгөністер мен жемістер, жөніндегі ұғымдарын жетілдіру, [О], [Ө] дауысты дыбыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болуына мысалдар келтіру Артикуляциялық жаттығулар. [О], [Ө] дауысты дыбыстары.</p> <p><b>"Өз үйіңді тап" қимылды ойын.</b> Ойыншылар 3-4 кішкентай, ұзыншақ келген аласа орындықтарда отырады. Барлық балаларда әдемі үлкен ойыншықтар: бірінші тұрған ұзыншақ орындықта қуыршақ, екіншісінде - ит, үшіншісінде - мысық, төртіншісінде - аю, қоян. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқауымен барлық балалар орындарынан тұрып тәрбиешінің соңынан жүреді. Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылын орындайды (секіреді, жүгіреді, жүреді). Тәрбиешінің «Жаңбыр жауа бастады» деген нұсқауымен балалар өз үйлеріне қарай жүгіреді. Ойынды қайталау барысында тәрбиеші балаларға білдірмей ойыншықтардың орнын</p>	<p><b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Алма". Мақсат-міндеттері. Балаларды "Алма" ертегісінің мазмұнымен таныстыру, ертегіні мұқият тыңдауды үйрету. <b>Дидактикалық ойын.</b> <b>"Алманың бөліктерін құрастыр".</b> Мақсат-міндеттері. Түстері әртүрлі алмалардың барлық бөліктерін тауып, алманың тұтас суретін құрастыруды үйрету. Еске сақтау, ойлау, сөйлеу тілін дамыту.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> <b>«Отбасы».</b> Мақсат-міндеттері. Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Бауырмалдыққа, мейірбандыққа тәрбиелеу. Өздеріне берген рөлдерді дұрыс орындап, тату ойнауға тәрбиелеу. <b>(көркем әдебиет, құрастыру, сөйлеуді дамыту, сурет салу)</b></p>	<p><b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Кірпілерге жемістер". Мақсат-міндеттері. Балаларды өздерінің қарсы алдындағы кеңістіктің "оң жақ", "сол жақ", "алды", арты" бағыттары жөніндегі ұғымдарын қалыптастыру. "Қайда барсаң – соны табасың" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаға өзінің қарсы алдындағы кеңістіктің жақтарын тануды үйрету. <b>Қимылды ойын "Ақ қоян".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Ойын мазмұны: балалар шеңбер жасап тұрады да, бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады. "Ақ қоян-ау, ақ қоян! Орныңнан тұрсаңшы, Шашыңды тарасаңшы, Бетіңді жусаңшы, Әдемі көйлек кисеңші. Шеңбердің шетін үзсеңші." Осы кезде қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлен бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады, ал үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады. <b>(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Жемістер". Мақсат-міндеттері. Балаларға қылқалам арқылы алма мен алмұртты бейнелеуді үйрету, дөңгелек және сопақша пішіндерді қылқаламның ұшымен салып, ішін баланың өзі қалаған қызыл, жасыл немесе сары бояулармен, сұлбасының шетіне шықпай салу тәсілдерін игерту. <b>Түсті қабылдауды дамыту "Түсті таны және ата".</b> Мақсат-міндеттері. Түстерді атауды және бір-бірінен ажыратуды үйрету.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу</b> "Жапырақтар әлемі". Мақсат-міндеттері. Балаларға күз туралы ұғым беру; күзгі әлем кереметтерімен таныстыра отырып, танымдық қызығушылықтарын арттыру. <b>"Жапырақтарды пішініне қарай топта" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Ағаштардың жапырақтарын бір-бірінен айыра білуді үйрету.</p> <p><b>Қимылды ойын "Ұшты-ұшты".</b> Мақсат-міндеттері. Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын түсіндіру, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. Ойынның мазмұны: ойынды үй ішінде де, сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс немесе зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айыбына тақпақ айтады немесе эн салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы: Ойынды былай жүргізеді. Ұшты-ұшты, сұңқар ұшты! (қол көтереді) Ұшты-ұшты, қарға ұшты! (қол көтереді) Ұшты-ұшты, арба ұшты!</p>
---	---	--	---	--	--

	ауыстырып қояды. Балалар өз үйлерін жылдам табуы керек. <b>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b>				(қол көтермейді) Ұшты-ұшты, дауыл ұшты! (қол көтермейді) Ұшты-ұшты, ұшақ ұшты! (қол көтереді) Ұшты-ұшты, торғай ұшты! (қол көтереді) Ұшты-ұшты, жылан ұшты! (қол көтермейді) Ойында жаңылмаған ойыншы жеңіске жетеді. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b>
<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.
<b>Серуен</b>	<b>№ 1 Бақылау:</b> Күзгі ағаштардың жапырақтарының түстерін бақылау. <b>Мақсаты:</b> Күзгі жапырақтар туралы әңгімелер айту, олардың түстерін айтқызу.  <b>Еңбек:</b> Учаскедегі күзгі жапырақтарды бір жерге жинау. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.  <b>Қимылды ойындар:</b> «Жапырақ жинау»	<b>№ 2 Бақылау:</b> Балабақша ауласындағы құстарды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Құстар туралы әңгімелеу, олардың аттарын аттату және қимыл – қозғалыстарын салып жүру, дауыстарын тыңдау.  <b>Еңбек:</b> Балабақша ауласындағы ілулі тұрған жемсалғышқа құстарға жем салу, оларды қоректендіру.  <b>Қимылды ойындар:</b> «Қаздар, қаздар»	<b>№ 3 Бақылау:</b> Жәндіктерді бақылау. <b>Мақсаты:</b> Күзде жәндіктердің, көбелектердің жерге терең кіріп ұйықтайтынын айтып, олардың қалай азықтарын таситындарын бақылату.  <b>Еңбек:</b> Бөлме гүлдерін суару.  <b>Қимылды ойындар:</b> «Көкөністер мен жемістерді жинау»	<b>№ 4 Бақылау:</b> Ағаштардың желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету  <b>Еңбек:</b> Шашылған жапырақтарды ұшып келген қағаз қалдықтарын жинау. ма?) <b>Қимылды ойындар:</b> Тақия тастамақ.	<b>№ 5 Бақылау:</b> Құмдағы іздерді бақылау. <b>Мақсаты:</b> Учаскелердегі құмдағы іздердің кімнің ізі екенін айыра білуге үйрету. Өз іздерін бір – бірімен салыстыру. <b>Еңбек:</b> Құм салғыштағы құмды күрекшелерімен көтеру.
<b>Серуеннен оралу</b>	<i>Қимылды ойын:</i> «Таяқпен сыпыру» (қалмақ ұлттық ойыны) Көрсетілген бағыт бойынша таяқпен сыпыру қабілеттерін бекіту. Топтағы жолдастарының жетістіктері мен істей алмаған істерін қобалжымай, қолдай білуге тәрбиелеу.	<i>Еңбек:</i> Ағаштың қасына түскен бұталарды жинау Балаларға алаңда жүрген кезде қоқысты жинату (ағаш жанындағы бұталар), содан кейін арнайы орынға апаруға үйрету. Өз ойларын жолдастарының ойларымен ұштастыра білуге үйрету	<i>Қимылды ойын:</i> «Қақпа» Алаңда қозғалып жүру, «Бір, екі, үш-ұста» дегенде- бәрі алаңға жүгіреді. Бір-біріне көмек беруге тәрбиелеу.	<i>Қимылды ойын:</i> «Нысанаға тигіз» Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын арттыру.	<i>Қимылды ойын:</i> «Бәйге» Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді) Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету.
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,	<b>ПЖ ойын «Тыңда да қайтала»</b> Шарты: тыңдаған күз туралы тақпақтарын қайталайды.	<b>Еркін ойын: «Ханталапай»:</b> Шарты: балалар асықпен ойнайды.	Құрылымдалған ойын: « <b>Артығын тап</b> » Шарты: Табиғат құбылыстары суреттерінің ішінен артық суретті табады	<b>Еркін ойын. «Бес тас»</b> Шарты: Бес тасты еденге шаша тастап ішінен өзіне қолайлы бір тасты алады да, жоғарыдағы тәсілмен жерде	<b>«Ертегілер елінде»</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі

кітаптарды қарау және басқалар)	Күн бұлттанып , жауын да жауып алады.			жатқан тастарды екі-екіден жиып алады	Ертегі бойынша сұрақтарға жауап алу, кейіпкердің мінез-құлқын әңгімелеу.
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>Балалармен жұмыс</b> Дұрыс тамақтану мәдениеті және дәрумендер жайлы әңгімелеу.	<b>Балалармен жұмыс</b> Жыл мезгілдерін және ерекшеліктерін айтып, суреттен көрсетеді.	<b>Балалармен жұмыс</b> Шамасы әр түрлі 4-5 затты өсу және кему ретімен орналастырады	<b>Балалармен жұмыс</b> Қайшыны дұрыс ұстайды және пайдаланады.	<b>Балалармен жұмыс</b> Жабайы және үй жануарларын ажыратып, пайдасын айтады
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	« <b>Жұбын тап</b> » ойыны <b>Міндеті:</b> Балалардың алдына екі бөлікке бөлінген жұмыртқа-ларды беріп, түстерін тауып сәйкестендіруге үйрету. <b>(Математика негіздері)</b>	« <b>Көңілді көліктер</b> » Көліктің дөңгелегін орналастыру (ұсақ қол мотори-касына арналған ойындар) <b>Қимылды ойын:</b> « <b>Жемістерді тер</b> » <b>(Қоршаған орта)</b>	« <b>Көңілді бояулар</b> » <b>Міндеті:</b> Суреттерді бояу. Балаларға қарындашты оң қолмен ұстай білуге дағдыландыру <b>(Сурет салу)</b>	«Бауырсақ» ертегісі <b>Міндеті:</b> Балалардың кітапқа деген қызығушылығын ояту. Атрибутпен ертегіні айтып беру. <b>(Көркем әдебиет)</b>	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойын-дарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (ұсақ қол моторика-сына арналған ойындар).
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Тазалық шаралары жайлы кеңес беру. Балалар отбасында өздері не істей алатыны жайлы әңгімелесу.	. Балалардың жетістігі туралы айту. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Балалардың жұмыстарын ата аналарына көрсету. Балаға ертегі оқып берудің пайдасы жайлы кеңес беру	Кеңес: Тұмау жайлы әңгімелесу,  Ата аналарға қауіпсіздік ережесі туралы кеңестер беру	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата аналардан талап ету. демалысты теледидар, компьютерсіз өткізу жөнінде кеңес беру

**ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мектепке дейінгі ұйым (балабақша / мектепке дейінгі шағын орталық)

АККЕМЕР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ

Топ: «БАЛДЫРҒАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

Балалардың жасы: 4 ЖАС

Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 16.10.2023 – 20.10.2023

Тәрбиеші: Тореева Айман Шонтыбаевна

Күн тәртібінің үлгісі	ДҮЙСЕНБІ 16.10.2023	СЕЙСЕНБІ 17.10.2023	СӘРСЕНБІ 18.10.2023	БЕЙСЕНБІ 19.10.2023	ЖҰМА 20.10.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды қарсы алып, ыстық мейірімге баулу. Амандасу дағдыларын жетілдіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оның денсаулығы туралы сұрау.	«Сәлем берем үлкенге» Алдымыздан кезіккен, Көп танысты көреміз, Бәріне де ізетпен, Сәлеметсіз бе, ағай? – деп, Сәлеметсіз бе, апай? – деп, Есенсіз бе, апай? – деп, Амансыз ба, атай? –деп, Ұл-қыз сәлембереміз, Өнегелі өренбіз.	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сурет арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту	Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. «Күн суытты далада» әуенін қимылмен жасайды.	Көңілді қарсы алып, көңіл-күйлерін, денсаулығын сұрау. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес, әңгімелесу	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Мектептен кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Ойыншықтар бізге ренжімеу үшін не істеуіміз керек?» Ойын. Шарты: Балалар оларды лақтырмаймыз сындырмаймыз, жуамыз. Біздің топта ойыншықтардың өз орны бар. Біз ойнап болғаннан кейін, оларды жинап орнына апарамыз. Олар бізге ренжімейді.	Фотасуреттер қарастыру «Менің ойыншықтарым» Фотосуретте бейнеленген ойыншықтарды атап беру, сөйлем құрауға баулу.	Ата аналары қандай маман иесі екенін әңгімелесу. Сурет бойынша әңгіме құрастыру, жұмбақ шешу.	«Даналық ағашы» ойыны. Сұрақтарға жауап беру арқылы алмаларды себетке жинау.	«Күзгі орман» фотосуреттерді қарастыру. Күз мезгілінің кереметін байқауға баулу. Күзгі бақтағы еңбек туралы әңгімелеу.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі – ҮІӨ)	Бидай туралы әңгімелесу. Балаларға 1-ден 4-ке дейін санауды ұсынады. Саналғандар реттік сандарына сәйкес 4 топқа бөлінеді.	"Нан қалай пайда болады?" суреті бойынша әңгіме құрастыруды үйрету. (сөйлеуді дамыту)	Нанның қайдан келетіні туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Ұннан жасалатын тағам түрлері туралы әңгімелесу. Балалар үстеріне киген киімдерінің түстеріне қарай 4 топқа бөлінеді. (сөйлеуді дамыту)	"Ас атасы - нан" тақырыбында әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)



	<b>(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</b>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Мергендер жарысы". Мақсат-міндеттері. Балаларға саптағы орындарын өзгертіп қайта тұруды; 2–3 м қашықтықтан алға ұмтыла екі аяқпен секіруді үйрету. "Алыптар мен құртақандар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Қимыл үйлесімділігін дамыту, аяқтың ұшымен және жартылай отырып жүруді кезектестіруді үйрету. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Қазақ тілі</b> Қазақ тілі "Сиқырлы бауырсақтар". Ыдыстар. Мақсат-міндеттері. Балаларды "Сиқырлы бауырсақтар" әңгімесі, бауырсақтың дайындалу ретімен таныстыру; нан туралы түсініктерін дамыту; ыдыстың жана түрлері, олардың қолданысымен таныстыру.</p> <p><b>Музыка</b> "Тәтті нан". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдап отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдағанда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру. Дидактикалық ойын. "Көңілді – мұңды". Мақсат-міндеттері. Әуеннің көңілді не мұңды болуын түсінуді үйрету. <b>(қазақ тілі, музыка, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Алға жүрелеп жылжу". Мақсат-міндеттері. Алға жүрелеп жылжи отырып, екі аяғымен жерде жатқан таяқшалардан аттап секіруді үйрету және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдысын жетілдіру. "Торғай мен мысық" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Ереже бойынша ойын ойын ойнауды үйрету. Қимыл жылдамдығы мен шапшаңдығын дамыту. <b>(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Музыка</b> "Адам еңбегіне жыр". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдап отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдау арқылы дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру. "Әуенді сағат" музыкалық-дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Үйренген әндер мен әуендерді есте сақтап, бекітіп алу үшін қолданылады. Әртүрлі көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен тануға машықтандырады. <b>(музыка, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Арақашықты сақтау амалдары". Мақсат-міндеттері. Балаларға бұдыры бар тақтаймен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтауды; 1,5-2 метр арақашықтықтан кегилерді қағып түсіруді үйрету. "Екі аяқпен секір" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Межеге дейін екі аяқпен бірге секіріп жетуді үйрету. <b>(дене шынықтыру)</b></p>
<b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ</b>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Еркежан әжей тақпағын мәнерлеп оқу". Мақсат-міндеттері. Балаларға тақпақты мұқият тыңдауға, мазмұны бойынша сұрақтарға, мәтін жолдарымен жауап беруге машықтандыру, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. "Нан өнімдері" дүкені. Рөлді және сөздік ойын.</p> <p><b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b> "Бидай масағы". Мақсат-міндеттері. Балаларға "Масак" украин халық ертегісіндегі масақты оригами әдісі бойынша</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b> "Бауырсақ". Мақсат-міндеттері. Балаларды бауырсақ пен нан өнімдерімен таныстыра отырып, нанның бидай дақылынан пайда болатыны туралы түсініктерін кеңейту. Дидактикалық ойын. "Бауырсақ қалай дайындалады?" Мақсат-міндеттері. Бидайдан нан жасау үшін қанша көп еңбек етілетінін түсіндіру, сурет бойынша әңгіме құруды үйрету, сөздік қорды кеңейту.</p> <p><b>«Зообаққа орналастыр».</b> Мақсат-міндеттері. Заттың көлеміне қарай салыстыруды, талдау жасауды үйрету. Жабайы аңдар мен жануарлар, құстардың</p>	<p><b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Таба нан". Мақсат-міндеттері. Балаларды әңгіме мазмұнымен таныстыра отырып, нанның қасиеті мен бидайдың өзіндік ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру; әңгімені тыңдау кезінде нанның қасиетін эмоциялық сезіммен қабылдады үйрету. Дидактикалық ойын. "Нан қалай пайда болады?" Мақсат-міндеттері. Сюжетті суреттерді рет-ретімен орналастыруды үйрету.</p> <p><b>«Жеміс жинау».</b> Дидактикалық мақсаты. Заттарды санауды және</p>	<p><b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Сарқытты тең бөлейік". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы бес саны туралы ұғымдарын қалыптастыру; сандарды заттардың көлемі мен түрлеріне емес, жиынына ған байланысты болатынын түсіндіру. Дамытушы жаттығу. "Сарқытқа үш табақ." Мақсат-міндеттері. Заттарды түріне қарай топтастыруды үйрету. <b>Дамытушылық жаттығу.</b> <b>"Не өзгерді?"</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдауын, зейіндерін, еске сақтауын дамыту; байқампаздыққа,</p>	<p><b>«Үйдің есігін жабайық».</b> Мақсат-міндеттері. Заттарды өлшемі бойынша салыстыруды, жуан және жіңішке заттарды ажыратуды жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері. Ойынның мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну. <b>(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p> <p><b>Сурет салудан ойын-</b></p>

<p>құрастыруды үйрету.</p> <p><b>"Шарды ұста" қимылды ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Қимыл шапшаңдығы мен жылдамдығын дамыту. Тәрбиеші ортаға көп шарды жайып тастайды. Ойын басталғанда (тәрбиешінің көмегімен) балалар шарды тәрбиешіге ұстап береді. Кім көп шар жинаса, сол бала жеңімпаз атанады. Ойын 10-15 секунд жалғасады. <b>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем әдебиет, құрастыру)</b></p>	<p>дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту, ауызекі сөйлеу тілін жетілдіру.</p> <p>Көрнекіліктер: зообақ торлары, әртүрлі жануарлар, аңдар, құстар. Ойын шарты: зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торларға орналастыру қажет. Балалар піл мен түйені үлкен торға, қоян, тиін және тағы басқа кішкентай торға орналастыруы керек. Бала неліктен олай орналастырғанының себебін айтады. Пілдің үлкен, қоянның кішкентай екенін, сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастырғанын айтады. <b>(қоршаған ортамен танысу, математика негіздері, құрастыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>олардың екі тобын салыстыруды, өлшемі мен пішініне және түстеріне қарай ажыратуды үйрету. Қажетті құрал-жабдықтар. Қағаздан жасалған үш себет және үлестірмелі жеміс түрлері.</p> <p>Ойын мазмұны. Үстел үстінде шашырап жатқан жеміс түрлері. Тақтаға шақырылған бала жемістерді теріп, үш себетке - алма, екінші себетке - алмұрт, үшінші себетке - әртүрлі жемістер жиналады. Әр себеттегі жемістерді алдымен бір бала санайды, кейін барлығы қосылып айтып салыстырады. Екі себеттегі әртүрлі жемістерді салыстырады.</p> <p>Мысалы: «Себетте қанша алма бар? Себетте қанша алмұрт бар? - Бірінші себеттен бір алма, ал екіншісінен бір алмұрт алып қой. Осылайша, ойынды әрі қарай жалғастыр. Себеттегі алмұрт қалды ма? Неше алма қалды? Неше алмұрт қалды? Алмұрттың алмадан қаншасы кем? Қаншасы артық? Алмұрттың пішіні неге ұқсайды, алманың пішіні неге ұқсайды?» деген сұрақтар қоя отырып, ойынды әрі қарай жалғастыруға болады. <b>(қоршаған ортамен танысу, математика негіздері, сөйлеуді дамыту)</b></p> <p><b>Мүсіндеуден ойын-жаттығу</b> "Анама бәліш пісіремін".</p>	<p>зерттікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар: әртүрлі заттар мен ойыншықтар. Барысы.</p> <p>Тәрбиеші балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Алдымен, заттардың саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жетуі мүмкін.</p> <p>Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады.</p> <p>Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді.</p> <p>Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрастыру".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту, бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар: құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк тасымалдаушылар, құрылысқа керек ойыншық саймандар (балға, бұрауыш, кемпірауыз және тағы басқа). Тәрбиеші балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жайлы алдын ала әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, тас қалаушы, жүк тиеуші, жүргізуші сияқты мамандардың қызметтік міндеттерін анықтайды.</p>	<p><b>жаттығу</b> "Алтын бидай алқабы". Мақсат-міндеттері. Балаларға бидай алқабы көрінісін салуды үйрету; бидай масақтарын бор және саусақтарды басу арқылы салу техникасын игерту; адамның бидай өсірудегі еңбегі туралы білімдерін тиянақтау. <b>Бақылау жаттығуы. "Дақылдарды таны және ата".</b> Мақсат-міндеттері. Дәнді дақылдарды бір-бірінен ажыратуды, олардың атауларын білуді үйрету.</p> <p><b>Дидактикалық ойын. "Құстарды ажырат" (қыстырғыштармен ойнатылады)</b> Мақсат-міндеттері. Қыстап қалатын және жыл құстарын ажырата алуды үйрету. <b>(математика негіздері, сурет салу, құрастыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>
--	--	--	---	---

			<p>Мақсат-міндеттері. Ермексаздан бәліш жасауды үйрету; ұннан жасалатын тағамдар туралы білімдерін жаңғырту. (<b>көркем әдебиет, құрастыру, математика негіздері, сөйлеуді дамыту, мүсіндеу</b>)</p>	<p>Балалар құрылысқа қатысатын мамандардың рөлін өзара бөлісіп алады; өздеріне қажетті киімдер мен құрал-жабдықтарды алып, өз орындарына барады. Тәрбиеші балалармен бірлесіп ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Кейін балалар жүк тиеуші, жүргізуші, кірпіш қалаушы мен инженер-құрылысшының жұмыстарын орындайды. Тәрбиеші диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. Тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасайды: салынған үйдің сапасы жақсы болуы үшін, құрылыс-мамандарының бірге кеңесуі; жұмысты жоспарға сәйкес орындауы; үй тұрғызғанда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы. (<b>математика негіздері, сөйлеуді дамыту, құрастыру</b>)</p>	
<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Ауа-райын бақылау. Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.
<b>Серуен</b>	<p><b>№ 6 Бақылау: Жерге түскен жапырақтарды бақылау.</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға жапырақтар нәліктен жерге түскендігі туралы әңгімелеп айту. Олардың түстерін атау.</p> <p><b>Еңбек:</b> Құм салғыштың ішіне түскен жапырақтардан тазалау.</p> <p><b>Қимылды ойындар:</b> «Ақ серек, көк серек»</p>	<p><b>№ 7 Бақылау: «Солып қалған гүлдерді бақылау»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстырып өтіп, балабақша ауласындағы күзгі гүлдерге назар аударту. Жазғы гүлдер мен күзгі гүлдердің ерекшеліктері, айырмашылықтары туралы әңгімелеу.</p> <p><b>Еңбек:</b> Қурап қалған гүлдердің тұқымдарын жинау.</p>	<p><b>№ 8 Бақылау: Күзгі ауа – райындағы өзгерістерді бақылау.</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа – райын жазғы ауа – райымен салыстыру, күздегі өзгерістерді айтқызу.</p> <p><b>Еңбек:</b> Құм салғыштың айналасындағы құмдарды күрекшемен жинау.</p>	<p><b>№ 9 Бақылау: Күзгі ағаштардың жапырақтарының түстерін бақылау.</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Күзгі жапырақтар туралы әңгімелер айту, олардың түстерін айтқызу.</p> <p><b>Еңбек:</b> Учаскедегі күзгі жапырақтарды бір жерге жинау. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.</p>	<p><b>№ 10 Бақылау: Балабақша ауласындағы құстарды бақылау.</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Құстар туралы әңгімелеу, олардың аттарын аттату және қимыл – қозғалыстарын салып жүру, дауыстарын тыңдау.</p> <p><b>Еңбек:</b> Балабақша ауласындағы ілулі тұрған жемсалғышқа құстарға жем салу, оларды қоректендіру.</p>

		<b>Қимылды ойындар:</b> «Абай бол», «Қайда шылдырлайды?»	<b>Қимылды ойындар:</b> «Ұшты – ұшты»	<b>Қимылды ойындар:</b> «Жапырақ жинау»	<b>Қимылды ойындар:</b> «Қаздар, қаздар»
<b>Серуеннен оралу</b>	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Күз» (сурет қарастыру) Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Сюжеттік ойыншықтармен ойындар, ертегі оқып беру; үстел үсті театры және т.б «Зообақта»	«Сикырлы әлем» тақырыбына суретті түрлі-түспен сурет салу. Мақсаты: Балалардың қиялына ерік беру, табиғатты аялауға тәрбиелеу.	Ойын терапиясы «Қонақта». Мақсаты: баланың ақыл ойын дамыту. Ірі құрылыс материалдарын құрастыру.	Апта тақырыбы бойынша альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру,
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<b>Дидактикалық ойын «Адасқан цифрлар».</b> Мақсаты: баланың ойлау жылдамдығын арттыру. <b>(Математика негіздері)</b>	<b>Дидактикалық ойын «Атын атап бер»</b> Мақсаты: түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. <b>(Сурет салу)</b>	<b>Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Күз»</b> (сурет қарастыру) Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. <b>(Сөйлеуді дамыту)</b>	<b>Жыл мезгілі туралы әңгімелесу</b> Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. <b>«Қайсысы нені жақсы көреді?» (жапсыру)</b>	<b>«Өз орныңды тап» дидактикалық ойын.</b> Мақсаты: Цифрлардың сандар қатарындағы орны, көрші сандар туралы білімдерін нақтылау.
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Еңбек тапсырмасы: Гүлдерге су құю, түбін қопсыту (жұптық жұмыс, кезекшілік)	Еңбекқор болу үшін қандай бала болу керек? (көп сөйлемейтін баламен әңгімелесу)	Ойын-тапсырма: « <b>Кім тез шешеді?</b> » Тапсырма: берілген суреттердің ішінен екіншісін тауып алу керек. (екі баламен жарыс ретінде)	Ертегіні аудио тыңдау. (қалаған ертегі) Еңбек тапсырмасы: Балықтардың аквариумын тазалау.	Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру.
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сюжетті ойын: « <b>Шаштараз</b> » Мақсаты: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаш өрудің әр түрлі үлгісін көрсету. Өсемдікке, әдемілікке баулу. <b>(Жапсыру)</b>	« <b>Тәулік бөліктері</b> » Ойынның мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер Ойынның мазмұны: Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды. <b>(Математика негіздері)</b>	« <b>Оң және сол</b> » Ойынның мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойынның мазмұны: Бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді. <b>(Математика негіздері)</b>	Дидактикалық ойыны « <b>Шаршы құрастыр</b> » Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. <b>(Құрастыру)</b>	Сюжетті ойын: « <b>Шаштараз</b> » Мақсаты: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаш өрудің әр түрлі үлгісін көрсету. Өсемдікке, әдемілікке баулу.
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата-аналарға балаларды жыл мезгіліне сай киіндіруді ескерту.	Ата-аналарға балаларға үйден сауат ашудағы саусақ жаттығу-тақпақтарын жаттатуды айту	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Ата-аналарға «Сикырлы сөздер», яғни алғыс айту, кешірім сұрау, амандасу сияқты сөздерді үйденде үйрете беруге кеңес беру.	Ата-аналарға баланың қауіпсіздігі жөнінде кеңес беру

**ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мектепке дейінгі ұйым (балабақша / мектепке дейінгі шағын орталық)

АҚКЕМЕР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ

Топ: «БАЛДЫРҒАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

Балалардың жасы: 4 ЖАС

Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 23.10.2023 –27.10.2023

Тәрбиеші: Тореева Айман Шонтыбаевна

Күн тәртібінің үлгісі	ДҮЙСЕНБІ	СЕЙСЕНБІ	СӘРСЕНБІ	БЕЙСЕНБІ	ЖҰМА
	23.10.2023	24.10.2023	25.10.2023 Республика күні	26.10.2023	27.10.2023
Балаларды қабылдау	--Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу,	<b>Достық қарым-қатынас орнату:</b> Біздің топтың ұл-қыздары, Тату тәтті ойнайды. Әлемдегі бар адамға, Тек жақсылық ойлайды.		<b>Балалардың күз туралы білімін нығайту.</b> Тақпақ оқу. Қарашы күз келді, күз келді Жапырақ жауыпты іздерді. Құс біткен керуен тізеді, Қара бұлт қабағын түйеді.	<b>Тіл ұстарту жаттығулары:</b> Жаңбыр жауды, Тық-тық-тық. Сен көшеге шық-шық-шық. Жел соғады гу-гу-гу, Жапырақтар ұшты ду-ду-ду Құйын тұрды ой-ой-ой
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес, әңгімелесу	<b>Мінез-құлық</b> «Сіздің балаңыз қалай деп ойлайсыз? Тыныш па?,эмоциональды ма? Мінез-құлқын басқа бағытқа бұру оңай ма?» осы сұрақтар аясында әңгімелесу.	Баланың жасына сай ойын ерекшелігін бақылаңыз,яғни қандай ойындар ойнап жүр?жасына сай ма?		Баланың өзін-өзі ұстау ережелерін тез үйрене ме? Қоғамдық ортада, үйде өзін ұстауы қалай? (әңгімелесу)	Сіздің балаңыздың ұйқы режимін қадағалайсыз ба? Уақытында жатып,уақытында оянуын қадағалауға кеңес беру.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<b>«Сымсыз телефон»</b> Балалар қатарға тұрады. Бірінші бала келесісінің құлағына бір сөзді сыбырлап айтады, ол әрі қарай ауысады және т.б. Соңғы бала жасырылған сөзді дауыстап атайды. Егер сөз дұрыс болса, онда телефон жақсы жұмыс істейді. Егер сөз дұрыс болмаса, жүргізуші кез-келген адамнан (соңғысынан бастап) қандай сөзді естігендерін сұрайды. Осылай ша қай жерде байланыс үзілгенін анықтауға болады	<b>«Қарындаш»</b> Балаларды жұптарға бөліп, бір-біріне қарама-қарсы тұрғызу керек. Әр жұптың алдына еденге қарындаш қоясыз. Ойыншылардың міндеті - осы қарындашты еденнен көтеріп, мәреге жеткізу.		<b>«Менің сүйікті кейіпкерім»</b> әңгімелесу. кітаптардан суреттерін қарау. Өз ойымен бөлісу. Ойыншығы арқылы іс әрекетін көрсету. Сахналау  Сүйікті кейіпкерінің суретін салу, мүсінін жасау немесе қиып бейнесін жапсыру.	<b>Алақан мен жұдырық</b> Үстелдің үстіндегі шаблон бойынша алақаны мен жұдырығын кезекпен басады. (нейро жаттығулар)

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> (бұдан әрі – ҮІӨ)</p>	<p>Арайлы таң, армысың! Шуақты күн, армысың! Жан досым, саған сәлем берейін, Аман-есен бармысың!</p> <p>Жыл құстары туралы әңгімелесу. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды қаламыз, Жайнай түссін даламыз. Қайырлы таң, достарым!</p> <p>Құстар түрлерімен таныстыру, әңгімелесу. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>		<p>Сәлем бердім досыма! Аман болсын әрқашан! Асығамын қашанда! Жайдарлы мінезді апайыма.</p> <p>Құстар туралы қызықты деректер. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>Үлкенге сіз дейміз! Кішіге де сіз дейміз! Бәрін, бәрін құрметтеп, Бас иеміз біз.</p> <p>Жыл құстарының түрлерін пысықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Саптарда кім бар?" Мақсат-міндеттері. Балаларға тепе-теңдікті сақтай отырып, қолын жоғары көтеріп алып, тақтай бойымен жүруді үйрету. "Ұйқыдағы түлкі!" ойыны. Мақсат-міндеттері. Ереже бойынша ойнауды үйрету. Жылдам жүгіру дағдысын дамыту. <b>(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Кедергілерден секіру". Мақсат-міндеттері. Бір қатарға қойылған (5 м) кеглиердің арасымен оң және сол аяқпен кезек секіру дағдысын үйрету. "Қоян" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Қимылдарын қайталап көрсетуді үйрету. Еске сақтау, зейін, қимыл ептілігін дамыту. <b>Қазақ тілі</b> "Үй құстары. Жыл құстары". Мақсат-міндеттері. Балалардың құстар, жыл мезгілдері жайлы түсініктерін кеңейту, үй құстары мен жыл құстары деп аталуының себептерін түсіндіру. Драматизация негізінде логоырғақ "Не қалай дыбыстайды?" Мақсат-міндеттері. Құстарды дыбыстарына қарай ажыратуды үйрету. Есту зейініне арналған жаттығу "Жыл құстары". Мақсат-міндеттері. Есту зейінін, еске сақтауды дамыту. Көру зейініне арналған жаттығу "Не бірінші? Не соңғы?" Мақсат-міндеттері. Көру зейінін, еске сақтауды дамыту. <b>(дене шынықтыру, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері, құрастыру)</b></p>		<p><b>Музыка</b> "Көгершіндер әні". Мақсат-міндеттері. Балалардың көгершіндер туралы әуенді қабылдау қабілетін арттыру; әнді тыңдағанда дыбысты есту қабілетін жетілдіру. <b>Дидактикалық ойын:</b> <b>"Көңілді паровоз"</b>. Мақсат-міндеттері. Балаларға пьесаларды сын-сипатына қарай ажырата білуді үйрету. <b>(музыка, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Кедергілерден сүрінбей өтіп көр". Мақсат-міндеттері. Балаларға қимылды ойындар арқылы әртүрлі бағытта жүгіруді; допты екі қолымен бастан асыра кедергінің үстіне лақтыруды үйрету. "Допты қуалап ұста!" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Жерде домалап жатқан допты жүгіріп келіп алу, допты жоғарыдағы себетке лақтырып кіргізу.</p>
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ</b></p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Үйрек". Мақсат-міндеттері. Балаларға</p>	<p><b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Көлдерге қонған үйректерді санайық".</p>		<p><b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Мысық, қораз және түлкі" ертегісі.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу</b> "Тыраулайды тырналар".</p>

<p>Дымково ойыншығы өрнектерінің элементтерімен үйректің сұлбасын қылқаламның көмегімен безендіруді үйрету. <b>Зейінге жаттығу. "Бірдей екі үйректі тауып ал".</b> Мақсат-міндеттері. Зейін, еске сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Жыл құстары жылы жаққа ұшты. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [Ұ], [Ү] дыбыстары". Мақсат-міндеттері. Балаларға жыл құстары туралы түсіндіру; [Ү], [Ү] дауысты дыбыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жінішке және жуан болып естілуін түсіндіру. <b>Қимылды ойын. "Қаздар! Ұшындар!"</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын шартына сай қозғалуды үйрету; ойындағы мәтін бойынша диалогке қатысуға, рөлді сөздеріне сай атқаруға жаттықтыру; белсенді қарым-қатынасқа, шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу. <b>(дене шынықтыру)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Асхана". Мақсат-міндеттері. Балалардың асханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері жайлы білімдерін, әдептілік ережелерін меңгеруді, қоғамдық орындардағы тамақтану әдебін, оларды сақтауға ынталануды бекіту; еңбекті</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балаларға заттарды ғана емес, дыбыстарды да санауға болатынын түсіндіру. <b>Дамытушы жаттығуы. "Құс қайда ұшты? Көрсет."</b> Мақсат-міндеттері. Сөйлеу тілін, кеңістікті бағдарлауды, зейінді дамыту.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу</b> "Бұлбұл". Мақсат-міндеттері. Балаларды бұлбұлдың сыртқы көрінісімен таныстыру, бұлбұл туралы түсініктерін кеңейту. <b>Дидактикалық ойын. "Құстар қалай дыбыстайды?"</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға құстарды сыртқы бейнесі және дыбыстауы бойынша бір бірінен ажыратуды, тануды үйрету.</p> <p><b>"Сөздер тізбегі" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын байыту. Ой ұшқырлығын, зейіндерін дамыту; өзара жағымды қарым-қатынасты бекіту. Барысы. Тәрбиеші балаларға қандай сала бойынша сөз құрайтындарын айтады. Берілген жағдайда "Отбасы" тақырыбы қарастырылады. Педагог "Отбасы" түсінігіне байланысты сөздердің бірін айтады да, келесі балаға жалғастыруды ұсынады. Егер бала белгіленген уақытта сәйкес сөз тауып айта алмаса, өз өнерін көрсетеді. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Отбасы". Мақсат-міндеттері. Балалардың отбасы мүшелері туралы түсініктерін бекіту; отбасы</p>		<p>Мақсат-міндеттері. Балаларды "Мысық, қораз және түлкі" орыс халық ертегісінің мазмұнымен таныстыру. <b>Дидактикалық ойын: "Жыл құстарын тап".</b> Мақсат-міндеттері. Құстардың суреттерінің арасынан жыл құстарын табуды үйрету. Зейін, сөйлеу, еске сақтауды дамыту.</p> <p><b>Жапсырудан ойын-жаттығу</b> "Көлшіктегі торғайлар". Мақсат-міндеттері. Балаларға шаршыдан шеңберді шығарып кию арқылы торғайдың басы мен денесін жапсыруды, дайын дайындамаларды пайдаланып торғайдың қанаттарын жапсыруды үйрету. Дидактикалық ойын. "Құстың ұясы". Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерден құстың ұясын құрастыруды үйрету.</p> <p><b>Математика негіздері</b> "Алан мен Дана қонақта". Мақсат-міндеттері. Балаларды 5 санының жасалуымен және 5 цифрымен таныстыру; цифрларды суреттермен сәйкестендіру; 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Үй құрастыру". Мақсат-міндеттері. Балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту, бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк тасымалдаушылар, құрылысқа</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балаларды тырнамен таныстыру, тырнаның ерекше қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту. <b>"Тірек суреттер арқылы тырна туралы әңгімеле" шығармашылық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың тырна туралы білімдерін ертегі негізінде пысықтау.</p> <p><b>"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточканы біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, еске сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Өртүрлі табиғи құбылыстар бейнеленген суретті-карточкалар. Барысы. Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить логикалық жұптар құрайды. Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы - жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл және тағы</p>
---	--	--	--	---

	<p>құрметтеуге, әдептілік негізінде қарым-қатынас құруға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Асхана жиһаздары (үстел, орындықтар), асхана қызметкерлерінің киім үлгілері мен (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері). Барысы.</p> <p>Алдымен педагог балалармен аспаздың адамдар (тұтынушы) тәтті-дәмді тағамдар әзірлеу жұмысы туралы әңгімелеседі. Суреттер көрсетеді, педагогикалық жағдаяттарды шешеді.</p> <p>Алдымен, педагог балалармен бірге белгілі тағамдар тізімін, ас мәзірін құрастырады. Ол үшін педагог пен балалар кешкі уақытта журналдардан ойында пайдаланатын түрлі тағамдардың фотосуреттерін қиып алады.</p> <p>Тәрбиеші адамдар келгенше жұмысшылардың жұмысын бақылауда ұстайды (балалардың орындарында отырып).</p> <p>Барлық тағамдар дайын болғаннан кейін, балаларды (тұтынушыларды) ас бөлмесіне шақырады.</p> <p>Келушілерге даяшы ас мәзірін ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз ас әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға асты әкеліп, "төлем" қабылдайды.</p> <p>Балалар "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жана сөздерді айту керек.</p> <p>Тәрбиеші ойын барысын өзі түзетеді, балалардың әрекетін белсендіру үшін қосымша сұрақтар қояды, Соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасайды:</p>	<p>мүшелерінің жанұядағы рөлін пысықтау; үлкенге құрмет сезімдерін, жақынына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыстар, алжапқыш, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен орамал, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника және тағы басқа.</p> <p>Барысы.</p> <p>Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін өзара бөлісіп алады да, өздеріне қажет киімдер мен құралдарды алып, өз орындарына барады.</p> <p>Тәрбиеші балалармен қойылымда қандай оқиға көрсетілуі керек екенін бірге анықтайды.</p> <p>Тәрбиеші диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. <b>(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p>		<p>керек ойыншық саймандар (балға, бұрауыш, кемпірауыз және тағы басқа). Тәрбиеші құрылысқа қатысатын мамандар жайлы балалармен алдын ала әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, тас қалаушы, жүк тиеуші, жүргізуші, сияқты мамандардың қызметтік міндеттерін анықтайды. Балалар құрылысқа қатысатын мамандардың рөлін өзара бөлісіп алады; өздеріне қажет киімдер мен құрал-жабдықтарды алып, өз орындарына барады.</p> <p>Тәрбиеші балалармен бірлесіп, ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Балалар жүк тиеуші, жүргізуші, кірпіш қалаушы мен инженер-құрылысшының жұмыстарын орындайды. Тәрбиеші диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды.</p> <p>Тәрбиеші балармен бірге қорытынды жасайды: салынған үйдің сапасы жақсы болу үшін, құрылыс мамандарының бірге кеңесуі; жұмысты жоспарға сәйкес орындауы; үй тұрғызуда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы. <b>(көркем әдебиет, жапсыру, математика негіздері, құрастыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>басқа.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Театр".</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Ойын барысында балалар мен бірге театрдың маңызы, адам өміріне қандай пайдасы бар екенін анықтау; әртіс, режиссер, оператор, жарық беруші, гардеробшы, капельдинер, костюм бойынша декоратор, суретші, лицеист сияқты мамандар туралы білімдерін бекіту; жағымды қарым-қатынас орнату; мәдениет орындарындағы тәртіп ережелерін пысықтау; сөйлеу мәнерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Керекті құрал-жабдықтар. Сахна орны. "Театр" жазбасы; сахна макеті, сахналық қойылымдарға қажет (үй, ағаш, коршау және мүмкіндігіне қарай перделер және тағы басқа), кейіпкерлердің костюмдері, кейіпкерлер қолына ұстайтын құралдар.</p> <p><b>Барысы.</b></p> <p>Тәрбиеші балалармен бірге театрда қандай қойылымдар қойылатыны жайлы суреттерді қарастырады, көрермендер мен әртістер арасындағы айырмашылықтарды анықтайды.</p> <p>Көрермендер алдында қойылым орнында режиссер, дыбыс режиссері, оператор, жарық беруші, костюм әрлеуші, суретші, әрлеуші</p>
--	--	--	--	---	--



	<p>адамдар дәмді, әсем безендірілген тағамдардан дәм тату үшін, асхана жұмысшылары тынбай еңбектенеді; "рақмет", "өтінемін" сөздерін қолдану, дастарқан басында шуламау, асты дұрыс шайнау, асхана құралдарын дұрыс қолдану, адамның қоғамдық орындарда ережелерді орындауы.</p> <p><b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p> <p><b>Құрастыру</b> "Жолдағы серігің". Мақсат-міндеттері. Балаларға құрамында: цилиндр, тақтайша, призма, кірпіш, текше бар құрылыс материалдары жинағынан жеңіл көлікті құрастыруды үйрету; көліктің бөліктерін атай білу; көлік және оның түрлері туралы, көлікті қандай мақсатта қолдану керектігі туралы түсініктерін дамыту. Дидактикалық ойын: "Көліктің қолдану мақсатын тап". Мақсат-міндеттері. Балалардың көлік туралы білімдерін кеңейту; көліктің қандай мақсатта қолданылатынын анықтай білу іскерліктерін жетілдіру. <b>(сурет салу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, құрастыру)</b></p>				<p>сияқты мамандар еңбек ететінін айтылады. Балалар әр маман сахналық қойылымға дайындық алдында қандай қимыл-қозғалыс орындайтынын жаттығулар арқылы көрсетеді. Кейін балалар белгілі рөлдердің қайсын орындағысы келетін тілектерін білдіреді, орындарына орналасады. Әртістерді біріктіру үшін педагог алдымен режиссер қызметін өзіне алады, белгілі ертегі сюжетін таңдайды. Тәрбиеші ойын барысын сөз тіркестерімен сүйемелдейді, ойыншыларға қосымша сұрақтар қояды, ары қарай ойын тізбегінің жалғасуына ықпал етеді. Соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасайды: сахналық қойылымдар көрермендерге қызық болу үшін, тек қана әртістер емес, сонымен қатар басқа да көптеген мамандар қызмет етеді; еңбекті бағалау керек; театр - әдептілік ережелері сақталатын мәдени орындардың бірі. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.</p>	<p>Серуенге ойын құралдарын дайындау.</p>	<p>Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.</p>	<p>Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.</p>	<p>Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.</p>

<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>№ 11 Бақылау: «Тұманды бақылау»</b>  <b>Мақсаты:</b> Табиғат құбылыстарын ағату. Соның ішінде бүгінгі ауа райының өзгерісі тұманды бақылату. Ашық және тұманды күннің ерекшеліктерін салыстыру.</p> <p><b>Еңбек:</b> Жапырақтардан әртүрлі бейнелер құрастыру.</p>	<p><b>№ 12 Бақылау: «Күзгі саябаққа серуен»</b>  <b>Мақсаты:</b> Адамдардың саябаққа не себепті келетіні жайында әңгімелесу. Саябақ ішіндегі күзгі өзгерістерге көңіл бөліріп бақылау, әңгімелеу. Көңіл бөліріп бақылау, әңгімелеу.</p> <p><b>Еңбек:</b> Саябақтағы әр түрлі ағаштардың жапырақтарын жинау. Әр ағаштың жапырағын ажыратып үйрету.</p>	<p><b>№ 13 Бақылау: «Қайтқан құстарды бақылау»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балалармен қайтқан құстарды бақылау. Олардың атын ататқызып, дауыстарын тыңдату. Олардың топ болып ұшуына назар аударту.</p> <p><b>Еңбек:</b> Құстарға жем салатын тақтай жасау</p>	<p><b>№ 14 Бақылау: «Күзгі желдің бағытын бақылау»</b>  <b>Мақсаты:</b> балаларға желдің қай бағытта соғып тұрғанын қандай леп арқылы соғып тұрғаны жөнінде жалпы түсінік беру. Балалардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін арттыру.</p> <p><b>Еңбек:</b> Балаларға желдің бағытымен ұшқан күзгі жапырақтарды жинату.</p>	<p><b>№ 15 Бақылау: «Қайтқан құстарды бақылау»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балалармен қайтқан құстарды бақылау. Олардың атын ататқызып, дауыстарын тыңдату. Олардың топ болып ұшуына назар аударту.</p> <p><b>Еңбек:</b> Құстарға жем салатын тақтай жасау.</p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p><b>Қимылды ойындар:</b> «Кетіп қалған кім?», «Қояндар мен қасқырлар»  <b>Мақсаты:</b> Рөлдерде ойнай білуге үйрету. Байқампаздыққа, кеңістікті бағдарлауға үйрету.</p>	<p><b>Қимылды ойындар:</b> «Құстар мен мысық», «Аққу – қаздар»  Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.</p>	<p><b>Қимылды ойындар:</b> «Қайтқан құстар», «Құстар мен мысық»  <b>Мақсаты:</b> Ойын барысын бұзбай ойнауға дағдыландыру. Құс қимылдары арқылы дене бітімдерін дамыту. Шапшаңдыққа, жылдамдыққа, ептілікке үйрету.</p>	<p><b>Қимылды ойындар:</b> «Жел көбік», «Кім жылдам?»  <b>Мақсаты:</b> Байқампаздыққа, кеңістікті бағдарлауға үйрету.</p>	<p><b>Қимылды ойындар:</b> «Қайтқан құстар», «Құстар мен мысық»  <b>Мақсаты:</b> Ойын барысын бұзбай ойнауға дағдыландыру. Құс қимылдары арқылы дене бітімдерін дамыту. Шапшаңдыққа, жылдамдыққа, ептілікке үйрету.</p>
<p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p><b>«Сары жапырақтармен жұмыс»</b>  <b>Шарты:</b>Балалар серуен кезінде жинап алған жапырақтарынан өздеріне ұнаған композиция жасайды, тәрбиеші нұсқау береді.</p>	<p><b>«Біз не білдік?»</b>  Күзде ауа райының құбылмалы болатынын, жапырақтар сарғайып, жерге түсетінін білдік. Жердегі гүлдер сарғайын, гүлдер сола бастайтынын білдік.</p>	<p>Суреттік боямалар  <b>«Кім, қайда өмір сүреді»</b>  Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады.</p>	<p>Танымдық-қимылды ойын:  <b>«Андар жүрісі»</b>  Мақсаты:Балалар андардың жүрісін салып, санай алады.</p>	<p><b>Саусақ жаттығулары:</b>  «Қонаққа барамыз»  Басбармақтың үйіне,  Келді бүгін қонақтар,  Бес саусағың біріксе,  Текке кетпес уақытын,  Барлық саусақ – тату дос,  Бір – біріңе көмектес</p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p>Баяу балалармен жұмыс  Өз-өзіне қызмет көрсету кезінде балалардан кейін қалып отырады. Сол себепті ұсақ қол моторикасын дамыту</p>	<p>Тілінде ақауы бар баламен сұрақ-жауап арқылы жұмыс жүргізу .  \жеке баламен жұмыс\  Шағын қарапайым мәтіндерді тыңдайды.</p>	<p>Сикырлы суреттер  Мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау.  \ жұптық жұмыс \</p>	<p>Музыкалық жұмбақ  Мақсаты: Қатты,ақырын дыбысты сезіну қабілеттерін жетілдіру.  тақпақтар мен өлеңдерді тыңдау, мазмұнын түсіндіру.</p>	<p>Балаға еркіндік беру,сурет салуға ынталы балаларға шығармашылығын шыңдауға мүмкіндік беру.  Боямаларды бояйды.</p>

	үшін тапсырмалар беріліп отырады .				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<b>Ұлттық ойын:</b> «Асық ойын»	<b>Ұлттық ойын:</b> «Айгөлек»	<b>Ұлттық ойын:</b> «Соқыр теке»	<b>Ұлттық ойын:</b> «Ханталапай»	<b>Ұлттық ойын:</b> «Алшы ойыны»
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата-анаға кеңес: «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз»	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу	Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру	Ата-аналарға балаларын себепсіз сабақтан қалдырмауларын ескерту.

**ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мектепке дейінгі ұйым (балабақша / мектепке дейінгі шағын орталық)

АККЕМЕР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ

Топ: «БАЛДЫРҒАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

Балалардың жасы: 4 ЖАС

Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 30.10.2023 –03.11.2023

Тәрбиеші: Тореева Айман Шонтыбаевна

Күн тәртібінің үлгісі	ДҮЙСЕНБІ	СЕЙСЕНБІ	СӘРСЕНБІ	БЕЙСЕНБІ	ЖҰМА
	30.10.2023	31.10.2023	01.11.2023	02.11.2023	03.11.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды арнайы жасалған күлімдеген күн стикерімен қарсы алу, ыстық мейірімге баулу.	Амандасу дағдысын пысықтау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу.	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу.	Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Тоңды ма сұрау	Амандасу дағдысын пысықтау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу.
	<p>қоянның бейнесін салу техникасына үйрету; "Алма" қазақ ертегісінің сюжетін пысықтау; қарындашпен қағаздың бір жағына қоянның денесін трафарет арқылы құрастырып, екінші жағына, өз қалаулары бойынша алманы не сәбізді, басқа да жеуге жарамды қоректі салуды дағдыландыру.</p> <p><b>Сюжеттік ойыншықтармен ойындар:</b> Ертегіні оқу; үстел театры және тағы басқа. Мысалы: үстел театры «Үйшік» орыс халқының ертегісін сахналау. <b>(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</b></p> <p><b>Қимылды ойын.</b> <b>"Аңшылар мен қояндар".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың қоян болып секіріп, "аңшыдан" қорғана білуін үйрету. Ойын барысы. Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда екі аяқты қосып алдыға секіріп жүреді. Тәрбиеші: «Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>формасымен таныстыру, жұмбақтың тақпақтан негізгі айырмашылығын түсіндіру; ортақ қасиеті бар заттардың жалпылауыш сөзбен аталатыны туралы түсініктерін бекіту.</p> <p><b>Үстел үсті ойындары «Бұл қай кезде болады?»</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері, оларға тән белгілер туралы білімдерін бекіту; мәнерлеп сөйлеуді, зейінді, тапқырлықты, шыдамдылықты дамыту. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын "Цирк".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың циркте жұмыс жасайтын өнерпаздар (сайқымазақ, гимнасшы, сиқыршы, жонглер, аңдарды жаттықтырушы) туралы түсініктерін қалыптастыру; цирк әртістерінің жұмысын түсіндіру; еңбексүйгіштікке, төзімділікке, әдептілікке, саламатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Ойыншық құралдар мен модельдер, циркте жұмыс істейтін әртістерге қажет (доптар, ойыншық аңдар, бас киімдер, таяқтар, спорттық киімдер үлгісі, гимнастикалық сылдырмақтар, костюмдер). <b>Барысы.</b> Ұйымдастырылған іс-әрекеттің басында педагог балалармен бірге цирктің (сурет) алатын орны, онда жұмыс істейтін әртістер жайлы әңгімелеседі; әр әртіспен мамандар қандай құралдарды пайдалатынын, олардың жұмыстары қаншалықты қиын екенін түсіндіреді. Балалар циркте жұмыс істейтін әртістерге: сайқымазақтар, гимнасшылар,</p>	<p>оригами әдісі бойынша түлкінің басын құрастыруға, желім арқылы түлкінің басы мен денесін жапсыруды үйрету. <b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Хайуанаттар бағы". Мақсат-міндеттері. Балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші жайлы түсініктерін, бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай қызмет атқаратынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Хайуанаттар бағы қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы медициналық көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; ойыншықтарға арналған тор пішіндер. <b>Барысы.</b> Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттерді қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнежазба көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші сияқты мамандардың</p>	<p>топқа, бірін қосып, үстемелеу немесе артық топтан бір затты алып тастау сияқты теңдікті орнату тәсіліне үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен танысу</b> "Мыршай". Мақсат-міндеттері. Балаларға түлкі туралы түсінік бере отырып, түлкінің сыртқы түрі мен тіршілігі туралы білімдерін кеңейту. <b>"Қай жануардың құйрығы екенін таба аласың ба?"</b> <b>дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту, түстерді, көлемді дұрыс ажыратуға үйрету. <b>(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</b></p> <p><b>Сюжеттік-рөлді ойын.</b> "Табиғи қорық". Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғи қорықтар туралы түсінік беру, "Қызыл кітап", қорықта қызмет ететін орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігер жайлы түсініктерін бекіту; орман қызметкерлері орманды, ондағы тіршілік ететін аңдарды қорғауда қандай рөл атқаратынын анықтау; еңбексүйгіштікке, аңдарға қамқорлық таныту сезімдерін тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Табиғи қорық қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; жасанды орман, бұлақ, тау үлгісі. <b>Барысы.</b> Тәрбиеші балалармен бірге</p>	<p>мазмұнымен таныстыру және ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мұқият тыңдай отырып, қайталауды үйрету. <b>Дидактикалық ойын.</b> <b>"Батпан құйрық қай жануардың құйрығы?"</b> Мақсат-міндеттері. Жануарлардың дене мүшелерін тауып, дұрыс атауды үйрету. <b>(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)</b></p> <p><b>Мүсіндеуден ойын-жаттығу</b> "Аю бауырсақпен кездесті". Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегілерден қарапайым сюжетті бейнелеуге ынталандыру; алақан арасына салып домалақтау тәсілін үйрету. <b>Дидактикалық ойын.</b> <b>"Ненің басы , ненің құйрығы?"</b>. Мақсат-міндеттері. Суреттен жабайы жануарларды тауып, атай білу іскерліктерін жетілдіру.</p> <p><b>Құрастыру</b> "Зәулім сарай". Мақсат-міндеттері. Балаларға құрамында текше, білеу, кірпіш, призма, арка, цилиндр бар құрылыс материалдар жинағынан зәулім сарайды құрастыруды үйрету; балалардың құрылыс материалдарымен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру; викторина ойыны арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.</p>
--	---	---	---	---	--

		<p>сиқыршылар, жонглерлер, аңдарды жаттықтырушыларға болып бөлінеді, топтасып, белгілі тапсырмаларды орындайды. Тәрбиеші цирк қойылымдары жайлы хабарлайды да, қалған балаларды орындықтарға жайғасуға шақырады. Әр орындаушы өзінің шығуын үлкен құрметпен хабарлайды және өзін қолдап, қошемет көрсетуді сұрайды. Балаларға қойылым соңында әртістер көрермендерге бас иітіндерін, ал көрермендер қол шапалақтап, мақтайтынын айтып қою қажет. Тәрбиеші ойын барысын өзі түзетеді, балалар әрекетінің белсенділігін арттыру үшін қосымша сұрақтар қояды. Соңында тәрбиеші балармен бірге қорытынды жасайды: әртістің шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында цирк қойылымдары әсерлі және қызықты болады.</p> <p><b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>қызметінің маңызы, олар қолданатын құралдар жайлы талқылау қажет. Балалар хайуанаттар бағында жұмыс істейтін қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</b></p>	<p>дайындық жұмысы ретінде табиғи қорық жайлы суреттер қарастырады, Қазақстанның табиғи қорықтары жайлы бейнежазба көру. Балалар табиғи қорықта орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігер сияқты мамандар не істейтінін (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге шабуға тапсырма береді, ауырған аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны артқан жыртқыштарды атады); қандай құралдарды қолданатынын талқылау керек. Балалар табиғи қорықта жұмыс істейтін қызметкерлердің қандай қызмет атқаратынын өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адам тірі табиғаттың тіршілік заңын бұзбау керек, оларға көмектесу және қорғау керек.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын. «Берілген дыбысқа келетін сөзді ата».</b> Шарты: ойынды педагог бастап, балаларға бір сөзді айтады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс. Ойын осылай жалғасын табады. Мысалы: шырша - алма - апорт - трактор - ....</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>
<b>Серуенге дайындық</b>	Серуенге қызығушылық туғызу	Балалардың реттілікпен киімдерін киінуі	Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын ескерту.	Балалармен құстар туралы әңгімелесу.	Ойын құралдарын дайындау
<b>Серуен</b>	<b>№ 26 Бақылау: «Өзге топ балаларының іс – әрекеті»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың назарын өзге топ балаларының іс – әрекетіне аудартып, балалардың қалай	<b>№ 27 Бақылау: «Қоңыр күзді бақылау, салыстыру»</b> <b>Мақсаты:</b> Қоңыр күзгі табиғатты бақылау, алғашқы күзбен салыстыру, ерекшеліктерін сұрау, қоңыр күзде күннің суық	<b>№ 28 Бақылау: «Өзге топ балаларының іс – әрекеті»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың назарын өзге топ балаларының іс – әрекетіне аудартып, балалардың қалай	<b>№ 29 Бақылау: Құмдағы іздерді бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b> Учаскелердегі құмдағы іздердің кімнің ізі екенін айыра білуге үйрету.	<b>№ 30 Бақылау: Жерге түскен жапырақтарды бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы

	<p>ойнайтындарын, өздерін қалай ұстайтындарын бақылау арқылы балаларды қырағылыққа, үлгі алуға баулу.</p> <p><b>Еңбек:</b> Ауладағы ағаштардың сынығын, жапырақтарды жинау.</p> <p><b>Қимылды ойындар:</b> «Жай жүгіріп өт», «Аюлар мен аралар»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ойын ережесін бұзбай ойнауға үйрету. Балаларды икемділікке баулу. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p>	<p>болатынын, жапырақтар түсіп бітік тек қоңыр түсті болатынын айту. Ағаштар жапырақтарынан ажырап, жапырақтардың да күз айларында түстерін өзгертіп тұратынын айтып түсіндіру.</p> <p><b>Еңбек:</b> Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеру.</p> <p><b>Қимылды ойындар:</b> «Үрпек төбет», «Жасырынбақ»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Шапшаңдыққа баулу.</p>	<p>ойнайтындарын, өздерін қалай ұстайтындарын бақылау арқылы балаларды қырағылыққа, үлгі алуға баулу.</p> <p><b>Еңбек:</b> Ауладағы ағаштардың сынығын, жапырақтарды жинау.</p> <p><b>Қимылды ойындар:</b> «Жай жүгіріп өт», «Аюлар мен аралар»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ойын ережесін бұзбай ойнауға үйрету. Балаларды икемділікке баулу. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Өз іздерін бір – бірімен салыстыру.</p> <p><b>Еңбек:</b> Құм салғыштағы құмды күрекшелерімен көтеру.</p>	<p>әңгімелеп айту. Олардың түстерін атау.</p> <p><b>Еңбек:</b> Құм салғыштың ішіне түскен жапырақтардан тазалау</p> <p><b>Қимылды ойындар:</b> «Ақ серек, көк серек»</p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p><b>«Салат» саусақ ойыны.</b> Сәбізді алып тазалаймыз, (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды) Үккішпен үгіп майдалаймыз, (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды) Қанттан сеуіп дәмдейміз, (саусақтардың ұшымен қант себеді)</p>	<p>«Қорықпаймын сенен»,-деп, «Сазайыңды берем»,-деп, Дірілдетіп қасқырды Айбатын ит асырды: <b>(қатты дауыспен) –р-р-р-р-р</b> «Мынау бәле екен» деп, «Түбіме бұл жетер» деп, Қорқып қасқыр жөнелді, Қайтып келмес ол енді. (Балақай, қасқырдан да қорықпайтын төбет иттердің болатынын сен білесің бе? Өзара екі топқа бөлініндер де, <b>қасқыр мен иттер</b> болып алдымен ақырын, сосын орташа, ең соңында қатты дауыспен «р» дыбысын созып айтыдар.)</p>	<p><b>Күз туралы өлең.</b> <b>Күзгі жапырақтар</b> Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырықық. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап (жаттау)</p>	<p><b>«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.</b> <b>Ойын шарты:</b> Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады</p>	<p>Артикуляциялық жаттығулар: <b>Балықтар</b> Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді, Үп-үлкен ағаш жағада жатты, Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді, Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп, Ал төртіншісі тоңа бастады, Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады, -Жүзіндер мына жерден, Әйтпесе жұтып қояды!</p>
<p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p><b>"Суретті жина".</b> Дидактикалық тапсырма. "Дана және оның достары!" Ойын ережелері: конвертті таңдап алып, сурет қиындыларын жинайды. Суретті жылдамдыққа жинайды. Ойын әрекеті: бөлшектерді</p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> <b>«Не артық?»</b> Әр баланың алдына жемістер мен көгөністер араласқан суреттер беріледі. Арасынан артығын тауып, оларды атау ұсынылады. Балалар жемістер мен көгөністерді ажыратады. Мысалы: алма, анар, лимон,</p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> <b>«Зат неге ұқсайды?»</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуді үйрету. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b></p>	<p><b>Саусақ жаттығуы.</b> Бір дегенің - білеу, Екі дегенің - егеу, Үш дегенің - үскі, Төрт дегенің - төсек, Бес дегенің - бесік, Алты дегенің - асық, Жеті дегенің - желке, Сегіз дегенің - серке,</p>	<p><b>Еркін ойындар.</b> Мақсат-міндеттері. Ересек адамның көмегімен ойын үшін ыңғайлы орынды таңдауды үйрету, ойын ортасын ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру.</p>

	іздеу, болжау. <b>(танымдық дағдылар)</b>	орамжапырақ. Мұнда орамжапырақ артық. Орамжапырақ көгөністерге жатады, қалғаны жемістерге жатады. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b>		Тоғыз дегенің - торқа, Он дегенің - оймақ, Он бір - қара жұмбақ. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>Жеке жұмыс:</b> Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйған, Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр)	<b>Жеке жұмыс:</b> <b>Тыйым сөздерді жаттату.</b> <b>Мақсаты:</b> « Суға түкірме », « Нанды баспа » , « Дастархан басында кекірме » т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру	<b>Жеке жұмыс:</b> <b>Мақал-мәтел.</b> Таза болса- табиғат, Аман болар – адамзат. <b>Мақсаты:</b> Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат , денсаулық туралы түсініктерін тереңдету.	<b>Жеке жұмыс:</b> « Алтын күз » тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу <b>Мақсаты:</b> Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралынан одан әрі дамыту және сөздік қоры молайту. (күзгі ағаштың суретін салғызу)	<b>Жеке жұмыс:</b> Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) <b>Мақсаты:</b> Жұмбақ жаттатуда отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру (бұлтты мүсіндеу)
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<b>Дидактикалық ойын. «Сөзді өзгерт».</b> Педагог: - Балалар, «Қыс» деген сөздегі соңғы «-с» дыбысын алып тастап, орнына «-з» дыбысын қойсақ қандай сөз шығады? Сөздегі бір дыбысты өзгерткенде сөздің мағынасы өзгеріп кететіні туралы түсінік береді. «-с» дыбысына аяқталатын сөздерді айтады, «-с» дыбысының орнына «-з» дыбысын қойып, сөзді өзгертіп айтуды ұсынады. - Жас- ... (жаз). - Қас- ... (қаз). - Түс- ... (түз). Қыз, қыр Жаз, жақ Қаз, қар Түз, тас <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	<b>Дидактикалық ойын. «Қай қолымда көп».</b> Мақсат-міндеттері. Аз және көп заттарды ажыратуды, салыстыруды жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ұсақ заттар: моншақтар, түймелер. Ойынның мазмұны: ортаға бір баланы шақырып, оң және сол қолына көп және аз заттарды ұстатады. Бала қолда саны көп зат барын, қай қолында саны аз зат барын анықтайы. Одан кейін заттарды қатарымен қойып, қай қатарда көп, қай қатарда аз зат тұрғанын салыстырады. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	<b>"Айырмашылықтарды тап" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Есте сақталатын заттарды салыстыра білуді дамыту, олардан ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: сюжеттік карталар. Сипаттама: 2-3 минут ішінде балаға карточкасын көрсету. Содан кейін оған басқа кейбір заттар немесе әрекеттер жоқ немесе ауыстырылған екінші картаны ұсыныңыз. Бала не өзгергенін анықтауы керек. <b>(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)</b>	<b>Дидактикалық ойын «Сипаттамасы бойынша тап».</b> Мақсат-міндеттері. Ұзын - қысқа, кең - тар, биік - аласа ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: жануарлар және құстардың ойыншықтары. Ойынның мазмұны: балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын қарастырады. Әр ойыншықты анықтайды, оның аты-ауын айтады. Ойнаушылардың біреуі бөлмеден шығып кетеді, басқа ойнаушылар ойыншық туралы жұмбақ құрастырады. Жұмбақ құрастырғаннан кейін жұмбақты шешетін баланы шақырады. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</b>	<b>"Кім, қайда тұрады?" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың көру қабілетін, зейінін дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: әртүрлі жануарлардың "отбасылары" мен олардың үйлерінің суреттері, ретсіз тәртіпте берілген жануарларды үйлерімен байланыстыратын сызықтар салынған суреттер. Сипаттама: сызықтар бойынша қарындашты өткізбей, кімнің үйі қайда екенін анықтау керек. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	<b>Психологтің кеңесі:</b> мысалы: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген	<b>Ата –аналарға кеңес</b> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы,	Әңгіме: Балалардың жұмыстарын ата аналарына көрсету әңгімелесу	Ата-анаға кеңес: Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ бол	Ата-анамен әңгіме: Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.

	жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.	оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз			
--	-----------------------------------	---	--	--	--

**ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мектепке дейінгі ұйым (балабақша / мектепке дейінгі шағын орталық)

АҚКЕМЕР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ

Топ: «БАЛДЫРҒАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

Балалардың жасы: 4 ЖАС

Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 20.11.2023 –24.11.2023

Тәрбиеші: Тореева Айман Шонтыбаевна

Күн тәртібінің үлгісі	ДҮЙСЕНБІ	СЕЙСЕНБІ	СӘРСЕНБІ	БЕЙСЕНБІ	ЖҰМА
	20.11.2023	21.11.2023	22.11.2023	23.11.2023	24.11.2023
Балаларды қабылдау	<p><b>«Нәр алып»</b> Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық! Күнге қарап шуақтанып, Суға қарап нәр алып, Табиғаттан шабыттанып, Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік.</p> <p>Балаларды қабылдау Көңіл күйлерін сұрау,тазалықтарын тексеру. Демалыс күндерін қалай өткізгендері жайлы әңгімелесу.</p>	<p><b>Жылулық сәті:</b>  Достар бері келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніндер</p> <p><b>Ойын: "Жақсы -жаман"</b> ойынын ойнайық.Ойын ережесі: "Жақсы жаман қасиеттер бейнеленген суреттерге қарап "Жақсы" қасиет болса қол шапалақтау "Жаман" қасиет болса тып-тыныш отыру.</p>	<p><b>«Табиғат...»</b> Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күнсің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!</p> <p>Аудио ертегі тыңдату</p>	<p><b>Мейірімділік</b> туралы әңгімелесу. Күлімдеген күн мейірімді! Кіршіксіз ақ қар мейірімді! Таза мөлдір су мейірімді! Бәрімізді көтеріп тұрған жер мейірімді! Аяулы анам мейірімді! Қамқоршы апам мейірімді!</p> <p>Апта тақырыбы бойынша мазмұнды суреттер топтамасын ұсыныу.</p>	<p><b>Табиғатым</b> тамаша, Көз тоймайды қараса Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса. Сәлем саған жер Ана Сәлем саған нұрлы күн!</p> <p>Отбасының әлемі «Бақыт», «қуаныш» құндылықтарының мәнін түсіндіру, әңгімелесу.</p>
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналар мен балалармен сәлемдесіп жылы шырай таныту	Балалардың көңіл күйлеріне назар аударып , ата-аналармен пікірлесу	Балаларға көтеріңкі көңіл күй орнату. Ата-анаға балаларының достарымен қарым – қатынасы туралы әңгімелесу	Ата-аналармен «Бала неге жылайды?» Баламен қоштасу жолдарының тиімдісі туралы әңгімелесуі	Демалыстарды жақсы өткізу ниетін білдіру Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p><b>Саусақ жаттығулар</b> Саусақтарды қайшылап Қағаздарды қиямыз Қиып-қиып аламыз Біз көңілді баламыз</p>	<p><b>«Тез тап және үндеме»</b> ойыны (ыммен көрсету,табу) Шарты: суретті ыммен көрсетеді,қалғандары табу керек.</p>	<p><b>Жылулық сәті:</b> Апам мені «Айым»-дейді, Мен мұнайсам,уайым жейді. Апам мені «Күнім»-дейді, Мен қуансам күлім -дейді.</p>	<p><b>«Сымсыз телефон»</b> Балалар қатарға тұрады. Бірінші бала келесісінің құлағына бір сөзді сыбырлап айтады, ол әрі қарай ауысады және т.б. Соңғы бала жасырылған сөзді дауыстап атайды. Егер сөз дұрыс болса, онда телефон жақсы жұмыс істейді.</p>	<p><b>«Менің кішкентай достарым»</b> «Қамқорлық» ұғымының маңызын түсіндіру; үй жануарларына қамқорлық көрсету туралы түсінік беру; үй жануарларымен жағымды қарым қатынас дағдыларын дамыту;</p>
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі – ҮІӨ)	Ертегілер әлеміне саяхат жасайды. (сөйлеуді дамыту)	Ертегі түрлерін естеріне түсіріп, ертегілер жайлы әңгімелеседі. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	Ертегілерді сахналайды. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	Сахналаудың түрін таңдап, ертегіні сахналайды. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	Ертегі туралы дидактикалық ойындар ойнайды. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Арқан астынан еңбектеу". Мақсат-міндеттері. Биіктігі 40 см арқанның астынан қолды жерге және денені арқанға тигізбей, бір қырымен еңбектеу, 5 м қашықтықта орналасқан затқа дейін оң және сол аяқпен кезек секіру, гимнастикалық орындықтың үстімен құм салынған қапшаларды басына қойып, дене тепе-теңдігін сақтап жүру дағдыларын үйрету. <b>"Кім тез жүгіреді?" кимылды ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол кимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіруді үйрету. (<b>дене шынықтыру</b>)</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> "Үш аю" ертегісін оқу. Үлкен, орташа, кішкентай". Мақсат-міндеттері. "Үш аю" танымал ертегісінің сюжетін еске түсіру; үш түрлі көлем жайлы "үлкен", "орташа", "кішкентай" түсініктерін бекіту; адамдардың қонақтағы әдепті мінез-құлқы жайлы білімдерін кеңейту. <b>(сөйлеуді дамыту, математика негіздері, құрастыру)</b> <b>Музыкалық-ырғақты сөздік жаттығу.</b> «Үлкен», «орташа», «кішкентай» туралы ән. Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегідегі заттың көлемін анықтайтын үш сөзді дыбыстап айтуға жаттықтыру.  <b>Музыка</b> "Қоңыраулар сыңғыры". Мақсат-міндеттері. Балалардың нәзік те сырлы классикалық музыкаға деген ықыласы мен қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдай білуге үйрету. <b>«Музыкадағы үш кит» дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Музыкадағы «Үш кит» тақырыбы бойынша балалардың білімін бекіту. (<b>музыка</b>)</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Иілгіш боламыз". Мақсат-міндеттері. Балаларға жетекшімен ауыса отырып жүгіруге; құрсаудан еңбектеп өтуді үйрету. <b>Тыныс алу жаттығуы.</b> "Балаландар" жаттығулары: аяқты сәл алшақ қойып алға қарай еңкею, "қанаттарын" артқа апару. Кішкене адыммен жүгіріп, "шип-шип-шип" деу. (20-30 секунд). (<b>дене шынықтыру</b>)</p>	<p><b>Музыка</b> "Қоңыраулар сыңғыры". Мақсат-міндеттері. Балалардың нәзік те сырлы классикалық музыкаға деген ықыласы мен қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдай білуді пысықтау. <b>«Музыкадағы үш кит» дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Музыкадағы «Үш кит» тақырыбы бойынша балалардың білімін бекіту. (<b>музыка</b>)</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Қимылдарды қалай танимыз?" Мақсат-міндеттері. Балаларды 20-25 см биіктікке секіру; гимнастикалық қабырғамен оңға, солға ауысу арқылы өрмелеуді үйрету.</p>
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Ойыншықтар фабрикасына саяхат" ертегісін мәнерлеп оқу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ф], [п], [б] дыбыстары" Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншықтар фабрикасы туралы ертегі мазмұнымен таныстыру; ертегі жанры туралы ұғымдар қалыптастыру; ойыншықтардың пайда болуы туралы жаңа</p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Ғажайып әлемінің шамдары". Мақсат-міндеттері. Балаларға дымқыл қағаз бетіне акварельге малынған қылқалам ұшымен шамдар тәріздес дақтарды және дақтардан жан-жаққа шашыраған сәулелерді салу техникасын үйрету. <b>Саусақ жаттығуы.</b> Ғажайып шамдар, Алғашында дақ боласындар. Сәулелерінді шашып, Жарқырап жайнайсындар. Жанып-сөніп,</p>	<p><b>Жапсырудан ойын-жаттығу</b> "Ағаштарды қар басты". Мақсат-міндеттері. Балаларды қоңыр түсті қағаздың үстіне алақандарын бастырып, қайшының көмегімен қиып алып, ағаштың діңі мен ұшар басын көк түсті қағаздың үстіне, дәл ортасына орналастырып, әдемілеп жапсыруды үйрету.  <b>Көркем әдебиеттен ойын-</b></p>	<p><b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Түрлі пішіндерге толған ғажайып көлік. Шаршы, дөңгелек, үшбұрыш". Мақсат-міндеттері. Балалардың үшбұрыш, дөңгелек және шаршы сияқты геометриялық пішіндердің қасиеттері жөнінде білімдерін тиянақтау. <b>Дамытушы ойын.</b> <b>"Ғажайыптар көлігін жөндейік."</b> Мақсат-міндеттері.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b> "Өсімдіктер күтімі". Мақсат-міндеттері. Балаларды бөлме өсімдіктерімен таныстыру; бөлме гүлдерінің аттарын жатқа айтуға және оларды көргенде тануды үйрету. <b>"Бөлме өсімдіктерін күтейік" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Бөлме өсімдіктерінің атауларын,</p>



	<p>мәліметтер беру. Фонетикалық ритмика. "Па-ба-па, па-ба-па, жүреді жолда арба".</p> <p><b>Дидактикалық ойын. "Сиқырлы сөздер".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлауға, зейін, ойлау қабілетін дамыту. Педагог кез келген сөзді айтады, балалар жақсылап ойланып, сол сөзге ұқсас сөзді айтуы қажет. Мысалы: қасық - асық, тал - тау, тар - қар, алақан - алақай. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b></p> <p><b>Математика негіздері</b> "Еркежан әже қонаққа келді". Мақсат-міндеттері. Балаларға заттарды бірінің үстіне бірін қою, жұптастыру арқылы салыстыру, тәсілдерін меңгерту; "жоғарыда - төменде", "біреу - көп" ұғымдарын бекіту; әртүрлі белгілері бойынша заттарды топтастыру.</p>	<p>Жанып-сөніп Жаркырап жанасындар. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p> <p><b>«Вагондарға дөңгелек таңдау».</b> Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерді ажыратуды, олардың қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады. <b>(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>жаттығу</b> "Алтын құс". Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіде кездесетін көркемсөздердің мағынасын түсіндіру; ертегідегі кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін сипаттай білуге үйрету. <b>Дидактикалық ойын. "Алтын құс ертегісінің кейіпкерлерін тап".</b> Мақсат-міндеттері. Бірнеше ертегі кейіпкерлерінің суреттерін көрсетемін, сендер суреттерге мұқият қарап отырып, «Алтын құс» ертегісінің кейіпкерлерінің суреттерін табуға дағдыландыру.</p> <p><b>Дидактикалық ойын. "Кім (не) алғашында не немесе кім болды?"</b> Мақсат-міндеттері. Ойлауды дамыту, сөздікті кеңейту, істің соңын бекіту. Қозғалыс: педагог балалардың кез келгеніне допты лақтырады, затты немесе жануарды атайды, бала педагогке допты қайтарғанда аталған заттың кім (не) екені туралы сұраққа жауап береді. Тауық - жұмыртқа. Нан - ұн. Жылқы - құлын. Шкаф - тақтай. Сыыр - бұзау. Велосипед - темір. Көйлек - мата. Балық - жұмыртқа. Етік - тері. Алма ағашы - тұқым. Үй - кірпіш. Күшті - әлсіз.</p>	<p>Геометриялық пішіндерді атауды, сөзбен сипаттауды үйрету. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p> <p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b> "Сиқырлы кемпірқосақ". Мақсат-міндеттері. Балаларға кемпірқосақ туралы түсінік бере отырып, олардың түстерімен таныстыру; кемпірқосақ түстерін бір-бірінен ажыратып, оларды атау дағдыларын жетілдіру. <b>Дидактикалық ойын. "Саңырауқұлақтың үйіндегі кемпірқосақ түстерін тап".</b> Мақсат-міндеттері. Табиғат құбылыстарына қатысты жұмбақты шешу. <b>(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b></p>	<p>оларды күту ерекшеліктерін балалардың есіне түсіру, бірігіп жұмыс істеуді үйрету, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.</p> <p><b>"Кім қалай сөйлейді?" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Сөздік қорын кеңейту, реакция жылдамдығын дамыту. Барысы: педагог балаларға допты кезекпен лақтырады, жануарларды атайды. Допты қайтарған балалар жануардың қалай дыбыстайтынын айту керек. Сыыр мөңірейді. (Мө - мө) Жолбарыс ақырады. (Ырр-ырр) Жылан ысылдайды. (Ысс-ысс) Маса ызындайды. (Ызз-ызз) Ит үреді. (Ап-ап) Қасқыр ұлиды. (Уу-уу) Мысық мияулайды. (Мияу-мияу) Шошқа қорсылдайды. (Қорс-қорс) <b>(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</b></p>
--	---	---	--	--	---

			Көбелек - құрт. Ересек - бала.		
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Күзгі табиғат жайлы, күн райы жайлы әңгімелесу.	Күннің райын бақылау.	Ойын алаңдарын алдын ала дайындау, қоқыстардан тазарту.	Ойын құралдарын дайындау
<b>Серуен</b>	<p><b>№ 31 Бақылау:</b> Күзгі ағаштардың жапырақтарының түстерін бақылау. <b>Мақсаты:</b> Күзгі жапырақтар туралы</p> <p><b>Еңбек:</b> Учаскедегі күзгі жапырақтарды бір жерге жинау. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.</p> <p><b>Қимылды ойындар:</b> «Жапырақ жинау» әңгімелер айту, олардың түстерін айтқызу.</p>	<p><b>№ 32 Бақылау:</b> Балабақша ауласындағы құстарды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Құстар туралы әңгімелеу, олардың аттарын аттату және қимыл – қозғалыстарын салып жүру, дауыстарын тыңдау.</p> <p><b>Еңбек:</b> Балабақша ауласындағы ілулі тұрған жемсалғышқа құстарға жем салу, оларды коректендіру.</p> <p><b>Қимылды ойындар:</b> «Қаздар, қаздар»</p>	<p><b>№ 33 Бақылау:</b> Жәндіктерді бақылау. <b>Мақсаты:</b> Күзде жәндіктердің, көбелектердің жерге терең кіріп ұйықтайтынын айтып, олардың қалай азықтарын таситындарын бақылату.</p> <p><b>Еңбек:</b> Бөлме гүлдерін суару.</p> <p><b>Қимылды ойындар:</b> «Көкөністер мен жемістерді жинау»</p>	<p><b>№ 34 Бақылау:</b> Ағаштардың желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелеу.</p> <p><b>Еңбек:</b> Шашылған жапырақтарды ұшып келген қағаз қалдықтарын жинау.</p> <p><b>Қимылды ойындар:</b> Тақия тастамақ.</p>	<p><b>№ 35 Бақылау:</b> Құмдағы іздерді бақылау. <b>Мақсаты:</b> Учаскелердегі құмдағы іздердің кімнің ізі екенін айыра білуге үйрету. Өз іздерін бір – бірімен салыстыру.</p> <p><b>Еңбек:</b> Құм салғыштағы құмды күрекшелерімен көтеру.</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	<p><b>Ойын:</b> «Біз кішкене отбасы» <b>Мақсаты:</b> Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу. Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету.</p>	<p><b>Ойын:</b> « Қояндар секіреді » . <b>Мақсаты:</b> Қос аяқпен секіруге үйрету. Ептілікке, шапшаңдыққа баулу.</p>	<p><b>Ойын:</b> « Қасқыр мен қаздар » . <b>Мақсаты:</b> Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.</p>	<p><b>« Күшік » . ( тақпақ )</b> Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап</p>	<p><b>Еңбек :</b> Жапырақтардан гүл шоғын жасау <b>Мақсаты:</b> Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру (ішке келіп жасау)</p>
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p><b>Дидактикалық ойын "Ненің ізі?"</b> Мақсат-міндеттері. Байқампаздыққа, ұқыптылыққа үйрету. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Үстел үсті ойыны.</b> "Логикалық ойын". Мақсат-міндеттері. Ойлау қабілетін, зейінін, ынтасын дамыту. <b>(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> "Менің қайда және кім болып жұмыс істейтінімді тап". Мақсат-міндеттері. Мамандық түрлерінің атауын еске сақтауды үйрету, ой-қиялын, ынтасын дамыту. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>«Суреттер құрастыру».</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын дамыту. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>«Заттарды салыстыру».</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды заттар мен шамаларды салыстыра білуге үйрету. Ұғымдардың мағынасын түсіндіру, оларды бір-бірінен ажыратуға баулу. Ойын-тілін танымдық әрекетін дамытып, баланы өзін қоршаған ортаға сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: суреттер, ойыншықтар.</p>

					<b>(математика негіздері)</b>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p><b>Жеке жұмыс:</b> <b>Тыйым сөздерді жаттату.</b> <b>Мақсаты:</b> « Суға түкірме », « Нанды баспа », « Дастархан басында кекірма » т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру.</p> <p>(топтық жұмыс)</p>	<p><b>Жеке жұмыс:</b> <b>«Күзгі жапырақ» тақпақ</b> Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей</p> <p>(анық сөйлемейтін баламен жұмыс)</p>	<p><b>Артикуляциялық жаттығулар:</b> <b>Балықтар</b> Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді, Үп-үлкен ағаш жағада жатты, Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді, Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп, Ал төртіншісі тона бастады, Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады, -Жүзіндер мына жерден, Әйтпесе жұтып қояды!</p> <p>. (тілі мүкіс баламен жұмыс)</p>	<p><b>Жеке жұмыс :</b> <b>Жұмбақ:</b> Алдым да әр түрінен жібек жіптің , Аспанға әшекейлеп Кесте тіктім. (Кемпіркосақ) <b>Мақсаты :</b> Түстерді ажырата білу. Балалардың ой – өрісін дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру</p> <p>(сурет салу, шығармашылық әрекет. Дұрыс бояй алмайтын, түстерді шатастыратын баламен жұмыс)</p>	<p><b>Саусақ жаттығулары «Жаңғақтармен ойын » Ойын шарты:</b> балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды. (топқа)</p>
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> <b>«Сыңарын тап».</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшандыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ойын ережесі: геометриялық пішіндерді алып, ортасынан бөлу. Балалар сол геометриялық пішінді тауып құрау керек. Ойын бірнеше рет қайталанады және геометриялық пішіндердің түр-түстерін айтып беруге тиіс. <b>(құрастыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлауға тәрбиелеу. Ойынның барысы: - Балалар, сендермен ойын ойнаймыз. Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Олардың арасынан қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, балалар, бастайық! Балалар суреттерді жылдам қойып шығады. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, құрастыру)</b></p>	<p><b>Шешуін тап, заттарды ата.</b> Көрнекі құралдар. Алуан түрлі суреттер: тышқан, мысық, шелек, шана, фланелеграф. Тәрбиеші балаларға суреттерді көрсетеді, онда бейнеленген заттар мен жануарларды атауды сұрайды. Осы суреттерді кез келген реттілікпен фланелеграфқа бекітеді де, балаларға сұрақтар қоя бастайды. Балалар сұрақтарға жауап бере отырып, фланелеграфтан қажетті суретті табуы және онда бейнеленген заттарды атауы тиіс. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, құрастыру)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> «Сөз ойла». Мақсат-міндеттері. Балаларға мағынасы қарсы сөздерді тауып айтуды ұсынады. - Әдепті - ... - Әдепсіз - Жақсы - ... - Жаман - Ақ -... - Қара - Үлкен -... - Кішкентай - Сыйлау- ... - Сыйламау <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, сурет салу)</b></p>	<p><b>"Сипаттамадан тап" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Сөйлеуді дамыту (сын есімдер мен зат есімдерді үйлестіру мүмкіндігі); белгілі бір заттарды, тіршілік иелерін біріктіретін ұғымдар туралы білімді бекіту. Сипаттама: балалар жауап беруге тиіс ұсыныстар мен жұмбақтарды алдын ала дайындау. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, құрастыру, сурет салу)</b></p>
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	<p><b>Балаларға көп көңіл бөлу.</b> Ұялы телефонды көп ұстатпауға кеңес беру</p>	<p><b>Әңгіме жүргізу:</b> балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>	<p><b>Тазалық жөнінде:</b> ата-аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес:</b> үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз</p>	<p><b>Ата-анаға кеңес:</b> ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен</p>

					мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.
--	--	--	--	--	---

**ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мектепке дейінгі ұйым (балабақша / мектепке дейінгі шағын орталық)

АККЕМЕР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ

Топ: «БАЛДЫРҒАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

Балалардың жасы: 4 ЖАС

Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 27.11.2023 –01.12.2023

Тәрбиеші: Тореева Айман Шонтыбаевна

Күн тәртібінің үлгісі	ДҮЙСЕНБІ	СЕЙСЕНБІ	СӘРСЕНБІ	БЕЙСЕНБІ	ЖҰМА
	27.11.2023	28.11.2023	29.11.2023	30.11.2023	01.12.2023
Балаларды қабылдау	<p>«Қуан, шаттан!» Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін.</p> <p><b>Әнұран айту</b></p>	<p>«Қайырлы күн!» Қайырлы күн! Ормандар мен далалар. Қайырлы күн! Достасқан бар Балалар, Қайырлы күн! Жора-жолдас, ұл мен қыз!</p> <p>Балалармен сәлемдесу. Көңіл-күйлері мен денсаулығы жайында сұрау</p>	<p>«Нәр алып» Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық! Күнге қарап шуақтанып, Суға қарап нәр алып, Табиғаттан шабыттанып, Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік.</p> <p>Балалармен сәлемдесу. Сұрақ- жауап</p>	<p>«Мимикалық жаттығу» <b>Мақсаты:</b> балалардың көңіл күйлерін түрлі эмоциялармен білдіруге үйрету.</p> <p>Күз бояуы» <b>Мақсаты:</b> Балаларға күз мезгілі жайлы түсінік беру. Күздің ерекшелігін сурет арқылы баяндауға үйрету. Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру</p>	<p>. «Біз бақытты баламыз» Кел, шеңберге тұрайық, Қолымызды ұстайық. Күлімдейік күлейік, Тату болып жүрейік</p> <p>Балалармен сәлемдесу. Сұрақ- жауап</p>
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес, әңгімелесу	<p><b>Баланың зейін тұрақтылығы.</b> Белгілі бір тапсырманы орындағанда тұрақтылығы қалай? Жиі назары бөліне ме? (әңгімелесу)</p>	<p>Ата-аналармен «<b>Бала неге жылайды?»</b> Баламен қоштасу жолдарының тиімдісі туралы әңгімелесуі</p>	<p><b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз.</p>	<p><b>Ата-аналармен жұмыс:</b> «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.</p>
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>«Кітап дүкені және кітапхана» туралы балалардың ойларын тыңдау, кітапханада және кітап дүкенінде рөлдік ойынын ойнау. Айырмашылықтарын білу. Ертегі кітап суретін салу</p>	<p>«Күз бояуы» Мақсаты: Балаларға күз мезгілі жайлы түсінік беру. Күздің ерекшелігін сурет арқылы баяндауға үйрету. Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру.</p>	<p><b>Саусаққа арналған жаттығу:</b> <b>Достық</b> Қыздар менен ұлдар Дос қой біздің топта Ұсынса біреу қолын, Ешқашан бас тартпа</p>	<p><b>Құрлымдалған ойын:</b> <b>«Ойыншыққа суреттерді табыңыз»</b> Ойынның мақсаты: Балалар нақты заттың сұлбасы мен пішінін елестетуге үйренеді. Жазық кескін мен көлемді нысандағы кескіндерді таңдауды біледі</p>	<p><b>Санамақ</b> Бір үйде біз нешеуіміз? Кел санайық екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балан үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуіміз? Біз үйде – бесеуіміз</p>

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі – ҮІӨ)	"Қыс" мезгілінің суретіне қарап әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Қыс мезгілінің мнемотехникасына қарап әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Қыс мезгіліне байланысты тақпақтар жаттау. (сөйлеуді дамыту)	"Қысқы тіршілік" туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Еңіс тақтайдың үстімен жүру". Мақсат-міндеттері. Еңіс тақтайдың үстімен қолдарын жанына жіберіп, тура жүруге, жердегі кедергі жолақтардан (жолақтар арақашықтығы 50 см) екі аяқпен екі аяқпен аттап, секіру және бір-біріне қарама-қарсы тұрып, допты бастарынан асыра лақтыруды үйрету.</p> <p><b>"Аю қалай жүгіреді?" қимылды ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөліну, бір сызыққа тұрғызу, белгіленген межеге дейін сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге дағдыландыру. (дене шынықтыру)</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> "Қыс мезгілі. Қысқы табиғат құбылыстары". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыз мезгілі жайлы мнемокесте және сызбалық суреттер негізінде "қыс", "қысқы табиғат құбылыстары" туралы түсініктерін қалыптастыру; "қыс" пен "жаз" мезгілдеріне байланысты антоним сөздерді дұрыс дыбыстауға жаттықтыру. Өлеңді мәнерлеп оқу. "Ну орманда қар жауып". Мнемокесте арқылы өлеңді топшен мәнерлеп қайталау. Сөзді-ырғақты жаттығу "Ну орманда қар жауып". Сәйкестендіруге арналған сөздік жаттығу "Жазда, қыста". (<b>қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу</b>)</p> <p><b>Музыка</b> "Қыс әні". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс туралы әннің сипатын түсініп, ажырата білу қабілетін дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажырату қабілетін қалыптастыру. <b>Дидактикалық ойын. "Үлкен – кішкентай"</b>. Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзақ және қысқа дыбыстарды ажыратуды; музыканың ырғағын сезінуді үйрету. (<b>музыка, сөйлеуді дамыту</b>)</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Тепе-теңдікті сақтайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға қатарға екеуден тұруға; допты алысқа дәлдеп лақтыруды (3,5–6,5 м кем емес); сызықтардың арасымен (15 см арақашықтық) тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету. <b>"Кедергілерден оңай өтеміз" қимылды ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балалар кедергілерден "жылан" тәрізді жорғалап өтулері керек. (<b>дене шынықтыру</b>)</p>	<p><b>Музыка</b> "Қыс бояулары". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс туралы әннің сын-сипатын түсініп, ажырата білу қабілетін дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажырата білу қабілетін қалыптастыру. <b>Дидактикалық ойын. "Қояндар"</b>. Мақсат-міндеттері. Балаларға музыканың көңілді не мұңлы, баяу түрлерін ажырата білуге баулу. (<b>музыка, сөйлеуді дамыту</b>)</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Досқа нені үйретемін?" Мақсат-міндеттері. Балаларға аяқтың ұшымен тұру; қолын беліне қойып, бір аяқпен тұруды; көлбеу тақтайдың үсітмен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүруді үйрету. <b>"Баскетбол" қимылды ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөліп, баскетбол добына арналған торға белгіленген нысанадан аспай, допты көкірек тұсынан дәлдеп лақтыруды үйрету. (<b>дене шынықтыру</b>)</p>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	<p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b> "Аппақ қыс". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс туралы</p>	<p><b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Сыңарлы және сыңарсыз киімдер". Мақсат-міндеттері. Балаларды</p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Аулаға қар жауды". Мақсат-міндеттері. Балаларға бор мен қылқалам</p>	<p><b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Боран". Мақсат-міндеттері. Балаларды Қ. Көпішевтің "Ақ боран"</p>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Қыс келді" тақпағын жаттау". Мақсат-міндеттері.</p>

	<p>түсініктерін кеңейту; қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын байқау дағдыларын жетілдіру.</p> <p><b>«Табиғат құбылыстары» дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балалардың табиғат құбылыстары жөнінде түсініктерін нығайту.</p> <p><b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сурет салу)</b></p> <p><b>Дидактикалық ойын. "Қыста не болады?"</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Күз бен қыс мезгілдерінің құбылыстарын ажырату.</p> <p>Барысы: тәрбиеші балалардың алдына әр жыл мезгілінде болатын табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді таратады. Осы суреттердің ішінен бала, күз мезгіліне байланысты суретті тандап алады және суретті бейнелеп береді.</p> <p>Мысалы: күн бұлттардың артында жасырынып тұр.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сурет салу)</b></p>	<p>заттардың көлемінің қасиеттері жөніндегі білімдерін тиянақтау, "ені", "ұзындығы", "көлемі" ұғымдарын бекіту. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, құрастыру, сурет салу, мүсіндеу)</b></p> <p><b>Дидактикалық ойын. «Артығын тап».</b></p> <p>Әрбір балаға карточкалар ұсынады. Карточкадағы суреттерден артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін ұсынады. Карточкада не бейнеленгенін атап, артығын қарындашпен сызады. Мысалы, мұнда қар артық. Қар қыста ғана болады. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b></p>	<p>арқылы аулаға қардың жауғаны туралы суретті салуды үйрету; бормен сурет бейнелерінің, ағаш пен үйдің сұлбасын салып, қардың суреттің әр жеріне қылқаламның ұшымен жақпалау техникасын пысықтау.</p> <p><b>"Мозаика", "Лото" үстел үсті ойындары.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Ақыл-ой қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. <b>(танымдық дағдылар)</b></p> <p><b>Құрастыру</b></p> <p>"Байтерек".</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды макарон өнімдерін трафаретке қойып "Бәйтеректі" құрастыруды үйрету; дайын трафаретке макарон өнімін беттестіру әдісі бойынша іскерліктерін дамыту; сары түсті жылтырлақтармен безендіргенде желімді пайдалану техникасын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. <b>(құрастыру, сөйлеуді дамыту, сурет салу)</b></p>	<p>атты тақпағымен таныстырып, қыс мезгіліндегі ақ боран сипатын тануға талпындыру; тақпақ жаттауды жаттықтыру; көркемсөзге қызығушылықтарын арттыру; қыс көптеген құбылыстардан тұратын мезгіл деп тануды үйрету. <b>(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)</b></p> <p><b>Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Аққала".</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға тұзды қамырдан аққала сомдауды үйрету; бір бөлшекті екінші бөлшекке қосып тегістеу жолымен біріктіру ептілігін бекіту.</p> <p><b>Дидактикалық ойын. "Қате тап".</b></p> <p><b>Құрастыру. "Зәулім ғимараттар".</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Қиял, ойлау қабілетін, зейінін дамыту. <b>(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту, құрастыру)</b></p>	<p>Балалардың ұғымында "тақпақ" түсінігін қалыптастыру; қыс туралы көркемсөз үлгісімен таныстыру; қыс мезгілі туралы ұғымдарды көркемдеуіш сөздер арқылы толықтыру. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</b></p> <p><b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b></p> <p>"Ақтөске үйшік құрастырамыз".</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды құрамында: тақтайша, үшбұрыш, білеу бар құрылыс материалдары жинағын пайдаланып, Ақтөске қыс мезгілінде тұруға арналған үйшікті құрастыруды үйрету. <b>(құрастыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Серуенге қызығушылық туғызу</p>	<p>Балалармен жеке әңгімелесу. Киіну: серуенге шығу.</p>	<p>Ауа-райын бақылау</p> <p>Ауаның температурасы нөлден төмен. яғни салқын болатынын ескерту.</p>	<p>Серуенге дайындық, еңбек құралдарын алу</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>
<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>№ 36 Бақылау: Жерге түскен жапырақтарды бақылау.</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы әңгімелеп айту. Олардың түстерін атау.</p>	<p><b>№ 37 Бақылау: «Солып қалған гүлдерді бақылау»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстырып өтіп, балабақша ауласындағы күзгі гүлдерге назар аударту. Жазғы гүлдер мен күзгі гүлдердің ерекшеліктері, айырмашылықтары туралы әңгімелеу.</p>	<p><b>№ 38 Бақылау: Күзгі ауа – райындағы өзгерістерді бақылау.</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу.</p> <p>Күзгі ауа – райын жазғы ауа – райымен салыстыру, күздегі өзгерістерді айтқызу.</p>	<p><b>№ 39 Бақылау: «Тұманды бақылау»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Табиғат құбылыстарын атау. Соның ішінде бүгінгі ауа райының өзгерісі тұманды бақылату. Ашық және тұманды күннің ерекшеліктерін салыстыру. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.</p>	<p><b>№ 1 Желдің соғуын бақылау.</b></p> <p><b>Бақылау:</b> балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың</p>

	<p><b>Еңбек:</b> Құм салғыштың ішіне түскен жапырақтардан тазалау.</p> <p><b>Қимылды ойындар:</b> «Ақ серек, көк серек»</p>	<p><b>Еңбек:</b> Қурап қалған гүлдердің тұқымдарын жинау.</p> <p><b>Қимылды ойындар:</b> «Абай бол», «Қайда шылдырлайды?» <b>Мақсаты:</b> Балаларды ептілікке үйрету. Есту қабілеттерін дамыту.</p>	<p><b>Еңбек:</b> Құм салғыштың айналасындағы құмдарды күрекшемен жинату.</p> <p><b>Қимылды ойындар:</b> «Ұшты – ұшты»</p>	<p><b>Еңбек:</b> Жапырақтардан әртүрлі бейнелер құрастыру.</p> <p><b>Қимылды ойындар:</b> «Кетіп қалған кім?», «Қояндар мен қасқырлар» <b>Мақсаты:</b> Рөлдерде ойнай білуге үйрету. Байқампаздыққа, кеңістікті бағдарлауға үйрету.</p>	<p>жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру.</p> <p><b>Еңбек:</b> тәрбиешіге көмек. Үлкендерге қызмет көрсету. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинау</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Желбезекпен жүгіру». Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болады.</p>
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер		<p><b>Қазақ тілі</b> "Жаңа жылдық сыйлықтар". Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы қысқы мерекелер жайлы білімдерін кеңейту; жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін дамыту; сын есім және үстеу сөздер жайлы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p><b>Музыка</b> "Жасыл шырша жанында" Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша және Аяз ата туралы әндерге қызығушылығы мен ықыласын ояту; әнді көтеріңкі көңіл-күйде, эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақтың сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын орындауда ептілікке, дәлдікке үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; жаңа жыл туралы ұғым беру. Балалардың шырша туралы әнді тыңдау кезінде зейінін және Аяз ата туралы әнді айтуда есте сақтау қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсіне білуге үйрету; музыкалық жетекшімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; топпен ән айту кезінде ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; би қимылдарын орындауда ептілікке, дәлдікке үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; оқу</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Аяз-Ата сыйлығына жетейік". Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтай отырып, бөренемен жүруге; қолдың түрлі қалпымен үрленген доптан (бір-бірінен қашық қойылған 5-6 доп арқылы кезекпен) аттап өтуге үйрету.</p>	<p><b>Музыка</b> "Шырша жыры". Мақсат-міндеттері: балалардың шырша туралы әнді қызығушылықпен тыңдап, әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топта ән айту қабілетін жетілдіру.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Аяз-атамен ойындар жарысы". Мақсат-міндеттер: балаларды қолын беліне қойып, екі жаққа айналуға; еденнен 20-25 см көтерілген баспалдақ тақтайдан аттап өтуге үйрету.</p>

		<p>қызметіне белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру.</p>			
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ</b></p>		<p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b> "Жасыл шырша сыйлығы". Мақсат-міндеттер: балаларды шырша ағашының ерекшеліктерімен таныстыру; жаңа жылда шырша ағашын пайдалану себептері туралы білімдерін кеңейту.</p> <p><b>Театрды сахналау.</b> Мақсат-міндеттер. «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегі желісін қуыршақ театрымен сахналау. Ертегідегі рөлдік диалог сөздерді балалардың аша білуіне, қарым-қатынаста сыпайылықты сақтау іскерліктеріне мүмкіндіктер туғызу. <b>(көркем әдебиет, қазақ тілі)</b></p>	<p><b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Жаңа жыл қарсаңында". Мақсат-міндеттер: балаларды "Жаңа жыл қарсаңында" картинасының мазмұнымен таныстыра отырып, картинадағы әрекеттер арқылы эмоционалды жауаптар қайтара білуге үйрету.</p> <p><b>Дидактикалық ойын «Сикырлы суреттер».</b> Мақсат-міндеттер: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: қиылған әртүрлі суреттер. Ойынның мазмұны: балалар алдарындағы үлгі бойынша қиындылардан тұтас суретті құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну. <b>(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b> "Жасанған шырша". Мақсат-міндеттер. Балалардың жасыл шырша туралы түсініктерін кеңейту; жасыл шыршаның табиғаттың төрт мезгілінде жасыл болатындығын байқау дағдыларын жетілдіру; жасыл шыршаның қасиеттерін білуге деген қарапайым зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын арттыру; Жаңа жылдық сыйлықтар туралы түсінік беру. Шырша туралы көркем сөздер мен жұмбақтар арқылы балалардың тілі мен сөздік қорын молайту; ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын және есте сақтауы мен ойлау қабілетін дамыту. Балалардың оқу қызметінде жасыл шыршаға қызығушылықтарын арттыру; бір-біріне мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне және жансыз табиғаттағы құбылыс ерекшеліктерін танып-білсем деген танымдық белсенділікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Шыршаның түрлі ойыншықтары". Мақсат-міндеттер: балаларды ұйымдастырып, ұжымдық сурет салу амалдарына бейімдеу; шырша бұталарына фломастермен қылқандарын, түрлі пішінді, түрлі түсті ойыншықтарды салу техникасын дағдыландыру.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Аққаламен сөздік жаттығулар тізбегі". Мақсат-міндеттер: балалардың такпақ және жұмбақ ауыз әдебиет формалары жөнінде ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; Жаңа жыл мерекесіне қатысты тақырыпты пысықтау.</p> <p><b>"Сипаттамасы бойынша таны" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: сипаттау әңгімесін құрастыруды үйрету, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p> <p><b>Математика негіздері</b> "Уақыт түсінігі". Мақсат-міндеттер: балаларды уақыттың бөліктері туралы (таңертең, күндіз, кеш, түн) түсінік беру; тәулік бөліктерінің атауын; табиғат құбылыстарымен байланыстыруға үйрету; аптадағы күндердің атауын жаттау; балалардың бойында уақыт туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру.</p>



<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды бақылау</p>	<p>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары.</p>	<p>Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.</p>	<p>«Ауа райы аралы» ойыны Мақсаты: Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілейді</p>	<p>«Мені қайтала» ойыны Шарты: өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдылары жетіледі</p>
<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>№ 12 Боранды бақылау</b> Мақсаты: желді күнгі қардың қозғалысы туралы түсінік беру.</p> <p><b>Қимылды ойын «Желдиірмен».</b> Мақсаты: ойын мазмұнына сай қимылдар жасау.</p>	<p><b>№ 13 Қардағы құс іздерін бақылау</b> Мақсаты: қардағы құс іздерін тани білуге үйрету</p> <p><b>Қимылды ойын «Ізбе із».</b> Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу..</p>	<p>№ 14 Жеңіл көліктерді бақылау Мақсаты: автомобильдер туралы білімдерін бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту.</p> <p><b>Қимылды ойын «Бағдаршам».</b> Мақсаты: белгі бойынша әрекет етуге, қимыл қозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету.</p>	<p><b>№ 15 Күн мен түн неге ауысады?</b> Мақсаты: Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні туралы түсінік беру.</p> <p><b>Қимылды ойын «Жердің күнді айналуы».</b> Мақсаты: күн туралы білімдерін бекіту.</p>	<p><b>№ 16 Қар жамылған ағаштарды бақылау</b> Мақсаты: ағаштар туралы білімдері кеңейту, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимылды ойын «Кім ағашқа бұрын жетеді?».</b> Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауларын бекіту.</p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p><b>Жаттығу ойындары Қимылдарды дамыту.</b> Мақсаты: секіру техникаларын дамыту (барлық түрінен)</p>	<p><b>Жаттығу ойындары Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру..</b> Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын дамыту. <b>Халық болжамы:</b> Қар көп болса, нан мол болады. Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады. Ит қарға аунаса, қарлы боран болады. Қыс аязды болса, жаз ыстық болады</p>	<p><b>Жаттығу ойындары Ұзындыққа секіру.</b> Мақсаты: Ұзындыққа секіруге, екі аяқпен итере қимылдауға үйрету.</p>	<p><b>Жаттығу ойындары Қимылдарын дамыту «Шығырыққа лақтыру».</b> Мақсаты: мергендіктерін дамыту.</p>	<p><b>Жеке жұмыс: «Затты тап».</b> Мақсаты: Ауланы бағдарлай білулерін бекіту; Затты сипаттау бойынша табу.</p>
<p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>		<p><b>«Біреу-көп»</b> Мақсаты: Балаларға «біреу, көп» мағынасын түсіндіру. Тапсырмаларды орындау, ойлау қабілеттерін дамыту. <b>Математика негіздері</b></p>	<p><b>Үстел-үсті ойыны:</b> «Түсін тап» <b>Мақсаты:</b> түстерді сәйкестіндіру</p> <p>Есімін атағанда жауап беруге, өзін айнадан және фотосуреттер-ден тануға дағдыландыру; <b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p><b>«Менің Отаным» өлең</b> Мақсаты: Отан туралы түсінік беру. Өлеңді мәнерлеп оқуға үйрету. <b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>«Түлкі»</b> Мақсаты: Балаларға ермексазды пайдаланып отырып түлкіні мүсіндеп үйрету. Ертегімен таныстыру. Сопақша пішінге келтіріп, бұрыштарын қырлауды ермексаздан мүсіндеуге үйрету.</p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Баяу балалармен жұмыс</b> Өз-өзіне қызмет көрсету кезінде балалардан кейін қалып отырады. Сол себепті ұсақ қол моторикасын</p>	<p><b>Жеке жұмыстар</b> Шағын қарапайым мәтіндерді, тақпақтар мен өлеңдерді тыңдауды, түсінуді және мазмұндауды, жатқа айта алуды үйренеді.</p>	<p><b>Жеке баламен жұмыс:</b> Тәулік бөліктерін – таңертең, күндіз, кеш, түнді тануды және атауды үйренеді.</p>	<p><b>Тіл жаттықтыру:</b> Дауыстарын қайтала. Аң біткенмен алысқан Ақырады <b>арыстан:</b> <b>А-а-а-а-а-а</b> Нәзік дауысы қозының</p>	<p><b>Жеке жұмыс: «Отбасы мүшелері»</b> Мақсаты: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету.</p>

	<p>дамыту үшін тапсырмалар беріліп отырады.</p>			<p>Естіледі алыстан: <b>Мә-ә-ә-ә-ә</b></p>	
<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>		<p><b>Кел, жазайық.</b> Мақсат-міндеттер: тиянақтылыққа, көркем жазуға, қалам ұстауға үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі. <b>(сурет салу)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын «Суретші қай жерде қателесті?»</b> Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету. Ойынның мазмұны. Тәрбиеші суретшінің «Қыс» тақырыбына сурет салғанын айтады. Балалардан оның бәрін дұрыс салғандығын тексеруді сұрайды. Балалар қыс мезгілінде болмайтын көріністерді тауып, оның қай мезгілде болатынын айтады. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Ойын "Барлық мамандықтар қажет, барлық мамандықтар маңызды».</b> Мақсат-міндеттер: сөйлеуде белгілі бір кәсіптерге тән заттарды білдіретін зат есімдердің деративті жағдайының формасын бекіту. Жабдықтар: заттық суреттер; түрлі түсті қарындаштар немесе киізден жасалған қаламдар. Ойынның барысы: балаңызға оң жақта (сатушы, краншы), сол жақта (Суретші, ағаш ұстасы, кассир) қандай кәсіптерді көретінін айтуға шақырыңыз. Баладан парақтың төменгі жағындағы заттардың атын сұраңыз. Оған жұмыс үшін қандай зат қажет екенін анықтап, айтуын сұраңыз. Мысалы: Ағаш ұстасына қажет ... (сүргі). Краншыға қажет ... (көтергіш кран). Сатушыға қажет ... (таразы). Кассирге қажет ... (касса). Балаңызға сіз бастаған сөйлемді аяқтауды ұсыныңыз. Оған затты жұмыс үшін қажет адаммен байланыстыруды сұраңыз. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)</b></p>	<p><b>«Қолымда не бар?» ойыны.</b> Мақсат-міндеттер. Мынадай ұғымдарды пысықтау: ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші, оң - сол; кеңістік түсінікті пысықтау, қимылды, түсіну сезімдерін дамыту. Керекті материалдар. Табиғи материалдар: ұсақ тастар, жаңғақтар, таяқшалар. Ойынның мазмұны. Балалар қолын артына ұстайды. Тәрбиеші олардың қолыдарына үлкендігі түрліше, бірақ тегі бірдей екі затты, мысалы, үлкен және кішкентай тасты ұстатады. Балалар қолына қарамастан, оң қолында үлкен тас, сол қолында - кішкентай тас бар екенін айтуға тиіс. Балалар оның жауабының дұрыстығын тексереді. Енді тәрбиеші екінші баланың қолына жуандығы бірдей, ұзындығы әртүрлі екі таяқша немесе жуандығы әртүрлі, ұзындығы бірдей екі қарындаш ұстатады. Топ алдына шақырылған балалар бір-біріне 2-3 жаттығу көрсетеді. Ешқандай қателік жібермеген балалар жеңімпаздар болып есептеледі. <b>(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b></p>

<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Балалар бүгінгі күн қалай өтті?	Баланың күн тәртібі жөнінде кеңес	Құстарға қамқор боламыз Құстарға үйшік жасауды ұсыну	Балаларға көп көңіл бөлу. Ұялы телефонды көп ұстатпауға кеңес беру	Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру
-------------------------------	---------------------------------	-----------------------------------	---	---	--

**ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мектепке дейінгі ұйым (балабақша / мектепке дейінгі шағын орталық)

АҚКЕМЕР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ

Топ: «БАЛДЫРҒАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

Балалардың жасы: 4 ЖАС

Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 25.12.2023 – 29.12.2023

Тәрбиеші: Тореева Айман Шонтыбаевна

Күн тәртібінің үлгісі	ДҮЙСЕНБІ	СЕЙСЕНБІ	СӘРСЕНБІ	БЕЙСЕНБІ	ЖҰМА
	25.12.2023	26.12.2023	27.12.2023	28.12.2023	29.12.2023
Балаларды қабылдау	Психогимнастика «Бүгін өзінді қалай сезінесің?» Балаларға әртүрлі көңіл-күй реңктері бейнеленген карта ұсынылады. Балалар оның көңіл-күйіне, досының, анасының, мысықтың және т. б. көңіл-күйіне ұқсас біреуін таңдайды Әнұран айту	«Сәлемдесу» Балалар екі - үш жұптан бір - біріне қарап, әр түрлі елдің, адамдардың сәлемдесу рәсімін көрсетеді Тамаша ғой мектепте Үйретеді суретке, Үйретеді білімге Үйретеді әдепке, Таза болып жүруге	Ауадан қуат алайық Алақанға салайық Жерден нәр алайық Алақанға салайық Күннен шуақ алайық Күн шуағын достарға сыйлайық «Жылы сөздер ойыны» Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, достарына жылы сөздерін айтады.	Бүгінгі көңіл күйлерің қалай? Егерде бүгінгі көңіл күйлерің көтеріңкі болса, қызыл текшені көтеріндер. Көңіл күйлерің болмай тұрса, көк текшені көтеріндер Сыпайы болу үшін қандай бала болу керек? Әңгімелесу, өз ойларымен бөлісу	Психогимнастика «Жақсы көңіл-күй» Анам дүкенге барды: «Печенье мен кәмпит сатып аламын», - деді ол. «Бірге шай ішіп, бассейнге барамыз». Бала қуаныштан секіре бастады. Осы кезде музыка естіледі. Белсенді қозғалыстар: жүру, секіру. Мимика: күлімсіреу.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен «Бала неге жылайды?» Баламен қоштасу жолдарының тиімдісі туралы әңгімелесуі	Балалардың көңіл күйлеріне назар аударып, ата-аналармен пікірлесу	Отбасында агрессиялық қысым болмай ма? Ата-анасының баласының спортқа қызығушылығын арттыруға көмектесуге шақыру	Сіздің балаңыз» Мақсаты: ата-анасынан баласының мінез-құлқындағы ерекшеліктер жайлы сұрау	«Спорт және бала» Мақсаты: Ата-аналардың балаларға арналған спорт түрлері жайлы әңгімелеу
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Зат не үшін қажет?» дидактикалық ойын Мақсаты: балалардың тапқырлығын, белсенділігін және ойлау дербестігін дамыту; балалардың тұрмыстық заттардың, құралдардың маңызы туралы білімін бекіту; оларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу (қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту	«Әрекетті бағала» дидактикалық ойыны. Мақсаты: сюжеттік суреттердің көмегімен балалардың жақсы және жаман істер туралы идеяларын дамыту; іс-әрекеттерді сипаттау және бағалау; сезімталдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу.	«Қармақ» ойыны Мақсаты: орнында секіру жаттығулары; ептілікті, қимылдарды үйлестіруді, зейінді дамыту	«Бөлшектен үй құрастыр» дидактикалық ойын Мақсаты: үй мен автобустың бөліктерін табуға үйрету; балалардың шеңбер, шаршы, тіктөртбұрыш туралы білімдерін бекіту; зейінді, көзді, табандылықты дамыту	«Әрекетті таңда» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалар сөздігінде етістікті белсендіруді жалғастыру
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі – ҮІӘ)	Жаңа жылдық сыйлықтар туралы әңгімелесу.	Жасыл шырша туралы әңгімелесу.	Шырша туралы әндер жаттайық. Жаңа жылдық хикаялар айту.	Жаңа жылдық мәнерлеп тақпақтар айтайық.	Жаңа жылдық кездесу, сұхбат жүргізу.

	(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Ұзындыққа секіру". Мақсат-міндеттер: 40 см қашықтықта орнынан ұзындыққа секіруге (6-8 рет) дағдыландыру; алдындағы допты баспен итеріп, доғаның астынан төрт тағандап еңбектеп өту және допты жоғары лақтыруға үйрету.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> "Әңгімені мәнерлеп оқу "Біз қармен қалай ойнадық". Биік - аласа. Тар - жіңішке." Мақсат-міндеттер. Балаларды «Біз қармен қалай ойнадық» әңгімесімен таныстыру; әңгіме жанры туралы түсінік беру; қысқы өзгерістер туралы білімдерін кеңейту, қысқы қызықтар жайлы түсініктерін қалыптастыру; «биік - аласа», «тар - кең» шамалары туралы түсініктерін бекіту, сөйлеу барысында қолдануға жаттықтыру; көргенімен естігенін сәйкестендіре білу біліктілігін, еске сақтау, қиял, көру зейінін, жағымды эмоцияларын дамыту. Зейінділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу; қысқы ойындарға қызығушылықтарын арттыру.</p> <p><b>Музыка</b> "Дала аппақ". Мақсат-міндеттер: балалардың әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Қысқы ойындар". Мақсат-міндеттер: балаларды сапта бір-бірден аяқтың ұшымен жүруге; аяқтың ұшымен жүгіруге; құрсауларды домалатуға үйрету.</p>	<p><b>Музыка</b> "Аққаламен достасайық" Тақырыбы: балалардың әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысына үйрету; музыкалық аспаптардың дыбысын ажырата білу және музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыруды пысықтау.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Қысқы эстафеталар". Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында тұрып екі аяқпен секіруге үйрету.</p>
<b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ</b>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Қысқы аулада" суреттер тізбегі бойынша әңгіме құру. Мақсат-міндеттер: балалардың қысқы ойындар туралы білімдерін жетілдіру; балалардың ойындар түрі туралы жаңа мағлұматтар беріп, "қысқы ойындар" ұғымын кеңейту; сөйлеудің әңгіме түрі туралы түсініктерді тиянақтау; қыста денсаулықты сақтау қағидалары туралы баяндау.</p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Қос қолғап". Мақсат-міндеттер: балаларды монотипия сурет салу техникасымен таныстыру; қос қолғаптың біріне қылқалам мен бояу арқылы қарапайым ою элементтерін салып, екінші жаққа, қағазды екіге бүктеп, басып, тура сондай оюлар бейнесін шығаруға үйрету.</p> <p><b>"Мысық пен тышқандар" ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: балаларды</p>	<p><b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b> "Қыс қызығы аққала". Мақсат-міндеттері: балаларды қалдық материал: поролоннан сызық бойымен домалақ кесіп алу, домалақтарды көлемі бойынша қағаз бетінде орналастырып, аққаланы құрастыруға үйрету.</p> <p><b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Қыстың жуан және жіңішке</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b> "Ақ аю". Мақсат-міндеттер: балалардың қыс мезгілдерінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; ақ аюдың сыртқы түрі мен қыстағы тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p><b>Мүсіндеуден ойын-жаттығу</b> "Жылқы". Мақсат-міндеттер: балаларға жылқыны саз балшықтан</p>	<p><b>Құрастыру</b> "Қыс қызығы". Мақсат-міндеттер: балаларға қардан құрылыс немесе қамалдар жасауға үйрету; қойылған мақсатқа жетуге, ұжымдық жұмысты эстетикалық түрде жасауға үйрету; өз әрекетін жоспарлай білу дағдысын дұрыс дамыту.</p> <p><b>«Тақия тастамақ» қимылды ойын.</b> Ойынның мақсат-</p>

	<p><b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Сырғанақ". Мақсат-міндеттер: балаларды сырғанақта ойындар суреті бойынша әңгімелеуге жаттықтыру; Бауыржан Жақыптың "Сырғанақ" тақпағымен таныстырып, қимыл жаттығуларын тақпақ жолдарымен жатқа сүйемелдеуге үйрету.</p>	<p>зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; бегле бойынша қимылдауға дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу. "Мысық" тандап алынады. "Тышқандар" індерінде отырады. "Тышқандар" мен "мысық" екі қарама-қарсы жақта орналасады. Тәрбиеші былай дейді: - Тышқанға сақшы санап өзін мысық, Жатады ұйықтағансып көзін қысып. Тышқандар індерінен жүгіріп шығып (сатының баспалдақтары арасынан өтеді немесе жіптен секіреді), жүгіре бастайды. Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: - Тынышталындар, тышқандар, бекерге шулап күлмендер. Ұйқыға жатқан мысықты оятып алып жүрмендер, - дейді. Мысықты сомдайтын бала өз рөлін атқарады, "тышқандарды қуалайды". <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>жолақтары". Мақсат-міндеттері: балалардың заттардың жуандығы туралы білімдерін кеңейту, "ең жуан", "жіңішке", "ең жіңішке" сияқты шамалар ұғымдарын қалыптастыру.  <b>"Өз үйінді тап"</b> <b>дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: балаларды тапсырма бойынша өз үйлерін табуға үйрету; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Қажетті құралдар: ағаштардың бейнесі; үйлердің суреттері. Тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп, әр топтың ойнайтын орнын немесе "үйін" тағайындайды. Екі топқа да өсіп тұрған бірі биік, бірі аласа ағашты көрсетеді де 1-топтағы балалардың үйі биік ағаштың оң жағы, ал 2-топтағы балалардың үйі аласа ағаштың сол жағы - деп белгілейді. Қай топ өз үйлеріне тез барады. Ойын екі рет қайталанады. Ойынның соңында әр топтың балаларын мадақтап отырады.</p>	<p>жасауға, дене пішінін, фигураның қозғалысын дұрыс беруге, фигураға тән сипатына қарай саздылықты, сымбаттылықты бере білуге үйрету.  <b>"Суреттер тізбегі"</b> <b>дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдары: бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>міндеттер. Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту. Ойынның шарты: бір оқушы тақияны шеңбер бойымен жүріп, кез келген баланың басына кигізеді. Басында тақиясы бар бала түбір және туынды сөзді айтады. Ойын осылай жалғаса береді.</p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>					
<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>№ 17 Қарғаларды бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> - қыстап қалатын құстар өмірімен танысуды жалғастыру. - қарғалардың тіршілігін бақылау - құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу</p>	<p><b>№ 18 Қар ұшқындарын бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b> — Қар ұшқындарының әртүрлі формада болатынына назар аудару; — Салыстыра білуге үйрету, танымдық белсенділіктерін дамыту.  <b>Қимылды ойын</b> <b>«Екі аяз»</b></p>	<p><b>№ 19 Қар тазалайтын машина жұмысын бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> — Ауыр жұмыстарды орындауға арналған машиналар ролі, олардың құрлысының ерекшеліктері туралы түсініктерін молайту, — Техникаға деген қызығушылықтарын</p>	<p><b>№ 20 Қарды бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> Қыс аяғында қарда болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру  <b>Қимылды ойын</b> <b>«Екі аяз».</b> <b>Мақсаты:</b> кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру.</p>	<p><b>№ 21 Қардың қалыңдығын бақылау</b> <b>Бақылау.</b> Балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және әр жердегі қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды</p>

	<p><b>Қимылды ойын «Пингвиндер доп ойнап жүр».</b>  <b>Мақсаты:</b> екі аяқпен секіруді күрделілендіру, екі аяқ арасына допты қыстырып алға жылжу.</p>	<p><b>Мақсаты:</b> тәрбиеші белгісі бойынша әрекет ете білу және назар аудара білу дағдыларын дамыту.</p>	<p>арттыру, үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимылды ойын «Аңшылар мен аңдар»</b>  <b>Мақсаты:</b>  — Қозғалыс дағдыларын бекіту;  — Батылдықтары мен ептіліктерін дамыту.</p>		<p>күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару.</p> <p><b>Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде».</b>  Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру</p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p><b>Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамыту.</b>  <b>Мақсаты:</b> нысанаға доп лақтыра білу дағдыларын дамыту.</p>	<p><b>Жаттығу ойындары «Байқап өт».</b>  <b>Мақсаты:</b> заттар арасынан, оларды құлатпай ирелеңдеп жүруге үйрету.</p>	<p><b>Жаттығу ойындары «Көпірден өт».</b>  <b>Мақсаты:</b> тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру  <b>Халық болжамы:</b>  Мұржандан түтін аспанға тік көтерілсе, аяз болады</p>	<p><b>Жаттығу ойындары «Кім алысқа секіреді?».</b>  <b>Мақсаты:</b> белгіленген жерге дейін екі аяқпен секіру.  <b>Халық болжамы:</b> Қар көп болса, нан мол болады.</p>	<p><b>Еңбек.</b>  Гүлзардың орнын жинастыруды ұйымдастыру</p>
<p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап».</b>  <b>Мақсат-міндеттер:</b> балаларды әр аңның көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. Тілдерін дамыту. Аңдардың атауын атап, сипаттауға үйрету.  <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</b></p>	<p><b>"Пішіндерді құрастыр" үстел үсті ойыны.</b>  <b>Мақсат-міндеттер:</b> қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту.  <b>Жаттығу барысы:</b> жүргізуші балаларға есеп таяқшаларды таратып береді. Балалар солардан геометриялық пішіндерді жасап шығару керек. Төмендегідей тапсырмалар беріледі: төрт таяқшадан шаршы құрастыру; үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру; үй құрастыру; жалауша құрастыру; жұлдызша құрастыру.  <b>(математика негіздері)</b></p>	<p><b>Санамақтар.</b>  Бірім - бір,  Екім - екі,  Үшім - үш,  Төртім - төрт,  Бесім - бес,  Алтым - алты,  Ауыр балтам,  Қалды қалтам!  Қырқылдауық,  Қырма тауық!  Олпық-солпық,  Сен кір, сен шық!  <b>(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>"Лото" үстел ойыны.</b>  <b>Мақсат-міндеттер:</b> балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту. Балалар қыс мезгілінің, жаңа жылдық суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды. Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар.  <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.</b>  <b>Мақсат-міндеттер:</b> балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. Барысы: жаңа жылға дайындалып жатқан аңдардың суретін бояу.  <b>(сурет салу)</b></p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p>Балалармен жеке жұмыс. «р», «к» дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету.</p>	<p>Геометриялық пішіндермен әр түрлі құрастыру жұмыстарын жүргізу.  (жеке жұмыс жүргізу)</p>	<p>«Қасқыр мен түлкі»  <b>Мақсаты:</b>  Тапқырлық, ертегінің соңын өз қиялдары бойынша аяқтау.</p>	<p><b>Жеке баламен жұмыс</b>  Геометриялық пішіндерді дұрыс атап, ажырата білуге үйрету</p>	<p><b>жеке жұмыс</b>  Ойын "Интервью". сұхбат әңгіме жүргізу (көп сөйлемейтін баламен сұхбат)</p>
<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p><b>Үшінші артық</b>  Дидактикалық материал: үй және жабайы жануарлары бейнеленген карталар. Ойын барысы. Балаларға жануарлар бейнеленген карточкалар таратылады. Балалар қай</p>	<p><b>Жаңылтпаштар жаттау.</b>  1) Пеш үстінде бес мысық,  Пеш ішінде бес мысық.  Бес күзетші, бес пысық.  2) Үш кіші ішік піштім,  Бес кіші ішік піштім.  Неше кіші ішік піштім?  3) Ұшып кетті үш құс,</p>	<p><b>Жыл мезгілі жайлы әңгімелеу.</b>  <b>Мақсат-міндеттер:</b> мнемокестеге қарап әр жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін айтып, толық сөйлем құруға үйрету.</p>	<p><b>Көркем әдебиет шығармаларын оқу.</b>  <b>Мақсат-міндеттер:</b> балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке</p>	<p><b>Өздері білетін ертегілері бойынша суреттерді қарау.</b>  <b>Мақсат-міндеттер:</b> суреттер бойынша сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру; балалардың сөздік</p>

	<p>жануардың артық екенін анықтауы керек.  - Қой, сиыр - үй жануарлары. Олар адамның жанында тұрады. Түлкі - жабайы жануар, ол орманда тұрады. Түлкі - бұл орман жануары, жабайы аң және т. б.  <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>Ұшып келді ұшқыш.  <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p>	<p><b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>қызығушылықтарын ояту.  <b>(көркем әдебиет)</b></p>	<p>қорларын, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Құралдары: ертегілер сюжеттері бейнеленген суреттер.  <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p>Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.</p>	<p>Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.</p>	<p>Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу</p>	<p>Ата-аналарға балаларын себепсіз қалдырмауларын ескерту</p>	<p>Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.</p>



**ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мектепке дейінгі ұйым (балабақша / мектепке дейінгі шағын орталық)

АККЕМЕР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ

Топ: «БАЛДЫРҒАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

Балалардың жасы: 4 ЖАС

Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 08.01.2024 – 12.01.2024

Тәрбиеші: Тореева Айман Шонтыбаевна

Күн тәртібінің үлгісі	ДҮЙСЕНБІ	СЕЙСЕНБІ	СӘРСЕНБІ	БЕЙСЕНБІ	ЖҰМА
	08.01.2024	09.01.2024	10.01.2024	11.01.2024	12.01.2024
<b>Балаларды қабылдау</b>	«Алуан түсті көңіл-күй» ойыны Мақсаты: баланың көңіл-күйін қадағалау, ойын арқылы көтеру, баланың үнін есту. Шарты: сары-ойын ойнағым келеді, көңіл-кйім жақсы: жасыл-досыммен бірге ойнағым келеді; көк-тыныш, ертегі тындап отырғым келеді; қызыл-көңіл-күйім керемет, бәріне де дайынмын; сұр-не істегім келеді білмеймін, маған бәрібір. Осындай көңіл-күйді бір-бірімен үйлестіріп, күнді сәтті бастау мақсатында әдемі тілектер айтқызу. <b>Өнұран айту</b>	«Көңілді жіп» ойыны Мақсаты: жіп арқылы балалардың бір-біріне қарым-қатынасын нығайту, достығын нығайту. Шарты: тәрбиеші домалақ жіпті алып шетін бір балаға беріп сенің болғаның қандай жақсы, сен ақылдысың дейді, жіпті алған бала ары қарай жалғастырып, мысалы, сен әдемісің деген сияқты сөз айтып жіпті түсірмей жалғастыру керек. Түсіріп алған бала айыбын төлейді. (би, ән, тақпақ)	Әдемі тілекпен қарсы алу. -Үлкен болып өс! -Күндей жылу шаш! -Айдай әсем бол! -Әрқашан жолың болсын! -Денсаулығың мықты болсын!  «Би терапиясы» ойын Шарты: Музыка басталғанда жұптасып бір-біріне алақандарын тигізеді, қайырмасы болғанда шеңбер бойымен билеп жүреді.	«Қане, белсенді болайық!» Мақсаты: балаларды сәлемдесу түрлерімен амандастыру, жағымды көңіл-күй сыйлау. Шарты: -бір-біріне күлімсірей қарап, алақандарымен амандасу; -оң жақ, сол жақ тізелерін түйістіріп амандасу; -оң жақ, сол жақ иықтарымен амандасу; -бастарын түйістіріп амандасу;	Жылулық сәт: Әуен ойнап тұрады. Көздеріңді жұмындар, басымызды сипаймыз және ішімізден мен өте жақсымын деп айтайық, күн шуақтанып тұр, таза ауа, терең дем аламыз. Енді көзімізді ашып, бір-бірімізге жымылып күлейік. Күні бойы осылай әдемі боп жүрейік!
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	<b>Ата-анаға кеңес:</b> Жол қауіпсіздігі жайлы баламен жиі әңгімелесу керек, жүгірмеу, айналасына қарау, ережеге бағыну керектігі айтылып отырса..	<b>Ата – аналармен сұхбат.</b> Әдептілік әліппесіне үлкен мән беруге шақыру; «Сәлеметсіз бе?», «Сау болыңыз!», «Өтінемін», «Рахмет!», т.б. сиқырлы сөз екенін, яғни әдептілікке үнемі баулып отыру.	<b>Ата-анаға сауалнама</b> ұсыну: Тақырыбы: «Балаңызды қаншалықты жақсы білесіз?» (келер аптаға тапсырма орындау)	<b>Ата-анамен әңгіме:</b> -Балаңыздың қандай әрекетіне көңіліңіз олмайды? -Оның қандай шешімі бар деп ойлайсыз? -Менің қандай көмегім қажет? (ашық әңгіме жүргізу)	<b>Ата – анамен сұхбат.</b> «Жәй балалар» Бұндай балалар сезімтал болмайды, олар өте ұстамды болады. Бірақ бір нәрсеге ренжісе терең қабылдайды, сондықтан осы қалпында қабылдаған дұрыс..
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Ертегі әлемінде «Алдаркөсенің басынан кешкендері» Аудиомен тыңдау. Өз ойларын айтқызу.	Танымдық үстел үсті ойыны «Көлеңкесін тап!» Мақсаты: балалардың есте сақтау, көру, қабілетін дамыту. Тиянақтылыққа, ұқыптылыққа үйрету.	«Кімнің даусы?» (доппен ойын) Мақсаты: жануарлардың дауысын ажырату және дұрыс атауға үйрету.	Кітап бұрышы Мақсаты: кітапқа қызығушылығын арттыру. Шарты: кітаптарды қарап, қызықты суреттерді тамашалап, алған	«Ажарлы қыс» Мақсаты: қыс мезгілін өз беттерінше бейнелеуге дағдыландыру.

				әсерлерімен бөлісу.	Шарты: қағаз бетіне қыс мезгілін «елестете» отырып бейнелеу керек.
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> (бұдан әрі – ҰІӘ)	<b>Тіл ұстарту жаттығуы</b> «Р»-ға тілің келе ме? Қаламқасқа «тұр», -деші. Қарындашқа «жүр», -деші. «Қара қарындашты Қаламқас алып тұр», -деші, Ал енді өзің «Ррр», -деші.	Қимылды ойын: « <b>Кім жылдам?</b> » Мақсаты: Түрлі-түсті стакандардан ғимарат құрастыру.	<b>Жұмбақ шешу</b> Аспанда жүреді, Қанатын қақпайды. Жердеде жүреді, Бауырлап жатпайды. (ұшақ) Көп үйлер жүр тіркесіп, Қара тұлпар жүр көшіп. (пойыз)	<b>Нейрожаттығулар</b> Қарындаштарды саусақ ұштарымен ұстау, өз шамаларына қарай қарындаштың санын көбейтіп отыру.	<b>Біртұтас тәрбие бағдарламасы: ұлттық ойындарды дәріптеу: «Асықтарды сөреге жинастыру»</b> Мақсаты: Ағаш сөреге асықтарды орналастыру, ойын элементтерін пайдалана отырып асыққа деген қызығушылықтарын арттыру.
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>	<b>Дене шынықтыру</b> "Жыланша жорғалау". Мақсат-міндеттер: бір жағы 20-30 см биік еңкіс тақтайдың үстімен қолдарын жанына жіберіп, жүруге үйрету.	<b>Қазақ тілі</b> "Қар жауады. Қатты - жұмсақ. Суық - ыстық." Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы қардың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; заттардың қасиетін білдіретін «суық- ыстық», «жұмсақ - қатты» ұғымдарын бекіту. Қар, оның ерекшеліктері жайлы тақпақтарды түсініп, дұрыс айтуды үйрету; қардың қалпын айқындайтын сын есімді дұрыс қолдануға жаттықтыру; сөйлеу мәнерін, көру және есту қабілетін, логикалық ойлауын дамыту. Байқампаздыққа, шыдамдылыққа, әдептілікке, айналасындағы әлемге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.  <b>Музыка</b> "Аппақ қар". Мақсат-міндеттер: балаларды әнді ықыласпен тындай білуге және әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдай білуге үйрету.	<b>Дене шынықтыру</b> "Қар үстіндегі жолдар". Мақсат-міндеттер: балаларды допты бір-біріне төменнен лақтыру және оны қағып алуға үйрету.	<b>Музыка</b>	<b>Дене шынықтыру</b> "Қар атысайық". Мақсат-міндеттер: балаларды сапта бір-бірден өкшемен, табанмен жүруге; көлденең орындықта төрттағандап еңбектеуге үйрету.
<b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ</b>	<b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Аппақ қар". Мақсат-міндеттер: балаларды "Аппақ қар" өлеңінің мазмұнымен	<b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Алыс және жақын жатқан қар". Мақсат-міндеттер: балаларды заттардың алыс не жақын қашықтықта тұруы	<b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Оюлар салынған қарлы жолақ". Мақсат-міндеттер: балаларды тіктөртбұрышты	<b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Қарды бақылау. Тілдің дыбыстық мәдениеті: [-р] дыбысы." Мақсат-міндеттер:	<b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b> "Қар жауғанда". Мақсат-міндеттер: қардың қасиетімен

	<p>таныстыра отырып, табиғатты көркем бейнелеген сөздерді мұқият есте сақтауға үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b> "Аққала қалай пайда болды?" Мақсат-міндеттер: балаларды аққаланың алғаш пайда болуы туралы деректермен таныстыру; аққала туралы әртүрлі мәліметтерді зейін қойып, мұқият тындауға үйрету.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын "Жас экологтар".</b> Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын сюжетіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту. Ойын барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды тандайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды</p>	<p>ұғымдарымен таныстыру.</p> <p><b>Жапсырудан ойын-жаттығу</b> "Қуыршақ театры шымылдығын әшекелейміз". Мақсат-міндеттер: балаларды жазуға арналған жабысқақ қағазды бүктеу арқылы шырша, жүрекше және шеңбер пішіндерін қиып алуға, және оларды жіпке шеттерінен жапсыруға, қуыршақ театр шымылдығын безендіруге үйрету.</p>	<p>жолдарды қазақтың ою өрнектері элементтерімен безендіру тәсілімен таныстыру; "қарға ізі", "құс тұмсығы", "қаңқа" сияқты ою элементтерін белгілі ырғақтықта қарындашпен сурет салу техникасын игерту; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу, ой-қиялын, елестету қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын "Балалар кітапханасы"</b> Мақсат-міндеттер: ойын арқылы қоршаған орта туралы білімдерін көрсету, кітапхананың әлеуметтік маңыздылығын көрсету; кітапхана қызметкерлері жайлы ұғымдарын кеңейту, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту; кітапты қолдану ережелерімен таныстыру; кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту, кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Ойын барысында балалар әртүрлі ойын әрекеттерін орындайды: оқырман формулярларын рәсімдеу, кітапханашының өтінім қабылдауы, картотекамен жұмыс, кітап беру, оқу залының жұмысы. <b>(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>балаларды үнді дауыссыз [P] дыбысымен таныстыру; кейбір қоршаған объектілердің шығару дыбыстарының дауыссыз [P] дыбысының айтылуы біркелкі болатыны туралы, дыбыстың сөздердің құрамында әрқалай тұратыны туралы түсіндіру.</p> <p><b>Дайын суретті бояу тапсырмасы.</b> Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған қыс мезгілі (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері тандап, бояп шығады. <b>(сурет салу)</b></p>	<p>таныстыра отырып, қардың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; қардың қасиеттерін ағай білуге үйрету.</p> <p><b>«Тап та, атын ата» дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: түсті қабылдауын және ұсақ саусақ моторикасын дамыту. <b>(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)</b></p>
--	---	--	--	--	---

	зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судын, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек.				
<b>Серуенге дайындық</b>					
<b>Серуен</b>	<p><b>№ 25 Қырауды бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарына, басқа заттарға қатып, қырауға айналған. Қырау күннің ашық кезінде пайда болады.</p> <p><b>Қимылды ойын.</b> <b>«Ақ қоян».</b> <b>Мақсаты:</b> қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.</p>	<p><b>№ 1 Бақылау: Қарды бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b> Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту.</p> <p><b>Ойын:</b> «Қардан түрлі бейнелер жасау».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ойынға қызығушылығын арттыру.</p> <p><b>Еңбек:</b> Ағаштар түбіне қар үю.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру.</p>	<p><b>№ 2 Бақылау: Бұршақты бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b> Бұршақ, домалақ ақ түсті болатыны туралы түсінік беру.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> <b>«Торғайлар».</b> <b>Мақсаты:</b> Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Тез шешім қабылдауға үйрету.</p> <p><b>Еңбек:</b> Ағаш түптеріне қар үю.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Үйілген қардың маңызын түсіндіре отырып, еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа үйрету.</p>	<p><b>№ 3 Бақылау: Суық торғайды бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b> Қыс мезгілінде барлық құстардың жылы жаққа ұшып кететінін, ал суықторғайдың бізде мекендеп қалатынын, ол қандай аяз болса да тоңбайтынын, сол себепті суықторғай деп атағанын түсіндіріп көрсету.</p> <p><b>Еңбек:</b> Қар күреу.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қардың жерге қалың түскенін айтып, қарды күрекпен күреу арқылы жол жасап, күректі калай ұстау керектігін үйрету.</p>	<p><b>№ 4 Бақылау: Аязды бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b> Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де қолғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру.</p> <p><b>Еңбек:</b> Ауладағы қарды күреу.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету.</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	<p><b>Жорамал.</b> Ағашқа қырау түссе, аяз болады. Тұман болса, күн жылынады. Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды.</p> <p><b>Жұмбақ.</b> Қанат сияқты ақ, Ұлпа боп жерде жатады</p>	<p><b>«Қыс қызығы» тақырыбында әңгіме құрату.</b> <b>Мақсаты:</b> Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету</p>	<p><b>Жұмбақ</b> Қысқа байланысты жұмбақтар жаттату. Қыста ғана болады Ұстасан қолың тоңады. (Қар). <b>Мақсаты:</b> Тілдік қорын дамыту, ойлау қабілетін арттыру. Балаға грамматикалық дұрыс сөйлеу үлгілерін беру. Әдемі де әсерлі сөйлеуге үйрету.</p>	<p><b>Ойын:</b> «Жақсы жаман».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды жақсы мен жаманды ажырата білуге, жаман нәрселерден аулақ болуға, жақсыдан үлгі алуға тәрбиелеу.</p>	<p><b>Қимылды ойын:</b> <b>«Сырғанақ тебу».</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шамамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету</p>
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,	<b>«Жалпы атауын ата»</b> Мақсаты: Балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ен	<b>Тіл ұстарту жаттығулары</b> Қыс туралы	<b>Артикуляциялық жаттығулар:</b>	<b>«Вагондарға дөңгелек тандау»</b> Ойынның мақсаты:	<b>«Тәулік бөліктері »</b> Ойынның мақсаты: тәулік бөліктері жайлы

кітаптарды қарау және басқалар)	соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуде тапқырлыққа, шапшандыққа баулу. ойын барысы: Балаларға әртүрлі суреттер беріледі, сол суреттің ішінен бірдей заттарды тауып бір сөзбен атайды мысалы: ыдыстар, ойыншықтар, жануарлар.	Ыс – ыс – ыс, Келіп жетті қыс. Ар – ар – ар, Жауады қар. Яз – яз – яз Сақылдаған сары аяз. Ран – ран – ран, Соғады боран. На – на – на, Зулайды шана.	«Кесе» - ауызды кең ашып, жалпақ тілді жоғары тіске қарай көтеріп, 10-15 секунд ұстап тұру керек. Бірақ тіл тіске тимеуі керек. «Сағат» - тілді ауыз қуысынан шығарып жінішкертіп ұстап, оңға, солға қимылдату керек.	геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер Ойынның мазмұны: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.	білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер Ойынның мазмұны: Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды.
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Жеке баламен жұмыс: Ұсақ қол моторикасын дамыту.	Көп сөйлемейтін баламен жұмыс: Ертегі тыңдау. Ертегі желісі бойынша диалогқа тарту.	Жеке баламен жұмыс: Қайшыны дұрыс ұстауға үйрету.	Жеке баламен жұмыс: Түстерді ажырата білуге үйрету.	Көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыруды үйрету.
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<b>Отбасылық құндылық:</b> Дидактикалық ойын: «Отбасы мүшелерін ата» Ойын шарты: жұмыс дәптеріндегі тапсырма орындалады. Суреттегі отбасы мүшелерінің атап, шапалақ ұру арқылы буынға бөледі. Педагог әр буында бір дауысты дыбыс болатынын балалардың естеріне салады	«Кім көп сөз ойлайды» дидактикалық ойыны – К дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтыңдар. – Кітап, кілем, кім, кілт, киіз. – Т дыбысынан басталатын сөздерге мысал келтіріңдер. – Таға, тарақ, тау, тиін, темір, тұлпар, тоқ, тоқылдақ, тотықұс, торсық, теңіз, тіс.	«Дыбыс бер» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге сөздер айтамын, ұяң дауыстыдан басталған сөзді естіңдер, қол шапалақтайсыңдар. – Парта, балық, вагон, сәбіз, тарақ, доп, жалау, шырша, таға, домбыра, гүл, бәтеңке. «Сөзге ұяң дауысыздан басталатын сөзді қос» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер мағынасы бойынша келетін, ұяң дауысыз дыбыстан басталатын сөзді жалғап айтуларың керек. Мысалы: үстел ... (биік), қоян ... (жүйрік), сағат ... (домалақ), қызыл ... (доп), ала ... (жолбарыс), ақ-қара ... (жолақ)	«Сөзге үнді дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер сол сөзге мазмұны сәйкес келетін, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз жалғауларың керек. Мысалы: сүйкімді ... (мысық), жүйрік ... (лақ), дәмді ... (нан), әдемі ... (раушан), дәмді ... (рауғаш), қағаз ... (умажалған), атам ... (риза), бала ... (малтыды),	<b>Дидактикалық ойын: «Бұл қандай ойыншық?»</b> Ойын шарты: Қоржын ішінде бірнеше ойыншық болады. Балалар қоржынға қолын салып, көрмей, сипап сезу арқылы қандай ойыншық екенін табады. Ойыншық туралы өз ойын айтады.
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Балалардың жетістігі туралы айту Жолдан абайлаңыз! Кеңестер айту	Ата аналарға қауіпсіздік ережесі туралы кеңестер беру	Балалардың жеке бас тазалығы жөнінде сөйлесу	Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауды ескерту

**ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мектепке дейінгі ұйым (балабақша / мектепке дейінгі шағын орталық)

АККЕМЕР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ

Топ: «БАЛДЫРҒАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

Балалардың жасы: 4 ЖАС

Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 15.01.2024 – 19.01.2024

Тәрбиеші: Тореева Айман Шонтыбаевна

Күн тәртібінің үлгісі	ДҮЙСЕНБІ 15.01.2024	СЕЙСЕНБІ 16.01.2024	СӘРСЕНБІ 17.01.2024	БЕЙСЕНБІ 18.01.2024	ЖҰМА 19.01.2024
Балаларды қабылдау	<p><b>Біздің</b> кішкентай ғана жүрегімізде ізгілік пен адамгершілік мол. Денемізді бір сергітіп алайықшы (кимылмен көрсетіп). Мынау – менің жүрегім, Бәрі осыдан басталған. Мынау – басым ақылды, Бәрін осы басқарған. Мынау – менің оң қолым, Мынау – менің сол қолым, Барлық істі атқарған. Балалар, біз кез-келген істі жүрегімізбен сезініп, басымызбен ойланып, қолдарымызбен орындайды екенбіз. Ендеше, мына кішкентай ғана «құттықтау хаттарға» өз қолдарыңмен жылуы мен нұрын төккен күннің, немесе жұпар аңқыған гүлдің суреттерін салыңдар. (Жүрекшелерге суреттер салады) <b>Әнұран айту</b></p>	<p><b>Балаларға</b> жағымды эмоция сыйлау, қырағылыққа, шапшаңдыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу. Кейіпкерлерді сомдауға үйрету. Достық қарым-қатынасты нығайту. <b>Сәлемдесу:</b> Көтеріңкі көңіл күй сыйлай мақсатында дененің әтрүрлі мүшелерімен амандасу (қолмен, баспен, иықпен, құшақтасып, өкшемен т.б.)</p>	<p><b>Балалар</b> жанында отырған көршісімен әр саусақтарын кезекпен түйістіріп, мына сөздерді айтып сәлемдеседі. -Барлық (бас бармақтарын түйістіреді); -кезде (балан үйрек ); -сәттілік (орган терек); -тілеймін (шылдыр шүмек); -Сізге (кішкентай бөбек); -Сәлем! (алақанмен)</p>	<p><b>«Бір-бірімізбен амандасайық»</b> <b>Мақсаты:</b> бір –біріне жақын болуға, бір-бірін түсіне білуге, балалар арасында жағымды атмосфера қалыптастыру. I нұсқа: оң және сол жақ көршілеріңізбен құшақтасып амандасамыз. II нұсқа: арқаларыңызды тигізу арқылы III нұсқа: оң және сол жақ тізелеріңізді тигізу арқылы IV нұсқа: мұрындарыңызды тигізу арқылы.</p>	<p><b>Ойын «Көңілді ән»</b> Менің қолымда домалақ жіп тұр. Қазір мен жіпті қолыма іліп алып өзімнің оң жағымда тұрған көршіме жіпті өлең айта отырып ұсынамын : «Балнұр, сенің топта сенің болғаның қандай жақсы»... Ары қарай жалғастырамыз. Міне, жіп қайта айналып өзіме келді, бәрімізді біріктірді. Біздің достығымыз нығая түсті, көңіл күйіміз бұрынғыдан да көтерілді.</p>
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	<p>Баланың міндетті түрде өздігінен орындайтын жұмыстары болуы қажет. Сіз тек осы жұмыстардың орындалуын қадағалауыңыз керек.</p>	<p>Мейлі қаншалықты тиянақты әрі жылдам орындасаңызда, балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз.</p>	<p>Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз және баланы асықтырмаңыз.</p>	<p>Балаңызға өз көзқарасыңызды тықпаламаңыз. Өзіңіздің нұсқаңыздың дұрыс екенін дәлелдермен түсіндіріңіз.</p>	<p>Баланы тым еркелетпеңіз. Онымен өзіңізбен тең дәрежедегі адам ретінде сөйлесіңіз. Есіңізде болсын сіздің сөйлеген</p>

					сөзіңізді, іс әрекетіңізді балаңыз қайталайды.
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	« <b>Мен 10 заттың атауын білемін...</b> » Ойын барасы: Бұл топтық ойын. Оқушылар шеңберге отырғызылады. Допты шеңбер бойынша бір-біріне бере отырып, әр оқушы бір сөзден айтады: «Мен... ағаштардың... 10... атауын... білемін... қайың – бір, самырсын – екі, емен – үш» деп ары қарай жалғастырады. Жалғастыра алмаған оқушы ойыннан шығады	« <b>Қайтала</b> » (сірінке шіімен ұйымдастырылады ) Ойын барысы : Бұл ойынды оқушылар жұптарымен ойнайды. Әр балаға сірінкенің 6 шіінен беріледі. Екеуінің біреуі сол шилерден қандай да бір затты құрайды. Екіншісі бірнеше секунд көлемінде қарап алады да, оны қайтадан жасауға тырысады. Содан кейін оқушылар орнын ауыстырады, екіншісі көрсетеді, біріншісі қайталайды	« <b>Есте сақта және тап</b> » Ойын барысы : 3-4 картинада берілген суреттерді есте сақтап, оларды атау қажет. Содан соң балалар сол бейнелерді 10-12 дана ұқсас суреттердің арасынан табу керек. Бұл жаттығуды сандар мен әріптерден де жасауға болады. Ол үшін арнайы әріптер мен сандар кассасын пайдалануға болады.	« <b>Қанеки, есіңе түсір!</b> » Балаларға сұрақтар қойылады. Мысалы: «Бұл ғимаратта неше қабат бар?», «Дәліздегі перделердің түсі қандай?» «Бүгін Мәди не киіп келді?» т.б. Бәріне нақты жауап берген оқушы жеңімпаз атанады. Бұл ойын бір жағынан баланың зейінінің артуына да көмектеседі.	« <b>Кезек</b> » ойыны Ойын барысы : Сурет, карточкаларды немесе қандай да бір затты кезекке тұрғызу. Мысалы, тіс дәрігеріне, шаштаразға. Балалар артқа қарап тұруын сұраймыз да, қандай-да бір затты алып тастап, қайтадан «Кім кезектен қашып кетті?» — деп сұраймыз. Қайтадан ары қарап тұруын сұраймыз, карточкалардың орнын ауыстырып, «Кім кезегін шатастырып алды?» — деп сұраймыз. Содан кейін карточкаларды төңкеріп, «Көбелек қайда ұйықтап жатыр?», «Піл қайда ұйықтап жатыр?» және т.б сұраймыз.
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> (бұдан әрі – ҮІӨ)	Аңдардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелесу. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</b>	Қысқы ұйқыға кететін аңдар туралы әңгімелесу. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</b>	Аңдар қыста немен қоректенетіні туралы әңгімелесу. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)</b>	Аңдар туралы тақпақтар жаттау. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)</b>	Аңдарды сипаттап, аңдар туралы толық әңгімелеу. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)</b>
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>	<b>Дене шынықтыру</b> "Аңдардан ептіміз". Мақсат-міндеттер: оқу қызметінде бала денсаулығын нығайтудың дәстүрлі емес түрлерін пайдалана отырып, аңдардың қимылдарын бейнебаян бойынша қайталауға үйрету.	<b>Қазақ тілі</b> "Үш торай" ертігісін оқу." Балаларды «Үш торай» ертегісімен таныстыру; сөздердің түрленуі, зат есім, сын есім, негізгі және туынды сөздер жайлы білімдерін дамыту; мезгілдік өзгерістер туралы, адамдар мен жан-жануарлардың өміріндегі әртүрлі жыл мезгіліндегі ерекшеліктер жайлы түсініктерін дамыту; еңбектің маңыздылығы туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.	<b>Дене шынықтыру</b> "Аңдарға еліктеп жүреміз, секіреміз, жорғалаймыз". Мақсаты-міндеттер: балаларды доптарды басынан асыра лақтыру және оны қағып алуға; гимнастикалық орындықпен тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету.	<b>Музыка</b> "Аңдар туралы не білеміз?" Мақсат-міндеттер: балаларды қасқыр туралы әнді қызығушылықпен тыңдай білуге үйрету; әннің сипатына қарай музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру.	<b>Дене шынықтыру</b> "Аңдар туралы ойындар". Мақсат-міндеттер: балаларды екеуден аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен жүруге; тізені жоғары көтеріп жүру; гимнастикалық орындықта қолдарымен тартылу арқылы ішімен еңбектеуге үйрету.

		<p>Балаларды ертегі тыңдауға, ертегі желісін еске сақтауға үйрету; жиі қайталанатын сөз тіркестерін сызбалы суреттер негізінде дыбыстауға жаттықтыру; негізгі сөз бен туынды сөз тізбегін түсініп, өз бетінше құрау біліктіліктерін дамыту; есту, ойлау, еске сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілін, қиялдарын дамыту. Еңбексүйгіштікке, жанашырлыққа, ертегілерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Музыка</b> "Қасқыр үнін тыңдайық". Мақсат-міндеттер: балаларды қасқыр туралы әнді қызығушылықпен тыңдай білуге үйрету; әннің сипатына қарай музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру.</p>			
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ</b></p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Аю мен қонжық апанда ұйықтап жатыр". Мақсат-міндеттер: балаларды апанда ұйықтап жатқан үлкен аю мен қонжықты салу композициясын бейнелеуге үйрету; аңдардың негізгі бөлшектерін сопақшалар мен дөңгелек пішіндерінде пропорциялық үйлесімділікте салу техникасын жетілдіру.</p> <p><b>Театраландырылған қойылым.</b> "Үйшік" ертегісі. Мақсат-міндеттер: танымал ертегі мазмұнын балалар естеріне түсіру, есте сақтау, ойлау, эмоционалды, ым-ишаралық, қабілеттерін дамыту. Керекті құрал-жадықтар.</p>	<p><b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Аңдардың іздерін зерттейік". Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың жуандығы туралы білімдерін кеңейту, "ең жуан", "жіңішке", "ең жіңішке" ұғымдарын жетілдіру.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Дәріхана". Мақсат-міндеттер: дәріхана қызметкерлерінің мамандықтары туралы білімдерін кеңейту: фармацевт дәрі-дәрмек жасайды, кассир-сатушы оларды сатады, дәріхана меңгерушісі дәрі-дәрмек жасау үшін қажетті шөптер мен басқа да препараттарға тапсырыс береді, балалардың сөздік қорын кеңейтеді. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Көзі қорқақ Қоян ертегісін мәнерлеп оқу". Мақсат-міндеттер: балаларды "Көзі қорқақ қоян" ертегісімен таныстыру; жабайы аңдардың бойындағы адам қасиеттерінің ерекшеліктерін көрсету; жануарлар туралы ертегі жанры туралы ұғымдарын қалыптастыру; "көз қорқақ" фразеологизімінің мағынасын түсіндіру.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Ветеринарлық емхана". Мақсаты: балалардың жан-жануарлар дәрігері, медбикелер, күтушілер, ветеринарлық емхананың қызмет көрсетушісі жайлы түсініктерін бекіту; емханада медициналық</p>	<p><b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b> "Аю мен қасқыр". Мақсат-міндеттер: балаларды геометриялық пішіндерді пайдаланып, қағаз бетіне қасқырды және аюды құрастыруға үйрету.</p> <p><b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Апандағы аю". Мақсат-міндеттер: балаларды "Апандағы аю" картинасының мазмұнымен таныстыру; мәтіні қысқа картинаны бар ықылдастарымен мұқият тыңдауға үйрету.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Театр". Мақсат-міндеттер: ойын барысында балалар мен бірге театрдың орны, адам өміріне қандай пайдасы бар екенін анықтау; әртіс, режиссер,</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b> "Жабайы жануарларға қамқорлық". Мақсат-міндеттер: қыста тіршілік ететін жабайы жануарларды жатқа білуге үйрету.</p> <p><b>Мүсіндеуден ойын-жаттығу</b> "Қонжықтың достары". Мақсат-міндеттер: аңның сипаттық ерекшеліктерін көрсете отырып, пропорциясын сақтап, құрылымдық тәсілмен бөлшектерді біріктіру арқылы қонжықты мүсіндеуді үйрету.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Хайуанаттар бағы". Мақсат-міндеттер: балалардың хайуанаттар</p>



	<p>Киім-кешектер, "Үйшік" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің бетперделері. Барысы.</p> <p>Педагог алдын-ала балаларға "Үйшік" ертегісін мазмұндап береді.</p> <p>Балалар өз қалаулары бойынша ертегі кейіпкерлерін ойнайтын балаларды тандап алады, кейіпкерлер сәйкес костюмдарын киіп, орындарына барады.</p> <p>Басында автор сөздерін педагог өзі айтады, ал кейінгі бөлімдерде автор рөліне балалардың бірін ұсынуға болады.</p> <p>Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді бөлек қатарға тұрғызады, көрермендерге кім ненің рөлін ойнағанын таныстырады. Әртіс-балалар, көрермендерге құрмет білдіріп, бас иеді де, қошеметпен мадақтауларға ие болады.</p> <p>Қойылым соңында педагог балалардан, шығарманың олай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекетіне қысқаша талдау жасайды.</p> <p><b>(көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)</b></p>		<p>жұмысшылар қандай рөл атқаратынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Ветеринарлық емхана қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; ақ халаттар, перчаткалар, жиһаз, сөмкелер, емханаға керек; ойыншық жан-жануарлар мен құстар. Барысы.</p> <p>Педагог балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде ветеринардың жұмысы жайлы фотосуреттер қарастыру керек, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін оқып, еске түсіру, сонымен қатар ветеринарлық емхана жайлы әңгімелесу.</p> <p>Балалар аңдар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтінін ғана емес, сондай-ақ қандай құралдарды қолданатындарын, ветеринарға қандай сұрақтар қою керектігін талқылау керек.</p> <p>Балалар өзара ветеринарлық емханада кімдер, қандай қызметкерлер болатынын таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады.</p> <p>Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адам жанында тіршілік</p>	<p>оператор, жарық беруші, гардеробшы, капельдинер, костюм бойынша декоратор, суретші, лицейист сияқты мамандар туралы білімдерін бекіту; ағымды қарым-қатынас орнату; мәдениет орындарындағы тәртіп ережелерін пысықтау; сөйлеу мәнерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Керекті құрал-жабдықтар. Сахна орны.</p> <p>"Театр" жазбасы; сахна макеті, сахналық қойылымдарға қажет (үй, ағаш, қоршау және мүмкіншілік болса перделер т.б.), кейіпкерлер костюмдері, кейіпкерлер қолына ұстайтын құралдар.</p> <p>Барысы.</p> <p>Педагог балалармен бірге театрда қандай қойылымдар қойылатыны жайлы суреттер қарастырады, көрермендер мен әртістер арасындағы айырмашылықтарды анықтайды.</p> <p>Көрермендер алдында қойылым орнында режиссер, дыбыс режиссері, оператор, жарық беруші, костюм әрлеуші, суретші, әрлеуші сияқты мамандар еңбек ететінін айтылады.</p> <p>Балалар алдын-ала әр маман сахналық қойылымға дайындық алдында қандай қимыл-қозғалыс орындайтынын кішігірім жаттығулар арқылы көрсетеді. Кейін балалар белгілі рөлдердің қайсысын орындағысы келетін тілектерін білдіреді, орындарына орналасады.</p> <p>Әртістерді біріктіру үшін педагог алдымен режиссер</p>	<p>бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші жайлы түсініктерін, бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.</p> <p>Керекті құрал-жабдықтар. Хайуанаттар бағы қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы медициналық көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; ойыншықтарға арналған тор пішіндер.</p> <p>Барысы.</p> <p>Педагог ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнежазба көрсетеді.</p> <p>Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші сияқты мамандардың қызметінің маңызы, олар қолданатын құралдар жайлы талқылау қажет.</p> <p>Балалар хайуанаттар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді өздері</p>
--	--	--	--	--	--

			<p>ететін аңдар мен құстардың денсаулығы мен тірі табиғаттағы жануарлардың қауіпсіздігіне жауапты екенін.</p> <p><b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b></p>	<p>қызметін өзіне алады, белгілі ертегі сюжетін таңдайды. Педагог ойын барысын белгілі сөз тіркестерімен сүйемелдейді, ойыншыларға қосымша сұрақтар қояды, ары қарай ойын тізбегінің жалғасуына ықпал етеді . Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сахналық қойылымдар көрермендерге қызық болу үшін, тек қана әртістер ғана емес, сонымен қатар басқа да көптеген мамандар қызмет етеді; еңбекті бағалау керек; театр - әдептілік ережелері сақталатын мәдени орындардың бірі.</p> <p><b>(көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)</b></p>	<p>таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті адам сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту.</p> <p><b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p>
<b>Серуенге дайындық</b>	Серуенге ойын алаңын алдын-ала дайындау;	Серуенге алып шығатын құралдардың талапқа сай болуы;	Бақылауды, зерттеу жұмыстарын жүргізу құралдарын дайындау.	Балалармен жеке жұмысты жолға қою.	Ойын алаңындағы атрибуттардың дұрыстығын тексеру
<b>Серуен</b>	<p><b>№ 5 Бақылау: Көгершінді бақылау.</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларға қыстап қалған құстардың бірі –көгершіннің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні, тұмсығы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.  <b>Еңбек:</b> Ауладағы құстарға жем беру.  <b>Мақсаты:</b> Қыста құстарға тамақ тауып жеу қиын болатындығын түсіндіре отырып, оларға жем, нанның</p>	<p><b>№ 6 Бақылау: Бүгінгі ауа-райын бақылау.</b>  Айналадағы адамның қысқы еңбегі.  <b>Мақсаты:</b> Қысқы еңбекпен таныстыру барысында үлкендердің еңбегін түсіндіру, еңбекке ынтасын тудыру .  <b>Тақпақ:</b> Қыстыгүні таңертең, Ерте оянып жас бала. «Қар» деп сыртқа қарайды, Көңіл бөлмей басқаға.</p>	<p><b>№ 7 Бақылау: Қыстап қалатын құстарды бақылау.</b>  <b>Мақсаты:</b> Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатын құстар туралы мағлұмат беру, «олар үшін қыс та, аяз да қатер емес,аштық қатер»деген ұғымды қалыптастырып,қамқорлықпен қарауға үйрету.</p>	<p><b>№ 8 Бақылау: Аязды күнді бақылау.</b>  <b>Мақсаты:</b> Аяз туралы түсінік бере отырып, оның адам денсаулығы үшін пайдасын түсіндіру.  Жұқпалы аурулардың микробтарын өлтіруге аяздың қосар үлесі зор екендігін айту.  Аққу мамық ұлпа қар,  Жамылады қырқалар.  Шымшып аяз бетінді,  Ширатады етінді.</p>	<p><b>№ 9 Бақылау: Шыршаны бақылау.</b>  <b>Мақсаты:</b> Шыршаның тікенекті, оның қысы-жазы бір түсте болтынын көрсете түсіндіру.  Тікен-тікен тік пісте  Қысы-жазы бір түсте.  (Шырша)</p>

	қиқымын сеуіп, қамқор болуға тәрбиелеу				
<b>Серуеннен оралу</b>	<b>Қимылдық ойын: «Аққала жасау».</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға қардың жабысқақтығын, қарды домалақтау әдісін көрсете түсіндіру.	<b>Қимылды ойын: «Ақ қоян».</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу. <b>Еңбек:</b> Ауладағы қарды тазалау. <b>Мақсаты:</b> Балаларды еңбекке ынтасын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	<b>Қимылды ойын: «Кім жылдам?»</b> <b>Мақсаты:</b> Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Балалардың бойындағы зейінділік, сезімталдық қабілеттерін дамыту. <b>Еңбек:</b> Құстарға жем шашу. <b>Мақсаты:</b> Қыста құстарға аштықтың қатерлігін түсіндіре отырып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	<b>Қимылды ойын: «Қар лақтыру».</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың ойынға ынтасын арттыру. <b>Еңбек:</b> Ауладағы қарды жинау. <b>Мақсаты:</b> Еңбексүйгіштікке баулу. Үлкендердің еңбегін бағалауға, құрметпен қарауға тәрбиелеу.	<b>Қимылдық ойын: «Қуып жет».</b> <b>Мақсаты:</b> Жылдамдыққа, бірлесіп ойнауға үйрету. <b>Еңбек:</b> Ауладағы шырша түптеріне қар үю. <b>Мақсаты:</b> Үйілген қардың көктемде еріп, суға айналатындығын, шыршаның ылғалды жағдайда жақсы өсетіндігі туралы айтып, түсіндіру.
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<b>Санайық жанаша.</b> Бір, екі, үш! Желбіре жалауша, Достықта біздің күш. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсысының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек, Орған терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	<b>Үстел үсті ойыны.</b> «Мозаика». Мақсат-міндеттер: балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлықа үйрету. <b>(танымдық дағдылар)</b>	<b>"Даусына қарай ажырат" дыбыстық жаттығу.</b> Педагог үстел үстіне үй жануарларының суреттерін қояды. Балалар өздеріне ұнайтын жануарды таңдайды. Ойын ойнауды ұсынады. Керекті құралдар: үй жануарларының суреттері Мақсат-міндеттер: Балалардың үй жануарларының дауыстары жөнінде білімдерін тексеру және жетілдіру. - Балалар, алдарында жатқан суреттерді тандап алындар. Сол суретте қандай жануар белгіленгенін айтып, дауыстарын салу керек. Ал достарың сол дауыс қай жануардың дауысы екенін тауып, қайталайды. - Мияу – мияу? Мысық. - Аф – аф – аф? Күшік. - Қу – ка – ре – ку? Тауық. - Мө- ө – ө – ө? Сыйр. - Кәне, бәріміз мысықты шақырайықшы. Оны қалай шақырамыз? «Кыс-кыс» деп шақырамыз. Педагог тілдерінде кемістігі бар балалармен жеке 3-4 рет қайталайды.	<b>Санамалық мәнгерлеп жатқа айту жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнгерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Бота, түйе, Құлын, бие, Торай, шошқа, Қозы, қошқар, Қодық, құлан, Көжек, қоян, Бақа, шаян, Торғай, шымшық... Сен, қал! Сен, шық! Қадыр Мырза Али. <b>(көркем әдебиет)</b>	<b>"Сикырлы суреттер" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту. Мазмұны: балалар алдарындағы қиылған бөліктерде үлгі бойынша суретті құрайды. <b>(танымдық дағдылар)</b>

<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Жеке жұмыс: «Қыс қызығы» тақырыбында әңгіме құрату. Мақсаты: Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету.	Жеке жұмыс: <b>Тақпақ:</b> Торғай, торғай, тоқылдақ Жерден дәнді шұқып -ап Бөтекесі бұлтиып, Шик-шиқ етіп отырмақ. Мақсаты: Балаларға тақпақ үйрете отырып тіл байлықтарын молайтып, сөздік қорларын дамыту.	<b>Жеке жұмыс:</b> Қысқа байланысты жұмбақтар жаттату. Қыста ғана болады. Ұстасаң қолың тонады. (Қар).	<b>Жеке жұмыс:</b> бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегін ойластыру. <b>Тақпақ жаттау</b> қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастархан жапқандай, Көз тоймайды қарасаң	Жеке жұмыс: <b>Жұмбақ.</b> Терезеге қонады, Әсем ою ояды. (Аяз). Мамықтай ұлпа, Қанттай ақ. Қыста жер бетін басады, Жазда сайға қашады. (қар) Мақсаты: Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	" <b>Мысық пен тышқан</b> " қимылды ойын. Педагог балаларды топтың ортасына шығарып, қимылды ойын ойнауды ұсынады. Бала санына қарай мысық пен тышқандардың маскаларын ұсынады. Санамақ арқылы тышқанды тандайды. Балалар келесі сөздерді қайталайды: Мысық, мысық ұйықтайды, Тышқан, тышқан жорғалайды: пи - пи. Педагог балаларды мадақтайды. Ойын 3-4 рет қайталынады. ( <b>дене шынықтыру</b> )	" <b>Не (кім) қалай қимылдайды?"</b> дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың суреттері. Мысалы. Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді. Құрт - жорғалайды, жатады. Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады. Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады. Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді. Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды. Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді. Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды. ( <b>қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту</b> )	<b>Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.</b> Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. ( <b>сурет салу</b> )	" <b>Домино</b> " дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. ( <b>танымдық дағдылар</b> )	" <b>Танграм әдісі бойынша "Қызықты бейнелер" ойыны</b> Танграм әдісін пайдалана отырып, күшікке үйшік жасауды ұсынады. Ойынның мақсат-міндеттері: бұл ойын балалардың түстер мен формаларды қабылдауын дамытуға ықпал етеді. Әр бала тапсырмаларды орындау логикасын бөліктен бастап, бүгінге дейін меңгереді. Барысы: Балалар түрлі-түсті блоктардан күшік пен олардың үйшіктерін құрастырады. ( <b>математика негіздері, қоршаған ортамен танысу</b> )
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	«Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту» баяндама.	«Тұйық бала қайдан шығады?» баяндама.	Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аудару, ескерту.	«Ата-аналарға тұмау жөнінде» денсаулық бұрышына кеңес (медбике)	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуларына тілек білдіру.

**ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мектепке дейінгі ұйым (балабақша / мектепке дейінгі шағын орталық)

АҚКЕМЕР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ

Топ: «БАЛДЫРҒАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

Балалардың жасы: 4 ЖАС

Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 22.01.2024 – 26.01.2024

Тәрбиеші: Тореева Айман Шонтыбаевна

Күн тәртібінің үлгісі	ДҮЙСЕНБІ 22.01.2024	СЕЙСЕНБІ 23.01.2024	СӘРСЕНБІ 24.01.2024	БЕЙСЕНБІ 25.01.2024	ЖҰМА 26.01.2024
Балаларды қабылдау	<p>«Сәлемдесу» ойыны: Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз, қимылды тез жасауларың керек. «Бастаймыз» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керек екенін айтамын, сонда сендер бір-бірлеріңмен тез-тез амандасасындар. Әр адаммен әртүрлі амандасасындар. Сонымен, көзбен... қолмен... иықпен... құлақпен... тіземен... иекпен... өкшемен... арқамен.</p> <p>«Сикырлы дүкен». Қандай көңіл- күй алғың келсе соны аласың. Допты сатып алушыға беремін, ол көңіл-күймен кері қайтарады.Көңіл-күй бет-бейне ,қимыл қозғалыс, дауыс ырғағымен көрсетілуі тиіс. /4-5 минут/</p> <p><b>Әнұран айту</b></p>	<p>«Көңіл-күй неге ұқсас». Ойыншылар олардың бүгінгі көңіл-күйлері неге (қай жыл мезгіліне, ауа райына, табиғаттың құбылысына) ұқсас екенін айтып береді. Ойынды үлкен дер бастаса жақсы болар еді: «Менің қазіргі көңіл-күйім көгілдір аспандағы жылы, жұмсақ күннің көзіне ұқсайды, ал сенің ше?». Жаттығу шеңбер бойымен жалғаса береді. Ойынның сонында жауаптар қорытындыланады, бүгінгі шеңберіміздегі балалардың көңіл-күйі қандай екен: қайғылы, көңілді, күлкілі, ызылданған т.б.Жауаптардың қорытындысын шығарған кезде, жаман ауа райы, суық, жанбыр, түнерген аспан сияқты элементтер агрессивті, қобалжу күйлердің көрсеткіштеріне назар аударыңыз.</p>	<p>«Гүл» ойыны Балалар әр жерге отырады. Жүргізуші:балалар біз бәріміз енді өсіп келе жатқан гүлдерміз. Күн шықты, гүлдер жайлап ашылып өсіп келеді. (қолдарын созады). Кенеттен баяу жел соға бастайды, гүлдер желмен жан-жаққа шайқалады (қолдарын жан-жаққа шайқайды). Бір мезгілде аспанға бұлт төніп, жаңбыр жауа бастайды. Гүлдер тоңып, бүрісіп жабыла бастайды(қолдарын тізелерінің үстіне қойып, бүрісіп отырады). Бір уақытта қайтадан күннің көзі күлімдеп шыға бастайды. Сол уақытта гүлдер де, құлпырып жайнап ашыла бастайды (балалар үлкен шеңбер жасап, бір үлкен гүл шоғына жиналады)</p>	<p>«Сәлемдесу» Көшелерден біз өткен Ата көрсем жақын кеп, Сәлем берем іздетпен, «Ассалаумағалейкум!»-деп. Алдан әже жолықса, Бөгелем де әдейілеп, Сәлемдесем сол тұста: «Есенсіз бе,әжей?»-деп. Кім кездессе көшеде, Таныс емес демеймін, «Аға,тәте,көкеге, Сәлеметсіз бе?»-деймін</p>	<p><b>Тақырыбы: «Сәлемдесу сөз басы»</b> Максаты: Балаларға әдептілік белгісі сәлемдесуден басталатынын түсіндіру, сәлемде де сұлу сыр бар екенін білдіру. Ойлау қабілетін, сыйластық қасиетін, үлкенге-құрмет, ізеттілігін дамыту. Адамгершілікке, әдептілікке, мәдениеттілікке тәрбиелеу. <b>Барысы:</b> -Балалар сендер балабақшаға келгенде апайлармен амандасасындар ма? -Иә. -Апайлармен қалай амандасасындар? -Саламатсызба апай. -Сәлеметсіңдер ме балалар. Жарайсындар балалар. -Ал үлкендер бір-бірімен қалай амандасады? -Ассалаумағалейкум. (ер адам) -Уа Аллейкум ассаләм. Дұрыс айтасындар балалар. Бұл сөздердің барлығын бір сөзбен сәлемдесу деп айтамыз. <b>Сәлемдесу -</b></p>

					адамдардың бір-біріне құрмет білдіруі, достық пейіл танытуы. Әр адам күнделікті тірлігін бір-бірінің амандығын сұрасудан, бір-бірімен сәлемдесуден бастайды.
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	Баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.	Ешқашанда баланың икемсіздігін күлкіге айналдырып және де қорқыныштарына күлмеңіз. Қайта керсінше баланың қорқыныштарын бірге шешіп сенімді қарым-қатынас орнатыңыз.	. Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса балабақшаға келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Балаға өзінің іс әрекетін түсіндіруді үйретіңіз. Яғни бала ең алдымен ойланып содан соң ғана шешім қабылдауды үйрену керек. Ең жақсысы өзі сенімсіздік танытқан мәселелерде ата-анасымен кеңесуге болатынын білуі қажет.	Балаға өз бетінше жеке басының тазалығын қадағалауды және де әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін түсіндіріңіз. Жақсы іс әрекеті үшін сөзбен немесе сыйлықпен мадақтап көтермеленіңіз.
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<b>«Спорт-лото»</b> Мақсаты: Балаларға спорт түрлерін үйрету, олардың бір-бірінен айырмашылығын танып білу; спортқа деген қызығушылығын арттыру. Ойын атрибуттары: спорт түрлеріне байланысты суреттер. Ойынның барысы: Балаларға спорт түрлері салынған сурет карточкасы үлестіріліп беріледі. Оны балалар тиісті суреттермен жабады.	<b>«Достық тренингі».</b> Топ мүшелерін біріктіру, топта жағымды ахуал құру, жұмыс белсенділіктерін арттыру. Қатысушылар шеңбер құрып тұрады. Өз есімін теңеу сөздермен(өзін қалай атаған ұнайды?) таныстырады да, бір-бірінің қолдарынан ұстайды. Жаттығу осылай жалғасады, барлық қатысушылар қамтылу керек. Соңында «достық шеңбері» пайда болады.	<b>«Ертегі ойлап тап!».</b> Суретке қарап қызықты ертегі, әңгімені ойдан құрастыру. Әңгіме, ертегілер кейіпкерлерінің суретін көрсете отырып, балалар сол сурет бойынша ретімен өз ойларынша ертегіні өзгертіп, қияли түрде құрастыру қажет.	<b>«Күлегештер»</b> (смайликтер) салу. Балалар бүгінгі ойын - тренингтерден алған әсерлерін, көңіл - күйлерін ақ қағаз бетіне күлегештерді сала отырып, ол арқылы өзінің көңіл - күйін көрсетеді, салады, өз еркісімен әсемдеуге болады.	<b>«Ою құрастыру»</b> Мақсаты: Балаларды сандардың ретін, құрамын оңай табуға, таңбаны айыра білуге дағдыландыру. Ойынның барысы: Оюдың элементтерін жекелеп қиып, мысалы 4 қошқар мүйізді 2-ге бөліп, 8 бөлікті балаларға таратып береді. Түстерін сәйкестендіру, бөліктерін қиюластыру арқылы ою-өрнек құрастырылады.
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> (бұдан әрі – ҮІӨ)	Саусақ жаттығуы: <b>«Бес саусақ»</b> Бас бармағым-атам, үйдің данасы, балаң үйрек-әжем, ошақ анасы. Орган терек-әкем, отау панасы,	<b>«Шебер және батыл қолды мүсіндейік»</b> Балалар «мүсінші» болып, саусақтарымен топырақты, уыстағандайқысып, ермексазды ширатқандай алақандарын бір-біріне үйкелеп, ашып-жұмып қолдарына	<b>«Сиқырлы айналу»</b> жылулық шеңбері. «Мен және аспан» Тәрбиеші балалардың назарын аспанның әдемілігіне аударады. Балалар аспандағы бұлттарды түрлі заттарға ұқсатып айтады; үлпілдік	<b>Үстел үсті ойын:</b> Жадыны дамытуға келесі үстел ойындары көмектеседі: Қызықты суретті дайындаңыз. Баланы мұқият қарастырып, оны жадтан сипаттаңыз. Оған 10 ойыншықты көрсетіп,	<b>«Суреттерді аяқтайық» жаттығуы</b> Мақсаты: Оқушылардың логикалық ойлауын, көру арқылы есте сақтауын, ойша жұмыс істей білуін дамыту. Алдын - ала тақтаға

	<p>шылдыр шүмек-шешем, шаңырақ ажары. Титтей бөбек-мен, бәрінің базары. Тәрбиеші балалардан ата-аналарының аты-жөнін сұрап, өз туыстары мен жақындарын қалай жақсы көретінін айтып беруді сұрайды. Тәрбиеші әр баланың ата-анасының аты-жөнін сұрап, баспа әріптермен жазып, шкафтарға іліп қояды.</p>	<p>жаттығу жасайды. Балалар бір-бірлеп саусақтарын ашып, санап, әр саусаққа сипаттама береді.</p> <p><b>«Таңғажайып дорба» ойыны</b> Дорбада бірнеше жеміс, көкөніс бөліктері бар. Бала көзі жабылып, дорбадағы заттың дәмін татып, оның қай жеміс екенін, дәмі, исі, формасы, түсі жайында ажырата баяндайды.</p>	<p>ақша бұлттаға, жауар бұлттай түнерген аспанға, мейірімді жылы күнге, ай мен жұлдыздарға, қарлығашқа, бозторғайға, шымшыққа, бүркітке т.б. айналады.</p>	<p>баланы көзін жауып, барлық заттардың тізімін сұраңыз.</p> <p><b>«Түрлі – түсті доптар» жаттығуы</b> Мақсаты: балалардың есту арқылы есте сақтауын дамыту Қағаз бетіне екі кішкентай қызыл және жасыл доп, қызыл доп пен жасыл доптың ортасына үлкен көк доп сал, ал жасыл доптың жанына кішкентай сары доп сал деп тапсырма беріледі.</p>	<p>мысықтың және қоянның құлақтары салынған плакат ілініп дайындалады. Оқушылардың көздері шарфпен байланады да, олар кезек - кезекпен шығып, бірі денесін, бірі басын, бірі аяғын салады, осылайша жалғаса береді.</p>
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Құстардай қайраттымыз". Мақсат-міндеттер: ұйымдастырылған іс-әрекетінде бала денсаулығын нығайтудың дәстүрлі емес түрлерін пайдалана отырып, құстардың қимылдарын бейнебаян бойынша қайталауға үйрету.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> "Қыстайтын құстар. Көп, аз, тең." Балалардың ұғымындағы қыстайтын құстар туралы түсініктерін кеңейту, адам құстарға қалай қамқорлық жасай алатынын түсіндіру, құстардың дыбыстарын білдіретін сөздердің ерекшеліктері туралы түсінік беру; түбірлес сөздер туралы білімдерін мысал келтіру арқылы қалыптастыру (қыс - қыстау - қыстайтын); заттардың санын анықтайтын «артық», «кем», «тең» түсініктерін бекіту. Балаларға қыстайтын құстарды ажыратып, дұрыс атауға үйрету, құстардың дыбыстауын айқындайтын (шіп-шіп, шыр-шыр, шырылдайды) сөздері арқылы артикуляциялық аппараттарын дамыту; заттар тобының санын анықтау ұғымдарын білдіретін «артық», «кем», «тең» сөздерін дыбыстауға жаттықтыру; еске сақтау, ойлау қабілеттерін, қатынастық дағдыларын дамыту. Қыстайтын құстарға қамқор болуға, мейірімділікке, байқампаздыққа тәрбиелеу.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Жылдам және епті құстар". Мақсат-міндеттер: балаларды алға ұмтыла секіруге; сызықтар арасымен ( 10 см арақашықтық ) тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету.</p>	<p><b>Музыка</b> "Тауықтар" биі Мақсат-міндеттер. Балаларды үй жануарлары туралы әндерді тыңдауға және айтуға үйрету; музыканың сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру; дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапты әуенге ілесе отырып, дыбысты дұрыс қайталай білу қабілетін жетілдіру; үй жануарлары жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен зейінін дамыту. Балаларды</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Қамқоршылар тобы". Мақсат-міндеттер: балаларды допты еденге ұруға; допты жоғары лақтыруға үйрету.</p>

		<p><b>Музыка</b> "Құстар әні". Мақсат-міндеттер: балаларды құстар туралы әндерді тыңдап және айтуда әндердің сипатын ажырата білуге үйрету; құстар туралы әнді сезімталдықпен қабылдай білу қабілетін қалыптастыру.</p>		<p>мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруды пысықтау.</p>	
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Құстарға жемшашар" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттер: балалардың "тақпақ" ұғымын жетілдіру, қыстайтын құстар туралы көркем сөз үлгісімен таныстырып, құстарға қыста қамқорлық жасау жөнінде білімдер жиынтығын тиянақтау.</p> <p><b>Дамытушы ойын.</b> "Суретшінің қатесін тап". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жайлы түсініктерін пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына қызығушылықтарын арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Сыртқы сипатында, құрылымында сәйкессіздіктері бар объектілер мен құбылыстар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл</p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Сары шымшық". Мақсат-міндеттер: балалардың қылқаламмен сары шымшық бейнесін салуға үйрету; құсты салу барысында басы, денесі, қанаты, құйрығы сияқты дене бөлшектерін үйлесімділікте салу техникасына машықтау.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Үй құрастыру". Мақсат-міндеттер: балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту, бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, кара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк тасымалдаушылар, құрылысқа керек ойыншық саймандар (балға, бұрауыш, кемпірауыз, т. б). келісім. Педагог алдын-ала балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жайлы әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, тас қалаушы, жүк тиеуші, жүргізуші, сияқты мамандардың қызметтік міндеттерін анықтайды. Балалар құрылысқа қатысатын мамандардың рөлін өзара бөлісіп алады; өздеріне қажет киімдер мен құрал-жабдықтарды алып, өз</p>	<p><b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Дорбадағы құмалақтар" Мақсат-міндеттер: балалардың заттарды тура және кері санау туралы ұғымдарын қалыптастыру, көзбен көрмей-ақ бірден беске дейін санау амалы туралы, екі заттардың сандарын тең ету амалдары туралы білімдерін тиянақтау.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын</b> "Экологтар". Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын желісіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту. Ойын барысы: Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы</p>	<p><b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Бұлбұл мен тоқылдақ". Мақсат-міндеттер: балаларды "Бұлбұл мен тоқылдақ" әңгімесінің мазмұнымен таныстыру; мәтіні қысқа әңгімені бар ықыластарымен мұқият тыңдауға үйрету.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Цирк". Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, саламатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Циркте қызмет ететін артистерге қажет ойыншық құралдар, модельдер (доптар, ойыншық жануарлар, бас киімдер, таяқшалар, спорттық киім үлгілері, гимнастикалық ұршық, костюмдер). Шарты. Педагог цирктің (суреті) қандай орын екенін, бұнда қандай өнерпаздар жұмыс істейтіні туралы балалармен алдын ала әңгімелеседі; әрбір артист</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b> "Аялайық құстарды". Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың қысқы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту; қыстайтын құстар тіршілігі жайлы балалардың ой-өрісін дамытып, сөздік қорын молайту.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Хайуанаттар бағы". Мақсат-міндеттер: балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман) жайлы түсініктерін бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнеролик көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша</p>



	<p>емес, сұр болады", "Қоянның құлағы тышқанның құлағындай кішкентай емес, ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары қарай емес, жоғарыдан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаштағы ұяда емес, ауладағы ағаш үйшікте тұрады", "Жазда өзенге мұз қатпайды, өйткені жазда күн ыстық", "Түлкінің құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады" және тағы басқа. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Кейін балалар жүк тиеуші, жүргізуші, кірпіш қалаушы мен инженеров-құрылысшының жұмыстарын орындайды. Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. Педагог балармен бірге қорытынды жасайды: салынған үйдің сапасы жақсы болу үшін, құрылыс-мамандарының бірге кеңесуі; жұмысты жоспарға сәйкес орындауы; үй тұрғызуда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек. <b>(қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)</b></p>	<p>маман қандай құралдарды пайдаланатыны, олардың еңбегінің қаншалықты қиын екенін түсіндіреді. Балалар циркте қызмет ететін өнерпаздар: сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларларды жаттықтырушы болып бөлініп, топтасып, белгілі жаттығулар жасайды. Педагог цирк қойылымы жайында жариялап, қалған балаларды орындықтарға шақырады. Әрбір өнерпаздың шығуын аса құрметпен жариялап, оған көрермендер тарапынан қолдау және қошемет көрсетуді сұрайды. Балаларға қойылым соңында өнерпаздар көрермендерге иіліп құрмет көрсететіні, ал көрермендер оларды мақтап, қошемет білдіретінін айту керек. Педагог ойын барысын өзі реттеп жүреді, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін қосымша сұрақтар қояды. Ойын соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: цирк қойылымының әдемі және қызықты болуы, өнерпаздардың шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында болады. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>маман) сияқты мамандардың қызметінің маңыздылығын талқылау қажет. Балалар хайуанаттар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, кимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді. Соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті адам сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, математика негіздері, қазақ тілі)</b></p>
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Балалардың қимыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастыру, киімі ыңғайлы болуы.</p>	<p>Серуенге шығар алдында ойын алаңын дайындау қажет.</p>	<p>. Серуеннің қызықты өтуіне алдын-ала (серуеннің жүрісін, ойын құралдарын) дайындауы тиіс.</p>	<p>Серуенге қажетті ойыншықтардың санитарлық-гигиенаға сай болуы қамтамасыз етілуі тиіс.</p>	<p>Балалардың өз бетінше ойнауына жағдай жасау, керекті құралдарды алу, ойыншықтармен қамту.</p>
<b>Серуен</b>	<b>№ 10 Бақылау: Боранды бақылау.</b>	<b>№ 11 Бақылау: Мұзды бақылау. Мақсаты:</b> Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер	<b>№ 12 Бақылау: Қырауды бақылау. Мақсаты:</b> Қырау туралы	<b>№ 13 Бақылау: Торғайды бақылау. Мақсаты:</b> Қыста құстардың	<b>№ 14 Бақылау: Күнді бақылау.</b>

	<p><b>Мақсаты:</b> Боран ұйтқып соққан желдің салдарынан, қыс мезгілінде болатын құбылыс екендігін көрсете түсіндіру.</p> <p><b>Еңбек:</b> «Таза жолдар».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ауладағы жолды қардан тазалау. Еңбекқорлыққа баулу</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> «Байқап қал».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Байқампаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу</p>	<p>мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру.</p> <p><b>Еңбек:</b> Тайғанақ жерге құм себу.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауларын қадағалау.</p> <p><b>Ойын:</b> «Тышқан мен мысық».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Шапшандыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету</p>	<p>түсінік қалыптастыру. Талға, сымға тұрған қырауды көрсете таныстыру.</p> <p><b>Еңбек:</b> «Таза алаң».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ойын алаңындағы қарды тазалау. Тазалыққа баулу. Еңбексүйгіштікке үйрету.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> «Шымшық доп».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Топтасып, тату ойнауға шақыру. Ойынға қызығушылығын арттыру</p>	<p>көпшілігі жылы жаққа ұшып кетеді, торғай қыстап қалатын құс, оның қысқы тіршілігі туралы түсінік қалыптастыру, құстарға қамқор болуға баулу.</p> <p><b>Еңбек:</b> Құстарға жем шашу.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қыста құстарға аяз қорқынышты емес, аштық қорқынышты болатынын түсіндіру. Оларға қамқор болу, аяушылықпен қарауға баулу.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Аттамақ».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Денені шынықтыру, шапшандыққа, ептілікке баулу.</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру.</p> <p><b>Еңбек:</b> «Қыс қызығы».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Айгөлек».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Денені шынықтыру, шапшандыққа, ептілікке баулу.</p>
Серуеннен оралу	<p><b>«Шындыққа бір қадам» ойыны</b></p> <p>Балалар бір сапқа тұрады. Егер дұрыс болса бір қадам аттайды, дұрыс болмаса бір қадам артқа аттайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сиырлар ұшады</li> <li>- Мысықтар мияулайды.</li> <li>- Қыста қар түседі.</li> <li>- Үлкенге орын береді.</li> <li>- Ата-аналарды алдау</li> <li>- Өтірікті досыңа жабу</li> <li>- Шындықты айту.</li> </ul>	<p><b>«Бүлінген телефон» ойыны.</b></p> <p>Мақсаты: есте сақтауға арналған. Бір сөзді мұғалім бір баланың құлағына сыбырлап сол пікірді қайталауды, солай жалғаса беріп барлық балаларға жеткізеді. Ең соңғы бала бүкіл сөзді естіп дауыстап айтады. Мен әрқайсымын шындықты айтамын.</p>	<p><b>«Көңіл-күйімізді жаттықтыру» ойыны.</b></p> <p>Мақсаты: Шынайы бейнелеп көрсете білу арқылы көңіл-күйімізді жаттықтыра алуға арналады. Жүргізуші: Бүгін мен сендерге актер болуға үйретемін. Мен сендерге нені көрсет десем соны бет әлпеттеріңмен бейнелейсіңдер</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қабақтарыңды түйіп, ашулы адамның кейпін көрсетіңдер.</li> <li>2. Қатты қорқу қажет. Қасқырдан қорыққан қоян сияқты, ұядан түсіп қалған балапан сияқты, иттен қорыққан баланы бет-әлпеттеріңмен көрсету керек.</li> <li>3. Жылап тұрған адамды көрсету</li> <li>4. Жәй күліп тұрған адамды және қатты күліп тұрған адамды көрсету.</li> </ol>	<p><b>«Кім екенін тап» ойыны.</b></p> <p>Мақсаты: Топ мүшелерінің бір-бірін тануға көмектеседі. Әрбір адам өзінің аты-жөнін көрсетпей, өз-өзіне психологиялық мінездеме жазады. Өзінің ұнамды ұнамсыз қасиеттерін айтады. Тәрбиеші барлығының мінезін парақтарға жазады. Балалар мінездеменің иесін табу қажет. Бұл жаттығу өзгелерді дұрыс қабылдап, тану арқылы олардың өзіндік ерекшеліктерін білуге үйретеді.</p>	<p><b>«Алып» ойыны.</b></p> <p>Мақсаты: Ұжымшылдыққа тәрбиелейді. Екі бала қатар тұрады, біреуінің сол аяғын екіншісінің оң аяғына байлайды. Сөйтіп бір белгіленген жерге барады. Немесе, үш, төрт, т.б. балаларды бірге байлайды, сосын олар бірге жүруге тырысады. (бақаға ұқсап секіреді)</p>
Балалардың дербес	Үстел үсті ойыны	Санамақ.	Дидактикалық ойын.	"Торғай-торғай тоқылдақ"	"Жоғалған зат" үстел

<p><b>іс-әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>«<b>Мозаика</b>». Мақсат-міндеттер: балаларды берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге, тапқырлыққа үйрету. <b>(танымдық дағды)</b></p>	<p>Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Қосып едім екеуін, Болып шықты он саусақ. Оң аяқта бес бақай, Сол аяқта бес бақай. Қосып едім екеуін, Болып шықты он бақай. <b>(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</b></p>	<p>«<b>Көлеңкесін тап</b>». Мақсат-міндеттер: балаларды әр құстың көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. Тілдерін дамыту. Құстардың атауын атап, сипаттауға үйрету. <b>(қоршаған ортамен танысу)</b></p>	<p><b>артикуляциялық жаттығу.</b> Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып Тойған қозыдай монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар. "Халық ауыз әдебиеті. <b>(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>үсті ойыны.</b> Барысы: педагог үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады. <b>(танымдық дағдылар)</b></p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Жеке жұмыс:</b> Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) <b>Көркем сөз:</b> Далада қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастархан жапқандай, Көз тоймайды қарасаң. Мақсаты: Балаларға жұмбақ, тақпақ жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.</p>	<p><b>Жеке жұмыс:</b> Қыстың үш айын үйрету, ерекшеліктерін түсіндіру. <b>Сұрақ-жауап.</b> Балалардың қыс мезгілі өз ойларын айтуы</p>	<p><b>Жеке жұмыс:</b> Қысқа байланысты жұмбақтар жаттату. Қыста ғана болады Ұстасаң қолың тоңады. (Қар). <b>Көркем сөз:</b> Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап, Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап.</p>	<p><b>Жеке жұмыс:</b> Торғай, торғай, тоқылдақ Жерден дәнді шұқып -ап Бөтегесі бұлтиып, Шик-шик етіп отырмақ. Мақсаты: Балаларға тақпақ үйрете отырып тіл байлықтарын молайтып, сөздік қорларын дамыту.</p>	<p><b>Жеке жұмыс:</b> Қыс қызығы» тақырыбында әңгіме құрату. Мақсаты: Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету.</p>
<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>«<b>Табиғат құбылыстары</b>» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылыстары жөнінде түсініктерін нығайту. <b>Шарты.</b> Педагогтің ауызша сипаттамасы бойынша суреттер тізбегінің арасынан сәйкес келетін табиғат құбылысының суретін табу.</p>	<p>Қыс келгенде, торғайым, Үй алдына қон дәйім. Ойна, жүгір, желкілде, Тисем саған оңбаймын. Мақсат-міндеттер: тақпақты жаттата отырып, балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру. <b>(көркем әдебиет)</b></p>	<p>Қағаз бетінде бағдарлай білуді, апта күндерін, жыл мезгілдерін ретімен атау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>  "<b>Жағдаятты шешу:</b> ""Егер сен, құстың ұясын бұзып жатқандарды көрсен не істейсің?"". Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, табиғатты аялау сезімдерін дамыту." <b>(қоршаған ортамен танысу)</b></p>	<p>"<b>Бұл ұяда не тұрады?" үстел үсті ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Барысы. Тәрбиеші ұядағы құстардың суреттерін көрсетеді. Балалар оларды атайды, құстарға сипаттама береді. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> «<b>Бұл қай кезде болады?»</b> Мақсат-міндеттер: жылдың төрт мезгілін бір-бірінен ажырата алу қабілеттерін дамыту. Шарты: тақтаға төрт мезгілдің суретін іледі. Әр мезгілге байланысты әңгіме құрастырып айтады, қай жыл мезгілі екендігін жасырады. Қалған балалар қай жыл мезгілі екенін тауып айтады.</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p>«Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыбында әңгіме жүргізу.</p>	<p>«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу.</p>	<p>«Өзіңіздің балалық шағыңыз туралы балаңызға айтасыз ба?»</p>	<p>«Балаңыздың денсаулығына қалай көңіл бөлесіз?» сауалнама.</p>	<p>Ата-аналар жиналысы. Тақырып: «Бала тәрбиесіндегі ата-аналардың рөлі».</p>

**ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мектепке дейінгі ұйым (балабақша / мектепке дейінгі шағын орталық)

АҚКЕМЕР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ

Топ: «БАЛДЫРҒАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

Балалардың жасы: 4 ЖАС

Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 29.01.2024 – 02.02.2024

Тәрбиеші: Тореева Айман Шонтыбаевна

Күн тәртібінің үлгісі	ДҮЙСЕНБІ 29.01.2024	СЕЙСЕНБІ 30.01.2024	СӘРСЕНБІ 31.01.2024	БЕЙСЕНБІ 01.02.2024	ЖҰМА 02.02.2024
Балаларды қабылдау	<p>Амандасу – «Көңілді сөз» жаттығуы. Нұсқау: - шеңбер жасап отырып, қасында отырған адамға қарап көңіл көтеретін бір сөз айту. Мысалы: сен бүгін өте әдемісің, көйлегің қандай әдемі... Амандасу – «Көңілді сөз» жаттығуы. Амандасу – «Көңілді сөз» жаттығуы. Ән салуға барамыз, (шеңбер бойымен жүреді) Досымызды табамыз. (тоқтайды) Сәлемет пе! Міне, мен! (қолдарын екі жаққа сермейді) Доспын енді сенімен. (көршілерімен қол алысады) Ризамын, ризамын бүгінге! Ризамын, ризамын қазірге! Ризамын, ризамын достарыма! Ризамын, ризамын баршаға!</p> <p>Нұсқау: - шеңбер жасап отырып, қасында отырған адамға қарап көңіл көтеретін бір сөз айту. Мысалы: сен бүгін өте әдемісің, көйлегің қандай әдемі...</p>	<p>Аспан ашық болсын, Күн қайырлы болсын, Күн шуақты болсын, Шаттыққа толы болсын! Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын кең ашқан. Тілегіміз әділдік. (Балалар қол ұстасып құшақтасады)</p> <p><b>«Топтық сәлемдесу» жаттығуы.</b> Мақсаты: қарым-қатынас дағдыларын, топтық өзара әрекеттесу әдістерін дамыту, күйзелісті төмендету. Нұсқау: Қыс, көктем, жаз, күз белгілеріне қарай 4 топқа бөлінейік. Әр топтың міндеті – мимика мен ишарат арқылы басқа топтарға сәлемдесу түрлерін ойлап, құрастыру.</p>	<p>Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашанда сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!</p> <p><b>«Сәлемдесу» ойыны:</b> Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз, кимылды тез жасауларың керек. «Бастаймыз» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керек екенін айтамын, сонда сендер бір-бірлеріңмен тез-тез амандасасындар. Әр адаммен әртүрлі амандасасындар. Сонымен, көзбен... қолмен... иықпен... құлақпен... тізмен... иекпен... өкшемен... арқамен.</p>	<p>Біз әдепті баламыз, Біз ерекше боламыз, Қонақтарды көргенде, Сәлеметсіздерме! – деп Сәлемдесіп аламыз. Амансыңба, асыл күн! Амансыңба, асыл жер! Амансыңба, көк аспан! Амансыңба жан досым! Жылуыма жылу қос, міне менің қолым Әрбір күн – таңертеннен басталады. Біз ойнауға тиіспіз. Бұл үшін мен келесіні ұсынамын – мен сендерге көрсетемін, - ашыл сендер менің артымнан қайталайсындар «көбелек» жаттығуы». Таңертең көбелек оянды, тартылды, Қанаттарын бұлғады, терең тыныс алды, Азғана айналып, барлығына күліп, Қайта гүліне оралды.</p>	<p>Қайырымды жандар айнала, Шеңберге келсін жайлана. Жалықпастан қайта біз, Махаббат сөзін айтамыз. Сүйеміз барлық әлемді, Әлемдегі бар елді. Бақыттымыз осы біз Қасымызда досымыз!</p> <p><b>«Мейірімді сөздер» ойыны.</b> Жүргізуші: Сендер бүгін қызықты көп нәрсені білдіңдер деп ойлаймын. Балалар да үлкендерде өздерің мақтағанды ұнатады. Осыған байланысты мен сендерге бір ойынды ұсынамын, бұл ойын барысында сендер бір-біріңе көптеген жақсы сөздер және мақтаулар айтасындар. Барлықтарың бір үлкен шеңбер құрып тұрындар.</p>

	<b>Әнұран айту</b>				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	Кеңес: Баланың міндетті түрде өздігінен орындайтын жұмыстары болуы қажет. Сіз тек осы жұмыстардың орындалуын қадағалауыңыз керек.	Мейлі қаншалықты тиянақты әрі жылдам орындасаңызда, балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз.	Бала кішкентайынан бастап ата-анасын, үлкендерді, жақындарын сыйлау керектігін білу тиіс.	Ешқашанда баланың икемсіздігін күлкіге айналдырып және де қорқыныштарына күлменіз. Қайта керсінше баланың қорқыныштарын бірге шешіп сенімді қарым-қатынас орнатыңыз.	Әңгімелесу: Ата-ананы, туған туыстарын, жасы үлкендерді сыйлап, құрмет тұтуға үйрету. Баланың тәртібі жайлы сөйлесу.
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<b>«Кесте бойынша ойын»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалар білетін ертегілерін еске түсіру арқылы тіл байлығын дамыту. Аталған ертегілердің мазмұнын, атын және 10-ға дейін санай білу. Балаларды тапқырлыққа, зейінді болуға тәрбиелейді. <b>Ойынның барысы:</b> Үстел-үстіне ертегілер бейнеленген және оны сандармен белгілеген кестені жайып қояды. Ойынға 2 немесе 3 бала қатысады. Кесте бойынша белгіні қоя отырып, санды және ертегінің атын айтады. Осылай келесі бала ойнайды.	<b>Ұлттық ойын «Асық ойыны»</b> Ойын шарты: Әр топтың алдына асықтарды тастаймыз. Бұл ойында асықты кім көп құлатса сол топ жеңеді.	<b>«Қазақтың ұлттық бас киімдері ер адамға, әйел адамдарға арналған»</b> Мақсаты: Ұлттық бас киім түрлерінің атын білу, оларды айыра білу, оларды қашан, қайда, қай кезде киетінің білу, жеке-жеке топтастыру, тапқырлыққа, шапшандыққа баулу. Ойын шарты: балаларға бас киімдердің аттарын атай білу, оларды айырып топтастыру, қай мезгілге немесе қайда киетінің білу, айту. Ол сөздерге қатыстырып, сөйлем құрайды. Қыз бала мен ер адам бас киімдерін жеке-жеке топтастырады. Сәукеле-саукеле (қыз балаларға арналған бас киім)	<b>«Ұлттық аспаптар»</b> Мақсаты: Ұлттық аспаптарымыздың атауларын білуге, оларды айыра білу, ұлттық құндылықтарымыз туралы білімдерін көтеру. Көрнекілік: ұлттық аспаптардың түрлері (аса таяқ, сыбызғы, шаң қобыз, домбыра, қобыз, жетіген) Ойын шарты: балаларға аспаптардың аттарын атай білу, оларды айырып топтастыру. Ол сөздерге қатыстырып, сөйлем құрайды.	<b>«Сол жақ па, оң жақ па?»</b> Ойын шарты: Балалардың (не педагогтың) алдында сандар және ойыншықтар тұрады. Тәрбиеші бір санды көрсеткенде, бала төменгі сызыққа сонша шырша қою керек. — Барлығы неше шырша? Қай ойыншық жоғарыда тұр? (саңырауқұлақ) Ал, қай ойыншық төменде тұр? (шырша)
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> (бұдан әрі – ҮІӘ)	<b>«Сона»</b> - оң қолдың сұқ саусағын түзетіп, оны айналдыру керек. Сол қолдың сұқ саусағымен және екі қолдың сұқ саусақтарымен бір мерзгілде осы қимылды (сона) жасау керек. <b>«Ағаштардың тамырлары»</b> - қолдардың білезіктері қосылған, тарбиған саусақтары төменге түсірілген. <b>«Ағаштар»</b> - екі қолдың	<b>«Карусель» жаттығуы.</b> Мақсаты: Қарым-қатынасты дамытуға арналады. Топ балалары 2-ге бөлінеді. 1-ші топ ішкі, 2-ші топ сыртқы топ болып бөлініп, екі шеңбер жасайды. Жетекшінің берген белгісі бойынша ішкі топ пен сыртқы топ бір-біріне қарсы тұрған адамдар бірігеді. Әрбір топқа кезекпе-кезек жетекші белгілі бір роль беру керек. Олардың тез арада сол рольді 2-	<b>«Ауызша волейбол» ойыны</b> Мақсаты: өзінде бар жақсы қасиеттерді бағалай білуге өзінің қасында жүрген адамдардың жақсы қасиеттерін білуге, бір-бірін терең түсінуге арналады. Допты бір-біріне берген кезде балалар адамгершілік қасиеттер туралы айтулары керек. Мысалы, шыншылдық,	<b>«Ұзын-қысқа»</b> Мақсаты: заттарды салыстыру, қысқасын табу, ұзының атау. Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақтар Ойын барысы: Балаларға ұзын және қысқа жолақтар беріледі. Балалар жолақтарды салыстырады. Үстіне қою әдісін қолданады. Ұзын жолақты атайды. Үстедің үстіне жолақтардың ішінен	<b>«Дыбысты ұстау» ойыны.</b> Ойын ережелері: Біз таңдаған дыбыс, әлемді шарлап жүруге кетті деп балаларға айтамыз. Қазіргі кезде дыбыстың болмағандығынан, біз оны сөздерді басып әріптерімен ұстайтын боламыз. Бала сөзде дыбысты естіген бойда, ол қол соғу тиіс. (Дыбыс

	алақанын өзіңе қаратып, көтеру керек, саусақтарды кеңінен ашу керек.	3 минутта көрсету керек. Мысалы: сатушы-сатып алушы, мұғалім-оқушы, дәрігер-қаралушы, полиция-шофер, әке-бала, анасы-қызы. Бұл жаттығу әрбір адамның өзінің мінезін көңіл-күйін, қабілетін, өзгерте білу осы арқылы өзгелермен еркін араласу қабілетінің дамуына көмектеседі.	мейірімділік, адамдық, адамгершілік, әділдік, кішіпейілдік, батылдық, ұстамдылық, жанашырлық.	ұқсас жолақтарды табуға тырысады.	саябаққа, орманға, серуенге қыдырып шығады, сол себепті біз осы тақырыппен байланыстырамыз). Мысалы: «П» дыбысы хайуанаттар саябағына баруға шешті, онда көп жануарлар өмір сүреді екен. Мен оларды айтамын, ал сендер «П» дыбысын естіген кезде қол соғындар. Панда, попугай, бегемот т.б.
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>	<b>Дене шынықтыру</b> "Допты екі қолымен лақтыру". Мақсат-міндеттер: балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүру және жүгіруге дағдыландыру; педагогтің белгі беруі бойынша 1,5 мин қалыпты жағдайда жүгіруге үйрету.	<b>Қазақ тілі</b> "Жиһаздар. Балықты бақылау." Мақсат-міндеттер. Жиһаз түрлері, қолданысы, адам өміріндегі орны туралы түсініктерін нақтылау; «жайлылық» сөзінің мағынасын түсіндіру. Балаларға әңгімені зейін қойып тыңдауды, мәтіннен таныс сөздерді тауып айтуды үйрету. Еске сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін дамыту; айналасындағы заттарға қызығушылықтарын арттыру. Көру және тәжірибені қортындылау арқылы заттарды сәйкестендіру, жіктеу барысында (киімдер мен ыдыстар) логикалық шешім табуға үйрету; ұйымшылдыққа, зейінділікке, үлкендер мен жақындарына деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу.  <b>Музыка</b> "Мысығым". Мақсат-міндеттер: балалардың мысық туралы әннің сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды топпен	<b>Дене шынықтыру</b> "Доппен жаттығулар түрлері". Мақсат-міндеттер: балаларды табанның ішкі жағымен жүруге; тізені жоғары көтеріп жүгіруге; көлбеу орындықта төрттағандап еңбектеуге үйрету.	<b>Музыка</b> "Мысықтың жасырған құпиялары". Мақсат-міндеттер: балалардың мысық туралы әннің сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру.	<b>Дене шынықтыру</b> "Доппен ойындар". Мақсат-міндеттер: балаларды сапқа тұру, сап құрылымын өзгертіп қайта тұруға; допты екі қолымен басынан асыра лақтыруға үйрету.

		бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру.			
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Ауыл мен қала туралы әңгімелеу. Тілдің дыбыстық мәдениеті: [-л] дыбысы." Мақсат-міндеттер: балаларды үнді дауыссыз [Л] дыбысымен таныстыру; сөздердің құрамында дыбыстың болуын түсіндіру; "ауыл" мен "қала" ұғымдарын тиянақтау.</p> <p><b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Бақша ағаштары". Мақсат-міндеттер: балаларды "Бақша ағаштары" әңгімесімен таныстыра отырып, оларды көркем шығармашылыққа баулу; әңгімедегі ағаштардың кимылдары мен сөздерін қайталап айтуға жаттықтыру.</p> <p><b>"Үш табан" қазақ ұлттық (асықтармен) кимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі кимылдарды жасауға дағдыландыру. Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі. Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі. Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан</p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Аквариум балықтары". Мақсат-міндеттер: балаларды үлкен және кішкентай балықтардың бейнелерін, дөңгелек пен сопақша, үшбұрыш пішінді трафареттерді бастырып салу техникасына үйрету; балықтардың бейнелерін қағаз бетіне үйлесімділікте орналастыру.</p> <p><b>«Үй жануарлары мен төлдері».</b> Мақсат-міндеттер: балаларды үй жануарларымен таныстыру, төлдерін айыра білуге үйрету. Ойынның шарты: үй жануарларының төлдерін айыра білу. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p> <p><b>Еркін ойын: "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйретеді. Барысы. Балалар дөңгеленіп, шеңбер құрап отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады да қалғандары көздерін жұмып отырулары тиіс. Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балалар сыртымен ақырын жүріп, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді. Тәрбиеші белгісінен кейін балалар көздерін ашады. Жан жағына жылдам қарап, тақияны өзінде екенін білсе, сезсе жылдам орнынан тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса онда өз өнерін көрсетеді: тақпак, өлең, би және т.б. Және де орнынан тез тұрып үлгірген</p>	<p><b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b> "Мысығым менің мысығым". Мақсат-міндеттер: балаларды мақта табақшаларынан мысықты құрастыруға үйрету.</p> <p><b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Түрлі пішінді балықтар". Мақсат-міндеттер: балаларға салыстыру эквиваленті туралы түсінік беру; бірыңғай және әрқалай жағқан заттар топтарының теңдігі туралы білім беру.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын "Тазабекте қонақта"</b> Мақсат-міндеттер: балалардың гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, тазалық құралдарын қолдану тәсілдері жайлы білімдерін кеңейту; гигиеналық шараларды күнделікті орындауды үйрету; тазалыққа, өз денсаулықтарын күтуге тәрбиелеу. Барысы. Ойын басында тәрбиеші балаларға топқа Тазабектен сыйлық келгенін хабарлайды. Ары қарай балалар ішіндегі заттармен танысады, әр заттың маңызын анықтайды. Тәрбиеші келген тазалық құралдарын қолданып, қуыршақты олармен пайдалануды үйретуді ұсынады. Балаларға балабақшадағы таңғы жиынды немесе түскі ұйқы алдындағы гигиеналық</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b> "Террариумдағы тасбақа". Мақсат-міндеттер: балалардың тасбақаның тіршілігі мен оған күтім жасау туралы білімдерін қалыптастыру; тасбақаның құрлықтағы әрекеттері жайлы түсініктерін (сыртқы түрі, үй жағдайындағы тіршілік ету ортасы, мекені, азығы) кеңейту.</p> <p><b>Мүсіндеуден ойын-жаттығу</b> "Тиін жаңғақ кеміріп отыр". Мақсат-міндеттер: тиінді құрама амалдармен мүсіндеуді үйрету; аңның сыртқы түрінің сипаттық белгілерін көрсетуді үйрету.</p> <p><b>Театрды сахналау.</b> "Орман дәрігері" ертегісін алжапқыштарды пайдаланып сахналық қойылымын қою.</p>	<p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Хайуанаттар бағы".</b> Мақсат-міндеттер: балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман) жайлы түсініктерін бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнеролик көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман) сияқты мамандардың қызметінің маңыздылығын талқылау қажет. Балалар хайуанаттар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, кимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді. Соңында тәрбиеші балалармен бірге</p>

	<p>кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді). Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігілі асықты атады. Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады. Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді. Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді. Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді. Ұтылған бала ойыннан шығып қалады. Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>балаға ұлттық ою өрнек бейнесі беріледі. Көп ою жинаған бала жеңімпаз. Ойын ережесі: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>шараларды көрсетуді ұсынуға болады. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p>		<p>қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті адам сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p> <p><b>Ұлттық ойын "Бес тас"</b> «Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады. Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады. Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты тандап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады. Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар.</p>
--	--	---	--	--	---



<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту</p>	<p>Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбексүйгіштікке баулу.</p>	<p>. Ойындар арқылы қимыл - қозғалысын, танымдық процестерін дамыту.</p>	<p>Балалардың серуен кезіндегі уақыттарын тиімді әрі қызықты ұйымдастыру.</p>	<p>Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру (мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау..</p>
<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>№ 15 Бақылау:</b> <b>Бұлтты бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b> Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады.(Бұлт).  <b>Еңбек:</b> Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау. <b>Мақсаты:</b> Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету.</p>	<p><b>№ 16 Бақылау: Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b> Қыста өсімдіктердің өсуінің тоқталатынын, ағаш қабығы оларды суықтан сақтайтыны жөнінде түсінік беру.  <b>Еңбек:</b> Ағаштардың түбіне қар үю. <b>Мақсаты:</b> Үйілген қардың пайдасын түсіндіру.Көктемде қар еріп суға айналатындығын, су өсімдіктерге қорек болатындығын айту.</p>	<p><b>№ 17 Бақылау: Қар аралас жаңбырды бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b> Қыста қар аралас жаңбыр да жауатыны туралы түсінік беру.  <b>Еңбек:</b> «Қыс қызығы». <b>Мақсаты:</b> Ойын алаңын ата-аналармен бірлесе отырып безендіру,сырғанақ жасау, аққала соғу.</p>	<p><b>№ 18 Бақылау:Күнді бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b> Күн көзінің жарығы,оның бүкіл табиғат үшін пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіндігі туралы түсіндіру.  <b>Еңбек:</b> «Таза жолдар». <b>Мақсаты:</b> Ойын алаңына барар жолдарды тазалау. Тазалыққа, топ болып еңбек етуге үйрету.</p>	<p><b>№ 19 Бақылау:</b> <b>Мұздақты бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b> Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету.  <b>Еңбек:</b> Ағаш түптеріне қар үю. <b>Мақсаты:</b> Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру.</p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p><b>Қимылдық ойын:</b> «Мені қуып жет». <b>Мақсаты:</b> Шапшандыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту.</p>	<p><b>Қимылдық ойын:</b> «Тасымалдау ойыны». <b>Мақсаты:</b> Топтасып, тату ойнауға шақыру. Ептілікке баулу</p>	<p><b>Қимылды ойын:</b> «Егер...» <b>Мақсаты:</b> Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу.</p>	<p><b>Қимылдық ойын:</b> «Түйілген орамал» <b>Ойынның мақсаты:</b> Балалардың ойын әрекетіне деген қызығушылықтарын дамытып, ептілікке, қырағылыққа, шапшандыққа баулу.</p>	<p><b>Қимылдық ойын:</b> «Қазан». <b>Мақсаты:</b> Бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру.</p>
<p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p><b>"Пазл".</b> Мақсаты: балаларға әртүрлі сюжетті суреті бар пазлды құрастыру үйрету, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштік қасиеттерін дамыту. Ісінің аяғына дейін жеткізуді қадағалап, шыдамдылыққа, байқампаздыққа үйрету. (танымдық іс-әрекет)</p>	<p><b>"Кітапхана".</b> Мақсаты:.. Кітапхана жайында балалардың түсініктерін нығайту; кітапханашының негізгі қызметін анықтау; тәртіптілікке, ұғымталдыққа, төзімділікке тәрбиелеу.</p>	<p><b>"Аурухана".</b> Мақсаты:.. Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР-дәрігер, хирург, мейірбике) жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа,</p>	<p><b>"Киімдер"</b> дүкені. Мақсаты:.. Балалардың "Киімдер" дүкені, киім сатушының жұмысы ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарымқатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу</p>	<p><b>Өзіндік еркін ойын</b> әрекеттері: қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Моториканың дамуына ықпал ету (жүгіру, секіру, қар кескіндерін нысанаға лақтыру).</p>

			сыпайлыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу		
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p><b>Жеке жұмыс: Жаңылтпаштар айтқызу.</b> Аппақ, аппақ, бәрі аппақ, Ақ қар аппақ, бәрі аппақ. Ақ бұлт, қырау, мақта аппақ. Ақ сүт, айран, қант та аппақ. (қарым-қатынас іс-әрекет)</p>	<p><b>Жеке жұмыс: "Ненің құйрығы?"</b> Мақсаты: Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып қалғанын көрді. Қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлар мұнайып қалды. Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" сұрағына жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын және т.б..) (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет)</p>	<p><b>Жеке жұмыс: "Сәйкесін тап" ойыны.</b> Үстел үсті ойыны арқылы ойналады. Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру; ойлау қабілеттерін дамыту. (танымдық дағдылар)</p>	<p><b>Жеке жұмыс: Дайын суретті бояу</b> тапсырмасы. Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған қыс мезгілінің (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады. (сурет салу)</p>	<p><b>Жеке жұмыс: "Кейіпкердің сөздерін жалғастыр"</b> дамытушы ойыны. Мақсаты: Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; кейіпкерлейдің сөздерін жаттап алуға құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата-аналармен әңгімелесу «Жыл мезгіліне сай балалардың киінуі.	Әкелермен әңгімелесу: «Бала тәрбиесінде кімнің орны басты рөл атқарады?»	Кеңес: «Ойын – баланы дамыту құралы».	«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу.	Үйде балалар кітапханасын ұйымдастыру туралы әңгімелесу

**ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мектепке дейінгі ұйым (балабақша / мектепке дейінгі шағын орталық)

АККЕМЕР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ

Топ: «БАЛДЫРҒАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

Балалардың жасы: 4 ЖАС

Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 05.02.2024 –09.02.2024

Тәрбиеші: Тореева Айман Шонтыбаевна

Күн тәртібінің үлгісі	ДҮЙСЕНБІ	СЕЙСЕНБІ	СӘРСЕНБІ	БЕЙСЕНБІ	ЖҰМА
	05.02.2024	06.02.2024	07.02.2024	08.02.2024	09.02.2024
Балаларды қабылдау	<p><b>Сәлем! Сәлем! Сәлем!</b> Қалын қалай? Сәлем! Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Біз бақытты баламыз. (Барлығы жарты шеңбер жасап отырады, қайталайды).. <b>(Қазақ тілі)</b></p>	<p>Балаларды жақсы көңіл -күймен қарсы алу. Әуенді ойын: <b>«Көңіл күй»</b> Мақсаты: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау. <b>(Музыка)</b></p>	<p><b>«Қайырлы күн!»</b> Қайырлы күн, құсқада, аңға да. Қайырлы күн, жайдары жанға Қайырлы күн жалғассын, Кешке дейін жалғассын! Бауыры мен апайы, іні мен қарындастары бір-біріне қалай қолғанат болатындары жайлы әңгімелесу. <b>(Қазақ тілі)</b> <b>Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: әдеп нормаларын сақтау.</b></p>	<p><b>«Күннің сәулесі шықты»</b> Мақсаты: Күн туралы түсінігін кеңейту, «Ыстық», «Терледім», «Көлеңкеге тығылайық» сөздерінің мағынасына қарай қимыл жасауға үйрету. <b>(Қоршаған ортамен танысу)</b></p>	<p><b>Атамнан</b> басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар: Ең жақын адамдар. Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар ... Бәрін жақсы көремін. Еркелеймін, еремін! Отбасы мүшелері жайлы, отбасымен өткізген демалыс туралы әңгімелесу. <b>(Қазақ тілі)</b> <b>Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту.</b></p>
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	<p><b>Ата-аналармен жұмыс:</b> «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.</p>	<p><b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын таңертенгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.</p>	<p><b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата –аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.</p>	<p><b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.</p>	<p><b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.</p>
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Суреттермен жұмыс <b>«Жануарлар»</b> Мақсаты: жануарларды танып, аттарын атап айтуды, дыбысын салуды үйрету. <b>Қоршаған ортамен танысу</b></p>	<p><b>«Қарама-қарсы сөзді тап»</b> Мақсаты: Заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. <b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.</b></p>	<p><b>Киімдер туралы жұмбақтар.</b> 1. Ерте тұрдым, алып ұрдым. (Етік) 2. Ашамайды арта салдым, Айыр жібін тарта салдым. (Тымақ) 3. Төрттен қосқан басы бар, Маңдайында шашы бар. Өзің көрген баяғы, Салпылдайды сабағы. (Тымақ)</p>	<p><b>«Кім тез табады?»</b> Міндеті: Естіген сөзде қазақ тілі дыбыстары бар жоғын ажырату (ә, і, ү, ұ, қ, ғ, ө, н). Мен дыбыстарды айтып тұрамын, егер сөзде қазақ тіліне тән дыбыстар естілсе, алақаныңды соқ: О-Ұ-Ү-Ө-Ү-У-О-Ұ. <b>(Қазақ тілі)</b> <b>Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ</b></p>	<p><b>Сюжетті ойын: «Дүкен»</b> Міндеті: Сатушының рөлін ойнай білуге үйрету. <b>(Көркем әдебиет)</b> <b>Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: адал еңбекті құрметтеу.</b></p>

			4. Бір нәрсе менен биік, Кейде менен аласа. Мұндай қызық дүниеде, Көріп пе едің тамаша. (Бөрік) <b>Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.</b>	<b>тілінің қолдану аясын кеңейту.</b>	
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> (бұдан әрі – ҮІӨ)	"Алуан-алуан кәсіп" тақырыбында әңгімелесу. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</b>	Мамандықтар туралы тақпақтар жаттау. Құрылысшы Қолда темір қалағым, Саздан сарай қаладым. Алматыдан аумайтын Әсем қала саламын. Ш.Садыханов <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>	Мамандықтардың құралдары суретіне қарап әңгімелесу. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)</b>	Мамандықтарға байланысты дидактикалық ойындар ойнау. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, математика негіздері)</b>	Менің арманымдағы мамандығым. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b>
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>	<b>Дене шынықтыру</b> "Доғадан өрмелеу". Мақсат-міндеттер: бір орыннан (қашықтығы 50 см) ұзындыққа секіру (8-10 рет); 6 м қашықтыққа дейін допты жерге ұрып, жүру (2-3 рет) және топпен қолын жерге тигізбей доғадан (биіктігі 40 см) өрмелеп (2-3 рет) өтуге жаттықтыру.	<b>Қазақ тілі</b> "Мамандықтар. Диалогтар." Балалардың ұғымындағы мамандықтар, олардың кәсіптік ерекшеліктері мен қызметі туралы түсініктерін кеңейту. Балаларды бірнеше мамандық иелерін қолданатын құрал-жабдықтары арқылы ажыратып, атауды үйрету; диалог сөйлеуді жаттықтыру; еске сақтау, ойлау қабілеттерін, көру және есту арқылы қабылдауларын, қатынастық дағылырын дамыту. Ұйымшылдыққа, әдептілікке, түрлі мамандық иелеріне деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу.  <b>Музыка</b> "Көңілді арбакеш". Мақсат-міндеттер: балаларды арбакеш туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білуге дағдыландыру.	<b>Дене шынықтыру</b> "Жұптасып шынығайық". Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында тұрып оңға, солға бұрылып секіруге үйрету.	<b>Музыка</b> "Көңілді арбакеш". (қайталау) Мақсат-міндеттер: балаларды арбакеш туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білуге дағдыландыру.	<b>Дене шынықтыру</b> "Мықтылар жарысы". Мақсат-міндеттер: балаларды аяқты бірге қойып секіру; допты бір қолымен кедергі арқылы лақтыруға үйрету.
<b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ</b>	<b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b>	<b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Етікшінің жаңа қос етігі".	<b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b>	<b>Жапсырудан ойын-жаттығу</b> "Абзал жан - дәрігер".	<b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-</b>

<p>"Кімнің қолынан не келеді?" диалогтар ойыны.      Мақсат-міндеттер: балалардың "мамандық" ұғымын қалыптастыру; диалог пен монологтардың сөйлеу түрлері жөнінде мағлұматтар беру; жұмбақ пен тақпақ, мақал жөнінде түсініктерді пысықтау; болымсыз етістік туралы ұғымдар қалыптастыру.</p> <p><b>Құрастыру</b>      "Бағдаршам".      Мақсат-міндеттер: балаларды лего құрастыру материалдарынан бағдаршамды құрастыруға үйрету; жол белгілерін ажырату, жолда жүру ережелері жайлы білімдерін бекіту; көшеде қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу; бағдаршам және оның шығу тарихи, құрылымы жайлы ақпарат беру.</p>	<p>Мақсат-міндеттер: балаларды қос етік сұлбасыларын қазақтың оюларымен безендіруге үйрету; етіктің қоншысына дөңгелек пішінді трафаретті басып, бастырылған дөңгелектің үстіне "мүйіз" оюын салу техникасын қалыптастыру.</p> <p><b>Ұлттық ойын. Аударыспақ</b>      «Аударыспақ» — өте көне дәуірден келе жатқан қазақ халқының ұлттық спорт ойыны. «Аударыспақ» – қазақ халқының арасында кеңінен таралған ойын. Балалар екі жақ басы берік тұғырға бекітілген биіктігі бір-бір жарым метрдей (балалардың жасына қарай), ұзындығы 70-80 сантиметрдей ағаш аттарға орналасқан ағаш аттардың ара қашықтығы екі жақтан созылған қол жететіндей болса жеткілікті. Оларға мінген шабандоз балалар бір-біріне қарама-қарсы отырып қол ұстасады. Төрешінің белгісімен бірін-бірі тартып, не итеріп, әйтеуір қай айласын, не күшін асырғаны қарсыласын ағаш аттан аударып түсуі шарт. Аяқты жерге ағаш атқа тіреуге болмайды. Онда ойын шарты бұзылады. Ойын алаңының айналасына құм немесе жұмсақ кілем төселуі керек. Қай топ жеңсе сол топ жеңімпаз атанады.  <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>"Аспаздың кесу тақталары".      Мақсат-міндеттер: балаларда "реттік сан" ұғымын қалыптастыру; геометриялық пішіндердің қасиеттері жөнінде білімдерін толықтыру.</p> <p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b>      "Мамандықтың бәрі жақсы".      Мақсат-міндеттер: балаларды мамандықтар маңызымен таныстыра отырып, оларды ажыратып, атай білуге үйрету.</p>	<p>Мақсат-міндеттер: қағазбен қайшымен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру.</p> <p><b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b>      "Мен дәрігер боламын".      Мақсат-міндеттер: балаларды "Мен дәрігер боламын" өлеңімен таныстыра отырып, оларды көркем шығармашылыққа баулу және жатқа айтқызу; сахналау арқылы дәрігердің қимылдары мен сөздерін айтуға жаттықтыру.</p> <p><b>Қимылды ойын. Допты ұстап алу</b>      Жүргізушіден басқа балалардың бәрі шеңбер құрап тұрады. Балалар допты бір-біріне береді. Жүргізуші шеңбердің сыртында жүреді. Ол допқа қолының ұшын тигізуге тырысады. Егер қолын тигізсе, сол кезде допты ұстап тұрған ойыншымен орын алмасады. Ал, ойыншы шеңбердің сыртына шығады. Ойын қайталанады. Ойын ережесі: балалар допты бір-біріне берген кезде орнынан шығып кетпеуі тиіс. Жүргізушінің шеңбер ішіне кіруіне тыйым салынады. Допты қалаған бағытқа қарай беруге болады. Бірақ оны тек жанында тұрған балаға ғана береді. Ойын басталған кезде доп жүргізуші тұрған тұстан бастап беріледі.  <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>жаттығу</b>      "Жануарлар емшісі (мал дәрігері)"      Мақсат-міндеттер: балалардың жануарлардың қысқы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; жануарлардың қысқы дайындықтары туралы түсінік беру.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын "Жас экологтар".</b>      Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын сюжетіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту. Ойын барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның,</p>
---	---	---	--	---

					топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b>
<b>Серуенге дайындық</b>	Достарына көмектесуге тәрбиелеу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары)</b>	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуге тәрбиелеу.	Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.	Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.	Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау..
<b>Серуен</b>	<b>Аулада тазартушының еңбегін бақылау</b> <b>Міндеті:</b> Аула тазартушының еңбегін бақылау. Еңбек қимылын көру (қар күреу, белгілі бір жерге лақтыру, жолдарды сыпыру). Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу, көмектесуге ынталандыру. <b>Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b> <b>Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: адал еңбекті құрметтеу.</b>	<b>Қимылды ойын: «Жүгір, отыр, жүгір»</b> <b>Міндеті:</b> Балаларды белгі бойынша үйрету, «отыр», «жүгір» ойын шартын сақтау. Балалардың кеңістікте бағыт-бағдарын тездетуге үйрету. <b>Еңбек: Аулада үлкендерге көмек беру.</b> <b>Міндеті:</b> Еңбектің маңыздылығын білу. Ойын барысында мадақтау, шапшаңдығын дамыту. Татулық қарым - қатынасқа тәрбиелеу. <b>Танымдық іс – әрекет дағдылары</b> <b>Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: адал еңбекті құрметтеу.</b>	<b>Күннің шұғыласын бақылау</b> <b>Міндеті:</b> Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату. <b>Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру. Қимылды ойын: «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны)</b> <b>Міндеті:</b> Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай, кедергі келтірмей жүгіруге үйрету. <b>Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру.</b>	<b>Торғай, көгершін, үйрек құстарын бақылау</b> <b>Міндеті:</b> Құстардың көлеміне, түрі-түсіне, шығарған дыбыстарына қарай, аттарын айыра білуге, қимыл іс-әрекетіне назар аудару, қимылдарын салыстыру. Торғай секіреді, ал көгершін жүреді. <b>Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b> <b>Қимылды ойын: «Көптерді қуып жет»</b> <b>Міндеті:</b> Жарысуға үйрете отырып, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек сүйгіштікке баулу. <b>Еңбек: «Құстарды тамақтандыр»</b> <b>Мақсаты:</b> Құстарды тамақтандыруға және олардың қасында өзін-өзі ұстай білуге және құстарға қамқор бола білуге баулу. <b>Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: адал еңбекті құрметтеу.</b>	<b>Қим. ойын: «Күн мен түн»</b> Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. Ойын мазмұны: Балалар «Күн», «Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Тәрбиеші «Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді. <b>Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: командалық жұмыс жасай білу.</b>

<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p><b>Өзіне-өзі қызмет көрсету</b> дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. <b>(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)</b></p>	<p><b>Таңғажайып алақан»</b> Мақсаты: қиялын, бейнелі ойлауын, бейнелеу шеберлігін, көркемдік талғамын дамыту. (ашық алақан бейнесі); қағаз парағы, қарындаш, өшіргіш, түрлі-түсті қарындаштар (әр балаға). Ойын барысы: Тәрбиеші балаларды саусақтарын ашық алақанмен айналдыруға шақырады. Дайындық жұмыстарын аяқтағаннан кейін ол: «Балалар, сендердің суреттерің ұқсас; оларды әр түрлі етуге тырысайық. алақанның әдеттегі бейнесін ерекше суретке айналдыру». Баланың қиялы сізге бұл сұлбаларды күлкілі суреттерге айналдыруға мүмкіндік береді: сегізаяқ, кірпі, тұмсығы үлкен құс, клоун, балық, күн және т.б.</p>	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. <b>(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)</b></p>	<p><b>«Кімге не керек»</b> Ойынның мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету Ойынның шарты: Тәрбиеші тақтаға әр түрлі мамандық иелерінің суретін орналастырады. Үстел үстінде мамандықтарға қажетті құрал жабдықтар бейнеленген кәртішкелер. Тәрбиеші осы бейнеленген кәртішкелерді сәйкестендіріп, өз мамандық иелерінің қасына орналастыру керектігін түсіндіреді. М/ы: тігіншіге-ине, құрылысшыға-қалақ, мұғалімге-кітап т.б</p>	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. <b>(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)</b></p>
<p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p><b>«Апта күндері»</b> Мақсаты: Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету Барысы: Арнайы дайындалған карточканы көрсетіп, таныстыру. Апта күндерін атату, карточканы таратып беру. Тақтаға шыққан бала карточкаға сәйкес өз апта атын білу керек. <b>(математика негіздері)</b></p>	<p><b>Дәрігер</b> Дәрігермін мен деймін, Кәрі әжемді емдеймін. Көп-көп ішіп дәріні Кәрілікті жең деймін. <b>(көркем әдебиет)</b></p>	<p><b>«Жануарларға қамқор боламыз»</b> Мақсаты: Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу. Балалардың үй жануарлары туралы білімін тереңдету және жүйелеу. Балаларды сипаттау арқылы жануарларды білуге үйрету. Өз көңіл-күйін білдіруге, басқаның көңілін түсінуге баулу. Білімдерін бекіту. <b>(қоршаған орта)</b></p>	<p><b>Диалогтар ойыны. "Мамандықтар туралы жұмбақтар".</b> Мақсат-міндеттер: балалардың мамандықтар туралы білімдерін пысықтау, тиянақтау, коммуникативтік қабілеттерді жетілдіру. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>«Ертегі кейіпкерлеріне түс таңдаңыз»</b> Мақсаты: жақсылық пен жамандық ұғымдарын бейнелеу үшін түстер схемасын таңдауға үйрету. Шығармашылық қабілеті мен қиялын дамыту. <b>(Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)</b></p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Жеке жұмыс</b> <b>Жұмбақ жасыру</b> Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күннің көзі) (белсенді баламен жұмыс)</p>	<p><b>Жеке жұмыс</b> Суретті таза бояуға, мүсіндеу жұмыстарын және қайшымен дұрыс жұмыс жасауға жаттықтыру. <b>(Шығармашылық дағдылар)</b></p>	<p><b>Жеке жұмыс</b> Теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарын және қағаздан көлемді пішіндер жасай білуін үйретуді жалғастыру. <b>(Танымдық және зияткерлік дағдылары)</b></p>	<p><b>жеке жұмыс</b> Ойдан әңгіме құрастыруға, ертегілерді сахналауға ынталандыру. <b>(Коммуникативтік дағды)</b></p>	<p><b>Жеке жұмыс</b> <b>Тақпақ оқу, жаттау</b> Еңбек сүйсең, жасыңнан, Бақыттысын, жас ұлан – Дейді атам ылғи да, Сипап менің басымнан.</p>

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p><b>«Мекенін тап»</b> Міндеті: Жан-жануарларға жәндіктерге қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Шарты: Үй және жабайы жануарлар, жәндіктер мен құстардың суреттерін өз мекен жайларына орналастырып, әңгімелеп беру. <b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>«Таяқшамен жұмыс»</b> Міндеті: үлгі суретке қарап, дұрыс құрастыра білуге үйрету. Шарты: таяқшалар таратылады, сол таяқшаны пайдаланып, үлгі суретке қарап бейнені құрастыру. <b>Құрастыру</b></p>	<p><b>«Танып ал да, атын ата»</b> Міндеті: Заттың түр - түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру. Сөздік қорын молайту. Ойлау қабілетін дамыту. Шарты: Ортаға әртүрлі суреттерді тастау. Әр бала өзінің таңдаған суретін алып, оның түр - түсі, пішіні жайлы әңгіме айтып береді. <b>Математика негіздері</b></p>	<p><b>Сурет бойынша әңгіме</b> құрастыру: -Жылдың қай мезгілі? Ай аттарын ата? -Қазір қай ай? -Бір аптада неше күн бар? -Аптаның қай күні? <b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>«Кімге не керек»</b> Міндеті: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету. Шарты: Үстел үстінде мамандықтарға қажетті құрал жабдықтар бейнеленген кәртішкелер. М/ы: дүкеншіге-таразы, мұғалімге-кітап т.б <b>(Қоршаған ортамен таныстыру)</b> <b>Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: адал еңбекті құрметтеу.</b></p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p><b>Ұсыныс:</b> Үйде көліктер туралы мультфильм көруді ұсыну</p>	<p><b>Ата-анаға</b> балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу</p>	<p><b>Ата-аналармен</b> балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу</p>	<p><b>Ата-аналарға</b> ауа райының өзгеруіне байланысты балалардың киімдерін қадағалауды ескерту</p>	<p><b>Апта бойы</b> балалардың қандай іс әрекеттер жасағаны туралы айтып беру.</p>



**ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мектепке дейінгі ұйым (балабақша / мектепке дейінгі шағын орталық)

АККЕМЕР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ

Топ: «БАЛДЫРҒАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

Балалардың жасы: 4 ЖАС

Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 12.02.2024 – 16.02.2024

Тәрбиеші: Тореева Айман Шонтыбаевна

Күн тәртібінің үлгісі	ДҮЙСЕНБІ	СЕЙСЕНБІ	СӘРСЕНБІ	БЕЙСЕНБІ	ЖҰМА
	12.02.2024	13.02.2024	14.02.2024	15.02.2024	16.02.2024
Балаларды қабылдау	<p>Үлкен адамға сәлем беру-кішінің міндеті. Сәлем беру-инабаттылық, имандылық, көргенділік, мәдениеттілік белгісі. Үлкен адамдармен амандасқанда, ол кісі сәлемімді алмаса ойланып қаламын. Бірақ мен өз міндетімді орындаймын.</p> <p>Әдепті елдің баласы Алыстан сәлем береді.</p> <p><b>Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: әдеп нормаларын сақтау.</b></p>	<p>Біз бүгінгі кіп-кішкентай баламыз, Апайларға сәлемдесіп аламыз. «Айналайын» деген сөзден нәр алып, Күні ертең –ақ күндей болып жанамыз</p> <p>Әдепті бала үлкендермен, жолдастарымен амандасып жүреді. Қалаға барса немесе ауылға келсе туыс- туғанға, үлкен ата- әжелерге барып тұрып амандасу керек.</p> <p><b>Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: әдеп нормаларын сақтау.</b></p>	<p><b>Достар бірге жүреміз,</b> (қол ұстасып, айнала жүру) Бірге ойнаймыз, күлеміз. (бір-біріне қарап, күлу) Бірге балық аулаймыз, (қолдарын алға созу) Міне, біздер қандаймыз! (қолдарын жоғары созу) Бөлінбейді іргеміз, Әрқашанда біргеміз.</p> <p><b>Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: достарына қамқор болу, мейірімді болу.</b></p>	<p><b>Қатар, қатар тұрайық</b> Кәне, кәне сұрайық Кімнің болсы бойы ұзын Паравозы поездің Пш-пш-пш-пш біз кеттік Жүрісті біз үдеттік Гу-гу-гу гуілде Қалып қойма бірінде. Күннің шыққаны жақсы ма? (күнді бейнелейді) Жақсы! (алақандарын соғады) Желдің соққаны жақсы ма? (желді бейнелейді) Жақсы! (алақандарын соғады) Достарыңмен жүрген жақсы ма? (адымдайды) Ананды құшақтаған жақсы ма? (өздерін құшақтайды) Жақсы! (алақандарын соғады) Туған өлкеде жақсы ма? (құшақтарын жаяды) Жақсы! (алақандарын соғады)</p>	<p>«Дос достыққа» сергіту ойыны Шарты: Ол үшін жасалатын қимылды тезтез жасау керек. 5 секундтың ішінде өзіңізге серіктес тауып алыңыз да тез-тез онымен қол алысыңыз. Ал енді бірбірімізбен «сәлемдесеміз»: Оң қол оң қолмен! Мұрын мұрынмен! «Дос достыққа» деген бұйрықты естігенде жұптарыңызды айырбастайсыздар Бүгін біз ой, сезім және мінез-құллық бір-бірімен қалай байланысты екендігін білеміз.</p> <p><b>Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: достарына қамқор болу, мейірімді болу.</b></p>
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	<p><b>Әңгіме: отбасындағы әкенің рөлі:</b> Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады.</p>	<p><b>Кеңес айдары:</b> <i>Барлық ескертулерді шын пейілмен, үстірт бағаламай, айдар тақпай жай түсіндіру.</i></p>	<p><b>Әңгіме:</b> Балалардың бойында салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастыруға бағытталған, салауатты өмір салты мәдениетіне тәрбиелеу</p>	<p><b>Сауықтыру шаралары туралы кеңес:</b> <i>Денсаулықтың маңыздылығын құндылық ретінде түсіну.</i></p>	<p><b>Кеңес айдары:</b> Оның уақытылы ұйықтауға жатуын қадағалаңыз.</p>
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды)	<p><b>Тіл ұстарту жаттығуы</b> Өс- өс- өс, Тігіп алдым қос, Екіге екіні қос. Көңілде жоқ</p>	<p><b>Кеңістіктер д\ о: «Жоғарыда-төменде»</b> Мақсаты: жоғары– төмен</p>	<p>Тақырыбы: « Таңертең. Біреу-көп» Мақсаты: таңертең. (таң)-</p>	<p>«Ойыншықтар әлеміне саяхат» Тақырыбы: Менің ойыншықтарым Мақсаты:</p>	<p><b>ТҮЛКІШЕК</b> (қызықтама) Түлкі, түлкі, түлкішек, - Түнде қайда барасың?</p>

<p>ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>қос. Өс-өс-өс. Өнегелі болып өс. Ұқыпты боп өс. Ағаш тез- тез өс. Музыка әуенін тыңдап, музыка сай жаттығу жасау <b>(қазақ тілі, музыка)</b></p>	<p>ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейін, қиялды дамыту. <b>Дид-қ ойын: «Менің айтуым бойынша».</b> Мақсаты: Суреттеп айтқан баланы табу қаже</p>	<p>тәулік бөлігімен таныстыру. Осы сөздерді сөйлеу барысында қолдану; таныс зттарды көлеіне қарай ( үлкен -кіші) және санына қарай ( бір -көп) салыстыруды үйрету <b>(танымдық дағды)</b></p>	<p>Балаларды ойыншықтың түрімен таныстырып, ойыншықты әдемі жинауды үйрету</p>	<p>- Апам үйіне барамын, - Апаң саған не берер? - Ешкі сауып сүт берер, - Оны қайда қоясың? - Жалпақ тасқа қоямын.</p>
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> (бұдан әрі – ҮІӨ)</p>	<p><b>"Қара да, қайтала"</b> ойын жаттығуы. Мақсаты: Көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту. <b>(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</b></p>	<p><b>Құрастырудан ойын -жаттығу.</b> " Балабақша біздің үйіміз". Мақсаты: Балаларды құрамында: текше, білеу, үшбұрыш, цилиндр, тақтайша бар құрылыс материалдар жинағынан екі қабатты балабақшаны құрастыруды үйрету.</p>	<p><b>Мүсіндеуден ойын-жаттығу. "Асқар ата келді".</b> Мақсаты Балаларды сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, түрлі әдістерді қолданып, ыдыс-аяқ жасауды және бұйымның сыртын дымқыл шуберекпен өңдей отырып, пішіннің бетін тегістеуді үйрету.</p>	<p><b>Музыкадан ойын - жаттығу. "Көңілді балалар".</b> Мақсаты: Балаларды балабақша туралы әнді тыңдай отырып, оның сын - сипатын ажыратуды үйрету.</p>	<p><b>Дамытушы жаттығу</b> "Саны сонша допты көрсет." Мақсаты: Доптардың көлемі мен түсін анықтау. <b>(танымдық дағдылар)</b></p>
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Велотренажер". "Велосипед". Мақсат-міндеттер: құм салынған қапшаны 3 м қашықтықтан оң қолымен (иық тұсынан) тік ұстап, нысанаға лақтыру (5-6 рет); биіктігі 40 см таяқтың (арқанша) астынан еңбектеп өту (2-3 рет) және биіктігі 40 см арқаннан аттап жүруге (2-3 рет), велотренажер "Велосипедпен" жаттықтыру.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> "Тұрмыстық техника. Жеңіл - ауыр. Суық - ыстық" Мақсат-міндеттер. Тұрмыстық техника туралы түсініктерін кеңейту, тұрмыстық техниканың адам өміріндегі рөлі туралы түсінік беру; «жеңіл - ауыр», «суық - ыстық» заттардың қасиеті жайлы түсініктерін бекіту; құрылғыларға күтім жасау ережелері туралы түсініктерін дамыту. Балаларға тұрмыстық техника туралы тақпақты мұқият тыңдап, таныс сөздерді тауып атауды үйрету; сөз тіркестеріндегі тұрмыстық техниканың қызметін бейнелейтін етістіктерді дұрыс айтуға жаттықтыру; сөз тіркестерін, антонимдік жұптар құрауға үйрету; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, заттардың сапасына қызығушылықтарын арттыру. Ізденімпаздылыққа, ұқыптылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.  <b>Музыка</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Аяқпен жасалатын қимылдардың түрлері". Мақсат-міндеттер: балаларды ұсақ және алшақ адыммен жүру дағдыларын қалыптастыру; табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектеуге үйрету.</p>	<p><b>Музыка</b> "Ойыншық аспаптар". Мақсат-міндеттер: балалардың жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білу және эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту ережелеріне дағдыландыру.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Жүгірушілердің жарыстары". Мақсат-міндеттер: балаларды аяқтарын алшақ қойып секіруге; 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету.</p>

		<p>"Ойыншықтар".          Мақсат-міндеттер: балалардың жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білу және эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту ережелеріне дағдыландыру.</p>			
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p><b>"Моншақтарды жинаймыз" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндерді екі қасиеті бойынша (түсі мен пішіні, көлемі мен пішіні, топтастыру біліктіліктерін қалыптастыру, пішіндердің кезектесуіндегі қарапайым заңдылықтарды көру. <b>(математика негіздері)</b></p>	<p><b>Саусақ жаттығуы.</b> Дөңгеленіп тұрайық, (шеңбер құрайды) Керегені құрайық. (қолдарын жандарына созып бір-бірінің арқаларына қояды) Уықтар боп иіліп, (қолдарын жоғары созып, сәл иіледі) Киіз үйді құрайық (қолдарына жанына созып, шеңбер бойымен айналады) <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Жаңылтпаштар жаттау.</b> Арқада алты арқар бар, Қырқада қырық арқар бар. Қырық арқарда ақ арқар бар. Алты арқарда марқа арқар бар.  <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>	<p><b>"Наурыз" өлеңін жаттау.</b> Қарды ерітіп жылғасы, Наурыз келді – жыл басы. Шуақ төкті жарық күн, Мейрамында халықтың. Бата беріп ағамыз, Бата беріп апамыз, Тәтті болып жасалған, Наурыз дәмін татамыз. Б.Жақып <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>	<p><b>Артикуляциялық жаттығу "Дәмді тосап".</b> Мақсат-міндеттер: тілдің жалпақ ұшын жоғары көтеріп, тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету. Қысқаша сипаттамасы. Жалпақ тілмен жоғарғы ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу. Әдістемелік нұсқау. 1. Жаттығуды орындаған</p>

					<p>кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау керек.</p> <p>2. Тіл жалпақ болып бүйірлері ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.</p> <p>3. Тіл оңға және солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.</p> <p>4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя-пя-пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген соң шпательмен тілді жоғары еріннің үстіне қайыру керек.</p> <p><b>(сөйледі дамыту және көркем әдебиет)</b></p>
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	<b>Ата-аналарға арналған кеңес:</b> Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналарға арналған кеңес:</b> «Спортпен шұғылдандудың маңызы» кеңес спорт нұсқаушы.	<b>Ата-аналарға арналған кеңес:</b> Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	<b>Ата-аналарға арналған кеңес:</b> «Тез тамақтанудың зияны»	<b>Ата-аналарға арналған кеңес:</b> «Балаңызбен демалысты қалай өткізесіз?» сұрақ-жауап.

**ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мектепке дейінгі ұйым (балабақша / мектепке дейінгі шағын орталық)

АККЕМЕР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ

Топ: «БАЛДЫРҒАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

Балалардың жасы: 4 ЖАС

Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 18.03.2024– 22.03.2024

Тәрбиеші: Тореева Айман Шонтыбаевна

Күн тәртібінің үлгісі	ДҮЙСЕНБІ	СЕЙСЕНБІ	СӘРСЕНБІ	БЕЙСЕНБІ	ЖҰМА
	18.03.2024	19.03.2024	20.03.2024	21.03.2024 Наурыз мерекесі	22.03.2024 Наурыз мерекесі
Балаларды қабылдау	<p>«Тәрбие бастауы» Мақсаты: Мақал-мәтел, жаңылтпаш, айтыс, ертегі, күй ырғағы, ырым-тиым сөздер арқылы тапқыр сөйлеуге, өз ойларын жаңылмай, мазмұндап жеткізе білуге үйрету.</p> <p><b>Сәлемдесудің түрлерін білу:</b> а) Ер адамдармен қол алысып амандасу. ә) Қыз балалармен, әйел адамдармен бас изеп амандасу дәстүрін күнделікті өмірде пайдалана білу.</p>	<p>«Ардақтайық қазақтың ата-салтын» Мақсаты: Балаларға қазақтың ұлттық салт-дәстүрі, әдеп-ғұрпы туралы түсінік беру. Міндеттері: Ата-бабабларымыздың тәрбиелі өнегесін құрмет тұтуға тәрбиелеу. Имандылық, инабаттылық, адамгершілік қасиеттерін дамыту. Ұлттық сезімдерін ояту.</p> <p><b>Қонақты қарсы алып, күте білу, көршімен сыйлы болуды, дастархан жаю дәстүрін іс-әрекет арқылы көрсете білу.</b></p>	<p>«Ұлттық киімдер» Мақсаты: Балаларды қазақ ұлттық киімдермен таныстыру. Міндеттері: Ұлттық киімдердің ерекшелік мәнін түсіндіру. Эстетикалық талғамдарын арттыру, әсемділікке баулу. Дәстүрлі киімдердің қасиетін бағалай білуге үйрету.</p> <p><b>Батаның ерекшеліктерін ажырату, жалпы мән-мағынасын түсініп дастархан басында берілетін батаны мәнерлеп айта білу</b></p>		
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	<p><b>Әңгіме:</b> «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші, жалпы отбасында ұл бала тәрбиесінде әкенің, қыз бала тәрбиесінде шешенің орны ерекше. Осы тұрғыда әңгімелесу, тәрбиеге көңіл бөлу.</p>	<p><b>Ұсыныс:</b> Үлкенді құрметпен қадір тұту, ілтипатты қарым-қатынаста болу, сыйласа білу, ата-ананы қартайғанда қарау, кішіге қамқор болу. Балаға осы тақырыпта көбірек әңгімелесу ұсынылады.</p>	<p><i>Бала тәрбиесіне көп көңіл бөлу керек: Отбасында бала тәрбиесіне теріс ықпал ететін факторлардан ата-ана әрқашан аулақ болуы керек.</i></p>		
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды	<p><b>Мақал-мәтел</b> мазмұнын ашып айту (3-4), өз ойын жеткізе білу.</p>	<p><b>Жаңылмай жаңылтпаш айту:</b></p>	<p><b>Тыйым сөздердің</b> мағынасын, тәрбиелік мәнін түсініп, күнделікт өмірде</p>		



	<p>Мақсаты: Балаларды үш ырғақты суретті айыруға үйретуді жалғастыру. Бізге аю келіпті. Топ-топ, топ-топ. Ол әндетіп, билейді, Топ-топ, топ-топ. Түлкі ханым да келіпті, ля-ля-ля-ля. Әндері қандай жақсы Ке-ре-мет, ке-ре-мет. Сұр қасқыр келіп жетті Тістерін қайрап кепті. <b>(музыка)</b></p>	<p><b>Қазақ тілі</b> <b>"Сөйлемді аяқта"</b> Мақсаты: Есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамыту. Мысалы: Тәрбиеші өлеңнің сөйлемін оқиды, балалар жалғасын табады. Мен барамын .....(бақшаға) Апайымның.....(қасына) Ойнаймын мен.....(бақшада) Ұйықтаймын.....(бақшада) Қайтамын үйге.....(баптай) Жан әжем екеуміз .....(асықпай) <b>(КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ, ҚАЗАҚ ТІЛІ)</b></p>			
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӘ</b></p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Тұмарша". Мақсат-міндеттер: балаларды қағаздың бетіне тұмарша үшбұрышын салып, сұлбасы іші мен сыртын қазақтың белгілі ою элементтерімен безендіру тәртібіне үйрету; "ирек", "мүйіз" ою элементтерінің салу техникасын ұштау; тұмаршаны қосымша бөлшектер, шашақтармен толықтыруға бейімдеу.</p> <p><b>"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған</p>	<p><b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b> "Үй жиһаздары". Мақсат-міндеттер: балаларды құрамында: тақтайша, білеу, текше бар құрылыс материалдар жинағынан үй жиһаздарын құрастыруға үйрету.</p> <p><b>«Арқан тартыс» дидактикалық ойыны.</b> «Арқан тартыс» ойынының негізгі шарты 2 топтың сынасуы болса, қазақ тілі сабағында 2 топ білім сынасады. Мұны былай жасадым: жуандығы 2 елідей ұзын жіпті тақтаның жоғарғы жағына 2 шегеге іліп, ұштарын теңестіріп қоямын. 2 топтан бір оқушыдан шығып, бір мезгілде мақал-мәтелдерді тоқтамай айтып шығады. Қай топтың оқушысы бұрын шығарса, жіптің ұшын өзіне қарай тартады. Нәтижесінде арқан қай топқа қарай көп жылжыса сол жеңеді деп есептеледі. Бұл ойынды барлық пәндерге қолдануға болады. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Жеті ата тақпағын мәнерлеп оқу". Мақсат-міндеттер: балаларды халықтың дәстүрі, жеті ата туралы тақпақпен таныстыру, "жеті ата шежіресі" ұғымын түсіндіру; туыстық жөнінде түсініктер аясын кеңейту; сөйлеудің монолог және диалог мысалыдарын көрсету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b> "Бәйшешек".</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың бәйшешек туралы түсініктерін кеңейту; көктемде пайда болатын бәйшешектің ерекшеліктерімен таныстыру; наурыз айындағы көктемгі табиғаттың белгілерін ажыратып, атай білуге үйрету.</p>		

	баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. <b>(дене шынықтыру)</b>				
<b>Серуенге дайындық</b>	Серуенге ойын алаңын алдын-ала дайындау;	Серуенге алып шығатын құралдардың талапқа сай болуы;	Балалардың еңбекке дайындығы; баланың жан-жақты танымын дамыту.		
<b>Серуен</b>	<b>Ауа райының жағдайын бақылау.</b> Мақсаты: табиғи құбылыстың бірі - тұман туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыстарды бақылауға үйрету; осы құбылыстың ерекшеліктерін байқау, қорытынды жасау. <b>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қоқыстарды жинау).</b> Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жылдам", "Батпырауық және тауық".</b> Мақсаты: жүгіру, көтерілу, секіру қабілеттерін жетілдіру.	<b>Бағдарлау. Ойын алаңына экскурсия.</b> (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсаты: Балаларды бағдарлау барысына басынан аяғына дейін зейін салып қатысуға бейімдеу. <b>Еңбек әрекеті:</b> жолдарды сыпыру. Мақсаты: Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. <b>"Үйректер мен аңшылар" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> (дене шынықтыру) Мақсаты: Ұйымшылдыққа, зейінділікке тәрбиелеу, балаларды допты қозғалмалы нысанға тигізуге жаттықтыру.  <b>Біртұтас тәрбие құндылығы: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру.</b>	<b>Мысықты бақылау.</b> (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсаты: Балалардың үй жануарлары, мысық жайлы білімдерін нақтылау, сипаттау мәтінін құрастыра білуге машықтандыру. <b>Еңбек әрекеті:</b> ойын алаңындағы ұсақ қоқыстарды жинап, қоқыс жәшігіне тастау. Мақсаты: Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. <b>"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> (дене шынықтыру) Мақсаты: Балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жылдам жүгіруге баулу.  <b>Біртұтас тәрбие құндылығы: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру.</b>		
<b>Серуеннен оралу</b>	«Теңіз» ойыны Ойынның	«Бұл қай кезде болады?» Ойынның	. «Айналмалы дөңгелек» Ойынның		

	<p>мақсаты:Музыканың ауыспалы сипатын естіп,сезіну қабілеттерін дамыту. Әуенді мұқият тыңдап, табиғат құбылыстарымен баныстыра сезініп, елестете білуге үйрету.</p> <p>Ойынның шарты: Балалар ұнтаспадан «Теңіз» шығармасын тыңдайды. Теңіздің үш түрлі қалыптағы күйі бейнеленген карточкалар беріледі. Шығарма тыңдалып, жетекші теңіздің әртүрлі күйдегі суреттермен таныстырады.( «тыныш жатқан» теңіз, «толқынды» теңіз, «буырқанған» теңіз). Шығарма екінші рет тыңдалып, әуеннің көңіл күйі карточкалар арқылы көрсетеді.</p>	<p>мақсаты: Жыл мезгілдері туралы ән, әуендерді тыңдап, ерекшеліктерін сипаттай білуге баулу.</p> <p>Тыңдалған шығармадан алған өз әсерлерін әңгімелей білуге дағдыландыру.</p> <p>Ойынның шарты: Балаларға жылдың төрт мезгілі бейнелеген суретті карточкалар таратылады. Шығармаларды тыңдап, мазмұнына, мәтініне сәйкес суретті карточканы көрсете білу.</p>	<p>мақсаты:Шығарманы тыңдау арқылы балаларға музыка жанрларын ажырата білуге үйрету.</p> <p>Ойынның шарты:Дөңгелек бетіне барабан, ай, доп суреттері салынған карточка ұсынылады. Балалар әуенді тыңдап, дөңгелекті айналдыру арқылы вальс ойналғанда көбелекті, марш әуеніне барабанды, бесік жыры орындалғанда айдың, полька биінде доптың суреттерін көрсетеді.</p>		
<p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p><b>«Ертегіні үш сөзден тауып ал»:</b></p> <p>1) Қатық, құйрық, сиыр. ("Мақтақыз бен мысық")</p> <p>2) Ешкі, лақтарым, шырақтарым, қасқыр ("Қасқыр мен жеті лақ") <b>(көркем әдебиет)</b></p>	<p><b>«Нені жоғалттым?»</b></p> <p>Мақсаты: сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту</p> <p>Шарты:Заттардың ішінен 1-2 затты тығып қою, балалар көзін ашқанда сол заттың немесе киімнің атын атап жауап беруі керек. <b>(қоршаған орта)</b></p> <p><b>Дидактикалық ойынның атауы: «Өрнектерді құрастыр</b></p> <p>«</p> <p>Мақсаты: Балалардың геометриялық пішіндер мен түстер жайлы білімдерін бекіту, түсті тандай білуге үйрету</p> <p>Ойын барысы: Қағаз бетінде геометриялық пішіндерді орналастыру. <b>(жапсыру, құрастыру)</b></p>	<p><b>Қимылды ойын:«Киіз үй»</b></p> <p>Мақсаты: балалардың есте сақтау қабілетін дамыта отырып, шапшаңдыққа үйрету.</p> <p>Ойын шарты: Төрт орындықты қояды. Әрбір орындықтың үстінде орамал жатады. Балалар орындықты айнала жүгіріп, тәрбиешінің дабылы бойынша «киіз үй» құрады: орамалдың бұрышынан ұстап жоғары көтереді. <b>(ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ)</b></p>		
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p>Сөйлем құрастыра білуге үйрету. Отбасы мүшелері</p>	<p><b>Бала аты....</b> нейрожаттығулар жасау</p>	<p>Көлік түрлерін ажырата білуге баулу. (бала аты..)</p>		

	жайлы әңгіме жүргізу. (бала аты..)				
<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p><b>Дидактикалық ойынның атауы:</b> «Ғажайып кілемше»  <b>Мақсаты:</b> Түрлі сызықтар мен ою-өрнектердің жалғасын есте сақтау  <b>Ойын шарты:</b> Бала кілемді ашып, тәрбиеші көмегімен алғашқы бөліктеріне ою-өрнектерін салады. Бұдан соң кілем бойымен өрнектерді атай отырып жылжиды. Баяу әуен ойнайды. Балалар түрлі-түсті қалдық материалдар мен таяқшалары бар дорбалар таратылады. Олар кілемге шеңбер құра отырып, өздерінің жанына бұл моншақтар мен таяқшалардан кішкене дөңгелек түріндегі өрнектер қояды.  <b>(сурет салу)</b>  <b>Жұмбақтар</b>  Кезекті бір жануар  Үстінде екі тауы бар (Түйе)  Екеуі елеңдеп келеді,  Төртеуі төбелесіп келеді  (Аттың екі құлағы, төрт аяғы)  <b>Жаңылтпаш</b>  . Ай, ай Айдарбай,  Иір мүйіз сиырыңды,  Үйіңе айдай бар.  Үш кіші ішік піштім,  Бес кіші ішік піштім,  Неше кіші ішік піштім  <b>(қазақ тілі)</b></p>	<p><b>"Желкен»</b>  <b>Ойын мақсаты:</b> балаларды "Үшбұрыш" формасымен таныстыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын барысы.  Балаларға суретте не салынғаны туралы айтып, содан кейін желкенді қарындашпен бұрыңыз. Қандай геометриялық фигураға ұқсас, қандай геометриялық фигуралар белгілі.  Осыдан кейін балалар кішкентай Үшбұрыш, содан кейін үлкен. Егер олар қиын болса, оларды бояуға, кесуге және суретке салуға ерік беру.  <b>(математика, шығармашылық іс-әрекеттер)</b></p>	<p><b>«Сары түске бес зат айт»</b>  <b>Мақсаты:</b> сөздік қорын молайту, тапқырлыққа тәрбиелеу.  <b>Шарты:</b> Тәрбиеші балаларға сары түсті карточканы көрсетеді. Осы түске байланысты бес заттын атауын айтуға үйрету..  <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p> <p><b>«Жүреді, жүзеді, ұшады»</b>  <b>Мақсаты:</b> Көлік түрлерін ажыратуға үйрету. Сөздік қорын молайту.  <b>Шарты:</b> Топтың ішінде (жол, теңіз, темір жолы, аспан бұлттарымен, әуежай) тақта алдында қойылады. Балалар көлік түрлерінің суретін тандап алады да, тақтада орналасқан суреттерге қарап таңдаған суретін апарып қояды. Көліктердің қозғалу ұғымын түсіндіріп айтады.  <b>(қоршаған орта)</b></p> <p><b>"Геометриялық фигуралар»</b> <b>Мақсаты:</b> балаларды негізгі геометриялық фигуралармен таныстыру.  <b>Ойын барысы.</b> Сурет бойынша сөйлескеннен кейін баладан квадрат (үшбұрыш, шеңбер, тіктөртбұрыш) көрсетуді, содан кейін нүктелі сызықтармен бейнеленген фигураларды қарындашпен қоршауды, содан кейін суретті бояу, құрастыру,</p>		



			жапсыру. (математика, шығармашылық іс- әрекеттер)  Ұлттық ойындар: Арқан тартыс, асық ату, қыз құу.		
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу	Ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру	Мерекеге байланысты демалыстар жайында ескерту жұмысын жүргізу.		

**ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мектепке дейінгі ұйым (балабақша / мектепке дейінгі шағын орталық)

АҚКЕМЕР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ

Топ: «БАЛДЫРҒАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

Балалардың жасы: 4 ЖАС

Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 25.03.2024– 29.03.2024

Тәрбиеші: Тореева Айман Шонтыбаевна

Күн тәртібінің үлгісі	ДҮЙСЕНБІ	СЕЙСЕНБІ	СӘРСЕНБІ	БЕЙСЕНБІ	ЖҰМА
	25.03.2024	26.03.2024	27.03.2024	28.03.2024	29.03.2024
Балаларды қабылдау		<p>«Сәлеметсізбе» деп неге айтады? Мақсаты: балаларда кездесу кезінде әдептің негізгі ережелерін қалыптастыру. Сәлемдесу тәсілдерімен таныстыру. Ауызекі тілде «жылы сөздерді» қолданудың маңыздылығы мен қажеттілігі туралы идеяларды бекіту, оларды қолдануға деген ұмтылысты ояту. (сөйлеуді дамыту)</p> <p><b>Санамақтар.</b> Бірім - бір, Екім - екі, Үшім - үш, Төртім - төрт, Бесім - бес, Алтым - алты, Ауыр балтам, Қалды қалтам! Қыркылдауық, Қырма тауық! Олпық-солпық, Сен кір, сен шық! (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Көңілді муызка қою.. Алақандарын соғып кимылдату</p> <p><b>Саусақ жаттығуы</b> Бір, екі, үш, төрт, (қол шапалақтау және жұдырықшаларды бір-біріне соғу) Біз ыдыс жудық: (бір алақан екінші шеңберде сырғып кетеді) Шәйнек, шыныаяқ, шелек, қасық Және үлкен қазан. (саусақтарыңды үлкеннен бастап бір-бірден бұғу) Біз тек шыныаяқты сындырдық, Шелек те құлады, Шәйнектің мұрны сынды. Біз қасықты аздап сындырдық. (саусақтарыңды үлкеннен бастап бір-бірден созу) Біз анамызға осылай көмектестік! (жұдырықпен бір-біріне соғу, қол шапалақтау)</p>	<p>Біз – кішкентай балдырған, Сескенбейміз жаңбырдан. Төбемізде қолшатыр Алдымызда жол жатыр. <b>«Мейірімділік дегеніміз не»</b> Мақсаты: балаларда мейірімділік туралы маңызды адами қасиет ретінде түсінік қалыптастыру. Ізгі істер жасауға деген ұмтылысты ынталандыру.</p>	<p>«<b>Кімді көріп тұрсың?</b>» Шарты: Балаларға экраннан отбасы мүшелерінен кімді көріп тұрғандарын айтады</p> <p><b>Саусақ ойыны:</b> Біздің қызыл гүлдер- жапырақшалар гүлдейді. (Жұдырықшаларды қысу, ашу) Жел сәл дем алады, жел соғады. (Саусақтарды ақырын бұғу) Біздің сары гүлдер- жапырақшаларды жабу. (Жұдырықшаларды қысу, ашу) Тыныш ұйықтап, бастарын шайқау. (Қолды төмен түсіру. Қолдың дөңгелек кимылдары)</p>
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу		<p><b>Әңгіме:</b> Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу</p>	<p><b>Баланың</b> бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу.</p>	<p><b>Ата-аналармен</b> бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу</p>	<p><b>Ата-аналарға кеңес:</b> «Ойыншықты қалай тандап аламыз?»</p>

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>		<p><b>«Ертегілерге шолу»</b>  <b>Мақсаты:</b> Кітаптарды бірге қарау, мазмұнын эмоционалды түрде айту. <b>Шарты:</b> ойқозғау, өткен ертегілерді еске түсіру.  Сұрақ жауап</p>	<p><b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Қайсысы ұнайды?»</b>  Мақсаты: Суреттен көрген заттарының атын атап, суреттеп, қайсысының ұнайтынын, не үшін ұнайтынын айтқызы. Сөздік қорын молайту.  .Ойын шарты: Әр түрлі суреттерді көрсетіп, олардың қайсысының ұнайтыны, не үшін ұнағаны туралы сұралады. Олардың қай мезгілде бейнеленгенін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер енгізу үшін, тапсырманы түрлендіруге болады.  (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</p>	<p><b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Экологиялық пирамида»</b>  Мақсаты: Балаларды логикалық ойлай білуге, әр сатыны таңдауын негіздей отырып, экологиялық пирамида құрастыруға үйрету.  <b>Ойынның барысы.</b> Тәрбиеші балаларға текшенің тірі және өлі табиғат бейнеленген беттерін көрсетеді.  Бірінші беті – күн, жер, дөңдер, тышқан, жылан, қаршыға.  Екінші бетте – күн, жер, гүл, көбелек, шымшық, жапалақ.  Үшінші беті – күн, жер, шөп, орман, қоян, қасқыр, түлкілер.  Төртінші беті – күн, су тоғаны және балдырлар, су жәндіктері, бақа мен балық, кірпі</p>	<p><b>«Пошта»</b>  Мақсаты: Балалардың пошта қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін қалыптастыру. Хат-хабарларды жіберу және алу тәсілдері туралы балалардың түсініктерін кеңейту. Қиялын, ойлау, сөйлеуін дамыту..  <b>(Қоршаған ортамен таныстыру)</b></p>
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> (бұдан әрі – ҰІӘ)</p>		<p><b>«Кім жылдам?»</b>  Жұмбақ жасыру  Ұзын – ұзын жіп,  Ұшына шыққан жан бар ма.  Ұшына шықпас жалғанда.  (Жол). <b>нейрожаттығулар)</b>  Күзде киімін тастайды,  Көктемде киіне бастайды.  (Ағаш).  Арқасында ауыл жүр,  Ала тайым шауып жүр.  (Автобус).</p>	<p><b>Алақан мен жұдырық</b>  Үстелдің үстіндегі шаблон бойынша алақаны мен жұдырығын кезекпен басады. (</p>	<p><b>«Бөлме өсімдіктеріне саяхат»</b>  Мақсаты: Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту:  Қысы-жазы жасыл боп Терезе алдында тұрады.  Шаңды өзіне жұтып ап, Ауаны да тазартады.  Ол не балалар?  -Балалар, енді, бұл гүлдермен жақсылап танысайық (балаларға бөлме өсімдіктерін бақылап, зерттеу жүргізуді ұсыну). Алоэ өсімдігі бізге Африкадан және Мадагаскар аралынан келген екен.</p>	<p><b>Суреттің орындалу ретін түсіндіру.</b>  1. Біз парақты тігінен орналастырамыз.  2. Суреттің шекараларын белгілеу.  3. Кәстрөлді салу. Содан кейін жапырақтарын.  4. Жапырақшалардың ұсақ бөлшектерін сызу.  5. Біз жұмысты түрлі-түсті орындау.  - Біз қандай түстерді қолданамыз? (Ашық) Ашық түсті қалай алуға болады? (Суды аз, бояуды көбірек пайдалану керек).  <b>(сурет салу)</b></p>
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b></p>		<p><b>Қазақ тілі</b>  "Музыкалық аспаптар</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  "Кімді мерген деп</p>	<p><b>Музыка</b>  "Домбыра". (пысықтау)</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  "Топқа ұпай жинайық".</p>

		<p>шеберханасы. Наурыз мерекесі."</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы Наурыз мерекесі туралы түсініктерін дамыту, Қазақстан халықтарының ұлттық музыкалық аспаптары туралы түсініктерін қалыптастыру; қазақтың ұлттық аспаптары: домбыра, қобыз, сырнаймен таныстыруды жалғастыру; балалайка, дутар жайлы түсінік беру; музыкалық аспаптар шеберінің еңбегі жайлы білімдерін қалыптастыру. Қазақтың ұлттық аспаптары мен Қазақстанда тұратын өзге ұлт аспаптарының атауларын еске сақтауды үйрету; ұлттық музыкалық аспаптарға, қазақтың ұлттық мәдениетіне деген қызығушылықтарын дамыту; аспаптардың шығаратын үндерін дыбыстау арқылы артикуляцияларын дамыту; еске сақтау қабілетін, ой-өрістерін дамыту. Қазақстан халықтарының ұлттық мәдениетіне деген достық қарым-қатынасқа, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Музыка</b> "Домбыра". Мақсат-міндеттер: балалардың домбыра туралы түсініктерін кеңейту; домбыраның дыбысын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғақты қимылдарды орындай білу іскерліктерін жетілдіру.</p>	<p>санаймыз?"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды жұппен түрлі бағытта жүгіру; заттарды алысқа дәлдеп сол қолмен лақтыруға ( 3,5–6,5 метрден кем емес) үйрету.</p>	<p>Мақсат-міндеттер: балалардың домбыра туралы түсініктерін кеңейту; домбыраның дыбысын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғақты қимылдарды орындай білу іскерліктерін жетілдіру.</p>	<p>Мақсат-міндеттер: балаларды жетекшінің ауысуымен жүгіру; гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеуге үйрету.</p>
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ</b></p>		<p><b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Жиһазға арналған қалың және жұқа тақтайшалар". Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың қалыңдығы туралы</p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Кебезені безендіру". Мақсат-міндеттер: балаларды кебезе сұлбасын қазақтың оюларының</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b> "Төлдер". Мақсат-міндеттер: төрт тұлкітін төлдерін бір-</p>	<p><b>Ұлттық ойын. Бес тас</b> «Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес</p>

		<p>білімдерін кеңейту, "ең қалың", "жұқалау", "ең жұқа" ұғымдарын жетілдіру.</p> <p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b> "Шеберлер елі". Мақсат-міндеттер: балаларды ою-өрнек түрлерімен таныстыра отырып, ою-өрнек жөніндегі мәліметтерді зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету.</p>	<p>элементтерімен безендіруге үйрету; тіктөртбұрышты ортасына "тышқан ізін", бұрыштарына "балтаны", шеттеріне "ботакөзді" салу және орналастыру техникасын қалыптастыру.</p> <p><b>"Қыз қуу" ұлттық ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың қозғалыс белсенділігін дамытуды жалғастыру; ережелерді өз бетінше орындауға үйрету, ұлттық ойындарға деген қызығушылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>бірінен ажыратып, атай білуге үйрету.</p> <p><b>Сөздік жаттығуы.</b> <b>"Төлдерін ата".</b> Бір үстелде отырған балалар жұбына, екі жабайы аңның енелері мен төлдері бар екі жұп суреттері араластырылып ұсынылады. Үстел басында отырған бала кез келген жабайы аңның енесі мен төлінің жұбын құрастырады. Жұп құрастырылғаннан кейін, әрбір бала жабайы аңды және төлін айтады.</p> <p><b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады.</p> <p>Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады.</p> <p>Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады.</p> <p>Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады.</p> <p>Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар.</p> <p><b>(математика негіздері)</b></p>
Серуенге дайындық		<p><b>«Не? Қайда? Қашан?»</b> <b>Мақсаты:</b> киіну алгоритмін білу. <b>Шарты:</b> киімдерді көрсетіп, атауын оны қай жерге киетінімізді және қай уақытта киетіндерін айту</p>	<p><b>Серуенге қызығушылықты</b> арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау</p>	<p><b>Жүйелі киіну</b> (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау</p>	<p><b>-Егер сендер серуендегілерің</b> келсе, Тез киінулерің керек. Шкафтың есігін ашыңдар, Тәртіппен киініңдер! - Сендер қалай ойлайсыңдар, біз бірінші кезекте не киеміз? Балаларға реттілікпен киінуді айтады. <b>(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)</b></p>
Серуен		<p><b>Күнге бақылау жасау</b> Бақылау Күннің аңыздылығы адам өмірінде өсімдік пен жануарлар әлеміндегі алатын орны жайында түсінік қалыптастыру. Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге</p>	<p><b>Қимылды ойын «Жел көбік»</b> <b>Шарты:</b> Балалар бір бірінің қолынан ұстап, жақын жақын дөңгелене тұрады . тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады Көпіре гөр көбік шар</p>	<p><b>Желді бақылау</b> Мақсаты Күз мезгіліндегі желдің салқын болатынын айту Балалардың тілін дамыту <b>Еңбек</b> Учаскідегі шашылған қағаздарды жинау</p>	<p><b>Ауа-райын бақылау,</b> ағаштардағы өзгерістерді көрсету. <b>«Кім жылдам?»</b> Қимылдық ойын Шарты: жел дегенде жел сияқты шайқалу керек,күн десе күн сияқты ашылу</p>

		<p>үйрету <b>Қимылды ойын «Күн мен бұлт»</b> Шеңбер бойында жұппен тұруды жалғастыру, ойын ережесін сақтау. «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді, ойнайды, «түн» сөзінде тығылады.</p>	<p>Көпіре ғөр кеңіп шар осы күйі қал тұрып Кете көрме жарылып Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелең шеңберді кеңейте түседі тәрбиеші « жел көбік жарылды» деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен тарс етті дейді де тізерлеп отыра қалады</p>	<p>«Желді күн» тақпақ Гу-гу-гу шықты Желдеттіде бұлт қуды Жел соққан соң Жын соққандай жұлқынды. <b>Қимылды ойын «Допты қуып жет»</b> .Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады</p>	<p>керек, т.б <b>Қимылдық ойын: «Өзен арқылы өтеміз»</b> Шарты: тәрбиеші екі сызық сызады, ортада өзен бар, соған құламай мына көпірмен өтуіміз керек деп сызық бойымен жүргізу.</p>
Серуеннен оралу		<p><b>«Біз тәртіпті баламыз»</b> тазалықты сақтау, қауіпсіз әрекет ету ауызға, құлаққа салмау, мұранғы тықпау</p>	<p>Кітапхана немесе кітап дүкенін құрастыру материалдарынан құрастыру. <b>(құрастыру)</b> Еркін рөлдік ойындар. Өз кітаптарын жасау жұмыстарын жалғастыру <b>(Мүсіндеу)</b></p>	<p>Кітаптан ертегі оқып беру. Балалардың өздері құрастырған ертегісін тыңдау. <b>(көркем әдебиет)</b></p>	<p>Балалардың таңдауы бойынша кітаптағы ертегілерді сахналау. Еркін рөлдік ойындар. <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p>
Балалардың дербес іс-әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)		<p><b>Қимылды ойын. «Орман дақтары».</b> (дене шынықтыру) Балалардың өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту. Ойын шарты бойынша. Ағашқа арқасын беріп тұрған, қос қолымен ұстасып тұрған баланы қозғауға болмайтынын айту. Ойынға деген қызығушылықты арттыру. <b>Еңбек.</b> Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту, еңбекке тәрбиелеу. Жалпы пайда үшін еңбектенуге үйрету. <b>(еңбек дағдылары)</b> <b>Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Қимылды ойын.</b> <b>«Домалақты жерге түсіріп алма».</b> (дене шынықтыру) Берілген дыбыс бойынша қасықты қолына алады. Қасыққа кішкентай домалақ шарды салып түсірмей берілген жерге жеткізу, ептілікке баулу. <b>Еңбек.</b> Аландағы жұмыстар. Жасаған құс ұясын ағашқа орнату. <b>(еңбек дағдылары)</b> <b>Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)</b> «Доппен ойнаймыз».</p>	<p><b>Қимылды ойын. «Жіпті көтеру».</b> (дене шынықтыру) Жіпті бекітіп, белгі бойынша жүгіріп келу. Кім бірінші болып мәреге келіп, жіпті бірінші болып тартып алса, сол жеңімпаз. Баланың шапшаңдығы мен ептілігін дамыту. <b>Еңбек. (еңбек дағдылары)</b> Табиғат бұрышындағы жұмыс. Гүлдерді отырғызу. Балаларды жерді қопсытып, суаруға үйрету. Үлкендерге көмек</p>	<p><b>Қимылды ойын.</b> <b>«Түйілген орамал».</b> (дене шынықтыру) Шеңберге тұрып, екі қолмен түйілген орамалды қағып алу, икемділіктерін арттыру. Ойын барысында достық және құрдастар арасында қарым-қатынасты, ойын шартын сақтауға үйрету. <b>Еңбек.</b> Табиғат бұрышындағы жұмыс. Көшетті суару. Су бұрқақпен жапырақтарға су себелеу. Балаларға табиғат</p>

		Бірлескен іс-әрекет барысында ереже мен тәртіп нормаларын белсенді қолдана білуге ынталандыру.		көрсетуге тәрбиелеу. <b>Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)</b> Ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасап, өз ойларын ортаға салып, құрдастарының шешіміне келіспеушілік білдіре білу, рөлдерге бөлу, ойыншықты бөлісе білуге дағдыландыру.	бұрышындағы гүлдерді суарту, бүркіп шашу әдісін үйрету. Үлкендерге көмек көрсеткеніне риза болып, мадақтау. Еңбек етуге деген оңды қатынасқа тәрбиелеу. <b>(еңбек дағдылары)</b> <b>Өз бетімен ойындар.</b> Балалардың ойын тақырыбын өз бетінше таңдап алуы, шығармашылық қаблеттерін, қимыл-әрекеттерін дамыту. <b>(дене шынықтыру)</b>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>		<b>Жеке жұмыс:</b> «р», «л» дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. (тілі келмейтін баламен)	<b>Жеке жұмыс</b> Қарындашты дұрыс ұстау дағдысын (үш саусақпен ұстау) меңгерту	<b>Жеке жұмыс</b> Жыл мезгілі туралы әңгімелесу қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	<b>Жеке жұмыс</b> ағаштың, бөлме өсімдіктерінің қопсыту және суару, жапырағының шаңын сүрту.
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)		<b>Дидактикалық ойын. "Ғажайып музыкалық аспаптар".</b> Мақсат-міндеттер: балаларды тыңдау, ән салу қабілетін дамыту. Өнерге баулу. Ойын барысы. Балаларға түрлі аспаптардың әуенін қосып, қай аспаптың дыбысы екенін анықтауға үйрету.	<b>"Қазақ ою-өрнектерінің орнын тап" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға қазақтың ою-өрнектерін ажыратып, кез келген кескіннің (тақия, етік, ыдыс, белдік, кілемше) бетіне дұрыс таңдап, орналастырып, безендіруге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау қабілетін дамыту, қазақ ұлттық қолөнеріне қызығушылықты арттыру. Шарты. Педагог балалардың әрқайсына тақия, етік, ыдыс, белдік, кілемше кескінін және түрлі оюлардың үлестірмелі жинақтарын табақшаларға салып ұсынады. <b>(қоршаған ортамен танысу)</b>	<b>Үстел үсті ойыны. "Дойбы".</b> Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды. Ойынның мақсаты. Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау. <b>(танымдық дағдылар)</b>	<b>Жапсырудан ойын-жаттығу</b> "Оюлы текемет". Мақсат-міндеттер: балаларды дайын тіктөртбұрыш, қошқар мүйіз дайындамасын қағаз бетіне оюлы текемет бейнесін құрастырып, желімнің көмегімен текеметтің сол жағына, ортасына және оң жағына оюды жапсыруға үйрету.

<b>Балалардың үйге қайтуы</b>		Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	Үйде ойындар ойнауды ұсыну	Табиғи материалдармен ойын ойнауды ұсыну	Балалармен ертеңге дейін қоштасу
-------------------------------	--	---	----------------------------	--	----------------------------------



**ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мектепке дейінгі ұйым (балабақша / мектепке дейінгі шағын орталық)

АККЕМЕР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ

Топ: «БАЛДЫРҒАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

Балалардың жасы: 4 ЖАС

Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 01.04.2024– 05.04.2024

Тәрбиеші: Тореева Айман Шонтыбаевна

Күн тәртібінің үлгісі	ДҮЙСЕНБІ 01.04.2024	СЕЙСЕНБІ 02.04.2024	СӘРСЕНБІ 03.04.2024	БЕЙСЕНБІ 05.04.2024	ЖҰМА 06.04.2024
Балаларды қабылдау	«Автобус» ойыны Мақсаты: Сапты дұрыс құрап, саппен жүруді бекіту, бір-бірін итермеуге, яғни сыйластыққа тәрбиелеу. Шарты: Балалар бойымен қатарға тұрады, тәрбиеші автобус жүргізушісі, дыбыстаған кезде қозғалады, сапты бұзбай топқа кіруге бағытталады.	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. (сөйлеуді дамыту)  «Гүл» ойыны Мақсаты: Балаларды ұйымшылдыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу, қызығушылықтарын арттыру. Шарты: Бір мезгілде аспанға бұлт төніп, жаңбыр жауа бастайды. Гүлдер тонып, бүрісіп жабылады (қолдарын тізелерінің үстіне қойып, бүрісіп отырады) Бір уақытта қайтадан күннің кзі күлімдеп шыға бастайды. Сол уақытта гүлдер де құлпырып, жайнап ашыла бастайды (балалар үлкен шеңбер жасап, бір үлкен гүл шоғына жиналады)	<b>Тақпақ: «Отбасы»</b> Анаң – күнің, жүрегің, Әкең – өмір тірегің. Әжең – асыл ардағың, Атаң – дана қорғаның. Ағаң – қамқор асқарың, Інің – мөлдір аспаның <b>«Менің көңіл-күнім»</b> ойыны Мақсаты: Баланың көңіл-күйін анықтау. Шарты: балалар өздерінің көңіл-күйін смайлик арқылы көрсетеді. <b>Біртұтас тәрбие: өз отбасын құрметтеуге, үлкенді сыйлауға тәрбиелеуді жалғастыру.</b>	<b>Қимылды жаттығу:</b> Көтеріліп шанырақ Уықтары шаншылар Кергелер керіліп Өрімдей боп өрілер Бәріміз жүрсек айналып Кигіз үй боп көрінер. Шаңырақтың суретін саусақпен салу. <b>Сурет салу, жапсыру</b>	<b>«Ізгі сөздер»</b> Мақсаты: Балабақшаға деген сүйіспеншілігі дамиды, өзінің балабақша ұжымының мүшесі екені санасына сіңеді. Сәлемдесу түрлерін меңгереді. Сұрақ-жауап әдісі: -Ертеңгісін адамдармен қалай амандасамыз? -Қане бәріміз бірге қайталайықшы, «Қайырлы таң!» -Тағы қандай әдепті сөз қолданамыз?, «Сәлеметсіз бе!» -Күндіз кездескен адамдарға не деп айтуымыз керек?, «Қайырлы күн!» <b>Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: мейірімділікке, әдептілікке, ізеттілікке тәрбиелеу.</b>
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес, әңгімелесу	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.	Ата-аналарға ауа райының өзгеруіне байланысты балалардың киімдерін қадағалауды ескерту	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> «Балаңызды киіндірген кезде киімдердің түстерін айтып отырсыз ба?»	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балаларды ертерек ұйқыға жатқызулары туралы әңгімелесу.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> «Балаңызды сөйлеуге үйрету үшін үй жағдайында не істей аласыз?»
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды)	«Телефонның зияны» Мақсаты: Ата-аналардан балалар телефонды үйде	«Иә немесе жоқ» Мақсаты: Балаларды жақсы мен жаманды, болады мен	<b>Мынау қай пішін?</b> <b>Мақсаты:</b> Геометриялық пішінді сипалап анықтау	«Орнына қойып шық» Мақсаты: Жиһаздардың аттарын атап айту және	<b>Үстел үсті ойыны</b> <b>«Құстарды тап»</b> Мақсаты: жануарлардың

<p>ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>қанша уақыт қарайтыны жөнінде сұрау Мыс: сіздің балаңыз телефон ұстамау үшін қандай әрекеттер жасайсыз? деген сұраққа жауап алуға тырысамын</p>	<p>болмайдыны айыра білуге тәрбиелеу. <b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>арқылы айта білу. <b>Математика негіздері</b></p>	<p>бөлме ішінде өз орындарына орналастыру. <b>Құрастыру</b></p>	<p>арасынан тек құстарды табу. <b>Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет</b></p>
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> (бұдан әрі – ҮІӨ)</p>	<p><b>Боямақтар бояу</b> Дайын берілген бейнені сыртына шығармай ұқыпты,әдемі етіп бояу</p>	<p><b>Табиғат бұрышындағы еңбек</b> (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау:шаңын сүрту,қопсыту,су құю т.б)  <b>Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: адал еңбекті бағалау, пенбекке деген құлшынысын дамыту.</b></p>	<p><b>Шынжыр».</b> Оң және сол қолдағы басбармақпен баланүйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды.</p>	<p><b>Ертегі кітаптар қарау, әңгімелеу.</b> <b>Д/О «Сен не көрдің»</b> Суреттегі бейнені мұқият қарап алғаннан кейін,қандай сурет жасырылғанын айту.</p>	<p><b>«Салат» саусақ ойыны</b> Сәбізді алып тазалаймыз ( оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды) Үккішпен үгіп майдалаймыз ( екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды) Қанттан сеуіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді) Міне дайын нәр тағам ( екі қолын алдына жайып көрсетеді). Дәруменге байыған ( алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді).</p>
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Еңкіс тақтайдың үстімен жоғары-төмен жүру". Мақсат-міндеттер: балалардың саптан қатарға бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, дене қалпын тік ұстап тұру қабілетін жетілдіру; жүріп келе жатып, қатарда жұппен тұра білуге үйрету.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> "Ғарышкер боламыз. Адамның дене мүшелері. 10 дейін тура және кері санау." Мақсат-міндеттер. Балаларға ғарыш жайлы алғашқы түсініктірін дамытуға жәрдемдесу; «ғарыш» туралы түсінік қалыптастыру; ғарышкерлер киімдерінің ерекшеліктері жайлы түсінік беру; сандық қатар, тура және кері санау жайлы түсініктерін бекіту; адамның дене мүшелері мен бет әлпет бөліктері туралы білімдерін нақтылау. Балаларды қазақ тілінде сөйлеуді мұқият тыңдауды үйрету; зат есімді сөздерге көптік, тәуелдік жалғауларды дұрыс қосып айтуға үйрету; сөз ішінде [ғ] дыбысын дұрыс дыбыстауға</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Денеміздің тепе-теңдігін сақтайық". Мақсат-міндеттер: балаларды жүруді секірумен кезектестіру; қарқынды жылдамдатып жүгіру; гимнастикалық қабырға бойынша оң аралықтан сол аралыққа ауысуға үйрету.</p>	<p><b>Музыка</b> "Ғарышкерлер жыры". Мақсат-міндеттер: балаларды жаңа әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету; музыканың көңілді, ойнақы сипатын алақандарымен баяу, ырғақты ұрып, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді билеу дағдысын меңгерту.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Цирк шатыры астында". Мақсат-міндеттер: балаларды қырлы тақтаймен жоғары-төмен жүруге үйрету.</p>

		<p>жаттықтыру; еске сақтауды, қиялды, ой-өрістерін дамыту. Ізденімпаздыққа, әдептілікке, зейінділікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Музыка</b> "Ғарыштағы қоңыраулар". Мақсат-міндеттер: балаларды жаңа әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету.</p>			
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӘ</b></p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b> "Әуе кемесі". Мақсат-міндеттер: балаларға әуе кемесі туралы түсінік бере отырып, оның жалпы әуе көлігі екені жөнінде білімдерін кеңейту.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын "Ғарышкерлер"</b>. Мақсат-міндеттер: мектепке дейінгілердің әскери-патриоттық дайындығына ықпал ету, дене шынықтыру дайындығын жетілдіру. Ойын сюжетін өз бетінше дамытуға үйрету. Ойын барысы. Ойынға қызығушылықтарын дамыту үшін, тәрбиеші балаларға "Ғарышкерлер" ашық хат жиынтығын қарастыруды ұсынады. Олармен ғарыш мамандары, ғарышкер қандай қасиеттерге ие болу керектігі жайлы әңгімелеседі. Тәрбиеші балалармен ғарышкер-адамдардың мінезін талқылайды. Одан кейін тәрбиеші балалармен бірге, «Ғарышқа ұшу» ойын сюжетінің шамалы жоспарын белгілейді, ол келесі тармақтарды қамтуы мүмкін: ғарышкерлерді жаттықтыру, ұшуға дайындығына емтихан</p>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Ғарышқа саяхат. Тілдің дыбыстық мәдениеті: [-к], [-ғ] дыбыстары." Мақсат-міндеттер: балаларды қатаң [К] және ұяң [Ғ] дауыссыз дыбыстармен таныстыру, жалпы мағлұматтар беру; көңілдерін дауыссыз дыбыстардың қатаң және ұяң болуы туралы түсініктерді беру.</p> <p><b>Қимылды ойындар "Ұшақтар"</b>. Балалар ұшақтардың рөлін орындайды. Олар залдың әр жеріне тұрады. Педагог: «Ұшуға дайындал!» деген белгі берген кезде, балалар қолдарын қозғалтып, «ұшақты оталдырады». «Ұшамыз!» деген белгі берілгенде қолдарын алға созып, залды айналып шашырап жүгіреді. «Қонамыз!» деген белгі берілген кезде, ұшақтар тоқтайды, жерге қонады (балалар бір тізесін бүгіп отырады). Ойын 5-6 рет қайталанатын. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Ғарыштың түрлі планеталары". Мақсат-міндеттер: балаларды шар бетіне бояу жағып, қағаз бетіне басып алу дәстүрлі емес сурет салу техникасымен таныстыру; "градиент" ұғымын қалыптастыру; топтас достарымен біріге отырып, ғарыш ғаламын сюжеттік суретте көрсету білігін жетілдіру.</p> <p><b>"Ұшты-ұшты" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: есту зейінін дамыту. Міндеттері: балаларды ұшатын және ұшпайтын заттарды тануға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Құстарға деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады.</p>	<p><b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Зымыранның түрлі құрылысы". Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық денелер мен пішіндер туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын: "Ұшақпен саяхат"</b>. Мақсат-міндеттер: балалардың әуе көліктері, ұшақ оның қолданысы, ұшаққа қызмет көрсету әдістері жайлы білімін кеңейту. Жер пейзаждарының сұлулығын көре білуді үйрету, ұшқыш мамандығына құрметпен қарауға, батылдыққа тәрбиелеу, сөздік қорларын кеңейту: "ұшақ", "ұшқыш", "стюардесса", "ұшу". Барысы: Балалар ұшқыш, стюардесса, диспетчер, жүк тасушы, әуе жай қызметкері рөлдерін өзара бөліп алады. Ниет білдірушілер билеттерді кассадан сатып алады, бақылаудан өтіп, ұшаққа отырады. Жүк тасушылар жүк тиеумен айналысады. Диспетчер ұшақтың ұшуын хабарлайды. Ұшу</p>	<p><b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Ай мен Күн". Мақсат-міндеттер: балаларды "Ай мен Күн" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, ертегі желісін зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету.</p> <p><b>Ұлттық ойын. Үш табан</b> Үш табан ойнау үшін тақыр жерге көлденең сызық сызылады да, оған әр ойыншы бір бірден арасын сиректеу етіп кенейтіледі. Содан соң ойнаушы балалардың барлығының сақаларын біреуі жиып иіреді. Кімнің сақасы шықса сол бірінші болып сақасын көннен алысырақ жерге иіреді. Сақасымен тігулі кенейді атып, үштабаннан артықтау жерге жіберуі керек үш табаннан кем, я болмаса сақасы кенейге тимей кетсе, ойынды сақасы шыққан келесі ойыншы бастайды. Ойын көндегі кенейді ұтып біткенше созылады.</p>

	<p>тапсыру, дәрігердің қарауы, зымыранға отыру, кемені қосу, ғарыштағы жұмыс, кеме бортынан хабарлау, жерден ұшуды басқару, жерге қону, жерде кездесу, медициналық тексеріс, ұшудан кейін ғарышкерлердің тынығуы. Одан кейін тәрбиеші балаларға құрылыс материалынан зымыран құрастыруды ұсынуы мүмкін. Зымыранды құрастыру барысында оның бөліктерін атау (тұмсығы, люктер, иллюминаторлар, басқару тетігі). Дербес ойында тәрбиеші балаларды адамдардың жауапты тапсырманы орындауға бағытталған қарым-қатынасын (еңбек және жеке) модельдеуге шақырады. Мысалы, тәрбиеші балаларға хабарлайды, кейбір адамдар кеме жасаса, ал басқалары оларды сынап, ұшуға дайындайды, үшіншілері - ұшу мен қонуды қамтамасыз етеді. Әр ойыннан кейін тәрбиеші балаларды ойын жағдаяттарын талдауға тартады.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</b></p>		<p>Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі.</p> <p>Бастаушы Ойынды былай жүргізеді. Ұшты - ұшты сұңқар ұшты! (Қол көтереді) Ұшты - ұшты қарға ұшты! (Қол көтереді) Ұшты - ұшты арба ұшты! (Қол көтермейді)</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>кезінде жолаушылар иллюминатордан (суреттегі бейнелерді) түрлі көріністерді – теңізді, тауларды, өзендерді, орманды қарастырады. Қайтып оралғаннан кейін балалар өз әсерлерімен бөліседі.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</b></p>	
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Киім реттілігімен дұрыс киінуге үйрету. Төменгі жақтан бастаймыз колготки, трико үстіңгі бөлігі кофта, тоқыма киеміз, бас киім, куртқа, аяқ киім</p>	<p>Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.</p>	<p>Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру Артық заттарды үйге алып кетуге үйрету</p>	<p>Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау</p>	<p>Балалардың дұрыс киінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау</p>
<b>Серуен</b>	<p><b>Ауа- райын бақылау</b> Қ/О «Жел» Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын жақын дөңгелене тұрады. тәрбиешіге қосылып олар</p>	<p><b>Желді бақылау</b> Мақсаты Көктем мезгіліндегі желдің салқын болатынын айту Балалардың тілін дамыту <b>Еңбек</b> Учаскідегі шашылған қағаздарды жинау</p>	<p><b>Мектеп маңындағы көгілдер</b> шөптерді, жапырақтарды бақылау Неліктен жасыл болып тұр? Балаларға көктем мезгілі туралы түсінік беру Қошақан</p>	<p>Ағаштардан жасыл болып жатқан жапырақтарды бақылау Мақсаты: Көктемде қар ерігенде, шатырдан сүмбіле ағып айналаға</p>	<p><b>«Желді күн»</b> Гу-гу-гу шықты Желдетті де бұлт қуды Жел соққан соң Жын соққандай жұлқынды</p>

	<p>мына өлеңді айтады Көпіре гөр көбік шар Көпіре гөр кеңіп шар осы күйі қал тұрып Кете көрме жарылып Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі тәрбиеші « жел көбік жарылды» деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен тарс етті дейді де тізерлеп отыра қалады</p>	<p>«Желді күн» тақпақ Гу-гу-гу шықты Желдеттіде бұлт қуды Жел соққан соң Жын соққандай жұлқынды</p> <p><b>Қимылды ойын</b> «Күн мен түн» Ойын мақсаты: балаларды әртүрлі қимыл-қозғалысын үйрету. Ептілікке, шапшаңдыққа, төзімділікке тәрбиелеу</p>	<p>Қошақаны қойдың Қайда қалып қойдың Бұлтиып тұр бүйірің Қай өрісте тойдың?</p>	<p>қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету <b>Еңбек.</b> Тал егу, құстарға ұя жасау туралы әңгіме құрау <b>Қимылды ойын</b> <b>Допты қуып</b> <b>жет.</b> Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады.</p>	<p>Далада қандай көліктер жүреді көлемі, түстері қандай бақылау. К/О «Менің көлігім» Оның дыбысын салу арқылы жүргізу</p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Жүгірмейміз саппен жүреміз 1,2,3 аяқты нық басамыз Оң аяқ, сол аяқ Оң қол, сол қол</p>	<p><b>Жаңылтпаштар жаттау.</b> Арқада алты арқар бар, Қыркада қырық арқар бар. Қырық арқарда ақ арқар бар. Алты арқарда марка арқар бар.</p> <p>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p><b>Артикуляциялық жаттығу</b> "Дәмді тосап". Максат-міндеттер: тілдің жалпақ ұшын жоғары көтеріп, тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету. Қысқаша сипаттамасы. Жалпақ тілмен жоғарғы ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.</p>	<p><b>Саусақ жаттығуы.</b> Дөңгеленіп тұрайық, (шеңбер құрайды) Керегені құрайық. (қолдарын жандарына созып бір-бірінің арқаларына қояды) Уықтар боп иіліп, (қолдарын жоғары созып, сәл иіледі) Киіз үйді құрайық (қолдарына жанына созып, шеңбер бойымен айналады) (сөйлеуді дамыту</p>	<p><b>«Қыз қуу" ұлттық ойыны.</b> Максат-міндеттер: балалардың қозғалыс белсенділігін дамытуды жалғастыру; ережелерді өз бетінше орындауға үйрету, ұлттық ойындарға деген қызығушылыққа тәрбиелеу.</p>
<p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p><b>Қимылды ойын. «Көптерді қуып жет».</b> (дене шынықтыру) Жарысуға үйрете отырып, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. <b>Еңбексүйгіштікке</b> баулу. <b>Еңбек.</b> "Құстарды тамақтандыр". (<b>еңбек дағдылары</b>) Құстарды тамақтандыруға және олардың қасында өзін-өзі ұстай білуге және құстарға қамқор бола білуге баулу. <b>Өз бетімен ойындар.</b> Әр балаға өзіне ұнайтын ойынды ойнауға мүмкіншілік беру. (<b>дене шынықтыру</b>)</p>	<p><b>Қимылды ойын.</b> <b>«Құлыншақ» (ұлттық ойын).</b> (дене шынықтыру) Тізесін жоғары көтеріп, шеңберді айнала отырып, алға секіре білуге үйрету. Арқашықтықты сақтай білу, белгі бойынша кері жүруге үйрету, балалардың ұйымдастырушылық қабілетін дамыту. <b>Еңбек.</b> Ауладағы жұмыс. Көшеттерді отырғызу. Балаларды бақта жұмыс істеуге баулу, гүлзар қазу, суару. Еңбекке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (<b>еңбек дағдылары</b>) <b>Өз бетімен ойындар.</b> «Үй».</p>	<p><b>Қимылды ойын. «Өрт сөндірушілер».</b> (дене шынықтыру) Гимнастика баспалдағынан жүру, балалардың өздерінің қимыл қозғалыстарын үйлестіре алуы. Сорғышты шайқау. Балалардың белгі бойынша қимыл әрекетін дамыту. <b>Еңбек.</b> Жер қазу жұмысы (ағаштардың түптерін копсыту, құрғақ жапырақтарды жинау). Балаларды құрғақ жапырақтарды жинауға қатыстыру, белгілі бір жерге апарғызу. Балаларды тазалықты сақтауға және еңбек етуге тәрбиелеу.</p>	<p><b>Қимылды ойын. «Кім шақырды?»</b> (дене шынықтыру) Белгі арқылы шеңберге тұруға дағдыландыру. Жолдасының дауысын тануға үйрету, ойын шартын орындату. Жануардың дауысын салу, бұйрықсыз бұрылмау. Есте сақтау мен төзімділік қабілетін арттыру. <b>Еңбек.</b> Жер қазу жұмысы. Гүлзарлар қазу. Гүлзар жұмысында тәрбиешіге көмектесу, еңбек ету тапсырмаларын орындату. Ересектерге көмектесу, бастамасын мадақтау.</p>	<p><b>Қимылды ойын. «Күшік пен мысықай».</b> (дене шынықтыру) Гимнастикалық қабырғада 4 аяқтап өрмелеу қабілетін арттыру. Ептілік пен төзімділікке тәрбиелеу. <b>Еңбек.</b> Гүлзарға гүл тұқымын себу. (<b>еңбек дағдылары</b>) Өз еркімен таяқшамен қуыс жасауды және суаруды үйрету. Өз еңбегіне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. <b>Өз бетімен ойындар.</b> Құммен ойын. Алдын ала келісім арқылы өзара жұмыстарды бөлісу, бір-бірінің жұмысын</p>

		Балаларды 2-3 рөлге бөлу, ойын барысында бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	<b>(еңбек дағдылары)</b> <b>Өз бетімен ойындар.</b> <b>«Гараж».</b> Балалардың құралдарды дұрыс пайдалана білуге үйрету. Ойын барысында «жол» салуға басшылық жасау. Танымал ойындарды өз қатарларымен ұйымдастыру қабілетін арттыру.	<b>Өз бетімен ойындар.</b> <b>«Ғарышкер».</b> <b>(құрастыру)</b> Балалар құрылыс ойынында зымыран құруға үйрету, жағдай жасау, керек заттар мен ыңғайлы орын дайындау. Ойында татулық қарым-қатынасын тәрбиелеу.	үйлестіру және біріккен жігермен нәтижеге жетуге үйрету.
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>жеке жұмыс</b> Сурет салу техникасын және қайшыны дұрыс ұстауды үйретуді жалғастыру. <b>(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)</b>	<b>жеке жұмыс</b> Өзі туған елді мекенін,туған жерін атап беру арқылы сөйлеу мәнерін,тілін дамыту. <b>(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)</b>	<b>жеке жұмыс</b> Таныс шығармалардан үзінді сахналай білуге,,дауыс күшін өзгертіп,түрлі интонацияда дыбыстай білуге жаттықтыру. <b>(Коммуникативтік дағды)</b>	<b>жеке жұмыс</b> Түрлі тапсырмаларды орындауға,жаттығуларды дұрыс жасауға дағдыландыру. <b>(Физикалық қасиеттері)</b>	<b>жеке жұмыс</b> Өз бетінше түрлі тәсілдермен құрастыра білуін,тендік және теңсіздік туралы ұғымдарын қалыптастыру. <b>(Танымдық және зияткерлік дағдылары)</b>
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<b>Үстел үсті ойыны «Бір сөзбен ата»</b> Балаларға суреттер беріледі, бір сөзбен ғана атауын атайды. Мысалы. "Қалам, қағаз, кітап, дәптер" - Мектеп құралдары. "Теледидар, радио, компьютер, ұялы телефон" - Техника құралдары.	<b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b> "Ғаламшарға зымыран жібереміз". Мақсат-міндеттері: балаларды тіктөртбұрыштан цилиндр, шеңберден конус жасап, зымыранды құрастыруға үйрету.	<b>«Суретті жалғастыр» ойыны.</b> Балаларға суреттің үлгісі және жартылай боялған суреті беріледі.	<b>Үстел үсті ойыны.</b> <b>«Есіңе сақта».</b> Балаларға 5 әртүрлі сурет көрсетіледі, сосын педагог көздерін жұмуларын ұсынады да, 1 суретті алып тастайды, балалар қай суретті алып тастағанын айтады. Тәрбиеші балалардың қаншалықты естеріне сақтағандарын байқайды.	<b>Мүсіндеуден ойын-жаттығу</b> "Байқоңыр" ғарыш айлағы. Мақсат-міндеттер: балаларды ермексазды алақанның арасына салып домалатып алғаннан кейін тігінен есу арқылы шұжық тәріздес пішін шығарып, зымыранның денесін жасауға,оның тұрақтылығын тексеру, екінші бөліктен домалатып, шыққан бөліктің басын шымшып конус денесіне айналдыруға үйрету.
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Құстарға қамқор боламыз Құстарғаүйшікжасаудыұсын у	Көктем мезгілі туралы тақпақтарын жаттап келуді тапсыру	Үйдегі ойын бұрышы жайлы әңгімелесу	Балалармен ертеңге дейін қоштасу	Демалысты жақсы өткізіндер. Жатын киімдерін жууға беру

**ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мектепке дейінгі ұйым (балабақша / мектепке дейінгі шағын орталық)

АККЕМЕР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ

Топ: «БАЛДЫРҒАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

Балалардың жасы: 4 ЖАС

Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 08.04.2024– 12.04.2024

Тәрбиеші: Тореева Айман Шонтыбаевна

Күн тәртібінің үлгісі	ДҮЙСЕНБІ	СЕЙСЕНБІ	СӘРСЕНБІ	БЕЙСЕНБІ	ЖҰМА
	08.04.2024	09.04.2024	10.04.2024	11.04.2024	12.04.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл-күймен қабылдау. Балалардан демалысты қалай өткізгендері жайлы әңгіме жүргізу. Сәлеметсіз бе! Қайырлы күн! <b>Қазақ тілі</b> қарым-қатынас іс-ірекеті «Үлкен-кіші» Шарты: Үлкен дегенде тұрып, кіші дегенде отыру керек. Шатасқан бала ойыннан шығады.	<b>Қайырлы күн</b> , көздерім, Қайырлы күн, құлақтарым, Қайырлы күн, саусақтарым, Қайырлы күн, аяқтарым!  <b>«Күн шықты»</b> Күн шықты дегенде ашылып, жайқалған гүл қимылын көрсетеді, ал күн бұлттанды дегенде тығылып жабылып қалған гүл қимылын көрсетеді.	<b>«Менің көңіл-күнім»</b> ойыны Мақсаты: Баланың көңіл-күйін анықтау. Шарты: балалар өздерінің көңіл-күйін смайлик арқылы көрсетеді.  <b>«Жүргізуші»</b> Шарты: Екі бала екі орындыққа отырып жүргізуші болып, алдарында берілген газетті тез жинап алу керек. Жеңіске жеткен бала мадақталып, ойын ары қарай жалғасын табады.	<b>«Амандасу.»</b> деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керектігін айтамын. Барлығымыз бірдей амандасамыз. -Бастаймыз: көзбен, баспен, қолмен, иықпен, аяқпен, кеудемен. <b>Балаларды</b> жақсы көңіл күймен қарсы алу. Табиғатпен танысу Табиғат неткен көрікті, Жапырақтай жайқалып, Гүлдей жайнап өсеміз. Бір отырып, бір тұрып, Билеп-билеп аламыз. <b>(Қазақ тілі, қоршаған орта)</b> қарым-қатынас іс-ірекеті.	<b>Мынау</b> менің жүрегім, Бәрі осыдан басталған. Мынау басым ақылды, Барлық істі басқарған. Мынау менің оң қолым, Мынау менің сол қолым, Барлық істі тындырған.  <b>«Гүл күлтешелері»</b> Қағаздан жасалған гүл күлтешелерін ұстап, жақсы тілек айтып, досына ұсыну.  <b>Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: мейірімділікке, әдептілікке, ізеттілікке тәрбиелеу.</b>
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналарға</b> балаларын себепсіз қалдырмауларын, уақытында әкеулерін ескерту.	<b>Ата-аналарға</b> үйдегі жиһаздар неден, қалай жасалады, сол туралы балалармен әңгімелесуді айту.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<b>Дидактикалық ойын: «Теңін тап»</b> Мақсаты: Балалар екі бірдей заттарды табу. <b>Қоршаған ортамен танысу</b> Әлеуметтік-эмоционалды дағды	<b>Дербес іс-әрекет:</b> Еркін тақырыпта ермексазбен жұмыс <b>Мүсіндеу</b> Шығармашылық іс-әрекеті	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Көлеңкесіне сәйкес орналастыр» <b>Мақсаты:</b> сюжеттік суреттердің көмегімен балалардың іс-әрекеттерді сипаттау және бағалау; сезімталдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу. <b>Сөйлеуді дамыту</b> Қарым-қатынас іс-әрекеті	<b>Үстел-үсті ойыны:</b> «Суретті құрастыр» <b>Мақсаты:</b> ыдыстардың бөліктерін табуға үйрету; балалардың шеңбер, шаршы, тіктөртбұрыш туралы білімдерін бекіту; зейінді, көзді, табандылықты дамыту <b>Құрастыру</b> Шығармашылық іс-әрекеті	<b>«Жолдан шықпа» қимылды ойыны</b> <b>Мақсаты:</b> балалардың физикалық қасиеттерін белсендіруді жалғастыру <b>Дене шынықтыру</b> физикалық қасиеттерді дамыту

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> (бұдан әрі – ҰІӘ)</p>	<p><b>«Игі істер қоржыны»</b> Түрлі-түсті қағаздан дөңгелектерді немесе жүрекшелерді қиып алуға болады. Әр күннің соңында балаға «қоржынға» бүгін қанша игі істер жасаса, сонша дөңгелек салу ұсынылады. Бала қиналған жағдайда, оған көмектесу керек. Мұндай ойын баланы игі істер жасауға ынталандырады. <b>(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</b></p>	<p>Туған жер туралы өлеңдермен танысу, жаттау. <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>	<p><b>«Әдепті сөздер шеңбері»</b> Ойынның мақсат-міндеттері: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу. Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады. <b>(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</b></p>	<p>"Алтын микорофон" арқылы тақырыпқа байланысты сұхбат жүргізу. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b></p>	<p>Тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдер жаттау. <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Құрсауға кіру". Мақсат-міндеттер: балалардың саптан қатарға бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, дене қалпын тік ұстап тұру қабілетін жетілдіру; жүріп келе жатып, қатарда жұппен тұра білуге үйрету.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> "Ағаш түрлері. Такпақты мәнерлеп оқу "Аққайын"." Мақсат-міндеттер. Ағаштың құрылымы туралы түсініктерін дамытуды жалғастыру; емен, қарағай, терек ағаштары жайлы мәлімет беру; «шырынды ағын» сияқты табиғи құбылыспен таныстыру; аққайынның құрылымдық ерекшелігі жайлы білімдерін нақтылау; ізденімпаздыққа, байқампаздыққа, табиғатқа сүйіспеншілікке, ағаштарға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Қазақ тілін қабылдауды, қазақ тілінде өлең сөздерін нақты, дұрыс дыбыстауды, ағаштардың атауын еске сақтауды, аққайың құрылымының өзіндік ерекшеліктерін байқауды үйрету; артикуляциялық аппараттарын жаттықтыру, қиялдарын дамыту; әлемді эстетикалық қабылдау негіздерін қалыптастыру.</p> <p><b>Музыка</b> "Туған жер". Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөздің мағынасын түсіну және</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Құрсаумен жаттығулар". Мақсат-міндеттер: балаларды қырлы тактаймен жоғары-төмен жүру және жүгіру; қарқынды жылдамдатып және ақырын жүгіруге үйрету.</p>	<p><b>Музыка</b> "Туған жер". (қайталау) Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге және музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білуге үйрету.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Құрсаумен жарыстар". Мақсат-міндеттер: балаларды бағытты өзгертіп жүруге; жай қарқында үздіксіз жүгіру; затты тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) 1,5-2 м арақашықтықтан оң қолмен лақтыруға үйрету.</p>



		музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тындай білуге және музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білуге үйрету.			
<b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ</b>	<b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Төрт түлік мал туралы тақпақ жаттау". Мақсат-міндеттер: балаларды төрт түлік мал туралы тақпақпен таныстыру; қазақтың төрт түлік малы туралы ұғымдарды қалыптастыру; малды күту, құтты қасиеті туралы баяндау.	<b>Жапсырудан ойын-жаттығу</b> "Аквариумдағы балықтар". Мақсат-міндеттер: балаларды көк түсті шеңбердің үстіне, сары түсті шаршыларды бүктеп, оригами әдісі бойынша аквариумдағы балықтар бейнесін құрастырып, балықтарды өз қалаулары бойынша, балдырларды тігінен, тастар дайындамаларын қатар бойымен тізбектеп жапсыруға үйрету.	<b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Бес төлді жарыстырайық". Мақсат-міндеттер: балаларға ұзындықтың бес түрлі шамалары жөнінде ұғымдар қалыптастыру; беттестіру мен тұстастыру, санап салыстыру тәсілдері жөнінде түсініктерін тиянақтау.  <b>Ұлттық ойын. Соқыр теке</b> Балалар дөңгелене тұрады. Топ ішінен бір баланың көзі байланады. Балалар: Бота, бұзау, қозы, лак, Қайда кеткен құлыншақ. Соқыр теке бақ-бақ, Мені ізден тап-тап - деп өлеңмен айтады. Содан кейін Соқыр теке (көзі байлаулы бала) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «соқыр теке» рөлін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді.	<b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b> "Туған жерім тамаша". Мақсат-міндеттер: балалардың туған жер туралы білімдерін кеңейту; туған жердің адамдар өміріндегі мәнін түсіндіру.	<b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b> "Көктемде жер бусанды". Мақсат-міндеттер: балаларға көктем мезгілі туралы түсінік бере отырып, көктемгі табиғатқа тән ерекшеліктермен таныстыру.  <b>Театрды сахналау.</b> "Өсімдіктер мен кемпірқосақ" ертегісін сахналау. <b>(көркем әдебиет)</b>
<b>Серуенге дайындық</b>	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.	Ауа-райы жайлы шықпай тұрып әңгімеге тарту; керек ойын құралдарын реттеуге тапсырма беру.	Досына көмек көрсетуді машықтандыру.
<b>Серуен</b>	<b>Күнді бақылау</b> Мақсаты: балаларға адамдар, жануарлар мен өсімдіктер әлемі үшін күннің маңызы зор екендігін ұғындыру. Байқампаздық, бақылай білу қабілеттерін	<b>Мектеп аумағындағы ағаштарды бақылау</b> Мақсаты: ағаштарды тану, өзгерістерді белгілеу қабілетін бекіту. Еңбек қызметі: кіреберісті қардан тазарту	<b>Өрмекшіні бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> өрмекшінің өмірі мен сыртқы бейнесінің ерекшеліктері туралы білімдерін молайтуды жалғастыру; айнала қоршаған ортаға	<b>Психологиялық жаттығу:</b> <b>«Күншуақ» (таза ауада)</b> Мақсаты: Балаларға жақсы көңіл-күй сыйлау. Күн сәулесі адамға қуаныш, жылу беретінін сезіну	<b>Қимылды ойын «Бәйге».</b> <b>Мақсаты:</b> Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру. <b>Жаттығу ойындары</b> <b>Қозғалыстарын қалыптастыру</b>

	<p>дамыту. Көктемде күн ұзарады, күн жылы болатындығы туралы түсінік беру.</p> <p><b>Жұмбақ:</b> Жұрттың бәрі соны сүйеді, Бірақ оған қарағысы келмейді. (Күн)</p> <p><b>Болжамдар:</b> Түнде ай жарқырап тұрса немесе аспанда жұлдыздар көп болса, ертең күн ашық, жылы болады.</p> <p><b>Қоршаған ортамен танысу</b> әлеуметтік-эмоционалды дағды</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> Қарым-қатынас іс-әрекеті</p>	<p>«Жұмбақты тап» дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты: балалардың қыста жансыз табиғат туралы білімдерін бекіту.</p> <p><b>Қоршаған ортамен танысу</b> әлеуметтік-эмоционалды дағды</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> Қарым-қатынас іс-әрекеті</p> <p><b>Еңбек: Ауладағы еңбек.</b> Қоқысты балаларға жинауды үйрету және оларды белгіленген жерге апарту. Тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: еңбекке баулу, адал еңбекті құрметтеу.</b></p>	<p>қызығушылықтарын арттыру.</p> <p><b>Бақылау барысы:</b> <b>Көркем сөз</b> <i>Сенде айтышы өрмекші, Неше аяқ, неше қол? Жауап берші өрмекші Неше аяқ, неше қол?</i></p> <p>Жұмбақ: Қолсыз есік қағады(жел)</p> <p><b>Қоршаған ортамен танысу</b> әлеуметтік-эмоционалды дағды</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> Қарым-қатынас іс-әрекеті</p> <p><b>Өз бетімен ойындар:</b> «Көпіршік сабын буларды үрлеу» Балалар арасында қалыпты қарым-қатынасты орнату, көпіршіктермен ойнау. Достарының пікірімен санасуға тәрбиелеу.</p>	<p>-Бәріміз көзімізді жұмып, күнге қол созамыз. Күннен жылу алып бір-бірімізге сыйлаймыз, қуанып қол соғамыз.</p> <p><b>Қимылды ойын: «Кім жоғары секіреді»</b> Бір орында секіру, қимыл – қозғалысын шапшаңдықтарын арттыру. Жолдастық сезімдерін арттыру.</p> <p><b>Еңбек: Табиғат бұрышындағы жұмыс</b> Аквариумдағы балықтарды тамақтандыру. Өздігінен балықтарды тамақтандыруды қалыптастыру.</p> <p><b>Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: еңбекке баулу, адал еңбекті құрметтеу.</b></p>	<p><b>Мақсаты: сапта жеңіл, бірқалыпты жүруге жаттықтыру.</b></p> <p><b>Еңбек</b> Ойын алаңындағы коқыстарды жинау.</p> <p><i>Мақсаты:</i> орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету; экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу</p> <p><b>Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: еңбекке баулу, адал еңбекті құрметтеу.</b></p>
<b>Серуеннен оралу</b>	<p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала. Кім салқын сумен жуынса –батыр бала ол бала. Ал егерде ол жуынбаса –ештене деп аталмайды ол бала.</p>	<p>Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.</p> <p><b>«Жұпты тап» қимылды ойыны</b> Мақсаты: жіктеу және сұрыптау дағдыларын, қол-көзді үйлестіруді, қол моторикасын, ойлау дағдысын дамыту</p>	<p>Достарымен ішке кіру «Менің досым» Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету.</p>	<p><b>«Ұшады, жүгіреді, жүзеді...» дидактикалық ойын</b> Мақсаты: балалардың жәндіктердің, жануарлардың, құстардың қозғалу жолдары туралы білімдерін бекіту</p> <p><b>Қоршаған ортамен танысу</b> Әлеуметтік-эмоционалды дағды</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> қарым-қатынас іс-әрекеті</p>	<p><b>Дербес ойын «Пазлды құрастыру»</b> Мақсаты: Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады.</p> <p><b>Құрастыру</b> шығармашылық іс-әрекеті</p>
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p><b>Қимылды ойын. «Көбелектер, көлбақалар, тырналар». (дене шынықтыру)</b> Жәндіктердің өмірінен балалар достық қатынас тілектерін қолдануға тәрбиелеу.</p>	<p><b>Қимылды ойындар: «Түсті автокөліктер». (</b> Өз бетімен атрибуттар мен көмекші-заттарды таңдай білуін, шартты ойын әрекетін орындауға талаптануын мадақтау. <b>Еңбек.</b> Аландағы жұмыстар.</p>	<p><b>Қимылды ойын. «Допқа дейін жеткіз». (дене шынықтыру)</b> Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. <b>Еңбек.</b> Ағаш түптерін әктеу. <b>(еңбек дағдылары)</b></p>	<p><b>Қимылды ойындар. «Батыл балалар». (дене шынықтыру)</b> Жіпке тартып өрмелеу: балаларды батырлыққа, күштілікке, ептілікке тәрбиелеу. <b>Еңбек.</b> Ауладағы</p>	<p><b>Қимылды ойын. «Арқан тартыс». (дене шынықтыру)</b> Күш-жігерді дамыту, қарсыласын өз жағына тартқанда шыдамдылық таныту. <b>Еңбек.</b> Гүлзарға гүл</p>

	<b>Еңбек.</b> Гүлзарды суару. <b>(еңбек дағдылары)</b> Өздігінен өсімдіктерді суаруға үйрету. Гүлдер мен құралдарға ұқыпты қарап, жұмыстан кейін орындарын жинауға тәрбиелеу.	<b>(еңбек дағдылары)</b> Гүлзарға гүлдердің тұқымдарын егеміз. Егілген тұқымдарға су құямыз. Тұқымдарды ескенде арақашықтарын сақтау, еңбекке баулу.	Ағаш түштерін әктесек одан құрт-құмырсқа аулақ болатынын ескерту. Балаларды табиғатты қорғауға, бұтақтарды сындырмауға тәрбиелеу.	жұмыстар: арамшөпті жұлып, ағаштардың түштерін қопсыту. <b>(еңбек дағдылары)</b> Балалармен арамшөпті жұлып, оны бір орынға жинау, бірге жұмыс жасауға үйрету. Таза, жинақылыққа, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.	отырғызу. <b>(еңбек дағдылары)</b> Гүл отырғызатын орынды таңдап алып, оны суару. Еңбек мәдениетін қалыптастыруды үйрету (еңбек құралдарын қолдану, жұмыс орнын таза, ұқыпты ұстау).
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> Құрастыруға деген қызығушылығын арттыру.	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> Қаламды дұрыс ұстауға үйрету.	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> Суретті ұқыпты, толық бояу қажеттілігін айтып түсіндіру.	<b>Жеке жұмыс:</b> <b>«Құстар туралы не білесің?»</b> Мақсаты: көп сөйлемейтін баламен әңгімелесу арқылы сөзге тарту.	<b>Жеке жұмыс:</b> Көп ешкіммен ойнамайтын баламен бірге конструктор ойнау, ортаға тарту.
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<b>Өз бетімен ойындар. Сумен ойнау.</b> Балалар арасында достық қарым-қатынастарын дамыту және оларға көмектесу.	<b>Өз бетімен ойындар.</b> «Белдіктермен ойындар». Өз бетінше ойнай білу қабілеттерін арттыру.	<b>Өз бетімен ойындар.</b> Ойнау барысында бір-бірімен татулыққа, бірлікте болуға тәрбиелеу.	<b>Өз бетімен ойындар.</b> Барлығына бірге топтасып ойындар ойнату.	<b>Өз бетімен ойындар.</b> Ойыншық пен рөлдерді бөлісуде мәдениеттік білдіріп, келіспеушілік тұстарын анықтап, өз ойын іске асыра білуге тәрбиелеу.
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	<b>Ата-анаға кеңес:</b> «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз»	<b>Ата-анамен</b> балалардың тәртібі туралы әңгімелесу.	<b>Балалармен</b> өз отбасы туралы әңгімелесу. Балалардың ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту.	<b>Ата-аналармен әңгімелесу.</b> Балаңызға көбірек көңіл бөлуге кеңес беру. Балаларды қайтару.	<b>Ата-аналармен</b> балаларының тазалықтары жайлы әңгімелесу.

**ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мектепке дейінгі ұйым (балабақша / мектепке дейінгі шағын орталық)

АҚКЕМЕР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ

Топ: «БАЛДЫРҒАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

Балалардың жасы: 4 ЖАС

Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 15.04.2024– 19.04.2024

Тәрбиеші: Тореева Айман Шонтыбаевна

Күн тәртібінің үлгісі	ДҮЙСЕНБІ	СЕЙСЕНБІ	СӘРСЕНБІ	БЕЙСЕНБІ	ЖҰМА
	15.04.2024	16.04.2024	17.04.2024	18.04.2024	19.04.2024
Балаларды қабылдау	<p><b>Шеңберге тұрайық,</b> достарымызбен қол ұстасайық! Барлығымыз жақсы көңіл-күйде бір-бірімізге тілегімізді айтайық! Бір-бірімізге қарап күлкімізді сыйлайық! Қол алысып, қәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрындар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу!</p> <p><b>Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: достыққа адал болу, шыншылдыққа тәрбиелеу.</b></p> <p><b>Гимн айту (патриоттық тәрбие)</b></p>	<p><b>Өлең мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыстар жасалады.</b> Достар бірге жүреміз, (қол ұстасып, айнала жүру) Бірге ойнаймыз, күлеміз. (бір-біріне қарап, күлу) Бірге балық аулаймыз, (қолдарын алға созу) Міне, біздер қандаймыз! (қолдарын жоғары созу) Бөлінбейді іргеміз, Әрқашанда біргеміз.</p> <p><b>Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: достыққа адал болу, шыншылдыққа тәрбиелеу.</b></p>	<p><b>«Дос достыққа» сергіту ойыны</b> Шарты: Ол үшін жасалатын қимылды тез тез жасау керек. 5 секундтың ішінде өзіңізге серіктес тауып алыңыз да тез-тез онымен қол алысыңыз. Ал енді бірбірімізбен «сәлемдесеміз»: Оң қол оң қолмен! Мұрын мұрынмен! «Дос достыққа» деген бұйрықты естігенде жұптарыңызды айырбастайсыздар Бүгін біз ой, сезім және мінез-құлық бір-бірімен қалай байланысты екендігін білеміз</p> <p><b>Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: достыққа адал болу, шыншылдыққа тәрбиелеу.</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын: «Менің досым»</b> Барысы: Балалар, сендерді ойын ойнауға шақырамын. Мен бір балаға доп лақтырамын да, «Сенің досың қандай?» деп сұраймын. Сендер допты маған қайта лақтырып, достарының қандай екенін айтасындар? Балалар: Менің досым ренжітпейді Менің досым..</p> <p><b>Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: достыққа адал болу, шыншылдыққа тәрбиелеу.</b></p>	<p><b>«Бал-бала»</b> ойыншықтарын тамашалайды. Мақсаты: Ән айтып, билейтін ойыншықтар ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, баланың интелектісін дамытады. Сан санап үйретеді.</p> <p><b>Бата :</b> (үйрену) Аумин десең маған Құдай берсін саған Алтыннан-жағаң Күмістен тағаң Оң жағыңнан кетпесін Тілеуің қабыл Мұратың асыл болсын Аумин! <b>Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, ұлттық мұраны насихаттау.</b></p>
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес, әңгімелесу	«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу	Баланың дамуына ойыншықтардың тигізетін әсері. Қазіргі ойыншықтардың теріс әсері»	Баллардың тазалығы жайлы әңгімелесу	Ата аналармен балалардың тәртібі туралы әңгімелесу.	Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<b>Ойыншығым</b> Үлкенмін ғой міне мен, Ойыншықтарды жинаймын. Машинаға мінер ем, Кабинаға сыймаймын	<b>Санамақ</b> Бақшаға жақсы аға, Көп көп ойыншық әкелді. Бір балық, бір аю, бір үйрек. Бір түлкі, бір бүркіт, Шатасып қалма бірақта,	<b>Орманда кірпі келеді,</b> Саңырауқұлақ тереді. Кездесті, міне, керегі: Екеуі қайың астынан . Біреуі терек қасынан. Қанша олар болмақ есепте, Тоқылған салса себетке?	<b>ТҮЛКІШЕК (қызықтама)</b> Түлкі, түлкі, түлкішек, - Түнде қайда барасың? - Апам үйіне барамын, - Апаң саған не берер? - Ешкі сауып сүт берер,	<b>«Аттар»</b> Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін,

	<b>Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту</b>	Бақшаға жақсы аға, Қанша ойыншық әкелді? <b>Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту</b>		<ul style="list-style-type: none"> <li>- Оны қайда қоясың?</li> <li>- Жалпақ тасқа қоямын.</li> <li>- Ит ішіп кетсе қайтесің?</li> <li>- Бақан ала қуамын.</li> <li>- Былғанып қалса қайтесің?</li> <li>- Ағын суға жуамын.</li> <li>- Ағып кетсе қайтесің?</li> <li>- Қайықпенен қуамын.</li> <li>- Жеткізбесе қайтесің?</li> <li>- Жылай, жылай қаламын</li> </ul>	байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> (бұдан әрі – ҰІӘ)	"Көктемгі ағаштар" тақырыбында әңгімелесу. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</b>	"Гүлденген ағаштар" суретіне қарап әңгімелесу. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</b>	Ағаштың түрлері, қасиеттері туралы әңгімелесу. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</b>	Ағашқа байланысты мақалдар жаттау. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</b>	Тақырыпқа байланысты қызықты мәлімет айту. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</b>
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>	<b>Дене шынықтыру</b> "Жермен еңбектеу". Мақсат-міндеттер: балаларды қатарда бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, жүру және сапқа тұруға дағдыландыру; саптан қатарға ауысып, бір-бірден жүре отырып, педагогтің белгісі бойынша тапсырмаларды орындауға үйрету.	<b>Қазақ тілі</b> "Достық жайлы ән. Жазықтықта бағдарлау: оң жақта, сол жақта, жоғары, төмен, ортасы." Мақсат-міндеттер. Достық түсінігін қалыптастыру; достық ұғымын қалыптастыратын жақсы әдеттер жайлы түсініктерін нақтылау; заттардың жазықтықтағы орналасу (сол жақта, оң жақта, жоғары, төмен, ортасы) орны туралы білімдерін дамыту; Қазақстандағы халықтар достығы туралы түсініктерін дамытуды жалғастыру. Қазақ тіліндегі тақпақты ұғынып, тыңдауды үйрету; достықты айқындайтын әдеттерді білдіретін сөз бен сөз тіркестерін түсіну біліктерін дамыту; жақсы әдеттерді жаман әдеттерден ажыратуды үйрету; тақпақ жолдарынан достықты айқындайтын сөз тіркестерін дұрыс дыбыстап, айтуға жаттықтыру; еске сақтау, ойлау қабілеттерін, қатынастық дағдыларын дамыту. Мейірімділікке, қайырымдылыққа, әдептілікке, достарына деген сыйластыққа, патриоттық сезімдерге тәрбиелеу.	<b>Дене шынықтыру</b> "Жүру, еңбектеу және секіру жаттығулары". Мақсат-міндеттер: балаларды 50-60 метрге жүгіруге үйрету.	<b>Музыка</b> "Көктем шақырады". Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға үйрету; дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату және әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру.	<b>Дене шынықтыру</b> "Қимылдар тізбегін үзбе". Мақсат-міндеттер: балаларды биіктігі 5-10 см 2-3 заттың үстінен кезектесе секіру; көлбеу тақтайда жоғары-төмен жүруге үйрету.

		<p><b>Музыка</b> "Көктем келді". Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға үйрету; дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату және әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру.</p>			
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӘ</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Тиіннің арманы әңгімесін мәнерлеп оқу". Мақсат-міндеттер: балалардың "Тиіннің арманы" әңгімесімен таныстыру; әңгімеде сипатталған жабайы аңдар кейіпкерлерінің бойындағы адам қасиеттерінің ерекшеліктерін көрсету; жануарлар туралы әңгіме туралы ұғымдарды қалыптастыру; "арман" сөзінің мағынасын түсіндіру.</p>	<p><b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Биіктігі әртүрлі ағаштар саябағы". Мақсат-міндеттер: балаларда төрт объектінің төрт түрлі ұзындық шамасы туралы ұғымдар қалыптастыру.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b> "Ағаштар бүршік жарды". Мақсат-міндеттер: балаларға ағаштар мен бұталар туралы түсінік бере отырып, табиғаттың жанды құбылыстарының ерекшеліктермен таныстыру.</p>	<p><b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Өгіз". Мақсат-міндеттер: балаларды "Өгіз" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, ертегі желісін зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету.</p>	<p><b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b> "Қызғалдақ гүлін жапсырамыз". Мақсат-міндеттер: балаларды қағазды бүктеу әдісі бойынша гүлдің басын құрастыруға, гүлдің сабағы мен жапырағын қағаз бетіне орналастырып жапсыруға үйрету.</p> <p><b>Ритмикалық ойын. "Би билеген баламыз".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды әуеннің ырғағына сай қимылдап, тақпақ сөздерін айтуға ынталандыру; түйсікті, эмоциялық сфераны дамыту. - Жаттығу жасап көреміз, (адымдау) Қолды көкке көтереміз, (қолдар жоғары) Түсіріп белге төмен, (қол белде) Еңкейеміз, еңкейеміз. (оң-сол жаққа еңкею)</p> <p>Өкше қойып, басамыз, (оң жақ өкше, адымдау) Өкше қойып, басамыз. (сол жақ өкше, адымдау) Міне, қандай әдемі, (қол белде, бас шайқау) Би билеген баламыз.</p>

					(шапалақтау) <b>(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b>
<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.	Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.
<b>Серуен</b>	<b>Бақылау: Көгершінді бақылау.</b> Мақсаты: Балаларға көгершінің немен коректенетіні, қайда мекендейтіні, тұмсығы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. <b>Еңбек: Ауладағы құстарға жем беру.</b> Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. <b>Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: адал еңбекті құрметтеу, бағалау.</b> <b>Қимылдық ойын: «Ұстаушы, лентаны ал».</b> Мақсаты: Балаларды шапшандыққа, тапқырлыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету. <b>Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық белсенді болу</b>	<b>Желді бақылау Бақылау</b> Балаларға желдің неліктен соғатынын түсіндіру. Жел – бұл ауа қозғалысы. Желдің күшін өсімдіктердің қозғалысына қарап анықтауды үйрету (күшті, әлсіз; әлсіз жел жапырақты ақырын тербетеді, түсіп жатқан жапырақты сәл ғана жылжытады; күшті жел – ірі бұтақтарды шайқалтады, ағаштардың жапырақтарын жұлады). Өлі табиғат құбылыстарына қызығушылығын тәрбиелеу, балалардың ақыл - ой, тіл белсенділігін дамыту. <b>Қ/О: «Құстардың ұшуы».</b> Мақсаты: белгі бойынша қимыл жасауға үйрету. <b>Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық белсенді болу</b>	<b>Бұлтты бақылау Бақылау</b> Балаларға бұлттар деген не екенін, олардың неліктен аспанда бірде ақырын, бірде тез жылжитынын түсіндіру. Ерте күзде аспан көбінесе көгілдір, таза болып аспанда бұлттар ақырын жүйткіді. Бұлттар қозғалысының жел күшімен байланысын айтуға үйрету. <b>«Аспан денелерін ата»</b> Күн, Ай, жұлдыздар, планеталар – аспан денелері екендігі жайлы балалардың білімдерін бекіту. <b>«Кім жылдам?»</b> Ойынның мақсаты: шапшандыққа, жылдамдыққа үйенеді. Шашылып жатқан көкністер мен жемістерді екі себетке жинайды <b>Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық белсенді болу</b>	<b>Топырақты бақылау. Бақылау</b> Балалар назарын аяқ астына, жерге аудару. Құрғақ жылы күні топырақ жылы болады, қолға алсаң шашылғыш, түсі ашық сұр болады. Жаңбырлы күні ол қара түсті, тығыз, ылғалды болады. Алғашқы суық түсісімен топырақ тас сияқты болып қатып қалады. Балаларды топырақтың ауа райына байланысты өзгеретінін көруге үйрету. Ойлай алуын, талқылай алуын, дәлелдей алуын дамыту; туған жерге ұқыптылық қатынасын тәрбиелеу. <b>Қимылды ойын: «Ұшады, секіреді, жүзеді».</b> Мақсаты: балаларды жүкіруге үйрету; құстардың, аңдардың, балықтардың аттарын есте сақтау	<b>Құмырысқаларды бақылау Бақылау</b> Құмырысқалардың тіршілік ету әрекеті, мекен ететін жерлері, өзара қарымқатынастары туралы оқушылардың білімдерін анықтау, құмырысқалардың бір уақыттары азайып қалатынына көңіл аудару, олар жылуды сақтау үшін илеулеріне терең бойлай тығылады да кірер бетін жауып алады. <b>Қ/О: «Бәйге»</b> Мақсаты: Бір-біріне соқтықпай жүкіруге жаттықтыру; Төзімділікке, ептілікке тәрбиелеу. <b>Жаттығу ойындары:</b> Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру. Мақсаты: Төбешікке жүкіріп шығу, жүкіріп түсу <b>Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық белсенді болу</b>
<b>Серуеннен оралу</b>	Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, жинастыруы, қолдарын жуу. <b>Тақырыбы: «Суретпен жұмыс»</b> Мақсаты: Суреттегі заттарды салыстыру, олардың айырмашылықтарын таба білу	Тақырыбы: <b>«Ұшақтар» Бүктеу</b> Мақсаты: Қағаздың түрлерімен таныстыру, қағаздан бүктеу әдісін түсіндіріп, дайындау	<b>«Құм қасиеті»</b> Мақсаты: Өлі табиғат тас және құмды атай алады және ажырату <b>Еркін ойын Құммен ойын</b> Мақсаты: Құмнан қалаған заттарын жасауға мүмкіндік беру.	<b>"Жапырақ" артикуляциялық жаттығуы.</b> Тақ - тақ - тақ (қолдарын оңға - солға сермейді), Біз айтамыз тақпақ (қол білезіктерің айналады). Рақ-рақ-рақ (орындарыңда тұрып айналады). Күзде түсер жапырақ	<b>"Кенгуру" қимылды ойыны.</b> Мақсаты: Кенгуру сияқты екі аяқпен бірге секірудің негізгі тұрысын көрсету және кенгуру сияқты екі аяқпен бірге секіруді үйрету.

				(саусақ бастарын қимылдатады), Қол-қол-қол (қолдарын жанжаққа жібереді). Күзде егін мол (қолдарымен үлкен шеңбер жасайды). Тоқ-тоқ-тоқ (саусақ бастарын бүгеді), Шыбын-шіркей жоқ (қолдарын жандарына жібереді).	
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<b>Қимылды ойын. «Допты дәлдеп тигіз».</b> (дене шынықтыру) Дұрыс дәлдеп допты түзу лақтыру арқылы ойынды жалғастыру, арақашықтықты сақтау.	<b>Қимылды ойын. «Күн мен түн».</b> (дене шынықтыру) Ойын әрекетін орындауға талаптануын мадақтау. <b>Еңбек.</b> Аулада жұмыс. Балалар ойнайтын құмның жан-жағын жинап, жоғары көтеру. <b>(еңбек дағдылары)</b>	<b>Қимылды ойын. «Кім ұшты?»</b> (дене шынықтыру) Сөздің мағынасына қарай ойынды ойнау, мұқият тыңдау. <b>Еңбек.</b> Тоты құстың торын жуамыз, балаларды өз бетінше торды жуып, сүртіп тазалауға үйрету. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. <b>(еңбек дағдылары)</b>	<b>Қимылды ойын. «Ұшқыштар».</b> (дене шынықтыру) Балалардың біліктілігін бекіте отырып, бір-бірін итермей, орынға таласпай, сөздерді анық, мәнерлеп айтқызу. Мәтінге сай сөздерді қайталату. <b>Еңбек.</b> Аланда ойын бұрышындағы құмдарға су құямыз. <b>(еңбек дағдылары)</b>	<b>Еңбек.</b> Ауладағы жұмыс. Тротуарды, жол жиегін әктеу, сыпыру, жинау. <b>(еңбек дағдылары)</b>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> Сөйлеуді дамытудан «Ойыншықтар» өлеңін тыңдап, «ойыншықтар» сөзін дұрыс айтуға, «ойыншықтар» туралы әңгіме құрастыруға үйрету.	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> Балаларды 5-ке дейін кері қарай санауды бекіту. Геометриялық пішіндерді дұрыс атап, ажырата білуге үйрету	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> Балаларды сурет оқу қызметі бойынша түрлі түсті шардың суретін үлгі бойынша салдыру, қарандашты дұрыс ұстауға үйрету	<b>Жеке жұмыс:</b> Жыл мезгілі жайлы мнемокестемен жұмыс істеу немесе әңгімелесу. Мақсаты: Мнемокестедегі жыл ерекшеліктерін айтып, толық сөйлем құруды үйрету. (баланың аты...)	<b>Жеке жұмыс:</b> <b>Тапсырма:</b> суреттерді мұқият қарап шық. Барлық заттарды есіңе сақтауға тырыс. Кітапты жауып, суретте не салынғанын айтып бер. (сөйлеуді дамыту) (баланың аты...)
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<b>Өз бетімен ойнау.</b> «Сабынды сумен ойнау». Табақшаға көпіршікті жинап, дөңгелек көпіршіктерін жіберу немесе дайын көпіршіктерді қолданып үрлеп, ойнауды жалғастыру.	<b>Өз бетімен ойындар.</b> Балаларға ойнауға жағдай жасау. Ертегіден көріністер көрсету, бағыт-бағдар беру.	<b>Өз бетімен ойындар.</b> Балалардың ойлау қабілетін кеңейту. Бір жағдайға байланысты ойынды жандандырып, ұжыммен жұмыс жасау.	<b>Өз бетімен ойындар.</b> Әр түрлі көлемді ыдыстарды қолданып ойыншықтар жасау.	<b>Өз бетімен ойындар.</b> Қағаздан қайықтар жасап, жырақтағы шалшық суларға жүзгіземіз.
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Балалардың шағын орталыққа ыңғайлы киіммен келуін түсіндіру.	Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларының жақсы қасиеттерін айту.	Ата-аналармен балалардың жағдайы, көңіл күйі туралы әңгімелесу	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	«Денсаулық дегенімізді қалай түсінесіз?» тақырыбында ата-аналармен-әңгімелесу



**ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мектепке дейінгі ұйым (балабақша / мектепке дейінгі шағын орталық)

АҚКЕМЕР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ

Топ: «БАЛДЫРҒАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

Балалардың жасы: 4 ЖАС

Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 22.04.2024– 26.04.2024

Тәрбиеші: Тореева Айман Шонтыбаевна

Күн тәртібінің үлгісі	ДҮЙСЕНБІ	СЕЙСЕНБІ	СӘРСЕНБІ	БЕЙСЕНБІ	ЖҰМА
	22.04.2024	23.04.2024	24.04.2024	25.04.2024	26.04.2024
Балаларды қабылдау	<p>«Топтық сәлемдесу» жаттығуы. Мақсаты: қарым-қатынас дағдыларын, топтық өзара әрекеттесу әдістерін дамыту, күйзелісті төмендету. Нұсқау: Қыс, көктем, жаз, күз белгілеріне қарай 4 топқа бөлінейік. Әр топтың міндеті – мимика мен ишарат арқылы басқа топтарға сәлемдесу түрлерін ойлап, құрастыру. <b>Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: достыққа адал болу, шыншылдыққа тәрбиелеу.</b></p>	<p>«Бір-біріне жақында» жаттығуы. Мақсаты: бір-бірімен мейірімділік және қамқорлық қатынасты қалыптастыру. Нұсқау: Сіздер бөлмеде еркін жүресіздер де, менің айтқанымды орындайсындар. Мен «бір-біріне» деп айтқанда, сіздер өздеріңе жұп тауып алуларың керек. Жұбыңды тапқаннан кейін мен сіздерге жаңа тапсырмалар беремін. Бастаймыз: «Бір-біріне!». Енді бір-біріңе қол беріп, бір-біріңнің аяғына аяғыңды, мұрынды мұрынға, құлақты құлаққа, бетті бетке және т.б. дене мүшелеріңді тигізіңдер. Осыдан кейін қайтадан өздеріңе басқа жұп тауып, жаңа ғана жасаған әрекеттерді қайталаңдар. <b>Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: достыққа адал болу, шыншылдыққа тәрбиелеу.</b></p>	<p>«Біздің топтың жүрегі». Мақсаты: жанашырлық сезімін, сенімділігін дамыту, топ ынтымақтастығын жетілдіру. Нұсқау: Ватман қағазынан үлкен жүректі қайшымен қиып, қабырғаға жабыстырыңыз. Осыдан кейін әрбіреуіңіз түсті қағаздан кішкентай жүректі қиып, оған топқа арналған тілегін жазады. Осы қабырғаға жапсырылған ақ жүрекке, өздеріңнің кішкентай жүректі жапсырып, үлкен жүрекке өмір беріп, тірілтеміз. Бұл топтың жүрегі болады. <b>Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: достыққа адал болу, шыншылдыққа тәрбиелеу. Жанашырлыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.</b></p>	<p>«Жунглидағы жаңбыр» Нұсқау: - Бір-біріңіздің соңынан шеңбер жасап тұрыңыздар. Жунглида жүрміз деп елестетіңіздер. Ауа райы өте тамаша, күн жарқырап, ыстық және қапырық болып тұр. Бір уақытта самал жел соқты, (алдыңызда тұрған адамның арқасына жұғысып жеңіл қимылдар жасаңыз). Жел көтеріліп желкіді (арқаны қаттырақ басамыз). Қатты дауыл соқты (қимылдарыңыз күшейіп шеңбер бойында жүргізіледі) Ұсақ жаңбыр сіркіреді (серіктесіңіздің арқасын саусағыңызбен басасыз) Кенет нөсер жауын құйды (алақандарыңызбен жоғарыдан төмен қимылдар жасаңыздар). Бұршақ жауды (арқаны қаттырақ соғамыз). Тағы да нөсер жауын жауды. Ұсақ жаңбыр сіркіреді. Дауыл соқты. Жел соқты. Жел басылып келеді. <b>Біртұтас тәрбие: ар-ұят</b></p>	<p>Көшелерден біз өткен, Ата көрсем жақын кеп, Сәлем берем ізетпен! «Асалаумағалейкум»-деп. Алдан әже жолықса, Бөгелем де әдеппен, Сәлемдесіп сол тұста «Есенсіз бе, Әжей»-деп. Кім кезіксе көшеде. Таныс емес демеймін, «Аға, тәте, көкеге», «Сәлеметсіз бе?»-деймін мен. <b>Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, ұлттық мұраны насихаттау. Ар-ұят құндылығы: әдеп нормаларын сақтау: үлкенге амандасу, жолын кеспеді бекіту.</b></p>

				<b>құндылығы: достыққа адал болу, шыншылдыққа тәрбиелеу.</b>	
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	<b>Ата-анаға кеңес:</b> Баланың берген сұрағына шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз.	<b>Ата-анаға кеңес:</b> Балаңыздың жеке бөлмесі не бір бұрышы болуына жағдай жасаңыз.	<b>Ата-анаға кеңес:</b> Балаңыздың шашылып жатқан үстеліне ұрыспаңыз, егер ол шығармашылық іс — әрекетпен айналысып отырса.	<b>Ата-анаға кеңес:</b> Шешім қабылдауда өзіндік жеке жоспар құруына көмек көрсету	<b>Ата-анаға кеңес:</b> Балаңыздың кемістіктерін бетіне басып, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<b>Өлеңді жаттау :«Балабақша»</b> Балбақша есігін Үшке толып ашқанбыз. Балапандай өсіріп Мәпелейді бақшамыз. Бұл-екінші үйіміз, Бір туғанбыз бәріміз. <b>Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту</b>	<b>Тақпақ:</b> Инелік - ау, инелік Қаша берме именіп Түспей - ақ қой торымаҚоншы келіп қолыма Анықтап бір қарайын Суретінді салайын. <b>Жұмбақтар шешу:</b> Екі басы жұдырықтай Ортасы кылдырықтай /Құмырсқа/ <b>Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту</b>	<b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсаты: . Балаларға сумен жұмыс істегенде гигиеналық дағдыларды сақтауды үйрету: жеңді тұру, матаны сулау, құрғату, лас болғанда жуып-шаю. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту. <b>Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: адал еңбекті бағалау, еңбекке қызығушылығын арттыру. Талап құндылығы: салауатты өмір салтын ұстану, мәдени гигиеналық дағдыны сақтау.</b>	<b>Үстел-үсті ойыны: « Шалқан » ертегісі</b> Мақсаты: Балаларға үстел үстінде ертегі кейіпкерлерін көрсету арқылы әңгімелеп беру.	<b>Тақырыбы: «Фермаға саяхат»</b> Мақсаты: Үй жануарларымен таныстыру. Үй жануарларының адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру. Үй жануарларына деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> (бұдан әрі – ҰІӨ)	Көктем мезгілі, табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</b>	Тақырыпқа байланысты жұмбақтар жасыру. <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>	"Бір шаңырақ" тақырыбында әңгімелесу. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b>	"Ұлттар достығы" туралы әңгіме, сұхбат жүргізу. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b>	"Ұлттар" туралы суреттер көрсетіп, ұлттармен таныстыру. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b>
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>	<b>Дене шынықтыру</b> "Секіртпеден секіру". Мақсат-міндеттер: балаларды қатарда бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, жүру және сапқа тұруға дағдыландыру; саптан қатарға ауысып, бір-бірден жүре отырып, тәрбиешінің белгісі бойынша тапсырмаларды орындауға үйрету.	<b>Қазақ тілі</b> "Сарбаздар! Адымда!". Өзіне қатысты кеңістікті бағдарлау: алға, артқа, оңға, солға." Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы әскери қызмет туралы жалпы түсініктерін, «Отан» туралы түсініктерін дамыту; сарбаздың кім екенін түсіндіру; алдыға, артқа, оңға, солға ұғымдары жайлы түсініктерін нақтылау. Балаларды саптық әндерді марш ырғағында айтуды, адымдап қозғалуды, қарапайым	<b>Дене шынықтыру</b> "Секіртпені игерейік". Мақсат-міндеттер: балаларды 5 метрден 3 рет жүгіру; көлбеу тақтайда жоғары-төмен жүгіруге үйрету.	<b>Музыка</b> "Дос болайық бәріміз". (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдап, қабылдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажырата білуге үйрету.	<b>Дене шынықтыру</b> "Бірігіп шеңбер құрайық". Мақсат-міндеттер: балаларды қарқынды өзгертіп жүру; 20-25 см биіктіктен секіруге үйрету.

		<p>бұйрықты есту, түсіну, орындауды үйрету; сарбаздардың негізгі қимыл-қозғалыстарын айқындайтын етістіктерді айтуды меңгерту; есту мен еске сақтау, ойлау қабілеттерін зейінділіктерін, кеңістікті бағдарлау дағдысын, қатынастық біліктіліктерін дамыту. Отанға деген сүйіспеншілікке, ұйымшылдыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Музыка</b> "Дос болайық бәріміз". Мақсат-міндеттер: балаларды музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдап, қабылдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажырата білуге үйрету.</p>			
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Сарғыш марғау – қонақжай" " тақпағы бойынша әңгіме құру. Мақсат-міндеттер: балалардың "Сарғыш Марғау - қонақжай" тақпағымен таныстыру; адамның, "қожайын", "үй иесі", "қонақ" сөздерінің мағынасын түсіндіру.</p> <p><b>Қимылды ойындар. Марғаулар мен күшіктер</b> Ойынға қатысатын балалар екі топқа бөлінеді. Бір топтағы балалар марғаулардың, екінші топтағылар – күшіктердің рөлін орындайды. Марғаулар гимнастикалық қабырғаның қасында тұрады; күшіктер залдың екінші жағында (орындықтың артындағы үйшікте, бүйірімен қойылған баспалдақтың артында). Педагог марғауларды</p>	<p><b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Алан мен Дананың мерекеге дайындалуы. Геометриялық пішіндер." Мақсат-міндеттер: балалардың дөңгелек, шаршы, сопақша, тіктөртбұрыш пішіндері туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p><b>«Сыпайы өтініш»</b> Ойынның мақсаты: балаларды мейірімділікке, зейінділікке тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрады. Педагог түрлі бұйрықтар береді, мысалы, қолды жоғары көтер, қолыңды шапалақта, көзіңді жұм және т.б., бірақ «мархабат» сөзі айтылған өтініштерді ғана орындау керек.</p>	<p><b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Әке мен бала". Мақсат-міндеттер: балаларды "Әке мен бала" әңгімесінің мазмұнымен таныстыра отырып, әңгіме желісін зейін қойып, бар ықыластарымен тындай білуге үйрету.</p> <p><b>Ритмикалық жаттығу</b> Біздер тату баламыз, (қолдарынан ұстайды) Гүлдей жайнап жанамыз. (екі қолын жоғары көтеріп гүлдің бейнесін жасайды) Жаттығулар жасасак, Жақсы сергіп қаламыз. Орнымыздан тұрамыз, (орындарынан тұрады) Қолды белге қоямыз, (қолдарын белге қояды) Бұрыламыз оңға бір, (оңға бір рет бұрылады) Бұрыламыз солға бір. (солға бір рет бұрылады) Бір, екі, үш, төрт. (санайды)</p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Біздің көше". Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі түсті фломастерлер арқылы бірнеше қабатты түрлі үйлерді салу амалдарына үйрету; суретті тіктөртбұрышты салудан бастап, сұлбасы бойын айқасқан сызықтармен безендіріп, сызықтардың айқасқан орнында пайда болған шақпақтар үшін шахмат тәртібінде бояу техникасына үйрету.</p> <p><b>Ұлттық ойын. Теңге ілу</b> Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b> "Ұлттар достығы". Мақсат-міндеттер: балаларға елімізде өмір сүріп жатқан әртүрлі ұлт өкілдері туралы түсінік беру; әртүрлі ұлт өкілдерінің мәдениеті туралы білімдерін кеңейту.</p> <p><b>Қимылды ойын. Кетті, кетті орамал!</b> Ойынға қатысатын балалар шеңбер құрап отырады және бір-біріне иығын тірейді. Тізелерін аздап бүгеді. Жүргізуші шеңбердің сыртында қалады. «Кетті, кетті орамал!» деген сөздерді қайталап, орамалды тізенің астынан береді. Жүргізуші орамалдың кімнің қолында екенін айтуы тиіс. Егер жүргізуші орамалдың кімнің қолында</p>

